

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

**КАЗАХСТАНСКО-АМЕРИКАНСКИЙ СВОБОДНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ**

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ КОНГРЕСС

**ОБРАЗОВАНИЕ И ИННОВАЦИИ В КОНТЕКСТЕ
МЕЖДУНАРОДНОГО ПАРТНЕРСТВА**

Сборник докладов международного научного конгресса
(27-28 сентября 2013 года)

Часть 3

Усть-Каменогорск
2013

УДК 001
ББК 72
О 23

О 23 «Образование и инновации в контексте международного партнерства»: Сб. докл. междунар. научн. конгресса (27-28 сентября 2013 года). – Часть 3. - Усть-Каменогорск, 2013. – 181 с.

ISBN 978-601-7334-17-8

Сборник публикуется по материалам международного научного конгресса «Образование и инновации в контексте международного партнерства». Тематика статей на казахском языке описывает актуальные вопросы гуманитарных наук.

Материалы третьей части сборника конференции включают доклады, представленные в секциях, посвященных данным вопросам.

Материалы сборника адресованы научным сотрудникам, профессорско-преподавательскому составу вузов и студентам, работникам образования.

УДК 001
ББК 72

Редакционная коллегия: Е.А. Мамбетказиев
А.Е. Мамбетказиев
Г.А. Конопьянова
Т.В. Левина
А.Н. Нурланова
Г.Б. Еділбаева
Ж.К. Саданова
Н.К. Тургумбаева

ISBN 978-601-7334-17-8

© Казахстанско-Американский
свободный университет, 2013

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ТЕОРИЯСЫ

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аликанова Э.А.

Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеуіндегі өзіндік ерекшеліктер, олардың жалпы дамуындағы тежелумен тікелей байланысты.

Сөйлеудің импрессивтік жағы, дыбыстарды және сөйлеудегі түрлі реңктерді қабылдаудың сараланбауымен сипатталады. Ал, экспрессивтік жағына, сөздік қордың аздығы, дыбыстаудағы бұзылу, сөйлеудің лексикалық - грамматикалық тұрғыда жеткіліксіз қалыптасуы, аграмматизмдер, артикуляциялық ақпараттың ақаулары тән: балалар артикуляциялық күйді ұстап тұруға қиналады, тіл бұлшық еттері қатты сіреседі, бір күйден екінші күйге ауыса алмайды, тіс қатарында кемістіктер бар т.б. ПДТ сөйлеу дамуының ерекшелігі, олардың жасқа сай сөзжасам үйірісінің тежелуінен басталады. Әдетте, сөзжасам шығармашылығы үйдірісі қалыпты дамудағы балаларда, мектепке дейінгі жаста, өте қарқынды жүреді, мектепке келу алдында аяқталады. Ал, ПДТ балаларда, бұл үйіріс ұзаққа созылады, яғни, бастауыш мектеп жасында жалғасады.

Балалар тілдік нормаларды сезінбейді, аграмматикалық формаларды қолданады, неологизмдер көп кездеседі. Ақыл ойы кем балаларда мұндай сөзжасам шығармашылығы кезеңі мүлде болмайды [1, б. 400].

ПДТ балалардың неологизмдерінің өзіндік спецификациясы бар: бұл «жарты кеш» сөздер болуы мүмкін, морфемалардың қисынсыз бірігуі болуы, кішірейткіш жұрнақтардың орынсыз қолданылуы болуы мүмкін т.б.

ПДТ балалардың дыбыстау кемшілігі арасында, әсіресе, ызың дыбыстар (с, з) және үнді дыбыстарды (м, н, л, р) айтудағы қателіктер жиі кездесетін болса, ал 5-9 жастағы қалыпты балаларда бұл кезде, үнді (р) және ызың (ш, ж, ч, щ) дыбыстарын айту кемістіктері байқалады. Ызың дыбыстардың айтылуындағы бұзылу, есту-сөйлеу талдауының кемшілігімен тікелей байланысты болады. Сөйлеудің лексикалық жағы, баланың жалпы танымдық даму деңгейімен тығыз байланыста болады. ПДТ балалардың төмен танымдық қабілеттеріне байланысты, қоршаған орта туралы анық мәлімет бере алмайтын,

сөздік қорының жұпынылығы байқалады.

Сөйлеуде негізінен етістіктер мен зат есімдер басым болады, ал сын есімдер, тек заттардың көзге түсетін белгілерін атауда ғана қолданылады.

Сөз бен оның айтатын заты арасындағы байланыс тұрақты емес. Кейде балалар антоним мен синонимдер жасау әдісін дұрыс қолдана алмайды, әсіресе синонимдер қатарын жасау қиындық туғызады.

Сөйлеудің бұзылу дәрежесі негізі кемістікке тікелей қатысты. Мысалы, аса күрделі емес инфантилизмде тілдік даму деңгейінде ағзадан тежелу байқалады немесе қалыпты даму деңгейімен бірдей болады. Ал церебральды-органикалық генезді ПДТ-де сөйлеу әрекетінің жүйе ретінде бұзылуы байқалады [2, б. 168].

Т.А. Власова, К.С. Лебединская, М.С. Певзнер, Е.С. Иванова, Ю.Г. Демьянова, И.Ф. Марковский және тағы басқаларының жүргізген клиникалық және нейропсихологиялық зерттеулері бойынша ПДТ балалардың сөйлеу тілінің қалыптасуының артта қалушылығы төмен сөйлеу белсенділігінен, сөйлеудің динамикалық ұйымдасуының жеткіліксіздігінен көрінетіндігін анықтаған.

Осы балалар категориясының кейбіреулерінің сөйлеуінде инфантилизм, көркем-бейнелі ойлардың мағынасын толық түсінбеу, мәнерлі сөйлеу жұтандығының көріністері тән. Е.В. Мальцеваның айтуы бойынша, балалардың көпшілігі (65% жуығы), тіпті, кіші мектеп жасында дыбысты айту дефекттісімен зардап шегеді. Өте жиі кездесетіні – үнді, ызынды, қатаң дыбыстарды айтудың бұзылуы.

Н.А. Никашина және С.Г. Шевченко зерттеулері бойынша, ПДТ балалардың сөздік қоры дифференциалданбаған, жұпыны болатыны анықталған. Тіпті, өздерінің сөздік қорында бар сөздерді балалар қолдану кезінде сөз мағынасын анық, кейде дұрыс түсінбеуімен байланысты жиі қателіктер жіберген. Шектеулілік кезінде заттардың қасиеттері мен белгілерін білдіру үшін қолданылатын сөз саны, жалпы түсініктердің мағынасы, сол түсініктердің мәнін ашу қалыпты жағдаймен салыстырғанда мағынасыз болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, балалар үнемі тек сәйкестерін ғана емес, сонымен қоса, әр түрлі мағыналық топ түсініктеріне жататындарын көрсетеді. Сөздік қордың жеткіліксіздігі білімнің және осы балалардың қоршаған орта жайлы түсініктерінің шектелуімен тығыз байланысты, бұл өз кезегінде психикалық даму тежелуі кезінде тұлғаның танымдық әрекетінің ерекшеліктерімен анықталады [3, б. 270].

Бұзылулар қатары тілді сезінудің қалыптасуы үрдісінде көрінеді. ПДТ балаларда сөздік шығармашылық кезеңі кеш басталады және қалыптағыға қарағанда көбірек жалғасады. Осы балалар тобында

мектепке дейінгі кезең соңында сөздік шығармашылық «жарылыс» көрінуі мүмкін, кейде неологизмдерді қолдану ерекшеліктер қатарымен көрінеді.

Белгілі болғандай, мектептегі оқуға баланың дайындығы спонтанды сөйлеудің даму деңгейімен ғана емес, сөйлеу материалдарын тануымен және оларды белгілі мақсатқа қолдана білуімен анықталады. Мектепке дейінгі жастағы психикалық дамуы тежелген балаларда сөйлеу шынайылығын тану мүмкіндіктерінің қалыптасуы кешеуілдейді. Берілген сөздермен сөйлем құрауда сөйлемдегі сөздердің реттілігі бұзылады, олардың синтаксистік функциясы өзгереді.

Психикалық дамуы тежелген балалар сөздердегі синтаксистік байланыстарды орнатуда қандай қиындықтарға кезіксе, парадигматикалық байланыстарды орнатуда да сондай қиыншылықтарға тап болады. Сондықтан, таныс емес және онша таныс емес сөздер үнемі жіберіледі немесе балалар бірнеше рет айналасындағылардың сөйлеуінен естіген сөздермен алмастырылады. Тіпті, кіші мектеп жасындағы ПДТ оқушылар грамматикалық жалпылауды нашар иеленеді; сөйлеулерінде үнемі дұрыс емес грамматикалық құрылымдар, сөйлеудегі септік жалғауларының дұрыс айтылмауы кездеседі. Сонымен бірге, ПДТ балалар тіркесте сөзді керекті орнына ретімен қоюда, салыстырмалы құрылымдарға дұрыс баға беруде; күрделі логикалық-грамматикалық құрылымдарды қолдануда және түсінуде қиындықтарға кездеседі (Г.Н. Рахмакова, Р.Д. Тригер).

Мектепке дейінгі кезеңде психикалық дамуы тежелген балалар өз бетімен оқылған мәтіннің мазмұнын айта алмайды, сюжетті сурет бойынша әңгіме құрауда, затқа сипаттама беруде қиындықтарға тап болады. Әдетте, олар картинада салынғандарды көптеген аграмматизмдерді қалдыра отырып санайды.

Ауызша әңгімелер құрауда берілген тақырыптан басқасына ауытқу, яғни өзіне таныс және жеңіліне; белгілі және қолданысындағы сөздері мен тіркестерін қайта-қайта қайталау; айтып кеткен пікіріне қайта-қайта оралу; әңгімесіне кері әсері бар ассоциацияларды және инертті стереотиптерді қосу байқалады. Осы топ балаларының құрайтын құрмалас сабақтас сөйлемдерін естігенде баланың айтуды бастап тоқтай алмайтындай көрінуі кейде тыңдаушыда әсер қалдырады. Бұның барлығы сөйлеудегі жоспарлаудың, ой реттілігінің қиындықтары болып табылады [4, б. 94].

Психикалық дамуы тежелген балаларда арнайы оқытусыз сөздік белсенділік пайда болмайды, айналасындағы адамдар сөзге дейінгі қатынас түрлері де қалыптаспайды, заттық іс-әрекеті дамымайды.

5 - 7 жаста психикалық дамуы тежелген балалар ересектермен

қатынас орнатудан ойын ойнауға бейім келеді. Ол қоршаған адамдармен араласу қажеттігінің төмен екендігінің белгісі. Әлеуметтік қажеттіліктердің әлсіз дамуы сөздік қоры бола тұра мектеп жасының өзінде балалар сөздік қатынастық құралдарын қиындықтармен игереді. Мына жағдайға да назар аударайық: интеллектінің дамуына жеңіл формасына шалдыққан 5-6 жасар балалар балабақшаның арнайы тобына келген уақытта өзінің сөйлеу қабілетін пайдалана алмайтынын байқайды. Сол себепті, олар заттарды үнсіз қозғап, құрдастары мен ересек адамдарға сирек тіл қатады.

Л.С. Выготскийдің айтуынша, сюжеттік-рөлдік ойын кезінде баланың ересек адамның өміріне қатысуға деген «жүзеге аспаған талпыныстары орындалады», оның ересек адамның орнында болуға деген қажеттіліктері шығады. Алайда шын өмірді бейнелейтін ұжымдық сюжеттік-рөлдік ойындарды жүзеге асырып, дамыту үшін бала қарым-қатынастың әртүрлі формаларын игеруі қажет. Қарым-қатынастың толыққанды құралдарынсыз топтағы балалар ойынды әрі қарай дамыта алмайды және қатысушы әр бала ойыннан қанағат алмайды. Екінші жағынан ойын ұжымдық сипатта болғандықтан балаларды сөздік қарым-қатынастың түрлі формаларын игеруге талпындырады. Ол тек сөздік ресурстарды жандандырып қоймай сөздік құралдар қорын байытып, оларды жетілдіреді.

Алайда интеллектісі дамымаған балалардың көпшілігінде сөз ойынды ұжымдастыруға көмектеспейді. Әдетте олар тақпақтардың, өлеңдердің үзінділерін немесе жеке сөздер мен дыбыс тіркестерін айтады.

Кейбір зерттеулер интеллектісі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу қабілетін дамытудағы жетістіктерін көрсетті.

Байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру баланың іс-әрекетін сөзбен байланыстыру қажеттілік тууымен байланысты. «Вербализация» арқылы бала істеген іс-әрекетін түсіндіре алады; сондай-ақ, лексика мен грамматикалық жақтарын ұйымдастыру нақты және түсінікті айтылуы қадағаланады. Бұл ПДТ балалардың 90 % құрса, ал 70% - айқын формадағы балалар құрайды. Мұндай балаларда заттық іс-әрекетті сөзбен алмастыруда кей кездері, сөз бен іс-әрекет арасында дөрекі диссоциация формасы қолданылады [5, б. 158].

Психикалық даму тежелген балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуға арналған тапсырмалар, баланың мағынасы аяқталған сөйлем мен мағынасы шашыраңқы сөйлемдермен ажырата біліп, сөйлемдер арасындағы байланысты анықтай білу қажет.

1. Берілген сөздерден сөйлем құрастыру;
2. Бастаған сөйлемді аяқтау;

3. Бастаған мәтінді (ертегі, әңгіме) аяқтау;
4. Екі не үш сөйлемдер арасынан логикалық байланыс орнату.

Қиыншылықтарды жеңу үшін, бір қатар тапсырмалар орындау қажет. Талапты күшейте отыра, өзі құрып айтуды ұсынамыз:

1. Дайын үлгі бойынша әңгімелеу. Сонымен қатар, бағдарламаның жоспары алдын ала дайын. Қайталап әңгімелету және берілген үлгі бойынша салыстыру ғана қажеттілік туады;

2. Сурет арқылы әңгімеге жоспар құру. Тапсырманың мақсаты – балаға әңгімелеу бойынша өзі бағдарлама құруды үйрету;

3. Суреттер, тірек сөздер арқылы әңгіме құру. Сурет және тірек сөздер әңгіме құруға негіз болады, әңгімелеу барысын тұрақты қылдырады;

4. Суреттер топтамасы арқылы әңгіме құру. Балаға әңгімелеу бойынша алдын-ала дайындалға көрнекі бағдарлама беріледі. Бағдарламаға сүйеніп әңгіме құрау қажет;

5. Іс-әрекеті бойынша шатастырылып берілген суреттер топтамасынан әңгіме құрастыру. Бала өз бетімен бұл бағдарламаны құруы қажет. Бұл тапсырма күрделі болғандықтан, оған көп көңіл бөленген жөн.

Байланыстырып сөйлеу суреттерді, ондағы негізгісін анықтай білу, тақырыпқа ат таңдай білумен тығыз байланысты. Ең бірінші, балалар қарапайым сюжетті суреттерге ат қояды. Содан кейін, жеке-жеке сюжетті суреттерге атау береді.

ПДТ балалардың сөйлеуін коррекциялаудың ең негізгі шарты – баланың өзіндік белсенді сөйлеу іс-әрекетін практика жүзінде ұйымдастыру.

Диалогтік сөйлеу – қарым-қатынас жасаудың тиімді формасы. Диалогтік сөйлеу В.П. Глухов, Р.Е. Левина, Л.Ф. Спиридованың айтуы бойынша – сөйлеудің дамуына негіз болып табылады. Оның жақсы дамуына көптеген шарттар қажет (сөйлеу ортасы, әлеуметтік орта, отбасылық жағдай, жеке тұлғалық қасиет, баланың танымдық қызығушылығы және т.б.), бұл шарттарды әрдайым ескеру қажет.

Кіші мектеп жасындағы балалар диалогтік сөйлеуінің даму деңгейі жоғарғы дәрежеде болады. Әсіресе диалогтік сөйлеу тілдің коммуникативті функциясында айқын көрінеді. В.А. Петровский, А.Г. Рузская, О.В. Трошин диалогті қарым-қатынас жасаудың негізгі формасы ретінде қарастырады. Диалогтік сөйлеудің ең негізгі айырмашылығы – айтушының басқа адамдармен кезектесіп сөйлесуі. Ауызша диалогтік сөйлеу – мимика, жест, интонациямен қатар жүреді. Осының нәтижесінде диалогтік сөйлеудің мәнерлеу жағы пайда болады. Диалогтік сөйлеуге тән: сөйлеу лексикасы және фразеология,

нақтылық, күрделі және құрмалас сөйлемдер, алдан-ала ойлану. Диалогтік сөйлеу екі адамның қарым-қатынас нәтижесінде пайда болады.

Ж. Пиаженің ойынша диалогті «коллективті монолог» ретінде қарастырған. Яғни, сөйлеу қарым-қатынасы, әр адам өз ойын тыңдаушының көзінше жеткізе білу.

А.Г. Рузскаяның айтуы бойынша, кіші мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік қажеттілігі қарым-қатынастың диалогтік формасы болып табылады. Қарым-қатынастың диалогтік формасы болмаған жағдайда, тұлғаның дамуына, адамдармен қарым-қатынасқа түсу қиындала түседі.

Ф.А. Сохин айтуы бойынша: «Баланың ана тілін меңгеруде сөйлеу дағдыларының тәжірибелік жағы дамиды. Ол қарым-қатынастың негізі болып табылады».

Р.И. Лалаева, Н.В. Серебрякованың айтуы бойынша, балада сөйлеудің диалогтік формасын дамыту қажет. Ол үшін балада сөйлеуге деген қызығушылығын ояту қажет. Әр түрлі тақырыптарда шағын әңгіме құрастыру қажет.

Л.С. Выготский баланың ойлауы мен сөйлеуін сәйкестіру нәтижесінде, нақты сөйлеудің қарым-қатынас формасы пайда болады деп есептеген.

ПДТ балалар диалогті сөйлеуді меңгеруге көп уақыт кетеді. Үлкендер жағынан әр дайым қолдау болуы қажет. Ол сұрақ-жауап түріндегі жеңіл формада да болуы мүмкін. Нақты көрнекіліктерді қолдана отырып, нақты ситуация келтіре отырып дамытуға болады.

ПДТ балаларда Д.Б. Элькониннің пікірі бойынша, сөйлеу формасы жай қалыптасады және сөйлеу шығармашылығында өзіндік сенім төмен болады; оларда фонетикалық жетіспеушілік, сөздік қорының төмен болуы байқалады.

А.К. Маркованың пікірі бойынша 7-9 жас аралығында ПДТ балалар үлкендермен қарым-қатынасты қажет етеді. Осы аралықта үлкендер балаларға неғұрлым көңіл көп бөлу қажет.

ПДТ балалардың өзара қарым-қатынасы эпизодтық мінез тән. Көптеген балалар қарым-қатынасқа түсуден қорқады немесе өз ойын толық жеткізе алмайды. Бұл баланың диалогтік қана емес, сондай-ақ сөздік қорының төмен болу нәтижесінен байланысты [6,б.59].

Қорыта айтқанда, ПДТ баланы әрдайым сөзге тартып қызықтыра білу қажет.

Әдебиеттер

1. Алексеева М.М. Методика развития речи и обучения родному языку дошкольников / М.М. Алексеева, В.И. Яшина. – М., 2007.

2. Алифанова Е.М. Формирование коммуникативной компетенции детей дошкольного и младшего школьного возраста средствами театрализованных игр. - Волгоград, 2001.
3. Арушанова А.Г. Речь и речевое общение детей : книга для воспитателей детского сада. - М.: Мозаика-синтез, 2002.
4. Андреева Н.Г. Логопедические занятия по развитию связной речи младших школьников: пособия для логопеда. – М.: Гуманитар. изд. центр ВЛАДОС, 2009.
5. Артеменкова Л.Ф. Педагогические условия развития диалогического общения детей старшего дошкольного возраста в условиях современного ДОУ: дис. канд. пед. наук. – Карачаевск, 2002.
6. Арушанова А.Г. Организация диалогического общения дошкольников со сверстниками // Дошкольное воспитание. 2001. -№ 5.

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Абылкайрова М.Д.

№3 гимназия, Күршім ауданы, Қазақстан

XXI ғасыр – ақпараттың дамыған ғасыры, әлемдік білім кеңістігіне енуді көздеген білім беру жүйесі ақпараттандыру жүйесін қарқынды енгізе отырып, оқытуды ақпараттандырудың жаңа технологияларын ұсынып отыр. Әр заманның өзінің жаңашылдығы бар дегендей, бұрынғы дәстүрлі білім беру жүйесі күрт өзгеріп, технологиялық білім беру жүйесіне ұласып, бүгінгі күні қашықтықтан білім алуға, интернет жүйесіне енуге, электрондық оқулықтармен жұмыс жасауға, компьютерлік технологияны меңгеруге жол ашылуда.

Ақпараттық технология оқушының интеллектуалдық қабілетін оята отырып, білім сапасының арта түсуіне түрткі болары сөзсіз. Осы орайда елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», - деген сөзіне сүйене отырып, дамыған елдер қатарына жету үшін сапалы білім, саналы тәрбие ғана емес, заман талабынан туындап отырған ақпараттық сауаттылықтың да болуы керектігіне күманданбас едік. Яғни, әлемдік білім беру жүйесіне енуде ақпараттық технологияның маңызы зор.

«Біздің ендігі міндетіміз – егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сақтай отырып, XXI ғасырда орнықты дамуды жалғастыру», - деп айтқандай [1, 19 б.], Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың

салиқалы саясатының арқасында еліміз өркениетті елдер қатарына көтеріліп, санаулы жылдар ішінде өзге ел таң қаларлықтай жетістіктерге жеттік.

"Қазақстан-2050" Стратегиясы – "Қазақстан-2030" Стратегиясының жаңа кезеңдегі үйлесімді дамуы. Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарында болуға тиіс», - деп көрсетілгендей [1, 21 б.], сындарлы саясаттың арқасында әлемнің алпауыт елдерінің қатарында болу үшін өркениетті елдермен тәжірибе алмасып, өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды бағалай, сақтай отырып, заман талабына айналған ақпараттық технологияны оқытудың озық инновациялық технологиясынан іздену – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. Сондықтан да білім беру жүйесі ақпараттандыруды мақсат ете отырып, төмендегідей міндеттерді қойып отыр:

- Білім сапасын арттыру;
- Әлемдік білім беру кеңістігіне ену;
- Орта білімді ақпараттандыру;
- Интернет жүйесін пайдалану;
- Электрондық оқулықтар;
- Қашықтықтан басқару.

Яғни, дәстүрлі оқытуда мұғалім әрекеті мен оқулық бірінші орында тұрып, оқушының әрекеті белсенді орында болмағаны белгілі. Бүгінгі технологиялық оқытуда оқушы-субъектіні жеке тұлға деп қарап, оның өзін-өзі танытуына, өзін-өзі оқытуына жол ашып, оқушы – жаңа өнімге қол жеткізуші, жаңалық жасаушы, шығармашыл тұлға десек, мұғалім - нұсқаушы, ұсынушы ретінде болып отыр. Сондай-ақ, білім саласына қарқынды енген ақпараттық технологияны пайдаланудың тиімді жолдарынан іздену ақпараттық-коммуникативтік құзырлы тұлғаның қалыптасуына жол ашады.

ҚР 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасында оқушы бойынан табылуға тиісті қырлылықтарды нақты айқын көрсеткен. Соның бірі: «Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік (ақпараттық технологиялармен техникалық объектілері көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті), - деп [2, 17 б.] атап көрсеткендей, жан-жақты дамыған құзырлы тұлғаны дамыту, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттікті қалыптастыру заман талабы.

Ұлттық Ақпарат Орталығының ақпаратына сүйенетін болсақ, білім сапасының көтерілуі, ең алдымен, цифрлі мультимедиялық білім қорының дамуына байланысты деп көрсетеді. Электрондық оқулықтар цифрлі мультимедиялық білім қорының бірі болып табылады. ЭО педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық мультимедия тех-

нологияларының интеграциялық бірігуі нәтижесінде жасалады [3, 4 б.].

Яғни, қазіргі білім сапасының артуына септігін тигізіп отырған ақпараттық технологияның әр оқушының мүмкіншілігін тануына ықпалы зор. Өз іс-тәжірибемізде ақпараттық технологияны тиімді қолданудың технологиясынан іздене отырып, әдебиет сабағында тиімді қолданып келеміз. Компьютерлік технологияны пайдалана отырып, оқушылардың уақытын үнемдеуге, қосымша мәліметтер алып, шығармашылық жұмыстар (презентация) жасауға, сондай-ақ электрондық оқулықтар қолдануға кеңінен мүмкіншіліктер туып отыр. Мәселен, әдебиет сабағында интерактивті тақтаға негізделген сабақ барысында төмендегідей шығармашылық тапсырмаларды орындап, оқушының өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыруды мақсат еттік.

Қазақ әдебиеті. 9-сынып. Сабақтың тақырыбы: Шешендік өнер, түрлері.

Сабақтың мақсаты:

1. Ауыз әдебиетінің бір саласы – шешендік өнер туралы мәлімет беру, жанрлық ерекшелігіне тоқталу. Шешендік өнердің майталмандары жайлы мағлұмат бере отырып, даналық ой ірімдерінің маңызын ашу.

2. Оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық қырлылықтарын дамыту, өз беттерімен шығармашылық жұмыс жасауға төселтіру, білімді өз ізденістерімен алуларына дағдыландыру.

3. Даналық сөздер мен шешендік сөздердің тәрбиелік мәнінен тағылым алдыру, адамгершілікке, еңбекқорлыққа, рухани тазалыққа баулу.

Сабақтың типі: Тағылым сабағы.

Сабақтың әдіс-тәсілі: мәнерлеп оқу, талдау, сұрақ-жауап, модель қорғау, салыстыру, балама жазу, іздендіру-зерттеу әдісі.

Сабақтың көрнекілігі: Қазақ шешендік өнерінің тұлғаларының портреттері, буклет, слайд, интерактивті тақта, презентация.

Сабақтың технологиясы: Қ. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту» технологиясы, ақпараттық технология.

Сабақтың жүру барысы:

I. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, сабаққа толық қатысушыларын қадағалау, жаңа сабаққа жұмылдыру.


II. Үй жұмысы. Шығармашылық тапсырмалар.

III. Жаңа сабақ.

Алдын-ала берілген тапсырмалар:

- Шешендік өнер, оның шығу тарихы туралы ғылыми хабарлама.
- Шешендік өнердің майталмандары туралы хабарлама.


2. «Шешен кім?» моделін толтыру.



Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар: Шешен билер толғауларындағы даналық ой иірімдері.

Қазыбек би даналығы	Төле би даналығы	Әйтеке би даналығы

2. «Шешендер үндестігі» салыстыру жұмысы.



3. Өзің қалаған шешен бидің толғауына балама жазу.

Шешен би толғауы	Өзімше балама

4. Шешендік толғаудың мағынасын сақтай отырып, қара сөзге айналдырып жазыңдар.

Өркенім өссін десең,
Кекшіл болма –
Кесепаты тиер еліне.
Елім өссін десең,
Өршіл болма –

өскенінді өшіресің.
Басына іс түскен пақырға
Қастық қылма –
Қайғысы көшер басыңа.

5. Іздендіру-зерттеу бағытындағы тапсырма.

Шешендік өнер	Мақал-мәтел	Үндестігі

6. «Елбасы Н.Ә. Назарбаев еңбектеріндегі шешендік сөздер» тақырыбында іздендіру-зерттеу жұмысы.

Н.Ә. Назарбаев еңбектері	Шешендік сөздер	Мағынасы, мәні

7. «Шешендік өнер әлемі» моделін салу, қорғау. Асан қайғы бабамыз шешендік өнердің қадірін сөзбен суреттеп жеткізген екен. Сендер де сөзбен, немесе модельмен жеткізуге талаптаныңдар.

Асан қайғы	Өзімше
Таза мінсіз асыл тас Су түбінде жатады. Таза мінсіз асыл сөз Ой түбінде жатады.	

Қорытынды. Бағалау парағын толтыру. Коррекция жұмысын жүргізу.

Бағалау. Қазіргі таңда шешендік өнердің маңызы мен мәні қандай?

Егер мен шешен болсаң... (болжам жасау)

Үй жұмысы: Шығармашылық тапсырмаларды аяқтау. Өзі қалаған шешеннің толғауын жаттау.

Әдебиеттер

1. ҚР Президенті- Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты 2013 ж.
2. 12 жылдық оқыту мәселелері. Қазақстан Республикасында жалпы орта білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары. - Астана, 2006.
3. Жаримбетова Г. Интерактивті тақтада жұмыс жасау мүмкіндіктері.

№9, 2008, 3-4 б.

4. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы, 2008.
5. Бітібаева Қ., Құдайбергенова Г., Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. - Өскемен, 2002.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ ЕР БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Байзолдина Ж.

Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Қазақ халқы ер бала тәрбиесіне аса зор көңіл бөлген. Халқымызда «Тәрбие басы табалдырықтан басталады» деген нақыл сөз бар, яғни, әр отбасындағы ата-ананың алдында тұрған басты міндет - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты да саналы ұрпақ тәрбиелеуде дей отырып, «адам ұрпағымен мың жасайды» деген тұжырымды үлгі тұту. Мәңгі жасағысы келетін ұрпақ атадан-балаға қалатын қара шаңырағын қорғап, өркендеп өсуін үнемі қадағалап отырады. Өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне баса назар аудару – ата-ананың борышы. Онсыз елде болашақ жоқ. Бала тәрбиесі ең алдымен отбасындағы ата-анасының ықпалымен жүзеге асып, қоғамдық тәрбиемен ұштасып жатады, демек, бүлдіршін тәрбиесі – алтын бесіктен [1, 210 б.]. Қазақ аналары «Сүтпен біткен мінез сүйекпен кетеді» деп баласын әлемдегі ең асыл нәрселерге теңеп, бесік жырын айтқан. Анасының жүрегін жарып шыққан қасиетті сөздер бала санасына шым-шымдап сіңе берген. Халықтың «Бесік жырын естімегенінен не жақсылық күтесің», «Бесіксіз үйде береке жоқ» дейтіні содан болар [2, 110 б.].

Өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие берудің қуатты құралы - халық даналығы жасаған ауыз әдебиеті туындылары. Ел қамын ойлап, жан-тәнімен жерімізді қорғаған Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар жырау мен Әбілқайыр хан, Әйтеке, Қазыбек, Төле билер, Ыбырай, Абай, Шоқан, Шәкәрім сияқты данышпандар, өз еңбектерінде болашақ ұрпаққа тәлім-тәрбие берудің мән-жайын кеңінен сөз еткен. Ы. Алтынсарин «Біз болмасақ, сіз барсыз, Үміт еткен достарым, Сіздерге бердім батамды», - деп жастардың келешегінен үлкен үміт артқан. Ал дана Абай: «Бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол деген ұлағатты пікір қалдырған [3, 53 б.].

Ата-бабаларымыз ұрпағын ер жігітке кедергі болатын жалқаулық, өтірік, өсек айтып, алдау - арбау сияқты жағымсыз қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеген. Атаның батасы, әженің әңгімесі, әкенің

өнегесі, шешенің тәрбиесі – халықтық мұра.

Қай халықта болмасын ұл бала тәрбиесі - әке меншігінде. «Ата көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер» дей отырып, қазақ отбасында әкелер өзінің білетін бар өнерін ұлдарына үйретіп, оларды мерген, аңшы, құсбегі, ісмер, яғни, «Сегіз қырлы, бір сырлы» етіп тәрбиелеген. Ер бала ес білгеннен бастап, оның құлағына «Сен – болашақ шаңырақ иесің, болашақ әкесің, арқа сүйер жарсың, сондықтан да, «жаманнан жирен, жақсыдан үйрен» деген сөздерді санасына құйып отырған. Өзінің қоғамдағы орнын дұрыс түсінетін жаны жайсаң ер – жігіттерді «Жігіттің нары, жігіттің төресі» деп атаған.

Қазақ халқының тағы бір нақылы «Ата балаға сыншы» дейді. Әр әке өз балаларының, жеке ерекшеліктерін, яғни, қандай іске, өнерге бейімділігін ерте аңғарып, шамасы келгенше әрқайсысының бойындағы табиғи қасиетін дамытуға тырысатын. Ән мен күй өнерінің нышаны болса, үй шаруасының тізгінін беріп, соған меңзейтін. Парасатты әке балаларына ата-бабаларының іс-әрекетін, үлгі боларлық өнерін айтып, ағайынның туыстық, жақындық қатынастарын түсіндіріп отыруды өзінің парызы деп біледі. Балаларын да осыған баулып, әркім өзінің ата-тегі туралы әңгімелеуді, оның өнегелі жақтарын уағыздауды дұрыс деп біледі. Жігіттің балаңдық шағынан бастап ата-анаға көмекші болу керектігін, қиын-қыстау кезінде «Ағасы бардың – жағасы бар» деп бауырмалдыққа шақырып отырған. Халқымызда шаңырақтың түтінін түтету – кенже ұлдың мойнына жүктелген. Кенже ұлды шаңырақ иесі санап, басқа балаларына еншілерін беріп, бөлек отау етіп жіберген [3, 56 б.].

Халық әкенің үлгі - өнегесіне көп назар аударған, әкенің көрсеткен жаман іс-әрекетін, тәрбиесін оның баласының бойынан табуға болады деген. «Жаман әкенің жазасы – жаман ұл», «Ылаңкес әкенің ұлы – төбелескіш» деген сөздер осыдан қалған. Ұлағатты әкеден туып, оның жолын қуған ұлға халық «Әкесінен айнымай қалған», «Ұлы - әкесінің ескерткіші» деген сөздер айтқан. Ұл баланы ерлерге киіндіріп, тек ер балалардың ойынын ойнатып, 5-6 жасында атқа отырғызып, сәл есейгенін қолына еңбек құралдарын беріп, шөп шапқызып, отын бұтатып, аң аулатып, сол арқылы өз ұлтының дәстүрлі кәсіптеріне баулыған. Халықтық педагогиканың үздік әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, әкесі баласын өмірге кәсіби дайындайды. Баласынан аңшылық, малшылық, балық аулау сияқты еңбектің қай түрін болса да еркін меңгеруді жастайынан талап етеді. Өз ұрпағының бойына табиғат – ананың тылсым күштерін сезіну, шыдамдылық пен қайсарлық, ақылдылық пен ұқыптылық сапаларымен қатар, бастаған жұмысты соңына жеткізу, атқарған істің нәтижесінен қуана білу

сияқты қасиеттерді дарыта отырып тәрбиелеген. Сөйтіп, қазақ халқы ұл-қызын 13-15 жасқа толғанша өмірге дайындап, білгенін үйретіп шығаруға тырысқан. «Он бесінде отау иесі» деп, қызды он үшіннен бастап-ақ ұзатса, ұлының он бесінен бастап отауын да түсірген [3, 57 б.].

Қандай ата-ана болсын өз балаларының жақсының батасы мен алғысын алып, сарқынын ішкен бала теріс болмайды деген наным-сенімдерге сеніп, әдет-ғұрыптарды берік сақтайтын болған. Тіпті баласының тәуір болуын армандаған ата-ана оған ел ішінде жақсылығымен аты шыққан адамның атын қою немесе оған баласының атын қойғызу, тұсауын кестіру, қырқынан шығарып, бесікке салғызу сияқты әдеттерді қолданған. Мұндағы мақсат бала сол тәуір адамға тартып, тәуір болсын деген сеніммен байланысты болған.

Қазақ халқының бала тәрбиесіндегі көңілге қонымдысы, бала келешегінде ең пайдалысы – айнала қоршаудың үлгілі болуын көздейтіндігі, шама келгенше еңбекке, білімге, адамгершілікке, керек болған жағдайда ел қорғауға дағдыландыруға байланысты қамқорлықтары деуге болады. Осы ізгі мақсат, асыл арманға байланысты «Ұлың ер жетсе, ұлы қылықтымен, қызың бой жетсе, қызы қылықтымен ауылдас бол» деген мақал да қалыптасқан. Мұның өзі олардың балаға, оның тәрбиесіне көп көңіл бөлетіндігінің айғағы екенінің шыннайы шындығы [4, 16 б.].

Қазақ халқының «менің ұлым» деп көкірек қағып, мақтаныш тұтар ұлының қандай болу керектігі туралы халықтың талғамына сай ұлттық түсініктер профессор К.Ж. Қожахметованың еңбегінде төмендегіше бейнеленеді:

1) *Кескін-келбеті*: «Еңсегей бойлы, өткір көзді, қара қасты, кең маңдайлы, торсық шекелі, қыр мұрынды, кең маңдайлы, кең иықты, апай төсті, өткір тісті, жуан білекті, қынай белді, қапсағай денелі, темірдей саусақты».

2) *Қадір-қасиеті*: «Қырандай алғыр, сұңқардай өр, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қасқырдай өжет, қабыландай сұсты, нардай төзімді, құландай сүйекті, жау жүректі, жылқыдай мінезді, бұландай алып, сауысқандай сақ».

3) *Қабілет-икеімі*: «Көсем жігіт» - ел басқаратын жігіт; «Шешен жігіт» - дау шешетін тұлға; «Батыр жігіт» - еліне қамқор, жауына алаберен жігіт; «Сері жігіт» - аттың жүйрігін мініп, иттің алғырын ертіп, қыранның қырағысы баптап, ат құлағында ойнап, ер қаруы – бес қаруын сайлап, мың құбылтып ән салып, күмбірлете күй тартатын өнерлі жігіт; «Жомарт жігіт» - дастарханы берекелі, пейілі кең, өзі жайдарлы; «Палуан жігіт» - мойыны жуан, жауырыны қақпақтай, бұл-

шық еті темірдей, қимылы шапшаң, иненің көзінен өтердей епті, алып күш иесі [5, 151 б.].

Осы аталған қадір-қасиеттерді бүгінгі ұландар бойына дарыта білсек, онда зерделі де зейінді, өнерлі де талантты, жігерлі де қайратты, адал да парасатты, елі-халқы сыйлайтын азаматтар саны көбейе түспек. Ал керісінше, жалқаулықты серік етіп, жанын өтірікпен бағып, біреуді алдап, біреуді арбап, шыққан тегін білмейтін, отбасы түгілі өз басын да асырай алмай жүрген ерлерімізден қандай ұрпақ жалғастығын көруге болады? Осыған кереғар тәрбиеленген ұрпақ өкілдерінің тәрбиесіне кімді кінәлаймыз? Қоғамды ма? Әлде ата-ананы ма? «Атадан тағылым алмаған ұл жаман, анадан өнеге көрмеген қыз жаман», «Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас», «Бала тәрбиесі - бесіктен» деп түйіндей отырып, ер бала тәрбиесінің арнайы бағдарламалары жасалынуы тиіс деген қорытындыға келеміз. Өйткені, ер баланың дұрыс тағылым-тәрбие алуы, дүниенің сырын танып-білуі отбасындағы ата-аналардың ақыл-кеңесі мен үлгі-өнеге көрсетуімен байланысты.

Ұлттық тәрбиенің бұрынғы әдістерін бүгінгі күн талабымен жана-наша қарастырған жөн. Ата-бабамыз жасап, сомдап кеткен жігіттің моделін одан әрі бүгінгі күннің талабына сай жетілдіріп, өсіп келе жатқан өскелең ұрпағымыздың бойына дарыту, тағдырдың қандай тәлкегін көрсе де, қайсарлығы мен тектілігін жоғалтпаған дана халықтың ұрпағы екендігін ұғындыру, олардың бойына мақтаныш сезімін туғызу қажет.

Әдебиеттер

1. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы: Қайнар, – 2005.
2. Ғалиев Ә. Ақ бесік алтын босаға. – Алматы: Қазақстан, 1990.
3. Тайшықова Қ. Қазақ отбасында ер бала тәрбиесінің маңыздылығы // Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. – 2006.- №1. - 53-56 б.
4. Губашева С.Г. Тәрбие жұмысының әдістемесі. – Астана, 2007.
5. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА ЖЕТЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

Киялбаева Н.Б., Бельгибаева А.Б.

О. Бөкей атындағы мектеп, Глубокое ауданы, Қазақстан

Шығармашылық жұмыстар – оқушының өзіндік шығармашылық ізденісінің жемісі, жеке тұлға қалыптастырудың көзі. Қазіргі оқыту үрдісі оқушының шығармашылық қабілетіне түрткі болуды, зерттеушілік құзыреттіктерін, дарын көзін ашуды, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруды мақсат етіп отыр. Осы орайда, қай пәнде болмасын мұғалімдер оқушы білімін шығармашылық деңгейге жетелейтін тапсырмалар үлгісін ұсынып, оқушы әрекетін шығармашылық деңгейге жетелеуді көздейді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан да сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет ауыр» - дегендей [1, 3], оқушы білімін шығармашылық деңгейге жеткізу - мұғалімнің ізденісінің, шеберлігінің жемісі.


«Шығармашылық әрекет дегеніміз – адамның қандай да бір жасаған жаңалығы, яғни, қандай да бір зат немесе танымал сананың, немесе сезімнің құрылымы», - деп ғалым Қ. Жолымбетов айтқандай [2, 90 б.], яғни, оқушы-субъектінің дарын көзін, шығармашылық қабілетінің артуына жол ашуда талай тың ізденістер қажет. Қазіргі оқыту технологиясының басты талаптарының біріне айналған өнімді деңгейлер: оқушы-субъектінің белсенді әрекеті, олардың жаңа өнімге қол жеткізуі, зерттеушілік ізденістермен айналысу сынды шығармашылық ізденістерге қол жеткізуде оны жүргізудің инновациялық технологиясынан ізденіп, сабақта тиімді қолдануда мұғалімнің шеберлігі талап етіледі.

Өз іс-тәжірибемізде әдебиет сабағында Қ. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту» технологиясын тиімді қолдана отырып, оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жетелеуде тың ізденістерге, өнімді нәтижелерге қол жеткізіп келеміз. Ұстаздың «Ой салу, ойланту» технологиясының негізінде оқушыларға алдын-ала тапсырмалар ұсынып, олардың жеке дербес ізденісіне түрткі болатын, шығармашылық қабілетін оятатын, ең бастысы, зерттеушілік құзыреттіктерін қалыптастыратын тапсырмалар жүйесін ұсынып келеміз.

Сондай-ақ тіл дамыту жұмыстары арқылы шығармашылық жұмыстар жүргізуде жас ғалым А.К. Жанәбілованың «Тіл дамыту жұмыстарының инновациялық технологиясы» атты еңбегінің маңызы зор.

Еңбекте білімді толық меңгерту технологиясы оқушының білім деңгейлерін шығармашылық деңгейге көтерілуімен түсіндіріледі және орыс ғалымы В.П. Беспалько зерттеулерінен білім деңгейлері төмендегіше сатылана көрсетілген.

Білімді толық меңгерту деңгейлерін төмендегі сызбадан көруге болады.



Деңгейлерді жеке-жеке қарастырып, басты белгілеріне түсінік беруге болады.

I. Оқушылық деңгейде бала мұғалім көмегімен амал-әрекет жасайды. Алдындағы мақсатты шешуге ұмтылады, бұрынғы білімдерін пайдаланады.

II. Алгоритмдік деңгейде мақсат пен шешілуге тиісті ситуация анық, оқушы бұрынғы жинақталған білімін пайдалана отырып, мақсатқа жету үшін өз бетімен жұмыс істейді.

III. Эвристикалық деңгейде мақсат анық болғанымен, ситуация түсініксіз, оны оқушының өзі толықтырады, табады, шешеді. Бұнда да бұрынғы білім көмекке келеді. Оқушы жаңа хабар, білімді өз ізденісімен ала алады. Бұл деңгей – өнімді деңгей деп есептелінеді.

IV. Шығармашылық деңгейде мақсат жалпылама, анық емес. Оқушы оны өзі анықтайды, өз бетінше жаңа дүние әкеледі [3, 12].

«Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың өз беттерімен зерттеу, іздену, қорытынды жасау іс-әрекеттеріне түрткі жасай отырып, олардың дарын, қабілеттерінің жетілуіне ықпал етеді, таным белсенділіктерін арттырады», - деп А.К. Жанабілова шығармашылық тапсырмалардың маңызын аша отырып, мұғалімдерге оны жүргізер алдындағы ескерілетін мәселелерді саралап көрсетеді.

Шығармашылық жұмыстарды жүргізер алдында мұғалім төмендегі мәселелерді анықтап алғаны жөн:

- оқушы тапсырмалардағы сөздердің мәнін, мағынасын түсіне ала ма?
- мақсатын, міндетін, мазмұнын ұға ма?

- толық түсіну үшін тағы қандай ақпараттар, құжаттар, құралдар керек?

- оқушының білім деңгейіне, мүмкіндігіне сәйкес пе, оларды тапсырмалар қызықтыра ма, ынталандыра ма?

- оқушылардың қабілеті, білім деңгейі, сұранысы ескеріле ме? [3, 19].

Қазіргі технологияның дамыған заманында, ақпараттың оқыту үрдісіне қарқынды еніп отырған заманында жан-жақты тұлға қалыптастыруға кеңінен жол ашылып отыр.

Сабақ – мұғалімнің шығармашылық ізденісінің айнасы десек, оқушыны шығармашылыққа жұмылдыру – мұғалімнің өнімді әрекеті, дербес ізденісі. Соның ішінде әдебиет сабағы – өнердің, даналықтың сабағы. Осынау рухани байлыққа тұнып тұрған даналық сабағында оқушыларды көркем шығармаға жұмылдыру, оны жан-жақты талдай білдіру - басты мақсатымыз.

Сондықтан да өз іс-тәжірибемізде түрлі оқыту технологияларын басшылыққа ала отырып, ақпараттық технологияның негізінде оқу-шы әрекетін оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейде же-телеуді мақсат ете отырып, технологияландырылған сабақ түрлерін өткізіп келеміз. Төменде әдебиет сабағында оқушыларға көркем шығарманы оқыта отырып, оларды шығармашылық жұмыстарға жетелеудегі іс-тәжірибемізді ұсынып отырмыз.

Сабақтың тақырыбы: Абай Құнанбаев «Он жетінші қара сөз»

Сабақтың типі: бекіту, қорытындылау

Сабақтың түрі: ізденді сабағы.

Сабақтың мақсаты: Әлемдік поэзияның алыбы, ойшыл, ғұлама ақын А. Құнанбаевтың шығармашылығы туралы мәлімет беру. Ақынның философиялық көзқарасын танытатын қара сөздерінен алған білімдерін жинақтай отырып, оқушыларға әдебиет теориялық білім беру; қарасөздің тақырыбы мен идеясын ашуға жетелеу, қорытынды жасату.

2. Оқушыларды алған білімдерін шығармашылық деңгейге жеткізуге дағдыландыру, бірін-бірі тыңдай білуге, өз ойларын ортаға сала білу дағдыларын жетілдіру. Оқушылардың мәнерлеп оқуға, көркем мәтінмен жұмысқа төселтіру.

3. Оқушыларды шығармашылық жұмыс жасауға, рухани байлықтың көзінен тағылым алуға, адалдық, ізгілікке, ғылым-білімді меңгерген көкірегі ояу азамат болуға баулу.

Технологиясы: Қ.О. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту» технологиясы, В.П. Беспальконың білімді толық меңгерту технологиясы.

Көрнекілігі: слайд, интерактивті тақта, модель-сызбалар, актив-

студио, КЖТ.

№	Сабақтың кезеңдері	Әр кезеңнің мақсаты	Әдіс-тәсілдер
1	Ұйымдастыру 1. Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу 2. Сынып оқушыларын қызыл, жасыл, көк түстерді беріп, түстердің мағынасын аша отырып 3 топқа бөлу. I топ – қызыл /жүрек/ II топ – көк /ақыл/ III топ – жасыл /қайрат/ Мұғалімнің қолында ақтүс қалады – ғылым. - Балалар, өздерің қалаған түсті қалап, топқа бөлінділер. Енді осы түстерге қандай сипаттама берер едіңдер? Ненің белгісі деп ойлайсындар? - Қызыл. Көк. Жасыл. - Ал менің қолымдағы ақ түс ненің белгісі?	Жағымды көңіл-күй туғызу. Оқушыларды жаңа сабаққа жұмылдыру.	Сұрақ-жауап, бақылау, пікірлесу, ой бөлісу, ұйымдастыру.
2	ОҚУШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙ		
	КЖТ - Балалар, сендерге Абайдың қара сөздерін топтастыру және 17-қарасөзді оқып келуге тапсырма берілген. - Абай қарасөздерінің жалпы саны – 45. Олардың әрқайсысы әлеуметтік өмірдегі белгілі бір мәселені сөз етіп, ой-пікір білдіреді. Бірінші біз сол қара сөздерді тақырыптары жағынан топтастырып көрейік. /СЛАЙД/ - КЖТ /әр топтан 2 баладан шығып, айту, тақтаға жазу/ - Біз өзіміз оқыған қарасөзді бірлік, ынтымақ туралы деп ойлаймыз. - Енді осы 17-қарасөздің тақырыбы не? Достық, бірлік, ынтымақ. - Қазіргі заманмен салыстырғанда өзектілігі не? - Идеясы ше?	Оқушылардың мәнерлеп оқуын, дауыс интонациясын қадағалау; оқушыларға әдеби теориялық білім беру; қарасөздің тақырыбы мен идеясын ашуға жетелеу. Өз ойларын ортаға салдыру, қорғай білдіру, мәтінмен жұмыс жасауға төселтіру.	Іздендіру Сұрақ-жауап, рөлге бөліп оқыту, КЖТ бойынша алған білімдерін қолдану, дәлелдеу, мәтінмен жұмыс.

	- Ақын адамдарды жүрегін таза ұстауға, қайратын орынды жұмсауға, ақылға берік болуға шақырады. - Балалар, олай болатын болса, осы қарасөзді рөлдерге бөліп оқып көрейік		
	АЛГОРИТМДІК ДЕҢГЕЙ		
	Ø Балалар, кейіпкерлерді анықтандаршы, олар дерексіз ұғымдар. Ø Жүрек – адам иманының тұрағы, Алла тағалаға деген сенім мекені. Ислам дінінде Жүрек – адамның өзегі, дәні саналады екен. Адам ЖҮРЕКпен жетіледі, бойындағы бар игі қасиет ЖҮРЕКтен шығады. Жүрек қандай болса, адам да соның ыңғайымен қалыптасады. Жүрек шекара дегенді білмейді. Ол әлеммен тілдеседі. Жүрек адам денесінің барлық мүшелерімен байланысты және «мемлекет әміршісі» секілді оларға билік жүргізеді. Ø Ақыл – адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін аса маңызды қасиет. Ежелгі ойшылдар еңбектерінде ақылдың екі деңгейі болатыны айтылады. Ол – ПАЙЫМ және ПАРАСАТ. Пайда, залалды айыратын қуаттың аты – Ақыл... Ø Қайрат – бұл бойымыздағы күш-қуатымыз. Ø Ғылым – жалпы мағынасы: жүйелік білім мен тәжірибе. Араб тілінен аударғанда білім тану деген мағынаны білдіреді екен. Ø Енді осы кейіпкерлер өздерінің алдарында жатқан түспен сәйкестігі бар ма? Ø Қызыл – қан. Көк – ақыл. Жасыл – қайрат. Ғылым – ақыл. Ø Ал, менің қолымдағы ақ түс ше? Ø Ақ - ғылым деп ойлаймын. Себебі, жүрек болмаса, қайраты жетпесе, ақылы толмаса, ғылым мәңгі ақтаңғақ болып қалады. Ø Ақтаңғақ дегеніміз – философиялық тұрғыдан айтқанда толық адам емес. Ұлы дананың қай шығармасын	Көркем мәтінмен жұмыс, дәлелдеу, талдау, өз ойларын ортаға салу. Жүректің сипаттары: <i>Ыстық жүрек, сорлы жүрек, ер жүрек, жас жүрек, ет жүрек, асыл жүрек, ауру жүрек, жаралы жүрек, шын жүрек, ит жүрек. Анықтамасы – теңіз, айна, ақыл, таза, қан.</i>	Талдау, кесте толтыру, Мәтінмен жұмыс, мәнерлеп оқу, пікірлесу, ой бөлісу, салыстыру, іздендіру әдісі.

алмайық, оның алтын қазығы – Адам. Ол нағыз Адам, толық адам қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі соған өзі жауап береді. Мысалы «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын?» деген екен. «Толық адам қандай болу керек?» деген сұрақ маза бермейді. Ø Микро-мінездеме /кесте толтыру/ <table><tr><td>Кейіпкер</td><td>Микро-мінездеме</td></tr><tr><td>Ақыл /нұрлы/</td><td rowspan="3">Менменшіл, мақтаншақ, мансапқұмар, жамандық пен жақсылықты қатар ұстайды.</td></tr><tr><td>Қайрат /ыстық/</td></tr><tr><td>Жүрек /жылы/</td></tr><tr><td>Ғылым</td><td>Ақылды</td></tr></table> Сергіту сәті: тренинг		Кейіпкер	Микро-мінездеме	Ақыл /нұрлы/	Менменшіл, мақтаншақ, мансапқұмар, жамандық пен жақсылықты қатар ұстайды.	Қайрат /ыстық/	Жүрек /жылы/	Ғылым	Ақылды	Әдеби теориялық ұғым беру. «Ой салу, ойланту» барысында өз ойларын ортаға салдыру. Мәтінмен жұмыс. Микро-мінездеме, модель қорғау, дәлелдеу.
Кейіпкер	Микро-мінездеме									
Ақыл /нұрлы/	Менменшіл, мақтаншақ, мансапқұмар, жамандық пен жақсылықты қатар ұстайды.									
Қайрат /ыстық/										
Жүрек /жылы/										
Ғылым	Ақылды									
ЭВРИСТИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ										
- Пікірталас немесе пікірлесу. - Топпен жұмыс: Әр топ өз пікірін қорғайды 1 топ: «Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратын-мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады.»/слайд/ Сұрақ: Сонда Абай аталарың нені меңзеп тұр? 2 топ: «Ақыл, жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің.» /слайд/ Сұрақ: Ұлы Абай бұл ойымен не айтпақшы? Ақылдың қандай қырын танытпақшы? 3 топ: «Ақыл, қайрат, жүрек бір адамнан табылса, сол адам табаныңның топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам» Сұрақ: Қасиетті адам қандай болу керек?	Оқушылардың бірін-бірі тыңдай білу, өз ойларын ортаға сала білу дағдыларын жетілдіру. Шығармашылық жұмыстарға жұмылдыру. Алған білімдерін қолданту.	Пікірталас Топпен жұмыс жасау, сұрақ-жауап, іздендіру әдісі. Пікірлесу, мәтінмен жұмыс.								

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙ		
- Абай мұрасынан қандай ғибрат алдыңдар? - Болашақта өз ұрпағыңа әсіресе, оның қандай ақыл-нақылын үлгі етіп айтар едің? - Өзіңше «Толық адамның» тағы да қандай қасиеттері бар? Ұлы баба мұрагерлері ретінде оның айтқандарына не қосар едіңдер? - «Толық адамның» моделін жасау. - Тақырып төңірегінде шағын ойтолғау жазу. (оқушы пікірін тыңдау) Қорытынды: - «Жеті қарақшы» моделін жасап шығару	Оқушыларды шығармашылық жұмыс жүргізе білуге, адалдық, ізгілікке, ғылым-білімді меңгерген көкірегі ояу азамат болуға баулу.	Шығармашылық жұмыстар, модель қорғау, дәлелдеу.

Әдебиеттер

1. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан. Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. - Өскемен, 15 наурыз, 2007.
2. Жолымбетов Қ. Қазақ орфографиясын игерудің негіздері. – А., 1975.
3. Жанәбілова А.К. Тіл дамыту жұмыстарының инновациялық технологиясы. - Өскемен, 2008.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. - Алматы, 2000.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Оралгазина Ж.О.

ҚАЕУ колледжі, Өскемен, Қазақстан

Қазірге кезеңде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Білім беру саласында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын практикада меңгермейінше сауатты, жан - жақты маман болу мүмкін емес. Ал, жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, білімгер тұлғасын дамытып, оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Өз бетімен шығармашылық әрекет жасауға қабілетті мамандар даярлауда жеке тұлғаны қалыптастыруды көздеуге бағытталған оқытушы пен оқушы әрекетінің тиімділігін арттырудың жолдарының бірі- педагогикалық жаңа технологияларды орынды қолдану болып табылады. Оқытушы білім беру іс-әрекетінің субъектісі ретінде оқу үрдісінде жаңа педагогикалық технологиялардың әдіс-тәсілдерін, формаларын жүзеге асыратын кәсіп иесі. Сондықтан білім берудегі барлық оңды өзгерістер оқытушының жаңаша ойлау тәсілімен, жаңа шығармашылық іс-әрекеттерімен, өзіне және шәкіртіне деген жаңа қатынасымен тікелей байланысты болмақ.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында: «Білім беру реформасы - Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті.

XXI ғасыр- бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі білім мазмұны оқытушы мен оқушының арасындағы байланысты субъективті деңгейде көтерудегі демократиялық бастамалардың барлығы оқытушылар арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі оқытушыларға тек пән оқытушысы ретінде қабылдау олқылық көрсетеді. Оқытушы қоғам айнасы.

Қазіргі таңда дәстүрлі оқыту әдістемесінің заман талабына сай толық білім беруге, меңгертуге кепілдік бермейтіндігін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту үрдісінде іске асу үшін оны технологияландыру қа-жеттілігі туады. Білім беру үрдісін ақпараттандыру - жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу- тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен **«XXI ғасыр - ақпараттандыру ғасыры»** деп аталады. Қазақстан Республикасы де ғылыми - техникалық прогрестің негізгі белгісі - қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Мультимедиа - бұл нысандар мен үрдістерді дәстүрлі мәтінмен сипаттау емес, фото, бейне (видео), графика, анимация, дыбыс, яғни бүгінгі күні бәрімізге таныс формаларда беру. Бұл жағдайда біз екі негізгі - сапалық және сандық басымдылыққа ие боламыз. Егер сөзбен сипаттауды аудиовизуалдық ұсыныммен салыстырса, сапалық артықшылықты бірден көреміз. Сандық басымдылық мультимедиялық орта

ақпараттық тығыздығымен жоғары екендігімен көрінеді. Шындығында, мәтіннің бір парағы 2 Кбайтқа жуық ақпарат сыйғыза алады. Оқытушы бұл мәтінді 1-2 минутта айтып шығады. Ал осы уақытта толық экранды видео 1,2 Гбайт ақпарат бере алады. Міне, сондықтан да «мың рет естігенмен, бір рет көрген жақсы».

Мультимедиа технологияны қолдану әдістемесі:

1) Оқытуды басқару жүйесін сабақтың әр түрлі кезеңдерінде жетілдіріп отырады. Оқудың мотивациясын күшейтеді;

2) Оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамытатын оқыту мен тәрбиенің сапасын арттырады, оқушылардың дайындық деңгейін арттырады;

3) Компьютер тек ойын ойнайтын құрылғы емес, басқа да мүмкіндіктері бар екенін көрсетеді.

Мультимедиалық сабақтар келесі дидактикалық мәселелерді шешуге көмектеседі:

- Пән бойынша базалық білімді меңгеру, алған білімді жүйелеу, өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;

- Жалпы оқуға деген, оның ішінде ерекше информатика пәніне деген ынтасын арттыру;

- Оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру.

Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады. Адамдардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенінің 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видео ақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады. Мультимедиа бағдарламалар ақпаратты әр түрлі формада ұсынады, сондықтан оқыту үрдісін ізгілендіру түседі. Сабақта мультимедиалық технологияларды қолданғанда сабақтың құрылымы өзгермейді, барлық негізгі кезеңдері бұрынғысынша сақталып қалады, тек уақыт бөлінуі өзгеруі мүмкін.

Бұл жағдайда мотивациялау кезеңі арта түсетінін және танымдылық жүктеме беретінін атап өту керек. Бұл оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін, білімнің кем түсын толықтыруға қызығушылықтарын арттыратын оқытудың қажетті жағдайы.

Гипермәтіндік сілтемелерді қолдану арқылы жасалатын мультимедиалық презентациялар аналитикалық, жүйелік ойлау қабілетін дамытады. Сонымен қатар презентацияның көмегімен фронтальды, топтық, жеке сияқты әр түрлі таныдық іс-әрекетті ұйымдастыру формаларын қолдануға болады. Сондықтан мультимедиалық презен-

тация сабақтың үш дидактикалық мақсатына сай келеді:

Білімділік аспект: оқушылардың оқу материалын қабылдауы, нысандардың байланысы мен қарым - қатынасын зерделеу.

Дамытушылық аспект: оқушылардың танымдық қызығушылығын, жүйелеу, сараптау, салыстыру дағдыларын дамыту, оқушылардың шығармашылық іс- әрекетін арттыру.

Тәрбиелік аспект: ғылыми көзқарастарын тәрбиелеу, өздігінен және топпен жұмыс істеуге дағдыландыру, жолдастық сезімге, өзара көмек беруге тәрбиелеу.

«Microsoft Word-тың графикалық мүмкіндіктері» атты сабағымда мультимедиялық технологияны басшылыққа ала отырып, құрған болатынымын. Тоқталатын болсам, оқушылардың меңгерген білімін жүйелеуге, өз бетінше еңбектенуге, шығармашылық қабілеттерін арттыруды мақсат етіп қойдым.

Сабақтың барысы ұйымдастыру бөлімінен соң, «Кім білімді» атты үй тапсырмасын тексеру есебінде слайдтағы сұрақтарға жауап беру арқылы өз білімдерін көрсетті.

Сабақ бірінші бөлімде құттықтау ашық хатын дайындап, ашық хатты аттандырды. Екінші бөлімде, слайдтағы жасырын тұрған сұрақтар ұяшықтарға жауап беру.

Үшінші бөлімінде, «Өзің таңда» ойыны ойналды. Шарты: оқушылар деңгейлік тапсырманың біреуін таңдап, орындайды. Тапсырма бойынша редакторда өлең жолдарының көшірмесін алып, орнын буферге қиып алу батырмасының көмегімен алмастырып, негізгі өлең жолдарын құрастыру керек. Ал, төртінші бөлімде оқушылар компьютерге отырып, берілген мәтіндерді шапшаңдылықпен теру.

Қорытынды бөлімінде «Өзіңді тексер» атты электронды оқулықтағы тапсырмаларды (Microsoft Word тақырыбында) орындау арқылы қаншалықты сабақты меңгергендерін көрсете білді.

Сабақ нәтижесінде оқушыларды жаңашылдығымен қызықтырды. Топта мұндай сабақ үстінде оқушылар өз ойын «өз сөзімен» айтатын шынайы қарым - қатынас туды, олар тапсырманы ынтамен орындап, оқып жатқан материалға қызығушылықпен қарады. Оқушылар пән бойынша оқулықпен, анықтамалық және басқа әдебиетпен жұмыс істеуді үйренді. Оқушыларда жоғары нәтиже көрсетуге, қосымша қиын тапсырма алып орындауға қызығушылықтары пайда болды.

Мультимедиялық технологияның келесі ерекшеліктерін атап өтуге болады:

1) Тақтаға жазған кескінді экрандағы түрлі - түсті, айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды. Тақтаның көмегімен әр

түрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын әрі мүмкін емес. Слайдтарда кемшіліктер мен қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады. Сабақтың өнімділігі артады. Басқа пәндермен пәнаралық байланыс орнайды.

2) Оқушылардың дайындық деңгейіне қарап презентацияда гиперсілтеме қолдана отырып, бір материалды толығымен де, және тек негізгі сұрақтары бойынша ғана түсіндіруге болады. Материалдың көлемі мен беру шапшаңдығы сабақ барысында анықталады.

3) Проекторды қолданып презентацияны көрсету кезінде оқушылардың жұмыс орны жеткілікті жарықтанады. Сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады.

4) Информатика пәнінің және басқа пәндердің мұғалімдерінің жетекшілігімен оқушының оқу бағдарламаларын жасау жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру мүмкіндігі туады.

5) Ақпараттық технологияларды қолданылатын оқытушы оқу материалын беру логикасына көп көңіл аударады, бұл оқушылардың білім деңгейіне оң әсер етеді.

6) Компьютерге деген қарым - қатынас өзгереді. Оқушылар оны адамзат барлық салада қолдана алатын әмбебап құрал ретінде қабылдай бастайды.

Қорыта айтқанда, мультимедиа ақпарат берудің көптеген арналарымен ғана қамтамасыз етіп қоймайды, сонымен қатар, әр түрлі орталар бірін - бірі толықтыратын жағдай туғызады. Оқушылардың алдында өз тілі бар жеке ортаны шығармашылықпен қолдана алатын жаңа мүмкіндіктер ашылады. Мультимедианы қолдану оқушыларды ізденімпаздық дағдыларын шығармашылық жобаларын іске асыру бағытына ауыстыруға үйретеді. Жобалары алған білімдерін іс жүзінде қалай қолдануын тереңірек түсіндіреді, белсенділік, жинақтылық, өздігінен жұмыс істеу сияқты өмірге қажетті қасиеттерін қалыптастырады.

Сондықтан да мультимедиа - оқу үрдісін құру құрылғысы ретінде, ал компьютер - кітап пен қалам сияқты оқушының жұмыс құралы ретінде қолданылуы тиіс.

Әдебиеттер

1. «Информатика негіздері» журналы №6, 2009.
2. Абыканова Б.Т. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары. - Алматы, 2005.
3. Халықова К.З. Информатиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім баспасы, 2000.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ХИМИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Касенова Ш.И.

Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Соңғы жылдары оқу үрдісінде ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге экологиялық мазмұнды есептерді енгізу қажеттілігі қарастырылып жүр. Экологиялық мазмұнды химиялық есептердің дәстүрлі химиялық есептерден басты айырмашылығы оларда басты назарды адамның тәжірибелік қимыл-әрекетінде ең маңызды түрлі химиялық қосылыстарды қолдануға олардың қоршаған ортаға және адам ағзасына әсеріне аударады. Химиялық қосылыстарды, химиялық құбылыстарды білу арқылы адамның қоршаған ортасына қатынасы орнайды. Онымен бірге экологиялық мазмұнды химиялық есептерді шешу арқылы түрлі процестердің, соның ішінде химиялық процестердің күрделілігі және екі жақтығы жөнінде көзқарас қалыптасады. Оқушылардың табиғатқа деген дұрыс қарым-қатынасын қалыптастыруда қолданылатын есептер арнайы химиялық білімдерді пайдалануды талап етеді. Бұл өз кезегінде оқушы жаңадан бір нәрсе білулеріне мүмкіндік жасайды. Осы орайда есептердің мазмұны оқушылардың қызығушылықтарына сәйкес келуі абзал. Тек осындай жағдайда ғана таным белсенділігі пайда болады.

Есептерді шығарғанда адамның ойлау іс-әрекетінің негізгі заңдылықтары көрінеді, бір мезетте білімді игеру және қолдану үрдісі жүреді. Ойлау бұл жағдайда екі процестің біртұтастығы ретінде көрінеді. Олар анализ және синтез.

Анализ – пәнді, құбылысты оны құрайтын элементтерге бөлу және маңызды белгілері мен қасиеттерін атап өту. Синтез маңызды байланыстары және олардың арасындағы қатысы негізінде анализ арқылы бөліп алынған элементтердің бастапқы заттың қалпына келу процесі. Есептерді шығару үрдісінде тек сол немесе басқа да ойлау процесінің басымдылығы туралы айтуға болады, себебі олардың толық шектеулілігі мүмкін емес. Анализ және синтез біртұтастықта және өзара байланыста болады. Сондықтан осының негізінде есепті шығарудың аналитикалық және оқу-танымдық бөлімі болады. Аналитикалық бөлім мынандай этаптардан тұрады:

- логикалық анализ (есеп мәтінінен қарапайым жағдайы мен талаптарын анықтау және есептің сипаттамасы);
- сызба нұсқа, белгі-символика түрінде есептің моделін құру;
- үрдістің оқу-танымдық бөлімі келесі сұрақтарға жауап беруі керек;

–есеп шығарудың әлдеқайда рационалды тәсілі бар ма?


–оның қандай ерекшеліктері бар?

–қандай қорытынды жасауға болады?

Қорыта келсе, экологиялық мазмұнды химиялық есептер ұғымын зерттеу, экологиялық білім беру құралдарының бірі ретіндегі күрделі динамикалық жүйе деген қорытындыға әкеледі.

Экологиялық мазмұнды химиялық есептер танымдық, зат болып табылатын есептер жүйесін құрайды. Бұл жүйені бір-бірімен өзара байланыста болатын және химия мен экология оқыту процесінде белгілі дидактикалық қызметтерді атқаратын есептердің бірлігі ретінде анықтайды. Осы жүйенің мазмұнында бірнеше негізгі функцияларды бөліп алуға болады: оқытушының интегративті, мотивациялық, түсінік-болжамдық. Әрбір оқу есебінің мазмұнында және оны шығару процесінде оқушы үшін жаңадан білімдер ұсынылады. Бұл – жүйенің оқытушылық функциясы. Есептің мазмұнында болатын информация және оны шығару процесі әрбір есепте танымдық сипатта болады.

Мысалы, аэрозольды баллончиктерді қолдану барысында атмосфераға бөлінетін фреон мына схема бойынша ыдырайды:



Хлордың 1 моль радикалы 50000 моль озонды жояды. Орташа есеппен 1 жанұя жылына 10–15 баллончик қолданады. 1 баллончикте 1г фреон бар деп есептейтін болсақ, жылына қанша озон бұзылады?

Есепте жердің озон қабатының бұзылуы қарастырылған және оның негізгі себебінің бірі сипатталады, химиялық реакция арқылы қоршаған ортаны ластаушы, ластағыш заттың қоршаған ортаға әсері ұғымдары интеграцияланады (интегративтік функция); нақты зат – фреон туралы, оның адам өміріндегі қасиеті туралы білімнің рөлі көрінеді (мотивациялық функция).

Мотивациялық функция, әсіресе теледидардан жарнамалайтын жасөспірімдер жиі қолданатын сағыз, тәттілер, гигиеналық заттар, декоративті косметика негізінде құрылған жаттығуларда айқын көрінеді.

Мысал ретінде келесі есепті қарастырайық.

«Every time you eat» сөздерінен кейін экранда тістегі қышқылдың жиналуын көрсететін қисық сызық пайда болады. «Ксилит және карбамид бар сағыз – тіс жегісінен (кариес) 2 есе қорғаныс». Ауызда қайдан пайда болған қышқыл екендігін және тіс дәрігерінің сөздерінің дұрыс және дұрыс еместігін химиялық тұрғыдан түсіндіріңдер. Тіс

жегісімен күресудегі карбамид (мочевина) пен ксилиттің (көп атомды спирт) маңызы қандай?


Осыған ұқсас есептерді шешу кезінде оқушы жарнамаларды сын көзбен қабылдай бастайды: оның мазмұны заңға, химия сабағында оқылған теориялар мен фактілерге қайшы келе ме, келмей ме, мәтінде үрдістерді дұрыс түсіндірмейтін қателер бар ма, жоқ па – соның барлығын анықтайды. Сонымен қатар мұндай есептерді шешу білімнің өмірде қолданылатындығын көрсететіндіктен оқудың мотивациялық дамуын қамтамасыз етеді.

Экологиялық мазмұнды есептер шығарудағы оқушының іс-әрекетін бақылау, оқушыларға олардың экологиялық және химиялық білімін, танымдық қызығушылығын, интеллектуалдық дамуын анықтауға мүмкіндік береді.

Мысалы: Көлемі 80 м^3 болатын химиялық зертханадағы әрбір тәжірибелік үстелде 2,3 гр этил спирті жанатын болса, түзілетін көмірқышқыл газының көлемін есептеңіз. Оның адам денсаулығына әсері бар ма? Көмірқышқыл газының ауадағы көлемдік мөлшері – 0,03%, ол 4% болғанда құлақта шу пайда болып, бас ауырады.

Берілген есепті шығару барысында оқушы этил спиртінің химиялық қасиеттері туралы теориялық білімдерінің және дағдылардың бір тұтастығын көрсетеді. Теориялық, химиялық ілімдер жеке басының сарамандық жұмыстарды орындау және техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау тәжірибесімен бірлеседі.

Сонымен қатар, берілген есепті шығару барысында органикалық химия курсындағы экологиялық білім беру құрылымының өзара байланысына сәйкес химиялық және экологиялық ұғымдар интеграцияланды:



Экологиялық мазмұнды химиялық есептерді келесідей белгілеріне қарай жіктеуге болады: шығарылу әдісіне, есептің рөлі мен білімнің қалыптасуына байланысты. Жоғарыда келтірілген есептер негізгі шығарылу жолына қарай сандық және логикалық ұғымның қалыптасқанына байланысты ұғымдарды бекіту немесе нақтылауға арналған есептер. Экологиялық мазмұнды химиялық есептерді келесідей белгілеріне қарай жіктеуге болады: шығарылу әдісіне, есептің рөлі мен білімнің қалыптасуына байланысты. Мысалы: есептер ұғымына, мазмұнына қарай жіктеледі (1-кесте).

1-кесте – Экологиялық және табиғатты қорғау ұғымдарын қалыптастырудағы есептердің жіктелуі

Есеп түрлері	Экологиялық мазмұнды органикалық есептер	Ұғымдарға жіктелуі
1 Мазмұны мен ұғым көлемін нақтылауға арналған есептер	1 м ³ ағаш қалдығынан (бұтақ, қабық, жапырақ) 60 литр метанол алуға болады. Осындай көлемдегі спирт, тотыққан кезде алынатын 40% формалин ерітіндісінің массасын табыңыз.	Қалдықтардың түзілуін ескерту
2 Ұғымдар арасындағы байланысты қалыптастыратын есептер	Фенолмен ластану әдетте мұнаймен ластанғанымен бірдей. 2000 жыл Ульба өзенінен анализ үшін 100 мл-ден 3 үлгі алынған. Бұл үлгідегі фенол массасы 0,00145 мг, 0,00165 м ² , 0,00170 мг болған. Фенолдың орташа концентрациясын есептеңіз (мг/л) және оны шектеулі концентрациямен салыстырыңыз. Фенолдың химиялық қасиетіне сүйеніп, суды тазарту жолдарын келтіріңіз.	Қоршаған ортаның ластануы, ластағыш заттарды бейтараптау

Сонымен қатар есептер қарастырылатын мәселелер мазмұнына қарай жіктеуге болады (2-кесте).

2-кесте – Экологиялық мазмұн бойынша есептің жіктелуі

Тапсырма түрі	Экологиялық мазмұнды орган, есептер
1 Химияның екі жақтылығын ашатын есеп	Ауыз суынан токсинді және наркотикалық әсері бар заттардың болатынын анықталған. Сандық және сапалық анализ негізінде өндірістік фенол және мынадай заттардан тұратыны анықталған. Олар: 36,5% көміртегі, 1,5% сутегі, 8,1% оттегі, 53,9% хлор заттың молекулалық формуласын құрыңыз. Оны алудың реакция теңдеуін жазыңыз. Табиғи ортаға осы заттардың мүмкін болатын түсу жолын көрсетіңіз.
2 Тірі ағзаға химиялық қосылыстардың әсерін	Бензой қышқылы Е-210 тағамдық қоспа түрінде болады. Ол табиғатта көптеген жемістердің құрамында кездеседі. Оны бактерицидтік құрал ретінде, тұмауға қарсы йогурт, джем, жеміс

көрсететін есеп	шырындарына қосады. Бензой қышқылын мұнайдан алынатын металциклогексанның алу жолын көр-етіңіз, оның тірі ағзаға әсері қандай?
3 Технологияны жетілмегенін қарастыратын есеп	Жылу электростанциясы тәулігіне құрамында 75% көміртегі және 5% күкірт бар 6400 т көмір жұмсайды. Егер газ түтінін тазалау өндірісі болмаса, тәулігіне қоршаған ортаға түсетін CO_2 және SO_2 оксидтері және көмірсутектердің массасын есептеңіз. Қоршаған ортаға осы шығарылған заттар қандай зиянын тигізеді?
4 Аймақтық экологиялық мәселелерін қарастыратын есеп	1996 жылы Каспий теңізінде қаржының болмауынан газ өткізу құрылысында мұнай газының 3 млрд м^3 факельде өртелді. Егер газ құрамы: CH_4 – 40%, C_2H_{10} – 20% болса, C_3H_8 және C_4H_{10} – 20% болса, атмосфераға түсетін көмірқышқыл газының көлемін есептеңіз, оның қоршаған ортаға әсері бола ма?

Сонымен, экологиялық мазмұны бар химиялық есептерде химиялық қосылыстардың қолданылуы және олардың адам ағзасына, қоршаған ортаға тигізетін әсерлері қарастырылады. Мұндай есептерді шешу химиялық білімді интерпретациялауға қазіргі жағдайда қолдануға, қоршаған ортаның реалды процесті елестетуге мүмкіндік береді. Сондықтан органикалық химия пәнінен оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруда осындай экологиялық мазмұнды сандық есептердің орны ерекше. Оның мақсаты теориялық материалды бекіте отырып, практикалық есептеулер арқылы дағды мен қызығушылықты дамыту. Осы мақсатты іске асыру барысында мынандай экологиялық мазмұнды есептер беріліп, ол есептердің экологиялық және табиғатты қорғау түсініктерін қалыптастырудағы және есептің мазмұны бойынша жіктелуіне баса назар аударамыз.

Әдебиеттер

1. Куратова Е. В. Сорокин В. В. Задачи к экологизированному курсу общей химии // Химия. – 1995. – № 22. – С. 5–6.
2. Селиверстова Е.Н. Использование межпредметных задач как средство формирования экологической активности в познавательной деятельности. – Рязань, 1990. – С. 131–138.
3. Петров В.В. Экологическое право: схемы и методика решения задач / МГУ. – 1989. – 39 с.
4. Абекова Р.С., Шоқыбаев Ж.Ә., Яшкарова М.Ғ., Онтагарова Д.Р.

- Органикалық химия курсын экологияландыру // Халықаралық ғылыми конференция. – Семей, 2003. – 236–240 бб.
5. Бадамов И.С. Задачи экологического содержания // Химия в школе. – 1986. – № 1. – С. 18–24.
6. Даутова З.С. Экологиялық білім берудің мәні мен сипаты // Ұлт тағылымы «Ғылыми-педагогикалық басылым». – 2006. – № 1. – 10–13 бб.

ОҚУШЫЛАРДЫ ТІЛ ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖЕТЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

Митанова А.Е.

№37 орта мектеп, Өскемен, Қазақстан

Тіл дамыту – оқушылардың сөздік қорының, тіл шеберліктерінің артуының бірден-бір көзі. Сондай-ақ оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жетелеуде, жазба жұмыстарына жұмылдыруда тіл дамыту жұмысының маңызы зор. Дәстүрлі оқытудан бастап тәжірибеде енгізіліп келе жатқан тіл дамыту жұмыстары жайлы ғалымдар тарапынан берілген анықтамаларға сүйенсек, тіл дамыту жұмысы оқушының сөздік қорын молайтып, тілін ұстартуда, білімін көтеруде маңызды.

Тіл дамыту - оқыту үрдісінің күретаыры, оның ұғымы кең. Ең алдымен , ол оқушылардың тіл байлығын молайту және дамыту деген сөз (1,9).

"Тіл дамыту термині – негізінен педагогикалық термин. Ол оқу орындарында жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарының бірі болып табылады", - деген орыс ғалымы В.А. Добромыслов тіл дамыту жұмысының тәрбиелек маңызын да аша түскен [2, 12].

«Өнер алды-қызыл тіл», - деп дана халқымыз нақылмен ғана айтып қоймай, сөз өнерінің арқасында тәлім-тәрбиенің мектебін ашып, сөз өнерін тәрбиенің құралы етіп ұстаным еткен. Бабаларымыздың даналығы, шешендік сөз оралымдары бүгінгі ұрпақтың асыл қазынасының көзіндей. Олай болса қазіргі таңда бүгінгі жас ұрпақтың тілін ұстартуда әдебиет, қазақ тілі пәндерінің маңызы айрықша.

«Заманына қарай адамы», - деп дана халқымыз айтқандай, қазіргі жас буынның буырқанған заманы – ақпараттың дамып, әлем кеңістігіне енудің мақсат еткен, білім, ғылымның заманы. Қазіргі заманғы оқыту интеллектуалдық ерекшеліктеріне сүйене отырып білім беруді қажет етеді, сондай-ақ қашықтықтан білім алып, қашықтықтан сайыстарға қатысуда да білім жүйесінде кең жол ашылып отыр. Ұлы

дана, ойшыл ақын Абай Құнанбаев: «Өзіңе сен өзінді сүйреп шығар», - деп айтқандай [3, 68], ең бастысы, өзіне-өзі сенімді, «Мен» мен-талитеті қалыптасқан оқушылар дайындауымыз шарт. «Көзі ашық, көкірегі ояу» рухани жан-дүниесі бай, ұрпақ тәрбиелеуде сапалы білім берумен ғана шектелмей, ұлттық құндылықтың тағылымынан тәлім-тәрбие алдыру, олардың көркем тілін, сөздік қорларын дамыту - басты мақсатымыз. Ал ұлттық құндылықтың көзі, қайнар бұлағы әдебиет сабағында жатыр.

Әдебиет – өмір айнасы, өнердің қайнар бұлағы, даналықтың көзі. Ұлылардың мұрасын ұрпаққа таныстыра отырып, рухани байлығын азық етуде, сөздік қорларын дамытып, эстетикалық талғамдарын оятуда әдебиет сабағының маңызы зор. Әдебиетті пән ретінде қарамай, өнердің, мәдениеттің сабағы деп түсінгенде ғана тұңғышына бойлар аларымыз сөзсіз. Осынау сұлу сөз әлемінің сырын түсініп, тағылымын өміріне ұстаным еткен ұрпақ тәрбиелеу мұғалімнен де ерекше дарындылықты, шеберлікті, көркем тілді талап етеді. Оқушыларды тіл дамыту жұмыстарына жұмылдыруда әдебиет сабағындағы жиі қолданып жүрген шығармашылық бағыттағы тапсырмалардың тиімділігіне көз жеткіздік.

Өз іс-тәжірибемде әйгілі ұстаз, құрметті академик Қ.О. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту» технологиясын әдебиет сабағында пайдаланып келемін. Оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жетелеуде, тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастыруда ұстаз технологиясының маңызы өте зор.

Төменде өз іс-тәжірибемізде жүйелі пайдаланып, оқушыларды тіл дамыту жұмыстарына жетелейтін шығармашылық бағыттағы тапсырмалар жүйесінің үлгісін ұсынып отырмыз.

Сабақтың тақырыбы: Жамбыл Жабаев шығармашылығы.

Сабақтың түрі: Жаңа білімді игерту сабағы.

Сабақтың мақсаты:

1. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде көрнекті ақыны, айтыскер жырау Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы жайлы мәлімет беру. Оқушыларға ақынның шығармашылығындағы ұлттық құндылықтарды, ақынның азаматтық болмысын таныту.

2. Оқушыларды көркем мәтінмен жұмыс жасауға дағдыландыру, көркем тілдерін дамыту. Алған білімдерін тәжірибеде қолдануға жаттықтыру, көркем сөйлеуге, сауатты жазуға дағдыландыру.

3. Ақынның тағылымы мол шығармалары арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, азаматтыққа баулу.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс, талдау, пікірлесу, салыстыру, іздендіру, аударма жұмысы, модель құру,

қорғау.

Сабақтың көрнекілігі: АКТ, презентация, слайд, буклет, модель, шығармалар жинағы.

Сабақ технологиясы: Қ.О. Бітібаева «Ой тастау, ойланту» технологиясы.

Оқытудың формалары: топтық, ұжымдық, индивидуалды форма.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру.

Ж.Жабаев



Батыс Альпінің жүрегінен қазақ халқының және адам баласының жыршысы,
Қазақстан даласының жүрегі Жамбылға туыскандық сәлем жолдаймын.
Ромен Роллан

Үй жұмысы:

- Ж.Жабаев өмірбаяны. Презентация.
- «Жыр алыбы Жамбыл» туралы ғылыми хабарлама.

Тапсырмалар жүйесі:

- Өлеңдерінің негізінде бала ақынның бейнесіне микро-мінездеме беру.

Өлең аты	Микро-мінездеме	Дәлелдеме

Бекіту сұрақтары:

- Жамбылдың өнерге деген ұмтылысы, балалық шағы туралы не білесіңдер?

- Сүйінбай кім? Ақын өміріне қандай әсер етті?

- Ақынның қандай туындыларын білесіңдер?

Жаңа сабақ. Ақынның өмірі, шығармашылығына талдау.

Топтық жұмыстар.

I топ. «Батаңды маған бер, әке» жастық шақтағы өлеңдерін талдау.

II топ. Кемелденген кездегі өлеңдеріне талдау.

III топ. Ақын жырларындағы би-болыстардың бейнесі.

Өлең аты	Негізгі ой	Ақын стилі

Тапсырмалар жүйесі: 1. Өлеңге талдау, модель құру.

- -«Ақын кім?» моделін құрып, дәлелдеу.



2. Ақын өлеңдеріндегі заман, ондағы адамдар.

Заман келбеті	Болыс, төрелер



3. «Ақын шыңы» шығармаларын салыстыру, талдау.

4. Тіл дамытуға негізделген шығармашылық жұмыс.

Асты сызылған жолдардың баламасын жазыңдар.

Ақынша	Өзімше
Жігіттіктің кезінде, <u>Жігерлі болса ер болар.</u> Тұрмаса жігіт сөзінде. <u>Нәсілі оның кем болар.</u> Қажырлы болса майданда, <u>Халыққа сөзі ем болар.</u> Ел үшін туған ерлердің, <u>Алды-арты дария кең болар.</u>	Жігіттіктің кезінде, Тұрмаса жігіт сөзінде. Қажырлы болса майданда, Ел үшін туған ерлердің,

Үй тапсырмасы. «Ақын мұрасы бүгінгі таңда» ой толғау.

Бекіту сұрақтары:

- Жамбылды кім деп таныдыңдар?

- Шығармаларында заман, оның адамы қалай суреттелген?

Бағалау. Оқушылардың жұмыстарын, ізденістерін бағалау, коррекция жұмысын жүргізу

Әдебиеттер

1. Жанабілова А.К. Тіл дамыту жұмыстарының инновациялық технологиясы. - Өскемен, 2008.

2. Добромыслов Г. Русский язык в школе. 1962. - №2.
3. Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. – А., 2001.
4. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1997.
5. Бітібаева Қ., Құдайбергенова Г., Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. - Өскемен, 2002.

АРНАЙЫ ДӘРІГЕРЛІК ТОП ҚҰРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Орман К.

Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Балалардың денсаулық жағдайы әр түрлі топтарға бөлудің негізгі шарты болып табылады. Тиісті топты дәрігер міндетті түрде педагогтің қатысуымен анықтайды. Оқушылардың денсаулық жағдайын бағалау кезінде ағза қызметінің ауытқу сипатын тексеріп алған жөн. Тексеру әдістемесі келесі бөлімдерден тұрады: оқушының ата-анасынан бұрын жұқпалы аурулармен ауырғандығы (олардың ұзақтығы мен асқынуы) туралы сипаты мен клиникалық ағымын анықтау мақсатында нақтылап сұрау, баланың жалпы жағдайын, мінез-құлқын, ой және дене жұмысына қабілеттілігін бағалау. Тексеру жүргізу қорытындысы бойынша оқушыларды топ бойынша жасақтау. Жалпы білім беретін мектепте үш денсаулық тобы құрылады.

1. Негізгі медициналық топ. Негізгі топқа денсаулықтары мықты, дене қуаты дайындықтары жақсы, әртүрлі спорт түрлерімен тұрақты айналысатын, айналыспайтын, мектептегі дене тәрбиесі сабағына қатысатын оқушылар жатады.

2. Дайындық медициналық тобы. Дайындық тобына денсаулықтары аздап қана нашарлаған және дене қуаты дайындығы төмен оқушылар жатқызылады. Олар негізгі топтағылармен бірге дене тәрбиесі сабағына қатыстырылады. Бұл топқа жататын оқушыларға жүктеме қарқыны мен көлемі аздау беріліп, сынақ жаттығуларын тапсырғанда дайындық тобында екендігі ескеріледі. Оларға тапсырма топтық және жеке әдіс түрлерінде берілуі мүмкін.

3 Арнайы дәрігерлік топ. Арнайы дәрігерлік топқа денсаулықтары әлсіз оқушылар жатқызылады да, олар негізгі мектеп бағдарламасымен оқу оқитын дене тәрбиесі сабағынан босатылады. Бұл топтағы оқушылар ауыруларының сипатына байланысты осы топта тұрақты және уақытша болуы мүмкін.

Арнайы дәрігерлік топтардың негізгі жұмыс міндеттері: денсаулықты нығайту, тыныс алу органдарының жұмыстарын жақсарту,

ағзаны шынықтыру, дене қуаты жұмыс қабілеттілігін, дене тәрбиесі жаттығулары арқылы ақыл-ой жұмыс қабілеттілігін жоғарылату, ағзаның ауырудан әлсіреген дене қимылы белсенділігін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар теориялық білім беру және қимыл ептілігі мен дағдысын меңгеру жұмыстары жүргізіледі.

Арнайы дәрігерлік топ оқушыларымен дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру және өткізу сау балалармен сабақ өткізуден әлдеқайда күрделі. Мұнда әр сыныптан, жасы мен жынысы түрліше, түрлі дертке шалдыққан және дене шынықтыру сабағына психологиялық түрде дайын емес оқушылар жиналған. Кейбір мектептерде дене шынықтыру сабағын денсаулық жағдайы ауытқыған арнайы топ оқушылары мен негізгі және дайындық топ оқушыларымен бірге өткізу тәжірибесі кездеседі. Мұндай сабақтардың тиімділігі аз. Бұл топтағы оқушылардың негізінен қимылы аз, жаттығулар қатарын орындауға бірден кіріспейді. Сабақта кезінде қозғалыс жаттығуларын жасқаншақтанып, қорғаншақтанып, қателесіп кетуден және басқаларға мазақ болудан қорқып сенімсіз түрде жасайды. Кейбір мектептерде дәрігерлік тексеру кезінде оқушылардың бір бөлігі дене шынықтыру сабағынан босатылады, бірақ бұл уақытта олардың өздері көбінесе 45 мин ішінде дене тәрбиесі сабағынан алатын дене жүктемесінде біршама жоғары жүктемелерге тап болады.

Кейбір жағдайларда дене шынықтыру сабағына қатысуға тыйым салынған оқушылар өз жолдастарының дене тәрбиесі сабағын бақылауға рұқсат беріледі. Кейде мұндай оқушылар дене шынықтыру сабағының дайындық бөліміне қатысады, сабақтың негізгі бөлімінен босатылады және олар тек сабақ соңында қосылады. Бұл олардың дене жүктемесін күрт жоғарылатады. Аталған барлық әдістемелер дұрыс емес. Мұндай әдістемелер оқушылардың психикасына кері әсерін тигізеді. Сондықтан денсаулығы әлсіз оқушылар үшін дене шынықтыру сабақтарын жеке өткізу керек, бұл олардың психикасын қорғайды және артық салмақ түсуден сақтайды.

Жаңа оқу жылы алдында арнайы дәрігерлік топ құру ағымдағы жылдың сәуір-мамыр айларында жүргізілген дәрігерлік тексеру қорытындылары бойынша оқушылардың жасын, дене дайындығының көрсеткіштері, функционалдық жағдайы және патологиялық процестің көріну деңгейін (1 маусымға дейін) ескере отырып жүзеге асырылады.

Мектеп дәрігерінің мөрі соғылған, балалар емханасының мөрі қойылған дәрігерлік топтың диагнозы көрсетілген балалар тізімі мектеп директорына, дене шынықтыру пәнінің мұғаліміне және дәрігерлік - дене шынықтыру диспансеріне беріледі. Директор 1 қыр-

күйекке дейін мектеп бойынша арнайы дәрігерлік топ құру туралы бұйрық шығарып ресімделді. Дене шынықтыру сабағының мұғалімдері медициналық қызметкерлермен бірге арнайы топқа жататын оқушылардың жеке карталарын ресімдеуді.

Антропометрикалық мәліметтер (бойы, салмағы, кеуде қуысының шеңбері, спирометрия, динамометрия және т.б.), функционалдық сынақ деректері (ортостатикалық және клиностатикалық сынау, тыныс алу және шығару кезінде ауаның бөгелу сынағы, белсенді қозғалыс жылдамдығын сынағы, тамыр соғысы, тыныс алу жиілігі, 15 секунд ішінде 10 рет отырып тұру алдында және кейін артериалды қысым өлшемі) сабақ басталар алдында жеке картаға жазылып, сабақ барысында (тоқсанда бір рет) жүйелі түрде анықталады.

Үнемі жүргізілген антропометрикалық және функционалдық сынақтар оқушылардың дене дамуының динамикасын бақылап отыруға және жүйелі түрде жүргізілетін сабақтардың оқушы ағзасына әсерін бағалауға, сонымен қатар оқу үрдісін бақылауға мүмкіндік береді. Сабақ басталар алдында арнайы топқа жататын оқушыларды ата-аналармен және оқытушылар ұжымымен (директор, сынып жетекшілері) бірге жинап, дене шынықтыру сабағының профилактикалық маңызы, күн тәртібі, тазалық жаттығулары, шынықтыру және оқушыларды тұрмысқа ұйымдастыру туралы әңгіме өткізіледі. Соңында ұзақ уақыт бойы дене шынықтырумен айналысып, жетістіктерге жеткен арнайы дәрігерлік топқа жататын оқушылар арасынан шыққан үздік спортшыларды атап өтуді ұйымдастыру керек. Бұл шаралардың барлығы ата-аналарға егер олар үйлерінде дұрыс күн тәртібін жүргізуге қатысты мектеп талаптарын орындайтын болса, балаларының күшті, икемді және дені сау бола алатынына көздері жетеді.

Денсаулық жағдайы негізінде, дене жүктемесіне бейімделу бойынша функционалдық зерттеулердің нәтижелері және қозғалыс дағдылары мен икемділіктері бойынша оқушылар сәйкесінше дәрігерлік топқа ауыстырылады. Мектеп дәрігері дене шынықтыру пәнінің мұғалімімен бірге басқа топқа ауыстыру туралы шешім шығарады.

Арнайы дәрігерлік топтағы оқушылар саны 10-15, дене тәрбиесі және жаттықтыру сабақтары аптасына 2 рет 45 минуттан немесе аптасына 3 рет 30 минуттан өткізіледі... Негізінен бұл топтарды 1-4 сынып, 5-7 сынып, 8-9 сынып, 10-11 сыныпқа бөлуге болады. Жаттығулар спорт залында немесе арнайы құрлығымен жабдықталған бір адамға 4 кв.м есептелген бөлмеде өтілуі тиіс.

Ауруларының сипаты мен ауырлығына байланысты қозғалыс режимін тағайындауға барынша дифференциалды жақтан келу мақ-

сатында арнайы дәрігерлік топқа жататын оқушыларды А және Б топтарына бөлу ұсынылады.

А тобы – денсаулық жағдайындағы ауытқушылықтар қайтымды сипатқа ие оқушылар. Олар түрлі ауру салдарынан әлсіздікке шалдыққан, мұндай балалар өте көп кездеседі...

Б тобы – ағза қызметі мен жүйесінде ауыр, қайтымсыз өзгерістері бар оқушылар (жүрек-қан тамырлары бұзылуы, зәр шығару жүйесі, бауыр; көз түбінің өзгеріске ұшырап, көру коррекциясының жоғары деңгейдегі бұзылуы және т.б.).

А тобында оқушылар ағзасының бейімделу және жұмыс қаблеттілік мүмкіндіктеріне сай дене жүктемесі қарқындылығы мен мөлшері бойынша біртіндеп көбейіп отырады. Қозғалыс режимдерін тоқсанның басында 120/ 130 соғ/ мин жиіліктегі тамыр соғысына дейін орындау ұсынылады. Сабақтың негізгі бөлімінде біртіндеп дене жүктемесінің қарқындылығы көбейіп, тоқсан соңында тамыр соғысының жиілігі 140-150 соғ/ мин жетеді.

Тамыр соғысы 130-150 соғ/ мин жиілікке жететін қозғалыс жаттығулары жылдам тыныс алу жағдайында кардиореспираторлы жүйеге, яғни жүрек жұмысына өте тиімді және жақсы жаттығу әсерін береді.

Арнайы дәрігерлік топтағы оқушылардың көпшілігі гипоксияға шалдығатындықтан және қарқынды дене жүктемесін жасауға сай келмейтіндіктен тамыр соғысының жиілігі 150 соғ/ мин болатын қозғалыс режимдері тиімді емес.

Тамыр соғысының жиілігі 150-170 соғ/ мин жететін дене жүктемелері режимі аэробты тыныс алудан аэробты-анаэробты тыныс алуға өтетін шегі болып табылады.

Б тобында оқу жылы бойы қозғалыс режимдері тамыр соғысы 120-130 соғ/ мин аспайтын жиілікте болады. Себебі физиологтардың деректері бойынша мұндай қозғалыс режимдері жүрек-қан тамырлары, тыныс алу және жүйке жүйелері, тірек - қимыл аппараты және басқа мүшелер мен ағза жүйелерінің қызметін үйлестіріп отырады: қанның минуттық көлемі артады (систоликалық көлем есебінен), ішкі және талшықты тыныс алу жақсарады. Мұндай қозғалыс режимдері әлсіз ағзаға артық күш түсірмей, өмірлік маңызды дағдылар мен ептілікті қалыптастырады (В.К. Велитченко, 1998).

Арнайы дәрігерлік топқа жатқызылған денсаулығы әлсіз оқушыларға жаттығулар сабақ кестесі бойынша қарапайым сабақ ретінде немесе күннің екінші жартысында қосымша сабақ ретінде өтуі мүмкін. Сабақтарды индивидуалды әдіспен өткізу керек. Оқушылардың емдеу дене тәрбиесі бойынша сабаққа келуі «А» тобындағылар

үшін міндетті болады да, мұны ата-аналары қатаң бақылауы қажет.

Бір ауысымды мектептерде денсаулық топтарының дене шынықтыру жаттығулары сабақтың соңына жоспарланады. Екі ауысымды мектептерде денсаулық топтарының дене шынықтыру жаттығулары бастауыш және ортаңғы топтарға ауысым арасында, ал жоғары сынып оқушыларына екінші ауысым сабақтары аяқталған соң өткізіледі. Жаттығу сабақтары аптасына екі рет сабақтан тыс уақытта жүреді. Арнайы дәрігерлік топ оқушылары дене шынықтыру сабақтарына міндетті түрде қатысады. Олар сабақтың дайындық және қорытынды бөлімдеріне қатысады, ал негізгі бөлім кезінде арнайы топта рұқсат етілген жаттығуларды жасайды. Дене тәрбиесі сабағында денсаулық жағдайы әлсіз балалармен жұмыс істеу барысында қажетті құралдарды, әдістерді және ұйымдастыру формаларын кешенді пайдалану денсаулықты нығайтып, ой және дене қызметінің қабілетін жетілдіріп қана қоймай, жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Забродина Н.П. Работа со специальными медицинскими группами // Физическая культура в школе – 2000. №6. – С. 22-25
2. Ирхин В.Н. Здоровье ориентированная дидактическая система учителя физической культуры // Физическая культура: воспитание, образование, тренировка. – 2005. № 4. – С. 54 – 56.
3. Ишмухаметов М.Г. Дифференцированное физическое воспитание с учетом заболеваний детей и подростков// Физическая культура: воспитание, образование, тренировка. – 2004. № 4. – С. 45 – 46.
4. Лебедева О.П. Планирование процесса физического воспитания школьников 11-14 лет специальной медицинской группы на Крайнем Севере // Физическая культура: воспитание, образование, тренировка. – 2004. № 5. – С. 56 – 61.
5. Виленская Т.Е. Принципы формирования и организация физического воспитания в специальных медицинских группах // Теория и практика физической культуры. – 2005. № 1. – С. 25 – 42.
6. Велитченко В.Н. Физкультура для ослабленных детей. - 2-е изд. перераб. и доп. -М.: Физкультура и спорт, 1989.

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА БАУЛУ ЖОЛДАРЫ

Мұқашова Ж.Қ.

*М. Дулатов атындағы №136 жалпы білім беретін мектеп, Алматы,
Қазақстан*

Пәнаралық байланыс - оқу жүйесінде өнімді түрде қолданылып келе жатқан үрдістердің бірі. Дәстүрлі оқытудан бастап қолданыс тапқан пәнаралық байланыс технологиялық оқытуда да маңызын жоймай, керісінше заман талабына сай оқытудың тың ізденістерімен, жаңашылдығымен толықтырылып отыр. Педагогика тарихында пәнаралық байланыстың маңызы туралы біршама зерттеулер мен еңбектер баршылық. Атап айтсақ, Я.А. Коменский, И.Ф. Гербарт, М.А. Данилов, И.Г. Пестолоции, К.Д. Ушинский, Л.С. Выготский, Ю.А. Самарин сынды т.б. ірі педагогтардың анықтамалары мен пайымдауларын оқи отырып, пәнаралық сабақтастықтың оқушыны шығармашылық жұмыстарға жетелеудегі маңызына көз жеткіздік.

Ұлы педагог Ян Амос Коменскийдің: «Все, что находится во взаимной связи, должно преподаваться в такой же связи», - деген пікіріне сүйенсек [1, 287], қазақ тілі мен әдебиет пәнін өзге пәндермен бірлікте ала отырып жүргізу сапалы білім алуға ғана емес, оқушылардың өнімді нәтижеге қол жеткізулеріне және пәнге деген қызығушылықтарының артуына, жан-жақты танымдық қабілеттерінің артуына түрткі болары сөзсіз.

Психолог ғалымдардың зерттеуінше пәнаралық байланыс оқушының жеке психологиялық қабілетіне де оңды әсер ететіндігі анықталған. Сондықтан да технологиялық оқытуда талап етіліп отырған дарынды тұлғаны, шығармашылық ізденістегі тұлғаны дамытуда пәнаралық байланыстың тиімділігіне сүйене отырып, оны жүргізудің озық технологиясынан іздену – бүгінгі күннің талаптарының бірі.

“Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарт деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек”, - деп елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай [2,3], сапалы білім беруде пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық тапсырмаларды ұтымды, бірлікте қолдана білудің маңызы зор.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасында: “... жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қа-

былдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру,»-деп сапалы білім мен шығармашылық ізденістегі дарынды тұлғаны баулудың жолын атап көрсетеді [3, 7].

Шығармашылық жұмыстар – оқушыны өнімді әрекетке жетелейтін, дербес ізденіс пен шығармашылық әрекетінің жемісі.

Оқушы-субъектінің жеке ізденісіне, шығармашылығына жол ашатын технологиялық оқыту барысында шығармашылық тапсырмалар мен құзырлылық бағытталған тапсырмалар жүйесін берудің тың жолдары жайлы қазіргі таңда біршама еңбектер жазылуда.

Мәселен, «Тіл дамытуды оқытудың инновациялық технологиясы» атты еңбегінде А.К. Жанәбілова оқыту технологияларына кеңінен тоқтала отырып, дәстүрлі оқытудағы шығармашылық жұмыстарды технологиялық оқытудағы шығармашылық жұмыстармен салыстыра келе, олардың маңызына, ерекшелігі мен айырмашылығына төмендегіше тоқталған [4, 17],

Дәстүрлі оқытуда		Технологиялық оқытуда	
Мұғалім іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Мұғалім іс-әрекеті
Жалпыға бағытталған тапсырмалар	Тапсырмаларды қабылдаушы, орындаушы.	Оқушы – оқыту субъектісі	Жеке тұлғаға қарай бағытталған тапсырмалар ұсынушы, нақты мақсат қоюшы.
Тапсырманы ұсынушы, орындалуын талап етуші.	Мұғалім басшылығына сүйенген, белсенсіз объект.	Мақсатқа дербес іс-әрекетімен жетуші белсенді субъект.	Бағыт-бағдар беруші, мақсатқа жету жолдарына кеңес беруші.
Тексеруші, бақылаушы, бағалаушы, қорытындылаушы.	Тыңдаушы, келісуші, қайталаушы.	-өзін-өзі және бір-бірін оқытушы. -Өнерпаз, жасампаз еңбектің иесі. -Өз ізденісімен табысқа жетуші шығармашылық тұлға.	Оқушының жетістігін құптаушы, ынталандырушы, жаңа мақсаттарға жетелеуші.

Сондай-ақ, «Шығармашылық жұмыстарда оқушылардың қабілеті, іскерлігі, икем-дағдылары есепке алынады. Оны міндеттемей, оқушылардың қызығушылығы, ынтасына қарай таңдап алуларына жағдай туғызу, бір тақырыптың өзіне бірнеше тапсырмалар жүйесін

жасап ұсыну нақты нәтижеге жеткізеді», - дейді өз еңбегінде А.К. Жанәбілова [4, 19].

Қазақ тілі пәнін әдебиетпен байланыстыру барысында тіл дамыту жұмыстарын жүргізу тиімді, оқушыларды көркем мәтінмен жұмыс жасата отырып, сөздік қорларын молайтып, сауаттылыққа баулып, олардың өз беттерімен ізденуіне негізделген тапсырмалар арқылы зерттеушілік құзырлықтарын қалыптастыруды мақсат етіп келеміз. Сондай-ақ, әдебиет пәні рухани байлықтың, өнердің пәні болғандықтан, тарих, музыка пәнімен бірлікте ала отырып жүргізудің де тиімділігі мол. Төменде өз іс-тәжірибемізде қолданып жүрген пәнаралық байланысқа негізделген сабақ үлгісін ұсынып отырмыз.

Пәні: қазақ тілі. Сыныбы 5 «Ә»

Сабақтың тақырыбы: Дауыссыз дыбыстарға арналған жаттығу жұмыстары

Сабақтың мақсаты:

1. Білімділік. Дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін жинақтап, тереңдете түсу. Пәнаралық байланыс арқылы дауыссыз дыбыстардан алған білімдерін толықтыру.

2. Дамытушылық. Дамыта оқыту технологияларына негізделген тапсырмалар арқылы дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын арттыру. Оқушыларды топтық тапсырмалар арқылы қызықтыра отырып, алған білімдерін тәжірибеде қолдана білуге дағдыландыру. Сөздік қорларын дамыту.

3. Тәрбиелік. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілдерін дамытуға, әсіресе, байланыстыра сөйлеу дағдыларының жетілуіне ықпал ету. Сауаттылыққа, тіл мәдениетіне, эстетикалық талғамдарын қалыптастыруға баулу.

Сабақ типі: өткен білімді қайталау

Сабақтың түрі: аралас

Сабақтың әдіс-тәсілдері: түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап, талдау-жинақтау, шығармашылық жұмыстар арқылы пікірін қорғау.

Сабақтың көрнекілік құралдары: интерактивті тақта, слайд презентация, электрондық оқулық, кеспе қағаздары, кескін - сызбалары.

Сабақтың технологиясы: Қ.О. Бітібаева «Ой тастау, ойланту» технологиясы, жобалап оқыту технологиясы.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих, музыка.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу, үш топқа бөліп отырғызу.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Мұғалім дауыссыз дыбыстарды қайталауға арналған «Фонетика әлемінен келген хат» тапсырмасын тақтадан ашады. Бір оқушыға

оқытады:

Құрметті оқушылар!

Сендер дауыссыз дыбыстарды өтгіңдер! Сендердің білімдеріңді тексеру мақсатында бірнеше сұрағым бар. Менімен «Ойлан, тап» ойынын ойнауға қалай қарайсыңдар?

- Өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырап шығуынан жасалатын дыбыстарды қалай атаймыз?

- Дауыссыздар салдыр мен үннің қатысына қарай қалай бөлінеді?

- «Дауыссыз» деп аталу себебін қалай түсіндірер едіңдер?

- Дауысты дыбыстардан қандай айырмашылығы бар?

Жарайсыңдар, балалар. Бұл сыннан сүрінбей өткіңдер. Бүгінгі сабақта өткен білімдеріңді жинақтайсыңдар! Дауыссыз дыбыстарға байланысты түрлі тапсырмалар орындайсыңдар. Іске сәт!

- Балалар, осы хаттың негізінде өткен білімдеріңді естеріңе түсіру мақсатында бірнеше сұрақтар қоямын.

1) Қатаң дауыссыз дыбыстарды атаңдар? (п, ф, к, қ, т, с, ш, щ, ч, х, һ, ц)

2) Ұяң дауыссыздар атаңдар? (б, в, г, ғ, д, ж, з)

3) Үнді дауыссыздар атаңдар? (л, м, н, ң, р, й, у)

1. Дауыссыздар айтқанда, үн бәсең, солғын болады.

2. Дауыссыз дыбыстар буын құрай алмайды.

3. Дауыссыз дыбыстарды айтқанда дауыс шымылдығы баяу дірілдейді.

- Олай болса, алдарыңда жатқан кеспе қағазын ашып көріңдер. Ішіндегі дыбыс дауыссыз дыбыстардың қай түріне жататынын анықтайды. Топ аты да сол дауыссыз дыбыстың түрімен аталады.

I топ – «Қатаң» дауыссыз дыбыстар тобы

II топ – «Ұяң» дауыссыз дыбыстар тобы

III топ – «Үнді» дауыссыз дыбыстар тобы. (Топ басшысын сайлайды).

Топ бойынша тапсырмалар беріледі. № 1 тапсырма.

		I топ	II топ	III топ
Р/с		кітап	қуыршақ	шахмат
1	Қатаң			
		үйрек	моншақ	балапан
2	Үнді			
		бағдаршам	жүзік	вагон
3	Ұяң			

Суреттері көрсетіледі, сөздердің құрамындағы дауыссыз дыбыстарға талдау жасайды.

№ 2 іздендіру бағытындағы тапсырма. Абай 29-сөз

Қара сөздегі мақал-мәтелдер	Мағынасын түсіндір
I топ. Атың шықпаса, жер өрте	
II топ. Алтын көрсе, періште жолдан таяды	
III топ. Қалауын тапса, қар жанады	

Бұл жұмыс түрі де үш топқа таратылады. Түсіндірме сөздіктерді қолдана отырып, қара сөздегі мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіреді. Әрі әр топ өз атауларындағыдай дауыссыз дыбыстардың түрлеріне талдау жасайды.

№ 3 тапсырма. Тіл дамытуға негізделген шығармашылық бағыттағы тапсырма.

I топ. Берілген сурет бойынша мәтін құрастырыңдар. Қатаң дауыссыз дыбыстары бар сөздерді оқы.

II топ. Мәтін талдау. Ұяң дауыссыз дыбыстары бар сөздерді талдау.

Адам ата-анадан туғанда, есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы - жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады.

III топ

Әр сөздің басы бірдей бір ғана дауыссыз дыбыстан тұратын сөйлем құрау.

№ 4 тапсырма «Өнер жарысы» шығармашылық бағыттағы тапсырма.

- Әрбір дыбысты дұрыс айтып, қатесіз жазудың маңызы өте зор. Айтқан сөзіміз түсінікті болу үшін әрі тыңдаушымызға жағымды естіліп және сауатты жазуға басты себепкер болады. Сендер дыбыстарды дұрыс айтып, талдап үйрендіңдер. Енді соларды практикада байқау үшін топ бойынша өнер жарысын өткіземіз. Әр топқа тапсырма беріледі.

I топ. Өлеңді нақышына келтіріп, мәнерлеп оқиды.

II топ. Ән айтады.

III топ. Берілген шағын әңгіме туралы қойылым көрсетеді.

№ 5 тапсырма. Оқулықпен жұмыс. Жұмбақ жасыру. 271 - жаттығу.

№ 6 тапсырма. Ой қорыту. Топ оқушылары ойтолғау жазады.

«Дыбыстарды дұрыс айтудың маңызы бар ма?», немесе «Ғажайып дыбыстар әлеміне саяхат» ертегі жазу.

Қорытындылау

Нені білдім?	Нені білгім келеді?
--------------	---------------------

Үйге тапсырма: 272, 273 - жаттығу жұмыстарын орындау.

Бағалау. Топ басшылары әр топ мүшесін бағалайды. Қорытынды бағасын мұғалім қояды.

Аты - жөні	Өз бағасы	Топ басшы бағасы	Қорытынды (мұғалім) бағасы

Қорытындылай келгенде, пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық тапсырмалар оқушылардың ізденісін, шығармашылық қабілетіне, алған білімдерін тәжірибеде қолдана білулеріне түрткі жасайды. Пәнге деген қызығушылықтарын, дербес ізденістерін, таным белсенділіктерін арттырады.

Әдебиеттер

1. Коменский Я.А. Великая дидактика. - М.: Педагогика, 1955.
2. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан. Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. - Өскемен қ., 15 наурыз, 2007 ж.
3. 12 жылдық оқыту мәселелері. Қазақстан Республикасында жалпы орта білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары. - Астана, 2006.
4. Жанабілова А.К. Тіл дамыту жұмыстарының инновациялық технологиясы. - Өскемен, 2008.
5. Бітібаева Қ., Құдайбергенова Г., Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. - Өскемен, 2002.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮР ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

Рахимжанова А.К., Еділбаева Г.Б.

Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Қазақ әдебиетінің аға буын өкілдерінің балалар поэзиясын дамытуға ат салыспағаны кемде-кем. Бүгін біз саладағы еңбектерді қарасақ, Әбділдә Тәжібаевтың «Бес түлік жыры» мен «Толағай» ертегісін, Тайыр Жароковтың «Костер басында», Ғали Ормановтың «Бөбек жүрегі», Әбу Сәрсенбаевтың «Ұлым туралы ой», Асқар Тоқ-

мағанбетовтің «Алыптар туралы ертегі» поэмалары мен Қасым Аманжоловтың, Қалижан Бекхожиннің, Жұмағали Саинның, Дихан Әбіловтың өлеңдерін, Өтебай Тұрманжановтың ертегі-аңыздарын көреміз. Бұлардың әр қайсысы-ақ қазақ балалар поэзиясының есеюіне қаралады. Аталған ақындар шығармашылығында балаларға арналған шығармалардың лирикалық шеңбері өсті, поэмалардың әр түрлі үлгілері жасалды, халық поэзиясының көне формаларын жаңа мазмұн алып дамыды, ертегі-аңыздар негізінде туған эпикалық поэзия өріс алды. Бала сезімін қозғар, оларды жақсы мінез-құлыққа баулитын ойлы өлеңдер бұлардан кейінгі ақындар ұрпағында да аз емес. Х. Ергалиев, Ж. Молдағалиев, С. Мәуленов, Қ. Жармағанбетов, А. Шамкенов, Ғ. Қайырбеков, Т. Молдағалиев, С. Жиенбаев тағы басқалар да арнап бірсыпыра шығармалар жазған ақындар. Балалар әдебиетінің дербес әдеби жанр есебінде есеюі мен оның тұрақты маман кадрларының жиналуы, әрине Ұлы Отан соғысынан кейінгі мезгілге жатады. Балалар поэзиясының да профессионалды дәрежеге көтерілгені – осы кез. Елуінші жылдардың бер жағында М. Әлімбаевтың, Қ. Мырзаліевтің, Ә. Дүйсенбиевтің, оларға кейінірек қосылған Ж.Кәрбозиннің, Т. Нұрмұхамбетовтың, Ж. Смақовтың шығармалары кең тарады. Бұл ақындар творчествосы балалар поэзиясының өзіндік ішкі сырларын терең түсінуімен, оны ойдағыдай меңгеруімен ерекшеленеді. Олардың өлеңдері ой-пікірдің нақтылығымен әсерлі келеді. Осы негізде балаларға арналған үгіттік өлеңнің сарыны азайып, шын балалар лирикасының мазмұны баюда. Бала еңбегі, өзіндік ой-пікірі, әрекеті көркем поэзия тілімен өрнектелуде.

Бүгінгі балалар поэзиясының тың күштері де қосылып жатыр. «Балдырған», «Айгөлек», «Мөлдір бұлақ», «Ақ желкен» журналдары мен «Ұлан» газеті беттерінде басылып жүрген жас авторлар да көп. Олардың әдебиет дамуына қосып жатқан пайдалы үлесі де жоқ емес.

Осылардың бәрін жинап қарағанда, бүгінгі қазақ балалар поэзиясы едәуір мол дүниенің басын құрайды. Оның авторларының құрамын, жанрлық әр түрлілігі, тақырыптың байлығы – бәрі де бұған анық дәлел.

Қазіргі қазақ балалар поэзиясы – кең тынысты поэзия. Бала сезіміне, оның ой өрісіне ыңғайлай отырып, бүгін ол біздің бай қоғамдық және азаматтық өміріміздің барлық мәселелерін поэзия тілімен әңгімелеуге көтеріледі. Оның тақырыптық байлығын айтқанда, бұл алдымен еске түседі. Поэзия тек баланың дүние тану мөлшерін кеңейту ғана емес, өмірдегі жақсы-жаман әрекеттің бәрінен де бала сезімін ортақ етеді, оны ойлантады, шешім қабылдауға үйретеді. Мұның бәрі бала бойында гуманистік сезімді оятуға, оларды ерлік пен

ізгі мінезге тәрбиелеуге қызмет етеді.

Шындықты қарапайым күйінде нанымды және түсінікті бейнелеп жеткізу, сол арқылы бала сезіміне әсер беру – балаларға арналған поэзияға қойылатын негізгі талап. Өлең осылай жазылса, бала үшін жат тақырып жоқ. Оған өмірде кездесетін құбылыстың бәрі туралы да айтуға болады. Бала бойындағы жақсы сезімдерді оятып тәрбиелеуге, оларды еңбекке, адалдыққа, достыққа, сыйластыққа үйретуде маңызды деталды ойната білу қажет. Бүгінгі балалар поэзиясында да бұл салада бірсыпыра жақсы ізденістер бар.

Баланың талап-талмағын өсіруде, ой-өрісін кеңейтуде Мұзафар Әлімбаевтің, Жарасқан Әбдірашевтің әр тақырыпқа жазған жырлары көрнекі орын алады.

Жанрдың ішкі мүмкіншіліктерін игере отырып, балалар поэзиясының кемелденуіне едәуір үлес қосқан ақындар ішінде Қадыр Мырзалиев пен Әнуарбек Дүйсенбиевтер өзіндік орын алады. Олардың өлеңдері, ой-пікір анықтылығы, жинақылық, тапқырлық, бала сезіміне әсер ететін сөз ойнақтығы жағынан әсерлі келеді. Осы негізде олар жас ұрпақты еңбекке үйретеді, оларға қоғамдық еңбектің сырын түсіндіреді, адамдар арасындағы жаңа қарым-қатынастың үлгілерін насихаттайды.

Жалпы балаларға жан-жануарлар туралы айту, олардың бала сезіміне жақын қылықтарын көрсету арқылы жас ұрпақты тіршілікті сүйе білуге үйрету – бүгінгі балалар поэзиясының елеулі тақырыбы. Мұндай жақсы өлеңдер Ә. Дүйсенбиев, М. Әлімбаев, Қ. Мырзалиев, Ә. Асылбеков, Ж. Кәрбозин, Ж. Қашқынов, Т. Нұрмұхамбетов, Ф. Оңғарсынова т.б. ақындарда көптеп кездеседі. Ә. Асылбековтың «Төлдермен кездесу», Ж. Кәрбозиннің «Әрқайсысында бір арман» өлеңдері жан-жануарлардың өздеріне тән мінез-құлықтарын суреттеуге құрылады. Ал, Ф. Оңғарсынова «Ботақан» өлеңінде ананың баласын сүюін түйе ботасының сүйкімділігімен астастыра бейнелейді. Т. Нұрмұхамбетов «Аңдар әңгімесінде» қабанды, бөкенді көруін әңгімелей бастайды да, сол арқылы қасқыр, түлкі, барыс, піл сияқты аңдардың оқиғаға көзқарасын, қатысын көрсетеді. Сөйтіп аңдар характерін ашады. Жыртқыш аңдар қорқаулығына пілдің адал мейірімділігі қарсы қойылады.

Қ. Аманжоловтың «Туған жер», Ә. Сарсембаевтың «Сен құрметте оны», Қ. Қайырбековтың «Қызыл галстук», Қ. Бекқожиннің «Джон – негр баласы», Е. Әукебаевтың «Ұйықтамайды шекара», Б. Соқпақбаевтың «Шынықсын денеміз» атты өлеңдері мен О. Әубәкіровтың сықақтары балалар үшін қандай тақырыпта болса да жазуға болатынын анық көрсетеді. Қасым мен Ғафудың патриоттық жырлары да,

Есет өлеңдеріндегі шекара өлеңдері де оларға бөтен емес.

Бүгінгі балалар әдебиетінде табиғат туралы өлеңдер де мол. Ақындарымыз табиғат және оның көркем көріністерінің суреттері арқылы балаларды әсем сезім мен ойшылдыққа тәрбиелеуді көздейді. Мұндай әдемі өлеңдер Тұманбай Молдағалиевта, Ғафу Қайырбековте, Қабдыкәрім Ыдырысовта, Әбдірахман Асылбековте, Қанипа Бұғыбаевада т.б. ақындарда көптеп кездеседі. Тұманбайдың «Көл», «Май», «Құстар келді», «Жазда» өлеңдері бала ұғымына жеңіл, ойнақылығымен, образдарының сонылығымен қызықты.

Бүгінгі балалар поэзиясының жанрлық баюы дәстүрлі формалық жаңа мазмұнмен жаңара дамуынан молырақ көрінеді. Бұл тұрғыда ертегі сюжеттеріне құрылған поэмаларды (Ө. Ахметов, Қ. Боранбаев, Қ. Мұқышев), бесік жырының санамақ, жаңылтпаш, жұмбақтардың жаңа үлгілерін (Т. Молдағалиев, М. Әлімбаев, І. Мәмбетов, Ә. Асылбеков, Ж. Смақов) айтуға болады. Ақындарымыз сол көне формаларды бүгінгі дәуір талаптарына лайықтап, осы заманның балаларын тәрбиелеу ісіне орынды пайдаланып отыр.

Халық поэзиясының бірсыпыра көне үлгілерін, әсіресе бөбектерге лайықтап беруде Жақан Смақовтың жақсы ізденістері байқалады. Оның «Қаз-қаз бас», «Тақпақ», «Жаңылтпаш», «Мазақтамалар», «Әлди-әлди әлди-ай», «Бақа, бақа, бақ-бақ» атты шығармалары бөбектерге тіл үйретуге, оларды ұнамсыз мінездерден сақтандыруға тапқырлығымен әсер етеді.

Жазушыларымыздың балалар әрекетінің психологиялық сырына үңілуге немесе олардың қылық-қимылын, іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан дәлелдеуге ұмтылыстары назар аудартатын көркемдік ізденістердің бірі. Мұндай шығармалардан балалар әрі өз құрбыларының тыныс-тіршілігіне, көңіл-күйіне, үлкендердің балаларға айтар ақылы мен істерінің арасындағы қайшылыққа куә болып отырады. Айқын психологиялық шиеленістерге баратын балалар жазушылары сирек. Балғын оқырмандарға да адамгершілік мәселесінің қарапайым нышандарын психологиялық сәттерін көркемдік тұрғыдан көрсетуді мақсат тұтатын авторлардың қатарына М. Қабанбаевты жатқызуға болады.

М. Қабанбаев өзінің жас кейіпкерінің балалық іс-әрекеттерін, мінез-құлқын жалаң суреттеумен ғана қанағаттанып қалмайды. Ол әлі дүниетанымы мен көзқарасы қалыптаса қоймаған, адам ретінде буыны катып, бұғанасы бекімеген жас кейіпкердің өзін мейілінше күрделі етіп суреттеуге тырысады. Сөйтіп балаларға арналған шығарманың өзінде-ақ психологиялық реализм арқылы адамның жан дүниесін ашып көрсетуді мақсат етіп қояды. Ол балаларға арналған психологиялық сипаттағы туындыларымен әдебиетте өз орнын алуға тиіс

каламгерлердің бірі деп пайымдаймыз.

Марат Қабанбаевтың өзге повестеріндегі балалар образынан гөрі "Пысық болдым, мінеки" повесіндегі бас кейіпкер Досанның бейнесі сәл өзгешелеу жасалған десек, көп дәлелді қажет ете қоймайды. Жазушының "Бақбақ басы толған күн", "Арыстан, мен, виолончель және қасапхана", "Қала және қыз бала" сияқты повестерінің бас кейіпкерлері өздерінің ойшылдығымен, өмірге жас шамасына қарағанда тереңдеу болып көрінетін философиялық көзқарастарымен ерекшеленетін балалар. Олар өмірді негізінен кітап арқылы немесе өнер салалары арқылы танып, сол алған білімдерінің негізінде өздерінше ой түюге бейім. Кейде тіпті күнделікті тіршіліктің әрбір болмашы деталіне мән беріп, содан өздерінше бір өзгеше мағына тауып алып жүреді.

Әрине, бұл шолу бүкіл қазақ балалар поэзиясының барлық проблемаларын, жазылған өлең-поэмалардың мазмұны мен көркемдік ерекшеліктерін түгел қамтуды мақсат етпейді. Оның міндеті – балалар поэзиясы дамуының басты бағдарларына көңіл аударту ғана. Қазақ балалар әдебиетінің табыстары мен үлгілерін, өсу, есею жолдарын нақтылықпен зерттеу – қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі міндеттерінің бірі.

Әдебиеттер

1. Қазақ балалар поэзиясының антологиясы. Құрастырғандар: М. Әлімбаев, Қ. Баянбаев. –Алматы: Жалын, 1977.
2. Смақов Ж., Кәрібозин Ж., Молдағалиев Т. Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы.– Алматы: Балауса, 1992.
3. Қазақ совет балалар жазушылары. – Алматы: Жалын, 1987.
4. Қазақ балалар поэзиясының антологиясы. - Алматы: Жалын, 1972.

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ СӨЗ ӨНЕРІНЕ БАУЛУ ЖОЛДАРЫ

Замзина Ф.Р.

Самар ауылы мектеп, Көкпекті ауданы, Қазақстан

Қазіргі таңда қоғамымыздағы ақпараттың қарқынды дамуы «XXI ғасырдың – ақпараттың дамыған ғасыры» екендігін айғақтап отыр. Бұл білім саласындағы іргелі өзгерістерге, тың жаңалықтарға жол ашты. Әлемдік кеңістікке енуге, қашықтықтан білім алуға жол ашылып

отырған заманда рухани байлықтың көзіне айналып отырған ұлттық құндылықтарымыздың маңызынан алыстамауымыз қажет. Дәстүрлі оқытудан бері сапалы білім берудің көзіне айналған оқыту технологиясы бүгінде жеке тұлғаға бағытталынын, оқушы-субъектінің дербес ізденісін жан-жақты дамытуды көздеп отыр. Алайда, рухани байлықсыз жеке тұлғаны қалыптастыра алмайтынымыз сөзсіз. Осы орайда рухани жан-дүниесі бай ұрпақ тәрбиелеуде әдебиет пәнінің маңызы зор.

«Көркем әдебиет – беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал», - деп А. Байтұрсынов айтқандай, әдебиет пәні - оқушыны сөз өнері әлемімен қауыштыратын өнердің пәні [1, 3 б.]. Ұлттық құндылықтың көзіне айналып отырған ұлыларымыздың мұрасын, асыл сөз өнері мен ұлттық мәдениетімізді, тарихымызды танытып қана қоймай, адамгершіліктің тәрбие құралына айналған әдебиет пәнін оқыта отырып, ұлтжанды, патриот азаматтарды тәрбиелей аламыз.

Осы орайда Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл, ең алдымен, елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады», - деп халыққа Жолдауында айтқандай [2, 11], бүгінгі ұрпақты ұлттық құндылықтың көзімен тәрбиелей отырып, еліне, өзінің тарихы мен әдебиетін, мәдениетін мақтан тұтатын патриоттар етіп тәрбиелеу міндетіміз.

Әйгілі педагог Я.А. Коменский: «Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі. Оларға тамаша қызмет тапсырылған, күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес» – дегендей [3, 124], қазіргі таңда жас өскіннің бойында рухани әлемін қалыптастыру, адамгершілікке, азаматтыққа тәрбиелеу, сөз өнеріне баулу - мұғалімнің басты қызметі мен тынымсыз еңбегінің жемісі.

Осы орайда ұстаздық жолымда сан шәкіртті тәрбиелеп, білім берумен ғана шектелмей, олардың сөз өнері әлемінің ғажайып сырынан тағылым алулары үшін үнемі тың ізденістерді, озық технологияларды өз іс-тәжірибемде қолданып келемін. Әдебиет пәні өнердің пәні болғандықтан, пәнаралық байланыстың негізінде оқушыларды сөз өнеріне баулуды мақсат еттім. Көркем мәтінді оқып, оны түсініп талдауда, оқушылардың сөздік қорлары молайып, тіл байлығының артуында диалогтың маңызы зор.

«Диалог – қарым-қатынас субъектілерінің тоғысуы, олардың әрқайсысы да өзінің серігіне, тыңдаушысынан, түсінушіге қаратып сөйлейді. Оқытудың нәтижелілігі олардың қаншалықты тең құқылы екендігіне, қаншалықты бірлескен ой-толғанысты, бірлескен шығарма-

шылықты ұйымдастыра білуіне, ал оның серігі оқушы рөлінен тең құқылы автор рөліне ауыса алатындығына байланысты».

Әйгілі педагог Виготский: «Оқыту моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады», - деген жорамалына сүйенсек [4, 89], оқушының ізденісіне, білім алуына бірден-бір жол ашатын, адамгершілікке үйретудің ең тиімді құралы. Сондықтан да сабақта оқушыларды мәнерлі сөйлете отырып, дербес ізденістері арқылы білім алуларына, өзара бір-бірімен қарым-қатынасқа түсулеріне жол ашамыз. Бұл олардың пәнге деген қызығушылықтарының артуына да түрткі болып отыр. Төменде өз іс-тәжірибеміздегі пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың сөздік қорларын молайту, сөз өнеріне баулудың жолдарына негізделген сабақ үлгісін ұсынып отырмыз.

Сабақтың тақырыбы: Абай – ғұлама.

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларға ұлы Абайдың еңбектерін оқыта отырып, жаңа тақырыпты меңгерту және шығармалардағы физикалық құбылыстарды айқындау.

2. Ойлау қабілеттілігін, білімге деген ынтасын арттыру, ауыз екі сөйлеу дағдыларын дамыту.

3. Парасаттылыққа, адамгершілікке, халқын қадірлеуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Жаңа сабақ, қалыптан тыс.

Әдіс-тәсілдері: Іздендіру, салыстыру, аудару, талдау, пікірлесу, диалог-әңгіме, сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс.

Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті, орыс тілі, әдептану, физика.

Көрнектілігі: сурет, бүктеме, нақыл сөздер, интерактивті тақта, слайдтар.

Сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

II. Фонетикалық жаттығу.

III а) Мәтінмен жұмыс (Абайдың өмірбаяны, оқу, аудару, әңгімелеу) (слайд)

ә) Сөздікпен жұмыс (жеке – жеке, топпен дауыстап айту, сөз тіркестерін құру); (слайд)

I. а) «Абай – философ»: қара сөздерін оқу, аудару, әңгімелеу (слайд)

«Адам болсаң, надан болма»

«Үш ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Біреуінің күні жоқ, бірінсіз, ғылым сол үшеуінің жөнін білмек».

Абайдың тәрбиелік мәні бар қара сөздерін мағынасына қарай

аудару.

10 сөзі 29 сөзі 37 сөзі

25 сөзі 32 сөзі

ә) «Абай – ақын, жазушы» (слайд)

«Әсемпаз болма әрнеге»

«Жасымда ғалым бар деп ескермедім».



б) «Абай аудармашы» (слайд)

Крылов: «Бақа мен өгіз», «Аққу, шортан, һәм шаян» (Бұл өлеңді физикамен қалай байланыстыруға болады).

Лермонтов: «Қараңғы түнде тау қалғып», «Утес» (Мына өлеңдерді физикамен қалай байланыстыруға болады). «Молитва»

Абайдың Пушкиннен аудармасына шолу

«Татьянаның Онегинге жазған хаты».




в) «Абай – лирик» (слайд). Абайдың жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдерінен үзінділер оқу:

Сұрақ: Ақынның «Күз», «Қыс» өлеңдерін оқығанда қандай физикалық құбылыстарды байқадыңдар?

г) «Абай – композитор» (слайд)

Оқушылардың орындауында ән – «Желсіз түнде – жарық ай» (Әннің қай шумағында физикалық құбылыс сипатталған).



II. Сабақты бекіту: Абайдың қара сөздерімен, өлеңдерімен, аудармаларымен, әндерімен танысу барысында шығармаларының тәрбиелік мәнінің маңызы зор екендігіне көз жеткіздік.

Сұрақ: 1. Абайдың қай қара сөзінде жастарды оқуға, білімге шақырады?

2. Абай кімнің еңбектерін аударды?

3. Абайдың қандай өлеңдерінің тәрбиелік мәні зор?

III. Сабақты қорытындылау.

а) Сонымен бүгінгі сабағымыздан қандай әсер алдық? Итак, что вы узнали о Абае Кунанбаеве?

Олай болса, Абайдың қара сөздері қанша жүз жыл өтсе де, жаңа ғасыр ұрпақтарына беретін тәрбиелік мәні зор.

Мы можем сделать вывод, что слова - назидания Абая, несмотря на наше столетие, актуальны и в 21 веке, они учат и призывают любить, уважать и заботиться о близких и родных, быть честными, трудолюбивыми и образованными (слово 25).

Нужно учиться русской грамоте. Изучая язык и культуру других народов человек становится равным среди них. Когда мы говорим о литературе, искусстве, духовности и вообще о возвышенном – не должно быть национальных различий.

ә) Оқушылардың білімін бағалау.

б) Үйге тапсырма: 25-ші, 32-ші сөдерін, «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңін жаттау.

Слова назидания в переводе:

10 слово: Без знаний ни молитвы, ни посты, ни паломничества цели не достигнуты

29 слово: Чем жить, уповая и вымаливая крохи с чужого стола, не лучше ли трудясь в поте лица, брать богатства у земли.

32 слово: Приобретая знания не нужно ставить задачу: получить через неё какую-либо выгоду. Чтобы заняться наукой нужно её полюбить и стремиться постичь её в совершенстве.

37 слово: О достоинствах человека суди по тому, как он начал дело, а не потому как ему удалось завершить. Твори благо разумному, глупого оно только испортит.

Сын своего отца для других враг

Сын человеческий – твой брат.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Тіл құралы. - Алматы, 2004.
2. ҚР Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің

- жаңа саяси бағыты. - 2013ж.
3. Педагогическая сочинения. – М., 1990.- 418с.
 4. Выготский Л.С. Избранные психологические исследования. - М, 1958.
 5. Абай Құнанбаев. Шығармалары. - Алматы: Атамұра, 2002.

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Турганбаева Ж.К.

ҚАЕУ колледжі, Өскемен, Қазақстан

Ренессанс дегеніміз – мәдениеттің өзінен – өзі, өз ішкі даму заңдылықтарына сәйкес жаңарып, жаңғырып отыруы. Ренессанс аманда өтпелі дәуірлерде көрінеді. Ондай дәуірлер ренессанстық тұлғаларды туғызады.

Ғарифолла Есім

XIX ғасыр қазақ халқы үшін қайғылы уақыт болды - қазақ хандықтары жойылып, халық өзін – өзі басқару құқығынан айырылды, губернияларға бөлінген халық патшаға бағынышты болып қалды. «Итке тастаған сүйектей, қазақтарға болыс болу ғана қалды. Есі кеткен ел соған да тәубе деп, болыс болуға таласып, мазақ болды» (1, 60). Сондықтан қазақ халқына осы шиеленісте көзін ашатын, өткір тілі мен дана философиясы арқылы шындықты жырлайтын адам керек болды. Абайдың осы кезеңде әдебиет пен мәдениет айдынында пайда болуын кездейсоқтық емес, қажеттілік деген дұрыс. Сондықтан халықтың рухани мәдениеті дамуындағы қажеттілік Абай шығармашылығы арқылы анықталмақ десек артық болмас. Абайдың таза ақындығынан оның көркем мәдениеттегі, халық санасындағы ойшыл ретіндегі орны биік болуы заңды да. Абайды тек ақын қылмай, ойшыл, гуманист дәрежесіне де көтерген осы «өтпелі қоғам» қайшылығы. «Қала мәдениеті» деген ұғымдар қалыптаса бастаған жағдайда, көшпелі халық болып өмір сүрген оның рухани мәдениетіне, фольклорына, көркем санасына жаңа өлшемдер қажет болды. Оны уақыт талабы қойды. Осы міндетті атқару барысында Абай Құнанбаев екі өзекті мәселені қажеттілігіне сәйкес шеберлікпен шеше білді. Кеңестік кезең әдебиетінде ол идеология тұрғысынан басқаша түсін-

дірілсе де, қазір ақ пен қараға көз жеткізу мүмкіндігіміз көбірек. Сонымен олар мыналар:

Біріншіден, Абай билер шығармашылығына талдау жасаған. Онда көркемдіктен гөрі прагматистің мән басым. Сыршыл поэзия емес, ақындық практикалық мақсатта қолданылған. Өйткені би халықтың адвокаты, прокуроры әрі төрешісі. Билер шығармашылығы шешендік өнермен қатар дамыды. Оның бірден бір себебі- көшпелі халық үшін поэзия түріндегі өнердің бірінші орында тұруы. Көптеген жылдар бойын төрелік еткен билер мен олардың шығармашылығына талдау жасайтын кез келді. Бұл міндетті Абай атқарды. «Ескі бише отырма бос мақалдап», - дегені билерге тек сын емес, принцип, рухани мәдениет дамуындағы жаңа талап.

Абай тек билер шығармашылығының сыншысы ғана емес, ауыз әдебиеті дәстүріндегі ақындар сыншысы да. Шортанбай, Дулат, Бұқарлар шығармашылығындағы Абай көрген кемшілік тек осы ардагер ақындарға ғана тән емес, халықтың ауыз әдебиетінде де орын алған. Фольклор жазба әдебиетке ұласқанда, бойында көшпелі тұрмысқа сай ерекшеліктерін жоғалтып, жаңа сипатқа ие болуы заңдылық. Біз отырықшы өмір мәдениеті мен көшпелі өмір мәдениеті жайлы айтып отырмыз. Ақын қазақ ақындарының шығармашылығын әлемдік поэзия үлгілерімен салыстыра отырып тануды мақсат етті. Осы тұрғыдан келгенде өнер жоғарғы көркемдік талапқа сай болмаған соң:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,

Өлеңі бірі жамау, бір құрау.

Өттең, дүние-ай, сөз таныр кісі болса,

Кемшілігі әр жерде - ақ көрініп тұр-ау! –

деген. Мұндағы сын - поэзияны жетілдірудің басты құралы. Абай өлеңге жаңа өлшеммен келді дегенде, ол тек жаңа заман ақындары, Батыс ақындары тұрғысынан емес, поэзиядағы, әсіресе, Шығыс поэзиясындағы дәстүрді заманға сай жалғастыру мақсатын ұстанды.

Фзули, Шәмси, Сейхали,

Навои, Сағди, Фердоуси,

Хожа Хафиз – бу хәммаси

Мәдәт бер шағари, фәрияд,-

деп сиынуынан жаңашылдықпен қоса дәстүрді сақтауды принцип еткенін көреміз.

Сонымен, Абайды дүниеге әкелген заманды қазақ Ренессансы деп атауға болады. Оның мәні - түркі жазба мәдениеті дәстүрінің қазақ топырағында қайта жандануы. Түркі тілдес қазақ халқы өзінің тектілік жазба мәдениетіне қайта оралды.

«Қала мәдениеті» деген ұғымдар қалыптаса бастаған жағдайда, көшпелі халық болып өмір сүрген халықтың рухани мәдениетіне, фольклорына, көркем санасына жаңа өлшемдер қажет болды және осы міндетті атқару барысында Абай Құнанбаев екі өзекті мәселені шеше білді деп біріншісін түркі жазба мәдениеті дәстүрінің қазақ топырағында қайта жандануына күш салуын айтсақ, екіншіден, ақынның өз заманының тұнып тұрған әлеуметтік болмыс қайшылықтарын тұтас қабылдап, шығармашылығы арқылы салмақты философиялық көзқарастарын танытуы арқылы халық санасына ықпал етуін айтуымыз дұрыс.

«Абай таза философиялық еңбектер жазбағандықтан оны не материализм, не идеализм лагерінен іздеу де басы артық іс. Бүгінгі күнге дейінгі абайтанушылар оның философиялық көзқарасын бірде деизм, бірде теизмге жақындатып қарастырып келеді. Мұның екеуіне де қосылудың жөні жоқ. Асылы, Абай дүниетанымын әлемдік философиялық жүйе, тұжырымдамаларға тықпаламай, өзінің шығармашылығынан қарастырған дұрысырақ болар. Бұлай деуіміздің басты себебі Абайдың ең алдымен ақын болуында. Демек, оның ойшылдығы ақындығы арқылы көрінеді. Олай болса, оның шығармашылығында дүниені меңгерудің екі тәсілі тұтасып жатыр. Бірі – көркемдік образдылық тәсіл (ақындық өнер), екіншісі – логикалық немесе философиялық (диалектикалық тәсіл). Абай көзқарасы осы екі тәсілдің синтезінен түзелсе керек» (1, 70). Бұл ретте Абайдың ғылым мен дінге деген көзқарасын ерекше атап өткен жөн.

Кезінде орыс тіліне аударылып Семейге жеткен Батыс Еуропа философтары Г. Спенсер, О. Конт шығармаларына ақын біршама ден қойған. Бұлар – XIX ғасырдағы өте елеулі ағым- позитивизмнің негізін қалаушылар. Батыстың бұл мықты ойшылдары – философияға дәстүрлі көзқарасты біршама өзгертіп, оны жағымды (позитивті) қылуға тырысты. Бұл көзқарас бойынша, ғылым, оның ішінде философия тек ақыл-ойдың дерексіз нәтижесі емес, ол өмірге пайдасын тигізу керек. Абай да осы көзқарастың жақтаушысы. Абай нақты қағидасы жоқ, бірақ өте мол мағлұматқа толы Дрепердің «Еуропаның рухани дамуы» атты кітабын оқулық ретінде қолданған.

Дінге қатысы туралы сөз қозғасақ, Абай суфизмнен басқа да әлемдік философиялық ағымдармен жақсы таныс болды. Алайда, «Суфистік әдебиетті зерттемейінше, Шығыстың орта ғасырдағы мәдени өмірін түсіну мүмкін емес. Оның классиктері Шығыс әдебиеттеріне XX ғасыр басына дейін ықпал жасап келді» (2, 54). Абай өлеңдерін мұқият оқыған адам оның буддизммен, зороастризммен, христиандігіндегі философиялық қағидалармен таныс болғанын аңғарады.

Айталық оның Алла – жаратушы, Алла – шындық, бірақ өмірдің, әлемнің қозғаушы күші – адам. Алланы сүю деген сөз ақын түсінігінде адамның өз бойындағы рухани қуатын ашу дегенмен пара-пар. Мұндай гуманизм буддизм мен суфизмге тән.

Сонымен, Абай – философиялық жүйе құрастырмаған ойшыл, бірақ оның дүниетанымында жүйе жоқ дегенмен келісе алмаймыз. Абай – әлемге көзқарасы қалыптасқан, өзіндік философиялық түйіндері бар ғұлама. Бұған мысал ретінде тек қана отыз сегізінші қара сөзін алсақ та жеткілікті. Ә. Қоңыратбаев «Фараби және Абай» деген Мақаласында осы отыз сегізінші қара сөзі жайында: «Бұған әзірше ешкімнің тісі батпай жүр. Мұны түсіну үшін араб тілін білу жетімсіз, сонымен бірге ислам философиясын да білу қажет. Мұнда Абай Фейрбахша дінді реформалап, соны жаңалыққа бейімдегісі келді. Қайшылығы бар. Ол Фейрбахтың «Махаббат діні» деген еңбегіне ұқсайды. Алайда Абайдың отыз сегізінші, қырық үшінші қара сөздерінің бас тақырыбы Алла емес, адам бойындағы табылмаған қасиеттер. Дінді Абай антропология теориясымен түсіндіреді. Өйткені адам құдайды өзіне ұқсатып жасаған, сондықтан негізгі жаратушы адам, ол өзін Аллаға ұқсатуға тиіс» (3, 329), - дейді.

Ғарифолла Есім түркі мәдениетін, оның генезисін зерттеу мүмкін болған жағдайда, Абай туралы сөзді сонау түптамырдан (генезистен) бастауын екі түрлі жағдаймен түсіндіреді. Оның біріншісі – екі мың бес жүз жыл ішінде (Анахарсистен Абайға дейінгі аралық) үзілмей бізге жеткен түркі тілі болса, екіншісі – жиырма бес ғасыр бойы үзілмей келе жатқан этностық сана. Өңгіме, әрине, түркі этносы жайлы болып отыр. Қазақ халқы – сол түркі әлемінің бір тарауы.

Әдебиеттер

1. Есім Ғ. Хәкім Абай. - Астана: Фолиант, 2012.
2. Бертельс Е. Суфизм және суфистік әдебиет. - Алматы, 1965.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. - Алматы, 1987.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАС-ТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Саданова Ж.К.

Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Студенттің танымдық іс-әрекеті мен оған итермелейтін себеп-салдар немесе түрткі болатын жағдайлардың мән-мағынасын мүмкін-

дігінше ғылыми-теориялық және ғылымдардың ықпалдастығы мен олардың әрқайсысының зерттеу нысандарындағы алынған қорытынды жиынтықтарының негізделулеріне сүйене отырып, деңгейлік сапа, сандық көрсеткіштік белгілерімен салыстыра анықтау шындыққа жақындықтан ете түсетіні анық. Әсіресе, бұндай жағдайлар бастауыш білім беру кезеңіндегі оқу әрекетінің күрделілігімен көрінуі және ондағы шешімі табылуға тиісті келелі мәселелердің түйінін табу, оң нәтижеге қол жеткізу және оның құбылмалылығына ғылыми тұрғыдан жиі қарау заңды нәрсе. Құбылмалылығы дегенде қоғамдық құрылымның өзгеруі, ғылым мен техниканың жаңа белеске көтерілуі, жаңалықтардың ашылуы, ғылымның түрленуі мен олардың сапалық құрылымдарының пайда болып, өркен жайуы кез келген мемлекеттегі білім беру жүйесін реформалауға, студентке берілетін тәрбие мен білім жүйесінің келесі бір белеске, заман талабына сай деңгейлік өсуін қарастырып, оны білім алуға тасымалдап жеткізу барысында әр түрлі ғылым салаларының зерттеу әдістері мен жетістіктеріне сүйене отырып тасымалдаудың әрі студенттің объекті негізінде емес субъекті қарым-қатынастыққа жетелеу, итермелеу іс-әрекеті жүзеге асырылуын басшылыққа алады. Осы тұрғыдан келгенде педагогика ғылымы бастауыш білім беру кезеңі алдында, студенттің жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру міндетін қойып, оны шешумен айналысады. Бұндай түйіні күрделі мәселенің шешімі әліде болса толығымен табылмай келеді. Осы негіздегі өзікті мәселенің шешімі қоғам дамуының деңгейі мен әлеуметтік-көпшіліктің сұраныс талаптарына үйлесімді жүйеленген білім көлемі оқу мен тәрбиелеудің басты қағидаларымен ұстанымдарына сәйкес іріктеліп, оны студенттерге игерту үрдісінде педагогикалық психологиялық жаңа бағыттарының негізге алу қойған мақсатқа қол жеткізу барысында ұйымдастырылуды нақты тиянақтауды қажетсінетін қыры мен сыры көп жұмыс, сондықтан студенттерге берілетін білім негіздерін анықталған деректер жүйесімен жаттанды түрде оқытып, қажеттік, іскерлік, дағдыны үстірті қалыптастырып қоймай біліктілікке баулып студенттерді білімді сапалы түрде өз бетінше игеруіне үйретіп, шығармашылық пен ізденімпаздыққа жетелеу, студенттің бойына белсенді өмірлік ұстанымдарымен алғашқы көзқарасты, өз ісіне деген үлкен жауапкершілікті, сенімділікті, ой еңбегімен дене еңбегіне саналы қарым - қатынасты, түрлі тәрбие қырларын қалыптастыру мен сөзбен істің бірлігіне негізделген күрделі танымдық іс-әрекетті айқындауды педагогика және психология ғылымдарының жетістіктерімен жаңа бағыттылығын қажетсінеді.

Бұған сүйену студенттің өзін-өзі тануына, тұлғалы қырының қалыптасуы мен жеке санасының өсуіне, «мен» деген сенімдігінің арт-

тыруына мүмкіндік туғызу жаңа педагогикалық парадигманың негізін құрайды. Студенттердің танымдық іс-әрекетінің және оның себеп-салдары мен түрткі боларлық жағдайларындағы күрделі мәселе педагогика ғылымының даму тарихындағы шәкіртке, студентке тәрбие мен білім беру жолында ықпал жасау керектігі жөніндегі озық ойлы пікірлердің сол заманнан бүгінге дейін жалғасып келеді. Яғни, бұл заман талабына сай ғылыми тұрғыдан шешілуді талап ететін күрделі мәселе екені анық. Оған философ, психолог, педагог және озық ойлы жеке тұлғалардың ой пікірлерін талдау қажет. Білімнің түрлі салаларындағы ғалымдардың, яғни философтардың, психологтардың, педагогтардың оқудың мотивациясы, студенттердің танымдық дербестігі мәселелеріне деген терең және үздіксіз қызығушылығы мәселенің қазіргі таңдағы өзектілігін көрсетеді.

Адамның мотивациялық саласы, оған деген қызығушылық өте үлкен болғанына қарамастан, әлі күнге дейін жеткілікті шамада зерттелмеген. Шетел психологиясындағы мотивтерді зерттеу салыстырмалы тұрғыдан біраз уақыт бұрын басталды. Қазіргі уақытқа қарай мотивацияның ондаған зерттелген теориялық концепциялары жасалған, олардың көбісі ежелгі ойшылдардың адам психикасы жайлы түсініктерінен тамыр алады.

Шетел психологтарының арасында Курт Левиннің еңбектері назар аударуға тұрарлық, ол адамның психикалық өмірінің кез келген саласы, оның ішінде тұтас адамның мінез-құлқы жүйесіндегі қажеттіліктері де тәжірибелік зерттеуге салынуы мүмкін деп тұжырымдады. Дегенмен, адамның жалпы алғандағы қажеттіліктерін, оның ниеттері мен еркін зерттей келе, К. Левин шынайы адамның тәжірибесіне, оның тұлғасының ерекшеліктеріне көңіл бөлмеді, өз зерттеулерін таза тәжірибелік, табиғи жағдайлармен шектеді. Сол себепті ол бөліп зерттеген қажеттіліктері шындығында «квази» - қажеттіліктер, яғни өмірлік мазмұнынан айырылған болды. К. Левиннің қарастырған мотивацияға қатысты мәліметтері психологиялыққа қарағанда, адамның жалпы биологиялық заңдылықтарына қатысты келеді, ол тұлғаның мотивациясын ескермеді [1].

Шетелдік зерттеулерде мінез-құлық мотивациясы туралы мәселе субъектінің тек қимылдық қана емес, сонымен қатар ақыл-ой белсенділігінің ынталандырушы шарты ретінде қарастырылды. Ал Б. Скиннердің зерттеулерінде мотивация мен мінез-құлықтың энергетикалық деңгейінің артуы сәйкес келеді. Скиннердің пікірінше, мотивацияның сипатына қарай белсенділіктің белгілі бір жаққа қарай бағытталуы байланысты болады. Ж. Нюттен [2] мотивация мәселесіне талдау жасай келе, бұл құбылыстағы екі аспектіге ерекше көңіл бө-

леді: динамикалық және бағыттылық аспектісі. Харлоудың зерттеулері жұртшылық алдындағы мақтаудың ережелерді жаттауға тигізетін әсерін көрсетті. Симс бәсекенің, ажырасудың оқуға тигізетін ықпалын ерекше атап өтті. Айзенк шамадан тыс мотивацияның кейбір міндеттерді шешудегі ықпалын сипаттады [3]. И. Лингардт мотивацияны студенттер санасының психикалық ерекше ұйымдастырылуының фазасы ретінде қарастырды, оның ішінде студенттің іс-әрекетін сырттан ынталандыруға және бірлесе ұйымдастырылған іс-әрекетке бағыттайтын қозғаушы күштер әрекет ете бастайды [4]. Ховланд міндеттерді шешу үрдісіндегі фрустрация құбылысын зерттеді. Осы зерттеулердің барлығы ойлау іс-әрекеттері нәтижелерінің құрылымына байланысты мотивтердің ролін мойындайды.

Мотивация мәселесінің теориялық зерттелуін С.Л. Рубинштейн, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Л.И. Божович, А.В. Запорожец, Б.Г. Ананьев және т.б. іс-жүзіне асырды. Л.С. Выготский адамның мотивациялық саласын зерттеудің маңыздылығына назар аударып, баланың ұмтылыстарын, мотивтерін, қажеттіліктерін, мүдделерін, баланың ойын әрекетін белсендендірудің қозғаушы күштері ретінде атап өтіп, бұл оның белсенді дамуына әсерін тигізетінін дәлелдеген [5].

Белгіні психолог С.Л. Рубинштейн де мотивацияға маңызды деп қойып, оны іс-әрекетпен бірлікте қарастырды. «Психология негіздерінде» жалпы мотивтердің ішінен ол оқу мотивтерін ерекше бөліп қарастырды, себебі ол оқуды «үйрену, білімдер мен дағдыларды игеру, ол үшін тек нәтиже ғана емес, мақсат та болатын» іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде қарады.

С.Л. Рубинштейн оқу мотивациясы тұлғаның тәрбиелік аспектіде өз-өзінің алдындағы міндеттеме ретінде, өз-өзін жетілдіру үшін, дамуын ынталандырады деп бөліп көрсетті. Психикалық дамудың кезеңдеріне үстемдік етуші мотивтердің өзгермелі динамикасымен байланыстыра келе, ол былай деп жазды: «Дамудың түрлі кезеңдерінде кейбір мотивтер заңды түрде неғұрлым тиімді түрткі болып шығады. Педагогтың маңызды міндеті дамудың әрбір кезеңінде, сәйкесінше ол студенттер алдына қоятын міндетті қайта құрастырып және қайта сараптап, ол үшін неғұрлым барабар мотивтерді табуда». «Оқудың саналылығы біріншіден, бос нысандар мен негізсіз ережелерді формальды, механикалық жаттауға қарама-қарсы – оқу барысында игерілетін ережелердің мағыналық мазмұнының негіздерін түсінуді талап етеді. Оқудың мотивтерінен, студенттердің оқуға деген қатынасынан айтарлықтай көрініс табады» [6]. Студент шындығында жұмысқа кірісуі үшін оның алдына оқу іс-әрекетінің барысында қойылатын міндеттер тек түсінікті болып қана қоймай, іштен қабылданған болуы, яғни, олар

студент үшін жеке маңызға ие болуы тиіс. Жоғарыда айтылғаннан көретініміз, С.Л. Рубинштейннің мотивация туралы ережелері психология дамуының қазіргі кезінде де өз өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Мотивацияны зерттеудегі үлкен ғылыми үлесті көрнекті кеңес психологы А.Н. Леонтьев те қосты, оның теориялық позицияларына тұтас психологиялық мектеп негізделеді. А.Н. Леонтьев қажеттіліктерді дамыту және олардың санаға қатынасы мәселесінің бірегей шешімін ұсынды. Ол мотивтерді қажеттіліктерден нақтыланатын объектілері (қабылданатын, көрінетін, ойша табатын) ретінде түсінуге негіздеп дәлелдеді. Бұл мотивтер қажеттіліктерде көрініс тапқан пәндік мазмұнын құрайтындығына көңіл бөлді. «Мотив, - А.Н. Леонтьевтің анықтауынша - бұл белгілі бір қажеттілікке жасап беретін және адамның іс-әрекетін туындататын және бағыттайтын объект» [7]. Оның пікірінше, мотивтер екі қызметті атқарады: біріншісі – мотивтердің іс-әрекетті тудырып, бағыттайтындығында, екіншісі – олардың іс-әрекетке субъективті жеке мағына беретіндігінде. Яғни, іс-әрекеттің мағынасы оның мотивімен белгіленеді. «Бұдан шығатыны, субъект пәнмен қалай іс-әрекет жасайтындығы тек оның субъектіме қандай қатынаста тұратындығына ғана емес, оның қандай қажеттіліктеріне жауап беретіндігіне байланысты болады». Осы секілді жалпы теориялық қорытынды зерттеушінің назарын адам іс-әрекетіне мағына беретін және осылайша оның барысына ықпал ететін мотивтерге бағыттайды.

Әдебиеттер

1. Зейгарник Б.В. Теория личности К. Левина.- М.: МГУ, 1981.
2. Нюттен Ж. Мотивация // В кн.: Экспериментальная психология./ Под ред. П. Фресса, Ж. Пиаже. Вып. 5. - М.: Прогресс, 1975. - С. 13-100.
3. Экспериментальная психология. - М.: Иностран. л-ра, Т.2, 1963. - С. 149-163.
4. Лингардт И. Процесс и структура человеческого учения. - М.: Педагогика, 1970.-
5. Выготский Л.С. Развитие высших психических функций/ Собр. соч. - М.: Педагогика, 1982. Т. 3.
6. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - М.: АН СССР, 1957.
7. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. - М.: АПН РСФСР, 1965.

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ РУХҚА, ПАТРИОТТЫҚҚА БАУЛУ ЖОЛДАРЫ

Нурсейтова М.Қ., Меирбаева Г.Б.

О. Бөкей атындағы мектеп, Глубокое ауданы, Қазақстан

Қазіргі таңда, егеменді еліміздің көк байрағы еркін желбіреп, күллі әлемді дүбірлі жетістігімен тамсандырған заманда болашағымыздың тірегі болып отырған ел азаматтары мен жастарымызды ұлттық рух пен патриоттыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, ұлттық тәрбиені жаңғырту – басты міндеттердің бірегейі.

Осы орайда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Сіздер мен біздер тек болашақ буынды ғана емес, жалпы адамзаттың, қадір-қасиеттердің мән-маңызын түсінетін жаны да, тәні де таза, білімді патриот-азаматтар буынын тәрбиелеуге міндеттіміз», - деген сөзінде қаншама мән-мағына жатыр [1, 7]. Ел боламын деген елдің болашағы тәрбиелі ұрпағына байланысты болатыны сөзсіз. Ғұлама ойшыл Әл-Фарабидің: «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы», - деген сөзін ұстаным етсек, қазіргі таңда сапалы білім берудің көзі тәрбиеге келіп тірелетіні де шындық.

Әлемдік поэзияның, әлемдік пәлсапаның алыбына айналған ұлы ақын Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», - деп сонау ХІХ ғасырдың ІІ жартысында айтқан екен [2, 54]. Ал бүгінгі ХХІ ғасыр – ақпараттың дамыған ғасыры, олай болса қазір кез-келген жанға ақыл, ғылымның жолына түсуге кеңінен жол ашылып отыр. Білім беру жүйесі әлемдік білім кеңістігіне енуге құлаш ұруда, сондықтан да ар, мінез, тәрбие беруде ұлттық тәрбиенің көзінен тағылым алып, рухани байлыққа ұрпақты жұмылдырсақ қана рухани жан дүниесі бай, елін, жерін ойлайтын ұлтжанды, патриот азамат тәрбиелеріміз сөзсіз.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауындағы «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады», - деген елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ұлағатты сөзін санамыздан шығармай, көкірегімізде сақтауымыз керек [3, 11].

Көкірек таза болмаса,

Көз тазасы не керек, - деген халық даналығында айтылғандай [4, 63], «көкірегі сезімді, тілі орамды» жастардың бойында патриоттық сезімнің ұялауына, олардың ұлт алдындағы жауапкершіліктерін түсініп, елінің ертеңін ойлайтын азамат болып өсуіне жауаптымыз. Осы орайда рухани байлықтың көзіне айналып отырған әдебиет сабағының

маңызы зор.

Әдебиет сабағын тек пән деп қарастырмай, ұлттық құндылықтың, рухани тазалықтың, ізгілік пен даналықтың, ұлттық тәрбиенің көзі деп түсінген жанның одан алар тағылымы мол болар. Рухани тазалықтың баға жетпес қазына екендігін оқушыларға түсіндіре отырып, өнер мен мәдениеттің, адамдықтың, азаматтықтың қыр-сырын да осы ғажайып әдебиет әлемінен алатынына сенімін туғызуымыз керек. Ең бастысы, даналарымыздың, ақын-жазушыларымыздың шығармаларынан тағылым алдырып, өнер иелері мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарынан ғибрат алуға бастау болған әдебиет пәнін тәрбиенің көзі деп қарасақ, ұлтжанды патриот азаматтарды тәрбиелеуге қол жеткізеріміз сөзсіз. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады», - деген халық нақылына сүйенсек, білім ордасында жүргеннен оқушыларға рухани байлықтан тағылым алдыра отырып, оларға тек сапалы білім берумен шектелмей, ең бастысы ұлттық тәрбиеге аса назар аудару - басты мақсатымыз.

Төменде оқушыларға патриоттық, азаматтық тәрбие беруді мақсат етуді көздеген өз іс-тәжірибемізді ұсынып отырмыз.

Әдебиет сабағы. 7-сынып. Тақырыбы: Баубек Бұлқышев, «Шығыс ұлына хат»

Сабақтың мақсаты:

1. Білімділік: Ұлы Отан соғысының батыры, жауынгер дара тұлға Баубек Бұлқышевтің өмір жолы мен шығармашылығына тоқталу. Қаһарлы жылдарда жауынгердің қаламынан туған жалынды туындыларындағы азаматтық болмысы мен ұлттық нақышына түсінік беру. Жаңа сабақты меңгерту, оқушыларға жазушының авторлық шеберлігі мен тіл құнарлығы туралы мәлімет беру.

2. Тәрбиелік: Өз елін, жерін қорғауға, отансүйгіштікке, туған халқының тағдырына алаңдар ұрпақ болып өсулеріне түрткі жасау, ұлттық құндылықтарымызды қастерлей білуге баулу. Оқушыларды шыдамдылыққа, төзімділікке, батырлыққа баулу. Ел басына күн туғанда адамдар арасындағы достық, мейірімділікті, қайырымдылықты, имандылықты түсіндіре отырып, оқушы бойына сіңіру.

3. Дамыту: Оқушыларды ойлауға, танымдық көзқарасы мен пікірін қалыптастыруға, көркем сөзбен кестелеуге үйрету. Оқушыларды тарихи мағлұматтармен, мәтінмен жұмыс жасауға дағдыландыру, Шығармашылық жұмыстарға жетелей отырып, іздендіру-зерттеу, салыстыру жұмыстарын өз беттерімен жасауға төселдіру. Алған білімдерін тәжірибеде қолдана білуге, дәлелді, шебер сөйлеуге баулу.

Сабақ түрі: ой толғау сабағы.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, түсіндіру, баяндау, әңгімелесу, еліктіру, модель қорғау, ізденді әдісі, аннотациялық талдау, мәнерлеп оқу, салыстыру.

Сабақтың технологиясы: Қ. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту» технологиясы.

Оқытудың формалары: топтық, ұжымдық, индивидуалды форма

Пәнаралық байланыс: тарих, ән-күй.

Көрнекілігі: Жазушының портреті, слайд, электронды оқулық, буклеттер, шығармалар жинағы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесіп, кезекші мәліметін тыңдау. Оқушы

II. Үй тапсырмасын сұрау. ТАХАУИ АХТАНОВ (1923 -1994)

1. Өз пікірлеріңді айтыңдар.

Жауынгерлер алдына қандай мақсат қойды?

2. Отан, ел, ерлік туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

III. Жаңа сабақ

I-бөлім: Жаңа сабақты интерактивті тақта арқылы арнайы басылған Ұлы Отан соғысы туралы кинофильм көрсетумен бастаймыз (электронды оқулық, слайд).

Мынадай сұрақтар қоямыз:

1. Ұлы Отан соғысына Қазақстанның қосқан үлесі қандай болды?
2. Ұлы Отан соғысы кезінде қаламынан жалынды жырлар туған қандай ақын-жазушыларды білесіңдер?

II-бөлім:

Сабақты Б. Бұлқышев туралы Д. Әбілевтің «Махаббат шынары» поэмасындағы үзіндіден бастаймыз:

Жас еді Баубек жиырмада ғана,

От еді лапылдап тұрған.

Деуші едік оны жалынды бала,

Корчагин сынды дауылда туған.

- Иә, Баубектің жастық шағы соғыс жылдарына тап келді. От пен октың арасында жүріп, қаламынан жалынды жырлар, шығармалар тудырды. Публицистикада біраз еңбектер жазды. Сол еңбектерінің

бірі - «Шығыс ұлына хат».

III. «Шығыс ұлына хат» - эпистолярлық жанрдағы шығарма.

Эпистолярлық жанр дегеніміз – хат түріндегі шығарма.

- Хатты оқушыларға оқытып, өздерінше талдау жасату.

- Хатты не үшін жазамыз?

- Бұл хаттың өзгешелігі неде?

IV. Шығарманың мазмұнын ұғындыру мақсатында мына кестелерді толтырамыз.

Хаттағы сөздердің түрлері	Мысалдар
Көтеріңкі лепті, екпінді	
Шақыру, үндеу мәніндегі	
Серт, ант, өсиет, тілек мәніндегі	

V-бөлім. Ой толғаныс: (электронды оқулықты пайдалану)

«Мен Шығыс ұлымын».

«Мен жауынгердің ұрпағымын».


«Ер ел үшін туады».

VI. Ұжымдық тапсырма. Осы шығармадан қандай әсер алдырдыңдар?

Ерлік, батырлық деген ұғымды қалай түсінесіңдер?

VII. Сабақты бекіту.


1. Мәтінге сүйене отырып, Баубек бейнесінің моделін жаса.



2. Қандай хат түрлерін білесің?



3. Қазіргі таңда ерлік істерімен көрініп жүрген батырларымыз туралы не айтар едіңдер? Моделін толтыру.



4. «Толағай жеңістер». «Ерлік жылы – Лондон – 2012 жыл» тақырыбында сұхбаттасу.

Мұғалімнің қорытынды сөзі: Д. Әбілевтің «Баубек Бұлқышев боп» сөйлеген сөзімен аяқтау:

Мен туралы «Махаббат тағдыры» дастанын,
 Өттім, кеттім, бір бетін де ашпадым.
 Қиянын деп қидым ба жас жанымды,-
 Отан үшін ойламадым бас қамын.
 Кешір өмір, үлгермедім - аз жаздым
 Арманымды... Армандарын басқаның.
 Құйрықты жұлдыз секілді,
 Туды да, көп тұрмады.
 Көрген, білген өкінді,

Мін тағар жан болмады, - деп ақын айтқандай, оның қазасы да туған еліне өзгеше өкініш болды. Абайдың осы төрт жол өлеңі түгелімен Баубекке де арналғандай. Есіл ер 1944 жылы наурызда Украина жерінде қапыда қаза болды.

Жоқ болмайды, мен өлмен,
 Өшпес менде өмір бар.
 Өлім мен өмір күресте,
 Өлімді өмір жеңе алар.


Жазушы шығармашылығымен өміршең.

«Арттағыға сөзің мен ісің қалса, өлсең де, өлмегенге боласың тең»

VIII. Үйге тапсырма: «Б. Бұлқышевқа жауап хат» жазу

IX. Оқушыларды бағалау.

Қосымша слайдтар.



Хаттағы сөздердің түрлері	Мысалдар
Көтеріңкі, лепті, екпінді	
Шақыру, үндеу мәніндегі	
Серт, ант, өсиет, тілек	

Әдебиеттер

1. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан. Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Өскемен қ., 15 наурыз, 2007.
2. Абай Құнанбаев. Шығармалары. – Алматы, 2003.
3. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауындағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы. – Астана, 2013.
4. Негимов.А. Шешендік өнер. - А: Ана тілі, 1997.
5. Бітібаева Қ. Қазіргі кезең әдебиеті. Семей: Үш биік, 2007.
6. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. – А., 2012.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ

Кешилбаева Г.С.

ҚАЕУ колледжі, Өскемен, Қазақстан

Ағылшын тілі - ХХІ ғасырдың тілі. Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Сондықтан да ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің мақсаты - оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру, ағылшын тілін меңгертіп, еркін сөйлеуіне жағдай тудыру. Бұл орайда ағылшын тілін оқытудың озық технологиясын меңгеру – үлкен істің бастамасы.

Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;... оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру», - деп білім беру жүйесін одан ары дамыту міндеттері көзделді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын қолдау мақсатын көздеп, «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы Алматы облыстық филиалы шет тілін үйрену бастамасын көтеруде. 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған еліміздің даму стратегиясында қазақ тілін өркендету мен оны мемлекеттік деңгейде орнықтыру мәселесіне айрықша мән берілген. Бұл болашақта қолданылатын латын әліпбиімен ті-

келей байланысты.

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Еліміз жылдар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізісімен, шет тілі де мемлекетаралық тіл мәртебесіне ие болды. Ендігі кезекте шет тілінің қолданылу аясын кеңейту кезек күттірмес мәселенің бірі болды. Осы орайда, ағылшын тілі пәніне көңіл де, ықылас та жылдан жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс - тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды. Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн? Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады. Қазіргі заманда ғылымсыз жан-жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Ал мектеп мұғалімдерінің бүгінгі заманға сай берілген сабақтары осы мәселелерді шешуші күш болып отыр. Әрине, барлығын байланыстыру, жүйелеу оңай жұмыс емес, бірақ белгілі бір жетістікке жету үшін, «тілдердің үш тұғырлығының» болуы үшін, нәтижесін көруге болатын сияқты. Үш тілді болу - қазіргі заман талабы. Өркениет көшінен қалмай, соған сәйкес қадам жасауға, толыққанды білім алуға қол жеткізуге үлесімізді қосуымыз керек. Экономикадағы табыстар мамандардың біліміне, біліктілігіне байланысты екендігін білеміз. Ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім - мектептің жүрегі» деген екен. Онда «мектептің жүрегі» болумен қатар, жаңа егемен еліміздің ұрпағын жаңа білім нәрін сусындатып, саналы тәрбие, сапалы білім беретін білімді, білікті ұстаз болуымыз қажет. Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе - тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Қазіргі таңда айтар болсақ, көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық - коммуникативтік техно-

логияның бір өзі атқара алады. Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық – технологиялық құралдардың жиынтығы. Қазіргі кезде сабақта ақпараттық технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз. Қазақ әдебиетінің классигі, ұлы атамыз Абай Құнанбайұлы: «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», - деген. Расында да, тек ғана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана мақсатына жетеді. Ағылшын тілді оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда диалогтың да берері мол. Диалог – сөйлесудің ең негізгі түрі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас амандасудан басталады. Мұғалім сабаққа кіргеннен оқушылармен диалогта болады. Оқушыларға белгілі бір тақырыпта тапсырмалар беру арқылы сұхбаттар құрылады. Диалогтік сөйлесуді естіп-тыңдаумен біртұтас та, жекелей де пайдалануға болады. Мақсатты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы ауызекі сөйлесуге үйрету - оқушыларды қызықтырады. Диалогтік сөйлеу коммуникативтік оқытудың негізгі ұстанымына сәйкес келеді. Коммуникативтіліктің жауап алынған жағдайда ғана жүзеге асуы оның ұстанымы болып есептеледі. Ауызекі сөйлесу – жауаптасу арқылы жүзеге асады, ал жауаптасуға дейінгі дайындық кезеңдерін былайша сараланады:

I кезең: диалогпен танысу;

II кезең: диалогті жаттау;

III кезең: диалогті қойылымға айналдыру, яғни сөйлескім іс - әрекетін қойылым іс-әрекетімен ұштастыру;

Жұмыстың бұл түрі сауатты жазу дағдыларымен, есте сақтау қабілеттерін дамытады, әрі пернетақтаны меңгеруге септігін тигізеді. Тыңдау, сауатты жазу, әріптерді теру секілді үш іс-әрекетті бір уақытта біріктіреді. Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда ауызекі жауаптасу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді коммуникацияға түсе алады. Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем

құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Оқушылардың сөйлеу дағдылары ауызекі сөйлеу жүйесінен, сұраққа қысқа да толық жауап қарастыра алуынан, оқығандарын ауызша да, жазбаша да мазмұндап беретіндей дағды-машықтарынан, шығарма, хат жазу дағдыларынан құралады. Ағылшын тілін оқытуда ең алдымен тәжірибелік мақсат қойылады, оған оқушылардың сөздік қорларын байыту, сауатты жа-зуға үйрету, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үй-рету қажет. Ал бұл іс-әрекеттерді сауатты да дұрыс жүзеге асыру үшін грамматикалық жұмыс жүргізілуі керек. Ағылшын тілі - бүгінгі заманымыздың кілті, компьютер технологиясының кілті екені белгілі. Ағылшын тілі - ұлы әдебиет тілі. Бұл тілде әлемге әйгілі Вильям Шекспир, Джонаттан Свифт, Вальтер Скотт сөйлеген. Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық білімді және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек. Біздің мемлекетімізде жаңа телекоммуникациялық құралдың дамып келе жатқаны сөзсіз. Қазіргі заман педагогтарына компьютер және мультимедиялық құралдарды қолданудың сабақ өту барсында өте тиімді тәсіл екені белгілі. Бұл құралдың қуаттылығы соншалықты онымен бірге білім жүйесіне жаңа әдістермен бірге әлемдік ойлаудың жаңа идеологиясы (шығармашылығы) енгізілді. Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы. Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялық - электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық - электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдану. Ең тиімді программалардың бірі - Microsoft Power Point. Ол мұғалімге қысқа мерзімде өзінің үлкен дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп, компьютерлік білімін даярлауға көмектеседі. Және ол оқушылардың түрлі қабілеттерін ашады. Олар: есте сақтау, көру, есту, ойлау, эмоционалды, автоматты және т.б.

Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;

- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Шетел тілін оқытудың басты мақсаты - оқытушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту. Осыған сәйкес оқыту мазмұнына қарапайым коммуникативтік біліктілікті, қажетті жағдайда ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас процессінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамсыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білік дағдылар енеді. Осы мақсатқа сай оқыту міндеттері екі үлкен бағыт бойынша белгіленеді. Танымдық бағыт бойынша:

- Оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру;
- Тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіндіру: қазіргі уақыт талабына сай шетел тілінің пән ретінде қажеттілігі күннен-күнге артып отыр. Ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени алға басуында қозғаушы фактор болуда.
- Оқушының тілін дамыту, тілдік шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;
- Сөз мәдениетін таныту;
- Пікірталас мәдениетін жетілдіру;
- Сөйлеу түрін, сөйлеу тәсілін меңгерту;
- Оқушылардың логикалық ойлауының бір ізді болуын қалыптастыру;
- Коммуникативтік, практикалық бағыт бойынша:
- Оқушыларға тіл нормаларын меңгерту;
- Тілдік сауаттылығын арттыру;
- Оқушылардың тілдік - эстетикалық талғамдарын қалыптастыру;
- Этикет нормаларына сай тіл мәдениетін жетілдіру;
- Сөйлеу әрекетіне қажетті заңдылықтар мен талаптарды меңгерту;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Қарым-қатынас талаптарына сай іскерліктерде қолдана білу;
- Пікірталас түрлеріне сай сөз қолдану біліктілігін қалыптастыру.

Бұл міндеттердің жүзеге асырылуы тілдік білімнің (мұның қай – қайсысы да тіл арқылы баланың логикалық ойлауын дамытуға, қарым-қатынастық дағдыларын жетілдіруге, сөз әрекетінің түрлеріне) қатынасты машықтануына әсерін тигізеді. Қазіргі кезде ағылшын тілімен компьютер, телекоммуникациялық құралдарды меңгеруді уақыттың өзі талап етеді, тіпті кейінгі жылдары олардың рөлі арта

түсуде. Компьютерлік оқыту бағдарламаларының қай қайсы болмасын өз мазмұнынан грамматикалық жұмыс жүргізуді тыс қалдырмайды, белгілі бір грамматикалық құрылымның жұмыстарын қамтиды.

Компьютердің білім беру құралы ретінде кең таралуының негізгі алғы шарттарын ғалымдар төмендегідей саралайды:

1) Компьютер шексіз ақпарат әлемінде енуге және ақпаратты жүйелі түрде талдап, сараптауға мүмкіндік береді. Ақпаратты алудағы жоғары жылдамдық адамның ақпараттық мәдениетінің үнемі өсуіне жағдай жасайды.

2) Компьютер адамның зерттеу-танымдық әрекетінің әмбебап құралы ретінде ерекшеленеді.

3) Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымдық құрал бола білуі. Яғни, білімгер, олар арқылы қатысымның барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл – мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Тіл үйренуде бұл мүмкіншіліктер ең маңызды болмақ.

4) Құрал бітімгерлерге өз әрекеттерінің нәтижесін айқын көрсете алады. Білім алуда дұрыс шешім жасай білуге деген оқушылардың өзіндік тәсілін, стратегиясын қалыптастырады.

5) Компьютердің көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіншілігі туындайды.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Әдебиеттер

1. Білім заңы. - Алматы, 2007.
2. Иманбаева А. Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. Қазақстан мектебі, №2, 2000
3. Дмитриева Е.И. Основная методическая проблема дистанционного обучения иностранным языкам через компьютерные телекоммуникационные сети Интернет // М., ИЯШ, 1998, №1, с. 27-32.
4. Андреев В.И. Проблемы педагогического мониторинга качеств. образования // Известия Российской академии образования, 2001, №1, С. 86-90.
5. Маткин В.А. Обоснование ценностно-синергетического подхода к подготовкам специалиста-профессионала // М.: Вестник высшей школы, 1999, №6, с. 63-67.
6. Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка // М., ИЯШ, 2001, №2, с. 24-28.

7. Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка //М., ИЯШ 2000, №3, с. 34-37

А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ТІЛ БІЛІМІ САЛАСЫНДАҒЫ ОРНЫ

Сеилханова Қ.Қ.

Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Қазақтың ұлы ағартушысы, ірі ғалым-лингвист, түркітанушы, акын, аудармашы, әдебиет жинаушы һәм зерттеуші Ахмет Байтұрсынов 1873 жылы 18 қаңтарда қазіргі Қостанай облысының Торғай өңіріндегі Сартүбек деген жерде дүниеге келеді. Әкесі Байтұрсын Шошақұлы намысқой, сергек, еті тірі адам болады. Сол себепті де Байтұрсын мен оның ағайындары патша өкіметінің өкілі - уезд бастығын соққыға жығып, түрмеге қамалады. Осы болған оқиға бала Ахметке әсер етеді. Болып жатқан жағдай бала санасына әсер еткенімен байыбына бармаса да, ол өмірдегі әділетсіздік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік теңсіздікті көзімен көріп, көңіліне ой ұялатады. Табиғатынан зерек әрі талапты бала Ахмет 1882-1884 жылдары көзі ашық ауыл адамдарынан сауатын ашып, хат таниды да, кейін жақын мандағы ауыл мектебінде оқиды. 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныпты орысша-қазақша училищеде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдер даярлайтыш мектепте білім алады. Бұл жылдары ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің үлгісінде жұмыс істейтін, игі дәстүрлері мол жаңаша мектептер саны көбейген болатын. Міне, осы тәрізді оқу орындарында оқып, сапалы білім алып шыққан Ахмет Байтұрсынов 1895 жылдың 1 шілдесінен өзінің мұғалімдік, ұстаздық қызметін бастайды. 1895-1897 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерде, екі сыныптық училищелерде сабақ береді. Мұғалім бола жүріп ол қоғамдағы болып жатқан құбылыстарға, әлеуметтік өмірге үңіледі. Халыққа білім берудің жолдарын, қазақ тілі мен әдебиетінің мәселелерін зерттеу мүмкіндіктерін қарастырады. Көп кітаптар оқиды, өз бетімен ізденеді. Әдебиетпен айналысады, өлең-жырларын жазады, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинайды, оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлейді. Өзінің білімімен, ақыл-парасатымен ел аузына іліге бастайды. Оның шығармашылығы бостандыққа, күреске арналды. Соның салдарынан 1910 жылы Қазақстанда тұру құқығынан айырылып, Орынбор қаласына келеді. 1913-1918 жылдары өзі ұйымдастырған "Қазақ" газетінің редакторы бола жүріп, кең ауқымды әлеуметтік істер атқарады.

Газет бетінде халық өмірінің аса күрделі мәселелерін көтереді. Елді оқу-білімге, сауаттылыққа шақырады. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін қоғамдық өмірге белсене араласқан Ахмет Байтұрсынов қазақ жұртының тәуелсіз мемлекетін құруды мақсат еткен Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі болады. Кейінірек Қазақстанның тұңғыш халық ағарту министрі, Қазақстан академиялық орталығының жетекшісі, Алматыдағы, Ташкенттегі жоғары оқу орындарының профессоры қызметтерін атқарады. Кеңес өкіметі тұсындағы коммунистік идеология аласапыранының салдарынан 1929 жылы жазықсыз ұсталып, ұзақ уақыт түрме мен лагерь азабын тартқан Ахмет, 1936 жылы елге қайтыш оралғанымен, 1937 жылы қайта тұтқындалып, 1938 жылы атылады. Алаш қозғалысының көсемі ретінде "халық жауы" деп атылған А. Байтұрсыновтың есімі де, шығармалары да көпке дейін жұртшылық үшін жабық болды. Тек тәуелсіз Қазақстан жағдайында ғана ақынның шығармалары жарық көрді, мұралары зерттеле бастады. 1988 жылы ақталғаннан кейін А. Байтұрсынов шығармаларының жинағы (1989), "Ақ жол" кітабы (1991) жарық көрді. Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдеріне тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін «фонетиканы», қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі тіл біліміне қосқан үлесі екенін көруімізге болады. «Ахмет Байтұрсыновтың Октябрь төңкерісіне дейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сияқты орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам - Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды», - деп жазды Сәбит Мұқанов. Ғаббас Тоғжанов пікірі де осы пікірлес: «Бір кезде сары маса боп ызыңдап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді». 1929 жылы 5-мамырда Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жасап берген «Тіл – жұмсар» деген еңбегінде оқушыларға практикалық грамматиканы үйретеді. Сонымен қатар жастарға арналған «Әліппе», «Сауат ашқыш» (ересектер әліппесі), «Әліппе-астар» (әліппеге методикалық нұсқау), «Қырық мысал» (Крылов мысалдары аудармасының жинағы), «Маса» (төлтума және аударма өлеңдер жинағы), «Оқу құрал» хрестоматиясы жазылған. Бұл материалдардың ерекше мәні бар екені белгілі. Кезінде М. Әуезов ауызға алған, қазір кейбір зерттеушілер айтып жүрген «Мәдениет тарихы» деген дүние көрсетілмеген, яғни өкінішке орай, ондай жұмыс жарық көрмесе керек. Өз қолымен жазған «Өмірбаянында» (1929, 8 наурыз) Ахмет Байтұрсынов былай дейді: «Орынборға келгеннен

кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін, орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен; төртіншіден, проза (іс қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздеріне термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты». Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған. Ахмет Байтұрсыновтың тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру тілші ғалымдардың еншісіндегі зор жауапкершілігі бар іс. Шолу түрінде көз жүгіртіп, атүсті қарағанның өзінде, толып жатқан шындық алдыңнан шығады. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынов - қазақ тіл білімінің терминология саласында да елеулі еңбек атқарды. Ең басты атап айтатын нәрсе - А. Байтұрсынов бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасаған. А. Байтұрсынов қазақ тілінің Сөзжасам тәсілдерін анықтап, оларды өзінің терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетасын қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлыныкі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығынан байқауға болады. Ол сонымен бірге - қазақ тілі грамматикасын (фонетикасын, морфологиясын, синтаксисін және терминологиясын) жүйелі түрде ғылыми түзеген. Бағамдап қарағанда, бұлар бірнеше адам ғылыми зерттеп қана жүзеге асыра алатын филология ғылымының төрт саласы. Сөйтіп ұлы Ахаң қазақтың дыбыс жүйесін, сөз жүйесін, сөйлем жүйесін, терминологиясын толық зерттеп, қазақ тілі грамматикасының негізін салды. Ахмет Байтұрсыновтың лингвистика саласындағы бұл ғылыми еңбектерін кезінде Орта Азия, бүкіл түрік әлемі мойындап, қолдап және Ахаңның лингвистика саласындағы зор жетістіктерін өздерінің грамматикасында пайда-

ланды. 1929 жылдан кейін Кеңес үкіметі саясатымен Қазақстандағы мектептер әуелі латын одан кейін Кирилл ғарібіне көшірілгенімен, Қытай мен Моңғолиядағы екі миллионға жуық қазақтар осы күнге дейін Ахаңның 28 ғаріпті емлесі мен грамматикасын қолданады. А. Байтұрсыновтың тіл саласындағы ғылыми жетістіктерін сол кезде орыс ғалымдары да мойындаған. 1919 профессор Самойлович «Литература Востока» журналында, ғалым Е. Поливанов «О киргизско-казахской орфографии» бюллетенінде жоғары баға берген. 1929 жылы Мәскеу баспасынан шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» «А. Байтұрсынов аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогті... Ол қазақ емлесінің реформаторы, грамматиканың және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген анықтама берген. А. Байтұрсыновтың тіл білімі саласындағы орны ерекше. Оның зерттеліп бітпеген жақтары әлі баршылық. Бүгінгі таңда А. Байтұрсынов салған тіл білімінің қазіргі уақыттағы қолданысы қандай, тіл білімі салаларының түп қазығы болып отыр ма... Міне, бұл мәселе зерттеуге тұрарлық тың жаңалық көзі деуге болады. Сондықтан А. Байтұрсынов еңбектері әлі зерттеліп болмаған ғасырлық құндылық.

Әдебиеттер

1. Қазақстан жазушылары XX ғ. - Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2004.
2. А.Байтұрсыновтың шығармалары. Алматы, «Жазушы», 2003.
3. “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.», 2010.
4. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө. Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.
5. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998.
6. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса - Алматы: “Аң арыс” баспасы, 2009.

**«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ»
САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ
ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚЫТУ ӘДІСІ**

Амерханова Л.Б.

ҚАЕУ колледжі, Өскемен, Қазақстан

Қазақтың ұлы ағартушысы, ірі ғалым-лингвист, түркітанушы, ақын, аудармашы, әдебиет жинаушы һәм зерттеуші Ахмет Байтұрсынов 1873 жылы 18 қаңтарда қазіргі Қостанай облысының Торғай өңіріндегі Сартүбек деген жерде дүниеге келеді. Әкесі Байтұрсын Шошақұлы намысқой, сергек, еті тірі адам болады. Сол себепті де Байтұрсын мен оның ағайындары патша өкіметінің өкілі - уезд бастығын соққыға жығып, түрмеге қамалады. Осы болған оқиға бала Ахметке әсер етеді. Болып жатқан жағдай бала санасына әсер еткенгімен байыбына бармаса да, ол өмірдегі әділетсіздік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік теңсіздікті көзімен көріп, көңіліне ой ұялатады. Табиғатынан зерек әрі талапты бала Ахмет 1882-1884 жылдары көзі ашық ауыл адамдарынан сауатын ашып, хат таниды да, кейін жақын маңдағы ауыл мектебінде оқиды. 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныпты орысша-қазақша училищеде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте білім алады. Бұл жылдары ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің үлгісінде жұмыс істейтін, игі дәстүрлері мол жаңаша мектептер саны көбейген болатын. Міне, осы тәрізді оқу орындарында оқып, сапалы білім алып шыққан Ахмет Байтұрсынов 1895 жылдың 1 шілдесінен өзінің мұғалімдік, ұстаздық қызметін бастайды. 1895-1897 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерде, екі сыныптық училищелерде сабақ береді. Мұғалім бола жүріп ол қоғамдағы болып жатқан құбылыстарға, әлеуметтік өмірге үңіледі. Халыққа білім берудің жолдарын, қазақ тілі мен әдебиетінің мәселелерін зерттеу мүмкіндіктерін қарастырады. Көп кітаптар оқиды, өз бетімен ізденеді. Әдебиетпен айналысады, өлең-жырларын жазады, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинайды, оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлейді. Өзінің білімімен, ақыл-парасатымен ел аузына іліге бастайды. Оның шығармашылығы бостандыққа, күреске арналды. Соның салдарынан 1910 жылы Қазақстанда тұру құқығынан айырылып, Орынбор қаласына келеді. 1913-1918 жылдары өзі ұйымдастырған "Қазақ" газетінің редакторы бола жүріп, кең ауқымды әлеуметтік істер атқарады. Газет бетінде халық өмірінің аса күрделі мәселелерін көтереді. Елді оқу-білімге, сауаттылыққа шақырады. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін қоғамдық өмірге белсене араласқан Ахмет

Байтұрсынов қазақ жұртының тәуелсіз мемлекетін құруды мақсат еткен Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі болады. Кейінірек Қазақстанның тұңғыш халық ағарту министрі, Қазақстан академиялық орталығының жетекшісі, Алматыдағы, Ташкенттегі жоғары оқу орындарының профессоры қызметтерін атқарады. Кеңес өкіметі тұсындағы коммунистік идеология аласапыранының салдарынан 1929 жылы жазықсыз ұсталып, ұзақ уақыт түрме мен лагерь азабын тартқан Ахмет, 1936 жылы елге қайтыш оралғанымен, 1937 жылы қайта тұтқындалып, 1938 жылы атылады. Алаш қозғалысының көсемі ретінде "халық жауы" деп атылған А. Байтұрсыновтың есімі де, шығармалары да көпке дейін жұртшылық үшін жабық болды. Тек тәуелсіз Қазақстан жағдайында ғана ақынның шығармалары жарық көрді, мұралары зерттеле бастады. 1988 жылы ақталғаннан кейін А. Байтұрсынов шығармаларының жинағы (1989), "Ақ жол" кітабы (1991) жарық көрді. Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдеріне тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін «фонетиканы», қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі тіл біліміне қосқан үлесі екенін көруімізге болады. «Ахмет Байтұрсыновтың Октябрь төңкерісіне дейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сияқты орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам - Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды», - деп жазды Сәбит Мұқанов. Ғаббас Тоғжанов пікірі де осы пікірлес: «Бір кезде сары маса боп ызыңдап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді». 1929 жылы 5-мамырда Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жасап берген «Тіл – жұмсар» деген еңбегінде оқушыларға практикалық грамматиканы үйретеді. Сонымен қатар жастарға арналған «Әліппе», «Сауат ашқыш» (ересектер әліппесі), «Әліппе-астар» (әліппеге методикалық нұсқау), «Қырық мысал» (Крылов мысалдары аудармасының жинағы), «Маса» (төлтума және аударма өлеңдер жинағы), «Оқу құрал» хрестоматиясы жазылған. Бұл материалдардың ерекше мәні бар екені белгілі. Кезінде М. Әуезов ауызға алған, қазір кейбір зерттеушілер айтып жүрген «Мәдениет тарихы» деген дүние көрсетілмеген, яғни өкінішке орай, ондай жұмыс жарық көрмесе керек. Өз қолымен жазған «Өмірбаянында» (1929, 8-наурыз) Ахмет Байтұрсынов былай дейді: «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін, орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен;

үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен; төртіншіден, проза (іс қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздеріне термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты». Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған. Ахмет Байтұрсыновтың тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру тілші ғалымдардың еншісіндегі зор жауапкершілігі бар іс. Шолу түрінде көз жүгіртіп, атүсті қарағанның өзінде, толып жатқан шындық алдыңнан шығады. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынов - қазақ тіл білімінің терминология саласында да елеулі еңбек атқарды. Ең басты атап айтатын нәрсе - А. Байтұрсынов бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасаған. А. Байтұрсынов қазақ тілінің Сөзжасам тәсілдерін анықтап, оларды өзінің терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетасын қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі – ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығынан байқауға болады. Ол сонымен бірге - қазақ тілі грамматикасын (фонетикасын, морфологиясын, синтаксисін және терминологиясын) жүйелі түрде ғылыми түзеген. Бағамдап қарағанда, бұлар бірнеше адам ғылыми зерттеп қана жүзеге асыра алатын филология ғылымының төрт саласы. Сөйтіп ұлы Ахаң қазақтың дыбыс жүйесін, сөз жүйесін, сөйлем жүйесін, терминологиясын толық зерттеп, қазақ тілі грамматикасының негізін салды. Ахмет Байтұрсыновтың лингвистика саласындағы бұл ғылыми еңбектерін кезінде Орта Азия, бүкіл түрік әлемі мойындап, қолдап және Ахаңның лингвистика саласындағы зор жетістіктерін өздерінің грамматикасында пайдаланды. 1929 жылдан кейін Кеңес үкіметі саясатымен Қазақстандағы мектептер әуелі латын одан кейін кирилл ғаріпіне көшірілгенімен, Қытай мен Моңғолиядағы екі миллионға жуық қазақтар осы күнге дейін Ахаңның 28 ғаріпті

емлесі мен грамматикасын қолданады. А. Байтұрсыновтың тіл саласындағы ғылыми жетістіктерін сол кезде орыс ғалымдары да мойындаған. 1919 профессор Самойлович «Литература Востока» журналында, ғалым Е. Поливанов «О киргизско-казахской орфографии» бюллетенінде жоғары баға берген. 1929 жылы Мәскеу баспасынан шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» «А. Байтұрсынов аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогті... Ол қазақ емлесінің реформаторы, грамматиканың және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген анықтама берген. А. Байтұрсыновтың тіл білімі саласындағы орны ерекше. Оның зерттеліп бітпеген жақтары әлі баршылық. Бүгінгі таңда А. Байтұрсынов салған тіл білімінің қазіргі уақыттағы қолданысы қандай, тіл білімі салаларының түп қазығы болып отырма... Міне, бұл мәселе зерттеуге тұрарлық тың жаңалық көзі деуге болады. Сондықтан А.Байтұрсынов еңбектері әлі зерттеліп болмаған ғасырлық құндылық.

Әдебиеттер

1. Қазақстан жазушылары XX ғ. – Алматы: «Ана тілі», 2004.
2. А. Байтұрсыновтың шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 2003.
3. “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.», 2010.
4. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө. Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
5. Қазақ тілі. Энциклопедия. - Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998.
6. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/ Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса - Алматы: “Аң арыс”, 2009.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА СУБЪЕКТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Тукушева Г.Т.

«№15 орта мектеп» КММ, Өскемен, Қазақстан

Қазіргі таңда білім беру мазмұны заманына сай өзгеріп отыр. Әр заманның өзінің жаңашылдығы, өзінің талабы болары анық. Алайда педагогика тарихында өзіндік орны бар А. Коменский, И. Гербарт сынды басқа да ғалымдардың тың ізденістерін жоққа шығара ал-

маспыз. Ғалымдар зерттеулеріндегі дәстүрлі объекті-субъектілі педагогикасының орнын басқасы басты, ол балаға оқу субъектісі ретінде, өзін-өзі өзектілендіруге, өзін тануға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық процестің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер – оқытушы мен оқушының тұлғалық-бағытталған өзара әрекеті болып табылады [1, 43 б.].

Субъектілік – тұлғаның қандай да іс-әрекетті, қарым-қатынасты дамытып, жетілдіруге деген қатынасын өзекті ететін әлеуеттік қасиет ретінде анықталады. Алайда дәстүрлі оқытуда оқушы-субъектінің іс-әрекеті басшылыққа алынбады.

Жеке тұлғаға бағытталған білім беру жүйесі дәстүрлі оқытудан алшақтап, технологиялық оқытуды басшылыққа ала, жан-жақты дамыған, шығармашылық ізденістегі жеке тұлғаны субъект ретінде дамытуды көздеп отыр. Қазіргі таңда білімді жеке тұлғаға бағыттай отырып, оқушы-субъектінің өзін-өзі тануы, өзінің қабілетін өзгелерге танытуы сынды басты қасиеттерін ашуға кеңінен жол ашылды. Яғни, озық инновациялық технологиядан іздену - бүгінгі күннің басты талаптарының бірі.

Технология туралы В.П. Беспалько, И.П. Павлов, С.А. Смирнов, Г.К. Селевко, И.П. Волков сынды тағы да басқа ғалымдар зерттеулері, оған берілген анықтамалар біршама.

«Педагогикалық технология – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістердің; оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың, оқушы дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды», - деп анықтама береді ғалым М.М. Жанпейісова [1, 35 б.].

Ғалым А.К. Жанәбілованың «Тіл дамыту жұмыстарының инновациялық технологиясы» еңбегінде: «Технология оқытуды ізгілендіруге, жеке тұлғаның еркіндігі мен таңдауы, қалауын ашады. Дәстүрлі оқытуда мұғалім-оқушы, яғни алдыңғы орында мұғалім іс-әрекеті жетекшілік етсе, технологияда оқушы-мұғалім, яғни, оқушының білімді өз іс-әрекетімен, белсенділігімен алуы жүзеге асады» [2, 10 б.]. Ғалым технологиялық сабақтардың дәстүрлі әдіс-тәсілдермен жүретін сабақтардан айырмашылығы мен ерекшеліктерін саралап береді. Соның ішіндегі ең бастысын атап өтсек, мұғалім іс-әрекеті емес, оқушы іс-әрекеті алдыңғы қатарда тұрады, сол арқылы нәтижеге жету жобаланады. Яғни, оқушымен субъект ретінде қарым-қатынас жасау. Оның моделін өз еңбегінде А.К. Жанәбілова төмендегіше көрсеткен [2, 13 б.].



Дәстүрлі оқытуда оқушы-субъектінің іс-әрекеті негізге алынбай, мұғалімнің іс-әрекеті басшылыққа алынса, технологиялық оқытуда кестеден көріп отырғанымыздай, оқушы-субъектінің іс-әрекетіне, дербес ізденісіне, шығармашылық қабілеттеріне кеңінен жол ашылып, «оқушы – оқыту субъектісі», мақсатқа жетуші белсенді субъект екенін көреміз.

Осындай талаптарды басшылыққа алған білім жүйесіне ақпараттық технологияның қарыштай енуі де - заманның талабы. Оқушы-субъектінің жан-жақты қабілетінің дамуына, өз бетімен ізденуіне, өзін-өзі тану, өзін-өзі оқыту әрекеттеріне, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктерінің дамуына түрткі болу, қашықтықтан білім алу, кез-келген уақытта интернет жүйесін пайдалану сынды заман талабы әлемдік білім кеңістігіне енуге жол ашты.

Осындай ақпараттың дамыған ғасырында оқушы-субъектіні қалыптастыруда рухани байлығымыздың көзіне айналған әдебиет пәні мен қазақ тілін оқытудың озық технологиясынан іздену - мұғалімдер алдына қойылып отырған талаптардың бірі.

Пәнаралық байланысты негізге ала оқушыны оқыту-субъектісі ретінде қалыптастыра отырып, олардың ауызша сөйлеулеріне, яғни, тіл дамыту жұмыстарына өз іс-тәжірибемізде ерекше назар аударып келеміз. Өзге ұлт мектептерінде оқушылардың сөздік қорларын молайту – күрделі мәселелердің бірі. Осы орайда олардың пәнге деген қызығушылықтарын оята отырып, түрлі тіл дамыту жұмыстарын жүргізіп келеміз. Мақсатымыз олардың ауызша сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту, оларды дербес шығармашылық ізденіске жетелеу. Пәнаралық байланысты басшылыққа ала отырып, оқушылардың сөздік қорларын молайтуды ғана емес және тәжірибеде өздерінің қолдана алуларына, сауатты жаза білулеріне аса назар аударамыз.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша сөздік қор оқушының сауаттылығына да ерекше әсер ететіндігі анықталған. Ол туралы Қ. Жолымбетов: «Оқушылардың сөздік қоры неғұрлым мол болса, орфографиялық сауаттылығы да соғұрлым жетіле түседі. Сөз арқылы білімі артады, ойлай білу қабілеті дамиды», - деген екен [3, 74 б.]. Сондықтан да қазақ тілі мен әдебиет пәнін бірлікте ала отырып, оқу-

шылардың ауызша сөйлеу қабілеттерін арттыруда түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізіп, сондай-ақ ақпараттық технологияны сабақта тиімді қолданудамыз.

Мәселен, «Қазақша сөйлейміз» жобасы аясында 9-сыныпта ОЖСБ-ға дайындыққа арналған «Бос уақыт» тақырыбында интербелсенді тақтаны қолдана отырып, оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жетелейтін түрлі тапсырмаларды қолдандық. Оқытудың инновациялық технологиясына құрылған сабақта технология талаптарын басшылыққа ала отырып, оқушы-субъектінің белсенді іс-әрекетіне, олардың өнімді әрекетке өз белсенділіктері арқылы жетулеріне, сондай-ақ ауызша сөйлеу қабілеттеріне түрткі болуды мақсат еттік. Интербелсенді тақтамен жұмыс оқушылардың қызығушылықтарын оятып, өздерінің дербес ізденістеріне жол ашты. Оқушы-субъектінің дербес іс-әрекеті сабақ барысында былай жүргізілді:



Тапсырмалар:

1. Сөздік жұмысы.

- Тақтада берілген сөздерді ретсіз оқып, орысша баламасын тауып, бағдар сызықпен көрсету; бағалау парағына баға қою.
- Жаңа сөздерді дәптерлеріне жазу.

Сезіну	заниматься
қадағалау	давать направление
бағыт белгілеу	оценивать
үнемді	экономно
шұғылдану	кружок
айналысу	чувствовать
бағалау	контролировать
тырыс	участвовать
үйірме	увлекаться
катысу	старайся

2. Мәтінмен жұмыс

Бос уақытты бағала.

Уақыт алтыннан қымбат. Өйткені, адам уақытты сезінгенде ғана өзін-өзі қадағалап отырады. Ол өзіне бағыт белгілейді. Бос уақытты үнемді пайдалану керек.

Бос уақытыңда сенің пайдалы, ұнататын ермекпен шұғылдануың, қажетті іспен айналысуың керек. Мысалы, денсаулық үшін спортпен шұғылдануың, сабақтап бос уақытта ата-анаңа көмектесуің керек.


Өз бос уақытыңды бағалай білуге және бос өткізбеуге тырыс.

- мәтінді екі минут уақытта іштей оқу; мазмұндау жұмысы;
- дәптерлеріне екі сұрақ құрастырып жазу;
- грамматикалық тапсырманы орындау, дәптерге жазу.
- бағалау парағына баға қою, бағалау.

3. Тіл дамыту жұмысы.

- «Менің бос уақытым» үлестірмелі карточкалар, суреттер арқылы шығармашылық жұмыстар жасау (модель, жоба, слайдтармен жұмыс).

Мен шұғылданамын.



оларға көмек-нұсқаулар берілді. Оқушылар бағалау парағы арқылы өзін-өзі, бірін-бірі бағалап отырса, мұғалім олардың жұмыстарына түзету (коррекция) жұмысын жүргізіп отырды.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағын бірлікте ала отырып, оқушылардың ауызша сөйлеу қабілеттерін дамыту барысында жүргізілген тіл дамыту жұмыстары арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту басшылыққа алынды. Сондай-ақ, пәнге деген, көркем мәтінді оқуға деген ынталарының оянуына, сөздік қорларының молайуына түрткі жасалды.

Шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды ұйымдастыру барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік:

- оқушы-субъектінің дербес ізденісі жүзеге асты;
- сөздік қорлары молайып, ауызша сөйлеуге төселді;
- ойларын еркін айтып, жазбаша жазуға дағдыланды;
- көркем мәтінмен жұмыс жасауға машықтанды;
- интербелсенді тақтамен жұмыс жасауға, алған білімдерін тәжірибеде қолдана білу әрекеттері жүзеге асты;
- өзін-өзі, бірін-бірі бағалап, коррекция жұмысын жасауға дағдыланды.

Әдебиеттер

1. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы. - А., 2002.
2. Жанәбілова А.К. Тіл дамыту жұмыстарының инновациялық технологиясы. - Өскемен, 2008.
3. Жолымбетов Қ. Қазақ орфографиясының негіздері. – А., 1975.
4. Мақатаев М. Жырлайды жүрек. Жинақ. - А, 1995.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Толеухан Л.

ҚАЕУ колледжі, Өскемен, Қазақстан

Оқытудың мәні, мақсаты, міндеттері, қызметтері, заңдылықтары, қозғаушы күштері мен ұстанымдары қазіргі замандағы білім беру технологиялары.

Қазіргі таңда ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір студентте сапалы терең білім мен іскерліктің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуге, ойлауға қабілетті болуын талап етеді.

Оқыту – қазіргі заманның талаптарын ескере отырып, оқушылар тұлғасын, білім, іскерлік және дағдыларды меңгерте отырып, мақсатты қалыптастыру мен дамыту процесі. Оқыту -қоғамдық құбылыс түріндегі ересектердің мақсатты бағдарланған жүйелі ұйымдастырылған қоғамдық қатынастар тәжірибесі, қоғамдық сананың даму нәтижесі, еңбек өндірісінің мәдениеті, қоршаған ортаны қорғау мен оны белсенді қайта өзгерту туралы, білімдерді аға ұрпақтың өскелең ұрпаққа үйретіп, оны олардың меңгеруі. Оқыту технологиялары – жоспарлау, жүйелеу әдісі. Оқытудың тиімді формаларына жету үшін адамдық және техникалық ресурстарды меңгеру керек және олардың өзара байланысын ескере отырып білімді процесте қолдана білу қажет. Оқыту технологиялары – оқыту мақсаттары тиімді іске асуын қамтамасыз етуі керек; әрбір педагог кез келген білім беру мекемесінде пайдалана алатындай болу керек; оқытудың жаңа технологияларының психологиялық мәні – оқыту үрдісін жоспарлау керек немесе оқыту психологиялық бағытталған болуы қажет.

Білім беру – бұл мақсат оқушылардың танымдық іс-әрекеті тәсілін меңгеріп, олар арқылы ғылым негіздерін игерулерін, белгілі бір білімдердің, дағдылар мен іскерлікті үйренулерін, өздерінің рухани, физикалық және еңбек қабілеттерін жетілдірулерін, еңбек және кәсіби дағдыларды игеруін көздейді.

Тәрбиелеу – әрбір оқушының ғылыми көзқарасын, адамгершілігін, белсенді шығармашылығын және әлеуметті кемелденген жоғары адамгершіліктегі үйлесімді дамыған тұлғасын дамытуды мақсат етеді.

Оқытудың мақсаты – дамытудың қоғамдық – тарих тәжірибесінің жан – жақтарын: білімдер мен іскерліктері, ғылым, мораль, еңбек, әдебиет, өнер, жалпы және дене тәрбиесін меңгеруге бағытталған мұғалімнің педагогикалық әрекеті мен оқушының оқу-танымдық өзара бірлескен әрекетінен ойша күтілетін түпкі нәтиже. Жалпы мақсатта қоғам ғылымның, техникалық, сондай-ақ өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың дамуына сәйкес кетеді. Оқытудың қызметі оқыту процесінің мәнін сипаттайды.

Оқытудың экономикалық, әлеуметтік, педагогикалық психологиялық мәні оның қызметтерінен біршама анық айқындалады. Со-лардың ішіндегі, бірінші кезектегі біршама мәндісі - оқушыларда білімділерді, дағдыларды және шығармашылық іс-әрекет тәжірибесінің іскерлігін қалыптастыруы (білім беру қызметі). Оқытудың екінші қызметі - Оқушылардың экономикаға көзқарасын қалыптастыру (тәрбиелеу қызметі). Ол балалар мен ересектерде объективті түрде қоршаған орта жөнінде ой толғауға мүмкіндік жасайтын білімдерінің

толығыуына қарай біртіндеп қалыптасады.

Адамның дамуы – бұл оның денесінің физиологиялық және психологиялық сипаттамаларының олардың ішіндегі ең бірінші ақыл-ойының сапалы дамуын білдіреді. Сонымен қатар, оқытудың кәсіби бағдарлау қызметінің де мәні зор.

Оқушының білімге деген ынтасына оқытушы әсерінің сәйкестігі. Бұл заңдылық баланың қоршаған дүниені тануға деген ықыласын жүзеге асыруға жағдай жасайды, мұғалімнің балаға өмірде қажет болатын, оларды қызықтыратын білімді берудегі белсенді ықыласын қажет етеді. Оқушылардың жеке және ұжымдық іс-әрекеттеріне оқытушының әсерінің сәйкес болу заңдылығы. Бұл заңдылық мұғалімнің, оқыту процесінде баланың айналысатын іс-әрекеттерінің әрбір түрінің оның қандай қасиетін талап етіп, сонымен бірге оны дамытып отыратынын түсінуіне мүмкіндік жасайды.

Жалпы заңдылықтар:

- оқыту талаптарына сәйкес оқыту процесін сәйкестендіру,
- ол білім беру, тәрбие және дамыту процестерімен байланысы,
- оқыту процесі оқушыны нақты оқу мүмкіндігін және сыртқы жағдайына тәуелді,
- білім беру мен оқу процесі заңды түрде өзара байланысты,
- оқытудың мазмұны ғылымның даму логикасы және деңгейіне, қоғамның талабын көрсететін міндеттеріне тәуелді,
- оқытудың әдістері мен құралдары және оқуды ынталандыру, оқу іс-әрекетінің бақылау және өзіндік бақылауды ұйымдастыру білім беру мазмұнына және міндеттеріне тәуелді,
- оқытуды ұйымдастыру формалары оқытудың міндетіне, мазмұнына және әдісіне тәуелді,
- үйлесімді жағдайға сәйкес оқу процесін барлап заңдылықтарын мен компоненттерін өзара байланысын оқытуды берік, саналы және іс-әрекетті нәтижелі қамтамасыз етеді.
- Оқытудың барлығына тән заңдылықтар қандай-да бір түрінде болмыс көрінес беруі сөзсіз:
- Оқу процесі оқытушымен оқушының мақсатына сәйкес болады, егер мұғалімнің іс-әрекеті оқылатын материалды меңгерту тәсіліне сәйкес келсе.
- Жеке адамды мақсатқа сәйкес оқыту бұл іс-әрекетке тікелей қалыптасуына байланысты.
- Оқыту мақсаты, оның мазмұны және әдістері арасында тұрақты тәуелділік бар; яғни мақсаты, оның мазмұнын, әдісін анықтайды, ал соңғысы мақсатқа жетудің шарты болып табылады.

Жалпы ретті қарама-қайшылықтар пайда болады:

- қоғамдық - тарихи білімдері көлемі мен оқушының оны меңгерген көлемі арасында;
- оқушының жеке танымдық іс-әрекеті және қоғамдық - тарихи танымы арасында;
- оқушының қол жететін даму деңгейімен оқыту барысында алға жетелейтін оқу міндеттері арасында;
- жеке ретті қарама-қайшылықтар пайда болады;
- бұрынғы білім деңгейі мен оны «жататын» жаңа білім арасында;
- білім мен оны біліктілікпен қолдану арасында;
- оқуға және оқытуға оқушыларды қол жеткен және қажетті қатынас деңгейі арасында;
- күрделі танымдық міндеттер мен соларды шешу үшін бұрынғы кемшіліктері әдістері арасында.

Қарама-қайшылық мазмұнды болған жағдайда ғана оқушылар үшін мәнді болып, оқытудың қозғаушы күші бола алады, ал, қарама-қайшылықтың шешімі – олардың анық ұғынулары керек қажеттілік. Оқытудың қозғаушы күші ретінде қарама-қайшылықтың болуы шартты – оқушылардың танымдық өрісіне сәйкестігі. Оқушылардың білімді тек қана «ұстап қалмауы», соған «тіреліп» қалмас үшін және өз беттерінше шешу тәсілдерін табу үшін, оқыту процесінің барысында логикаға сәйкес қайшылықтар алдын-ала әзірленуі маңызды.

Оқытудың принциптері оқыту процесінің заңдылықтарынан дамиды. Олар көп жылдық тәжірибенің қортындыланған түрі және қазіргі таңдағы мектептің жағдайларында оқыту процесінің өзіне тән ерекшеліктерін ескеріп отырады.

Принциптері – бұл педагогтың өзінің тәжірибелік іс-әрекетінде және мінез – құлқында басшылыққа алатын негізгі, бастапқы жағдайлары. Яғни, ұстанымның заңдылықтардан айырмашылығы, опың тұлғаға тәуелділігі: ол оны қолданады немесе оны қажет етпейді.

Ал, заңдылықтар тұлғаның еркіне тәуелді емес: ол оны тек қана іс-әрекетті ұйымдастыру барысында ескеруі мүмкін.

Оқыту принциптері – оқытудың мазмұнына, ұйымдастырылуына және әдістемесіне қойылатын талаптар жүйесін анықтайтын, негізгі жағдайлар. Оқыту процесін құрылымдауда оқытудың ұстамдарына сүйенуге міндетті болғандықтан, оларды» әр қайсысына жеке-жеке тоқталамыз.

Әдебиеттер

1. Айымбетов М., Бодаубай Б., Оразалинов С., Ақыпбекұлы Ө. Заң терминдерінің сөздігі – словарь терминов законодательства (казахско-русский и русско-казахский). – Алматы: Жеті жарғы, 2005.

2. The Oxford Russian-English Dictionary. Oxford – Moscow, 1997.
3. Сулейменов Ж.С. «Дифференциалдық теңдеулер» курсының оқытуда пәнаралық байланыстың алатын орны, ИФМ журналы, 2003 ж. № 3
4. Келбакиани В.Н. Межпредметные связи в естественно-математической подготовке учителей. - Тбилиси, 1997.
5. Ильченко В.Р. Перекрестки физики, химии и биологии. - М., 1986.
6. Кац Ц.Б. Биофизика на уроках физики –М.: «Просвещение», 1974.

АБАЙ – РЕНЕССАНСТЫҚ ТҮЛҒА

Тургумбаева Н.К.

Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанмен оның мұғалімдігі де жойылады.

К.Д. Ушинский

Білім берудің қазіргі жаңа құрылымымен оқу- әдістемелік мазмұнының өзгеруі- мұғалімнің өз кәсіби шеберліктерін шыңдауды, жаңартуы болып табылады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазіргі заманда жастарға ақпаратты техникамен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп атап көрсеткеніндей инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану жаңаша білім берудің бір шарты. Тұлғаға бағытталған оқыту – бұл педагогикалық қызметтегі методологиялық бағдар, ол өзара байланысты түсініктер, идеялар мен тәсілдер арқылы өзіндік тануын, өзін- өзі қалыптасуын және бала тұлғасының қабілеттерінің жүзеге асуын,оның қайталанбас даралығының дамуын қамтамасыз етеді және қолдайды.

Білім берудің қалыптасқан негізгі үш мақсаты бар екенін бәріміз білеміз. Олар, білімділік, дамытушылық және тәрбиелік. Мұғалім осы мақсаттарды әр сабақта белгілеп соларды жетілдіруге тырысады.

Жүсіпбек Аймауытов білім берудің мақсатын айқындауда былай деген екен: «мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудіңкөздейтін түпкі мақсаты – осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек».

Білім беру – қоғамдық процесс, ол арқылы алдыңғы ұрпақтың әлеуметтік маңызды тәжірибесі кейінгі ұрпаққа беріледі. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты

міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Бұл міндеттерді шешу үшін орта білім және кәсіптік орта білім ордаларында, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлықтай жаңа тәжірибеге, жаңаша қарым – қатынасқа өту жолында десек те болады.

Оқушыларға жүйелі білім беру және алған білімі негізінде іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру сияқты оқу процессінің негізгі мәселелері сабақ беру арқылы жүзеге асады. Сабақ – оқытудағы ең негізгі үрдіс. Оны есте қалдыру, оқушы санасына терең сіңіру әрбір пән мұғалімінің өзіндік шеберлігі, шығармашылық еңбегі мен талабын қажет етеді. Сабақты өткізудің тиімді әдістерін қолдану олардың сапалы болуына ықпал етеді. Оқушылар белгілі бір іскерлік және дағдыларды меңгеру үстінде төтесінен жұмыс жасайды. Бұлай жұмыс атқарған кезде шығармашылықпен ойлап, қабілеті жеткенше тұжырым жасауды үйренеді. Оқушыларда таным ойлау қабілеттері дамиды.

Оқытудың түрлі нысандарын қолдану оқушылардың білім Сапасын арттырады, өз бетінше ізденімпаздығы мен іскерлігі, дағдысы дамиды, оқу үрдісін үйлестіруге көмектеседі, мұғалімнің сабақ сапасын жақсартуға деген құлшынысын арттырады деп айтуда.

Ұстаздар қауымы қандай болмасын жаңалыққа құштар екеніміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық. Қазіргі кезде білім беру үрдісінде көптеген жаңа технологиялар тиімді қолданылуда. Мысалға айтсақ, модульдік технология, проблемалық оқыту, дамыта оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологиясы және тағы да басқалар.

Бұрынғы әдетке айналған оқу үрдісінде мұғалімге басымдылық роль берілсе, ал қазіргі жаңа педагогикалық технологияларда оқушы белсенділік көрсетуі тиіс, оқушыны оқытпайды, ол өздігінен оқып білім алады. Сол арқылы оқушы өз қажеттігін біліп, өз жолын таңдап, жетістікке жетуге мүмкіндігі туындайды. Мұғалім өз кезегінде әрбір оқушыны жеке қызығуын және қабілеттерін ашуға көмектеседі.

Гуманитарлық бағыттағы сабақтардың тиімділігін арттыру мақсатында қолданылатын әдістердің арасында сын тұрғысынан ойлау технологиясының алатын орны ерекше деп ойлаймын.

Сондықтан да мен сабақтың тиімді өтуінде осы технологияны

басшылыққа аламын.

Бұл бағдарламаның мені қызықтырғаны ол оқушының өзі ізденіп, дәлелдеуі. Ол бұрын тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойлаушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйым-дастырушы.

Жалпы бұл технологияның тарихына қысқаша тоқталсам, сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түк-пірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Стил, Куртис С. Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж. Пиаже, Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, “Сорос-Қазақстан” қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.

«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көз-қарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Белгілі ғалым Дайана Халперн «Сыни ойлау – ойлаған нәтижеге жету үшін танымдық техникаларды пайдалану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттап ойлану. Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен. Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде “Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту” бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Бұл бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді. Жаңа

технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мынандай міндетті шаралар орындалуы керек: сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек; оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру; әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау; үйрену барысындағы оқу-шылардың белсенді іс-әрекетін қолдау; кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау; оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдануда үш негізгі құрылымға мән береміз: қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой тоғаныс.

Мен білім жүйесін арттыруда әр сабақтарымдаосы сын тұрғысынан ойлау технологиясының элементтерін тиімді қолдананып келемін деп айта аламын.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде менсабағымда оқушылар арасында мынадай нәтежиеге қол жеткіздім:

- өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашады;
- бір-біріне құрметпен қарауға;
- өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасу дағдыларын;
- өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға;
- мұғаліммен еркін сөйлесіп;
- достарының ойын тыңдай отырып, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге;

Мен сабақ беру үрдісінде мынандай негізгі факторларды басшылыққа аламын:

- оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу тиімділігін арттыру;
- жекелей,жүппен,топпен жұмыс жүргізу.

Мұндай технологияны тиімді қолданудан біріншіден оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы арта түспек деп ойлаймын.

Өз ойымды мен Сәбит Мұқановтың сөзімен аяқтағым келеді: «үнемі сыйлы, қадірлі, сүйікті болып, шәкірттерімізді білім нәрімен сусындатып, белестерге жете берейік». Біз баланы жеке тұлға ретінде өздігінен дамуға итермелеуіміз керек. Себебі жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім алу арқылы өз бетінше дамуын қойып

отыр. Бұл мақсатқа жетуде өз бетінше жұмыстардың алар орны ерекше.

Әдебиеттер

1. Білім беру мекемелері қызметкерлерін ақпараттық – коммуникациялық технология саласы бойынша біліктілігін көтерудің ғылыми - әдістемелік негіздері. – Алматы, 2006.
2. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. Қазақстан мектебі, 1991, №6.
3. Байсеркеев Л. Формирование нравственно – правовой культуры у учащихся. // Поиск. Сер. гум. наук, 1997, №4.
4. Білім туралы. – Об образовании: Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: «Литера», 1999.
5. Назарбаева С. Өмірәдебі. // Білім – Образование, № 2, 2002.

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЙЫНДАУ САПАСЫН ЖОҒАРЛАТУ МАҚСАТЫНДА КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНАТЫН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ауеспаева А.А.

Өскемен экономика қаржы колледжі, Өскемен, Қазақстан

Қазіргі қоғамдық өзгерістердің қарқындылығы жаңа сипаттағы мамандарды қажет етіп отыр. Осыған орай қазіргі таңда еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан жұмыстардың басты мақсаты – ой-өрісі кең, дүниетанымы жоғары, осы заманға сай білім алуға және озық технологияларды игеруге мүмкіндігі бар жастарды азамат, маман және тұлға ретінде тәрбиелеу болып табылады. Ондай мамандар жиі өзгеріп отыратын әлеуметтік экономикалық үрдістерді талдай білуге, нарықтың бәсеке жағдайына сай шешімдер қабылдап, жүзеге асыра білуге тиіс. Осы жағдайларға байланысты оқу орнының ең бір маңызды міндеті кәсіби жағынан білімді де құзыретті маман даярлау болып отыр. XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Жаңашыл педагогтар оқушылардың көкірек көзін ашатын, зердесіне зеректік, біліміне біліктілік қосатын оқу-әдістемелік технологиялар ұсынуда, мысалы: Ш.А. Амонашвилидің - білім беруді ізгілендіру технологиясы мен И. Ильиннің оқыту жүйесі, Лысенкованың «алдын ала оқыту», Шаталовтың «интенсивті оқыту», Эрдниевтің «ірі блоктап оқыту, мәселелік оқыту, оқытудың белсенді әдісі», М. Жанпейісовтың модульді оқыту тәсілі мен В.М. Мона-

ховтың, Дьяченконың оқытудың ұжымдық тәсілі, профессор Ж. Қараевтың оқытуды дербестендіру мен дифференциялау және білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген жаңа педагогикалық компьютерлік технологиясы және т.б.

Мен жұмыс істеп жүрген колледжде он сегіз ұлт өкілінің студенттері дәріс алады. Орыс тілді студенттерді кәсіби қазақ тіліне үйрететін болғандықтан, жеке басымның өзекті әдістемелік тақырыбын: «Колледж студенттерін көпмәдениеттілікке тәрбиелеу» деп алдым. Мұғалім – үйрететін адам болумен бірге үйренуші де. Ол өз пәнінің зерттеушісі болуы керек. Сабақты бір сарынмен бере бермей, оқушыны жалықтырып жібермеу үшін ұдайы ізденіп, білім үрдісінің тиімді жолдарын қарастырып, жаңа технологиялардың элементтерін кеңінен пайдалануға тырысамын. Кәсіби қазақ тілі пәнінің күнтізбелік жоспары модуль бойынша құрылған. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан –2030» даму стратегиялық бағдарламасында»... біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» - деген. Отанын сүйетін, елімізге ұлтжанды, парасатты, саналы, сауатты, ол үшін күресе білетін мамандарды даярлап тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз болғандықтан, сабақтың басында «фонетикалық минут», этнопедагогика элементтерін қолданамын. Сабақ басталғанда тақтада жаңа тақырыпқа байланысты әртүрлі мақал-мәтел, өлеңнен үзінді (Отан, еңбек, білім, сыйластық, жауапкершілік тақырыбына, т.б) жазылып тұрады. Студенттер оны дәптерге тақырыппен бірге жазып алады. Сосын мақалды оқып, аударып, мазмұнын түсініп, орыс тілінде ұқсас мақалдарды еске түсіреді, қазақ тіліне тән дыбыстарды анықтап, сол дыбыстармен мысал келтіреді, мақалдағы сөздер арқылы грамматикалық ережелерді еске түсіреді. Мысалы: «Несиеге ет жесең, сүйегі ішінді жыртар»:1) **н**-үнді дауыссыз дыбыс; кең; тең; **ү**, **і**-жіңішке дауысты дыбыстар; үнем, кәсіп; 2) несие - түбір, ге – (неге?) барыс септік жалғауы; ет-түбір, сұрақ не? атау септік, тағы сол сияқты. Осы жұмыс арқылы студенттердің белсенділігін анықтаймын. Білімді терең игеру үшін оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, еркін сөйлеуге, ойын ашық айтуға үйрету, ой-өрісін кеңейту – оқытудың ең басты мақсаты болғандықтан, әр сабақта мамандыққа байланысты мәтіндерді таңдап, құрастырып аламын. Бұлардың көлемі, талаптары мемлекеттік стандарт талаптарымен сәйкестіруге тырысамын. Пән аралық байланысқа көңіл бөлемін, тақырыптардың бір-бірімен байланысына көңіл аударамын. «Экономист-есепші» мамандығына мынадай тақырыптар – «Ұлттық байлық», «Экономиканың өзекті мәселелері», «Бәсеке күресінің түрлері», «Бухгалтерлік есеп», «Ақша айна-

лымы» т.б. Бағдарламашы мамандығына - «Компьютер құрылысы», «Пернетақта», т.б. Маркетолог мамандығына – «Кәсіпорында маркетингті басқару», «Маркетинг-бизнестің өзегі». Термин сөздермен танысу: үнемдеу-экономить, есепші-бухгалтер, салық-налог, ұжым-коллектив, термин сөздердің аудармасын білген соң, сол сөздермен сөз тіркесін, сөйлем құрастырамыз. Сөздік диктант өткіземіз. Мұнда студенттердің сөздік қорын көбейтумен қатар, әр сөздің дұрыс жазылуы қадағалап тексеріледі. Әдетте оны студенттердің алдын –ала алған білімдерін тексеру кезінде қолданамын. Сұраққа дұрыс жауап беру: мәтіндегі сөйлемдерден сұраулы сөйлемдер жасаған тиімді деп ойлаймын. Өйткені, сабақта мен студенттерге өзбетінше мәтіндегі сөйлемдерге сұрақ қоюды тапсырып, оны тексерген кезде, әр студент бір сөйлемнен бірнеше сұраулы сөйлем жасауға болатынын көрсетеді. Сабақта студент мәтіннің бір сөйлеміне әр қырынан жауап берсе, сабақ аяғына дейін мазмұндауға дайын болады. Сұхбат құрау: «Банкте», «Өнеркәсіпте», «Жарнама бөлімінде», «Сауда орталығында», т.б. тақырыптарға сұхбат құрастырамыз. Студенттердің белсенділігі сонда, өздері өзбетінше қазіргі өмірдегі жағдайлардың алуан түрін көрсетуге тырысады. Мұндай тапсырма кезінде олар өмірдің жақсы жақтарын ғана емес, кейбір кемшіліктерді де көрсетеді. Ойын элементтерін пайдалану: компьютер, проектор, интерактивті тақтамен әртүрлі сайыс ретінде жаттығулар өте тиімді, жұппен, топпен жұмыстар, сөзжұмбақ, вен диаграммасы, ассоциация, блиц-турнир және тағы басқа студенттерге қызықты түрлерін қолданамын. Жаттығу жұмыстарының екі түрін (сөйлеу және тілдік) үнемі қолданып, әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп саралап, тапсырмаларды да әртүрлі деңгейде дайындап, оқушылардың білімін тексеруде көптеген тестік сұрақтарын компьютерде өткіземін. Осыған байланысты «Кәсіби қазақ тілінен студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне арналған мәтіндер жинағын» құрастырып, әр сабақта тілді игерудің бес түрін: оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым, сөйлесімді ескеремін. Осы технологияларды пайдаланудағы қол жеткізген жетістіктерім – оқушыларым мәтіндердің мазмұнын баяндап беруге, өз ойларын жеткізе білуге, ізденіп өз беттерімен немесе менің көмегіммен шығармашылық жұмыс істеуге, қосымша өзбеттерімен сабақ тақырыбына байланысты сөзжұмбақтар, буклеттер, презентациялар дайындап, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, орыс тілді студенттер арасында өткізілетін сайыстар мен әртүрлі іс-шараларға жиі қатысып, жүлделі орындарға ие болып, белсенділік танытады. ШҚО мемлекеттік тілді оқыту орталығы өткізген «Қанеки, тілім, сөйлеші!» сайысына қатысып Гладышева Ю. бас жүлдені ие-

ленді, Назарова О. ІІІ-орынға ие болды. Осы екі студентіміз «Қазақ тіліміз – болашағымыз ертеңіміз...» ШҚО мемлекеттік тілді оқыту орталығы жанындағы «Бірлік» пікірсайыс клубына мүше болып, әр мекемеден келген басқа ұлт өкілдері арасында болған дебатқа қатысып, өздерінің мемлекеттік тілді үйренудегі қабілеттерін көрсетті. Қайсанова Д. Семей қаласының Бизнес колледжінде өткізілген VII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып, марапатталды; Хамзин Н. Өскемен қаласының Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ-дың IT-колледжінде өткізілген қалалық ғылыми-теориялық конференциясына қатысып, марапатталды; Лазаренко Т. колледжде өткен студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты; Рахымова Д. және Манарбек М. қалалық «Хатшы» байқауына қатысып 3-орынға ие болды; Даулетбек Е. Өскемен қаласының ҚАЕУ-де өткен «Жаңа ғылыми бағыттар: қолданбалы зерттеуден инновацияға дейін» атты III халықаралық жас ғылымдар форумына қатысып, марапатталды; Запрягаев А., Рахымова Д., Панкратьева Д. облыстық «Жарқын болашақ» сайысында ІІІ-орынға ие болды; Өскемен қаласындағы этнос жастары арасында «Тіл-халық жанын танудың кілті» атты қалалық байқауға қатысып Гладышева Ю. бас жүлдені иеленді, Назарова О. алғыс хатқа ие болды.

Сонымен, жоғарыда айтылған сабақта жүргізілетін жұмыс түрлерінің барлығы студентті келешек мамандығына жақындату, іскер маман даярлау, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыру, кәсіби шеберлігін жетілдіру, бәсекеге қабілетті маман дайындау сапасын жоғарлатуға және әлеуметтік-кәсіпқойлық икемділігін қалыптастыруда көмегін тигізеді.

Әдебиеттер

1. ҚР Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. 2010.
2. Тілеужанов М.М. Халық тағылымы. – Алматы, 1999.
3. «Қазақстан кәсіпкері» № 2 (57) журналы. – Алматы, 2008.
4. «Қазақстан кәсіпкері» № 3 (70) журналы – Алматы, 2009.

ҚЫЛМЫСТЫҢ СУБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Мұхаметқалиева М.Қ.

ҚАЕУ колледжі, Өскемен, Қазақстан

Қылмыс құрамының субъективті жағы немесе басқаша айтқанда, қылмыстың субъективті жағын сипаттайтын құрам белгілері тұлғаның әрекет пен оның салдарына деген психикалық қатынасынан яғни, кінәнің заңгерлік анықтамасын көрсетеді. Сол себепті, қылмыстың субъективті жағы мен оны сипаттайтын құрам белгілерін (қылмыс құрамынан субъективті жағын) анық ажырата білу қажет. Бұл анықталатын нәрсе мен оның анықтамасы арасындағы айырмашылық. Анықтама анықталатын нәрсенің бүкіл мазмұнын ешқашан да толық жеткізе алмайды. Ол тек затты бөліп көрсетуге, оны ұқсас нәрселерден шектеуге мүмкіндік беретін заттың неғұрлым маңыздырақ қырларын ғана қамтиды. Сол себепті, қылмыстың субъективті жағын сипаттайтын құрам белгілері ешқашан кінә мазмұнын толық бейнелей алмайды. Олар қоғамдық қауіпті әрекеттің айыпты және айыпсыз жасалуын, түрлі қылмыстарды ажырату үшін, яғни субъектінің нақты қылмысты жасаудағы нақты кінәсін анықтау және сол арқылы қылмысты дұрыс саралау үшін критерийлер береді.

Құрамның субъективті жағының белгілері субъектінің психикалық қатынасының келесі қасиеттерін бейнелейді:

А) бұл сипаттағы қылмыстардың барлығына типтес әрі тән болатыны ;

Б) қылмыс пен қылмыскердің қоғамдық қауіпінің сипаты мен дәрежесін анықтау үшін маңызды болатын;

В) бұл қылмыс пен басқа қылмыстарды немесе қылмыстық емес әрекеттерді ажыратуда маңызы бар.

Заң шығарушы қылмыс құрамына қылмыстың субъективті жағын сипаттайтын қайсыбір белгілерді қоса келе, осы аталған ойларды басшылыққа алады.

Қылмыс құрамының субъективті жағының белгілері заң шығарушымен белгіленіп, қылмыстық заңда көрсетіледі. Дегенмен В.Н. Кудрявцевтің орынды айтып кеткеніндей, Кодекстің ерекше бөлімінің сәйкес бабының диспозициясында қылмыс құрамының әлдеқайда толық емес белгілері көрсетілген. Әдетте диспозицияда қылмыстың объективті жағының белгілері азды-көпті жан-жақты көрсетіледі, оның субъективті жағын сипаттайтын белгілер одан әлдеқайда сирек, ал қылмыстың объекті мен субъектін сипаттайтын белгілер - одан да сирек беріледі. Талданғанда, жай диспозициялар деп аталатындары да

болады, олар қылмыстан белгілерін ашпастан, оны тек атап қана қояды. Құқықтық нормаларды шығару барысында, барынша «үнемдеу тәртібінің» қажеттілігімен түсіндірілетін мұндай жағдай, олардың іс жүзінде қолданылуы барысында белгілі қиындықтар тудырады. Сол себепті, құқықтық норманы қолданудың алдында, осы құқық саласы жүйесіндегі оның мазмұны мен орнына қарай, оның түсіндірілуі, мазмұнының анықталуы орын алады.

Сонымен қатар бұл қылмыс құрамының белгілері құқықтық нормалардан, заңнаманың еркінен тыс орын алатындығын білдірмейді. Мәселен, В.Н. Кудрявцев былай деп жазады: «Қайсыбір қылмыс құрамының белгілері біреудің еркін шығармасы болып табылмайды. Сәйкес қоғамдық қауіпті әрекет адамзат қоғамында жүзеге асыратындықтан, бұл белгілер объективті түрде, біздің санамыздан тәуелсіз болады. Ал диспозиция - бұл адамдар шығармашылығының нәтижесі». Бұл жерде біздің ойымызша, қылмыстың нақты түрлерінің белгілері (расында да, объективті түрде болатын) мен заңнамамен белгіленетін және заңнан тыс бола алмайтын қылмыс құрамының белгілерінің араластырылуына жол берілген. Қылмыс құрамы заңнаманың «шығармашылығының нәтижесі» болып табылады, онда азды-көпті объективті түрде қылмыстың объективті түрде орын алған белгілері көрініс табады. Заң шығарушы еркінен қылмыстың қандай белгілерін құрамға бекітіп, сол арқылы қылмыстық жауапкершіліктің орын алуына жеткілікті деп мойындау қажет екендігі байланысты болады. Қылмыс құрамының субъективті жағының белгілері субъектінің санасы мен ерігінің объект пен объективті жақтың белгілерімен байланысын білдіреді. Бұдан маңызды тұжырым жасауға болады: нақты құрамды талдау барысында, субъективті жақтың қайсыбір белгісі қылмыстың қандай объективті белгісімен байланысатындығын дәл анықтап алу қажет. Бұл ережені жоққа шығару, қылмыстың қайсыбір объективті белгісін заңға сәйкес сипаттайтын субъективті белгіні басқа белгілерді немесе түгелдей объективті жақты сипаттауға ауыстыру - қылмысты саралауда күрделі қателер төндіру мүмкін. Осыған орай, жасырын ниеттің жалпы анықтамасын Ерекше бөлімнің нормаларына қатысты қолданудың Б.С. Никифоров қалыптастырған ережелері үлкен қызығушылық тудырады. Белгілі өзгертулер мен түзетулер енгізілген мұндай ережелер абайсыздықтың жалпы анықтамасын қолдану барысында қолданылуы мүмкін. Әйтсе де, Б.С. Никифоровтің айтылған пікірлерінің барлығы бірдей біздің ойымызша, даусыз бола бермейді, олар үлкен ғылыми және тәжірбиелік құндылыққа ие, себебі, құрамның субъективті жағының мазмұнын анықтаудың ғылыми, объективті тәсілін белгілеуге бағыттайды. Онда

мұндай объективті тәсілдің негізгі алғышарттары дұрыс көрсетілген:

А) құрамның объективті және субъективті белгілерін анық ажырату;

Б) құрам құрылымы мен оның объективті белгілерінің ара-қатынасын анықтау;

В) құрамның объективті және субъективті белгілерінің дұрыс ара-қатынасын орнату;

Г) түрлі объективті белгілерге деген субъективті қатынастың сипатын анықтау барысында заңды қатал ұстану;

Қылмыстық кодекстерде қылмыстық субъективті жағын суреттеу үшін кінә нысанына (жасырын ниетке немесе абайсыздыққа) көрсету қолданылады, субъективті жақты сипаттайтын мақсат, ниет, кенет пайда болған көңіл толқуы (аффект), әдейілік, қастық, ұқыпсыздық сияқты белгілер, сондай-ақ, «белгілі», «білген», «айқын», «ерікті», «өз бетімен» сияқты белгілер айтылған.

- Қылмыс құрамындағы кінә нысаны оның барлық белгілерін талдау және оны ұқсас құрамдармен салыстыру арқылы анықталуы мүмкін.

- Жасырын ниеттің болуын құрамның ниет, мақсат, әдейілік, қастық және т.б. сияқты белгілері дәлелдей алады, әйтсе де, олардың кейбіреулері абайсыздықты да жоққа шығармайды.

- Бірқатар жағдайларда қылмыстардың сипаттамаларының өзі олардың қатысуымен қылмыс жасалуы мүмкін кінә нысаны жөнінде айтады. Мәселен, ұрлау, пара алу мен беру, қайсыбір қылмыстарды ұйымдастыру және т.б. тек қасақана жасалуы мүмкін: немқұрайдылық абайсыздықтың болуын болжайды.

- Қылмыстың қасақана сипатына оның жасалуына зорлық, алдау, қауіп-қатер төндіру сияқты тәсілдері көрсетеді. Әдетте жасырын ниеттің болуын ұқсас әрекеттерді жасағаны үшін айыппұл салғаннан кейін, құқыққа қайшы әрекеттерді қайталап немесе бірнеше рет жасау дәлелдейді.

- Сараптамада кінә нысаны жөніндегі тұжырым құрамының объективті жағы бойынша ұқсас қылмыстарды салыстыру арқылы жасалуы мүмкін.

Заңнамада бес құрамда «ұқыпсыз» термині пайдаланылады. Қылмыстық құқық ғылымында ұқыпсыздық пен абайсыздық түрлерінің бірі саналады. Дегенмен көрсетілген құрамдарда «ұқыпсыздық» термині негізінен, қылмыстың объективті жағын сипаттайды: олардың барлығы ұқыпсыздықпен де, менменділікпен де жасалуы мүмкін, ал ауыл шаруашылық техникасын қылмыстық – ұқыпсыз қолдану немесе сақтау қасақана жасалуы мүмкін. Жалпы қабылданған мұндай тер-

миннің бұлай қолданылуы сәтсіз болып көрінеді, бұл заңның дұрыс түсіндірілмей қолданылуына әкелуі мүмкін. Егер құрамда талдаудың барлық әдістерін қолдана отырып, кінәнің нақты нысаны жөнінде тұжырымға келу мүмкін болмаса, сәйкес қылмыс қасақана да, абайсыз да жасалуы мүмкін болатындығымен келісуге тура келеді. Егер құрамдардың басым көпшілігінде кінә нысаны тікелей көрсетілмеген болса, құрамның талдауы еш қиындықсыз дұрыс тұжырымға әкеледі, жеке жағдайларда бұл мәселенің шешілуі қиындықтар мен қайшылықтар тудырады.

Қасақаналық. Қасақаналықтың кінә нысанына қандай әсер ететіндігі және бұл белгінің қылмыстың субъективті жағын суреттеуде қандай рөл атқаратындығы жөніндегі мәселені шешу барысында, оның қандай объективті белгілерге жататындығын, басқаша айтқанда, мұндай құрамның болуы үшін, айыптыға қандай нақты жағдайлар анық белгілі болуы тиіс екендігін анықтап алу қажет. Қасақаналық айыпты әрекеттерінің нақты сипатына (таратылатын мәліметтердің жалғандылығы), жасалатын әрекеттердің құқықтық мәніне (шығарылатын үкімнің әділсіздігі), салдардың алдын алу мүмкіндігіне, қылмыстан жәбір көрген тұлғаның қасиеттеріне заңмен талап етілетін әрекеттерді жасау мүмкіндігіне қатысты болуы мүмкін. Бұл жерде қасақаналық тұлғаның бұл жағдайларға интеллектуалдық қатынасын ғана сипаттайды.

Қылмыстың нақты құрамдарының субъективті жағын талдау барысында қылмыс жасалуы мүмкін кінә нысаны жөнінде ғана емес, бұл құрамның түрлі объективті белгілеріне деген психикалық қатынасының сипаты жөнінде де болады. Кейде бұл қатынас заңда қасақаналықты көрсету жолымен анықталады. Бірақ жағдайлардың көпшілігінде заң мұндай психикалық қатынастың сипатына ешқандай сілтеулер жасамайды. Әдебиеттерде де бұл мәселе өзінің айқын тәжірибелік мәніне қарамастан толық шешімін таппаған. Г. Кригердің пікірі де сенімсіз болып көрінеді, ол былай деп көрсетеді: «қасақана әрекет тұлғаның өз әрекеттерінің қоғамдық қауіпті салдарын ұғынуды болжайтындықтан, әрекеттің қоғамдық қауіптілігіне әсер ететін барлық жағдайлар тұлғаға белгілі болуы тиіс». Ол қасақана қылмыстарды жасау барысында тұлға білмеген, бірақ білуге мүмкіндігі мен міндеттілігі болған жағдайларды жүктеу - «орынсыз болып табылады және объективті кінә артудан басқа ешнәрсе де емес» деп санайды. Бұл тұжырым, біздің ойымызша, еркін болып табылады әрі заңнан шықпайды. Жасырын ниетке тән болып табылатын әрекеттің қоғамдық қауіпін ұғыну бұл әрекеттің, әсіресе құрамның сараланатын белгілеріне қатысты жеке жағдайларын ұғынудың болмауы бары-

сында да орын алуы мүмкін. Егер кінәнің қасақана нысаны субъектінің қылмыстың барлық объективті жағдайларын міндетті ұғынуды болжай алса, қасақана қылмыстардың құрамдарында әдейілікке көрсету мүлдем артық болар еді. Жоғарғы Сот өзінің жетекші қаулыларында көріп отырғанымыздай, кейбір жағдайларда айыпты мұндай жағдайларды ұғынуы тиіс (мысалы, адамдардың көпшілігінің өміріне қауіпті өлтіру тәсілі), ал басқа бір жағдайларда субъектінің мұндай жағдайларды ұғыну мүмкіндігінің өзі жеткілікті екендігін (зорлау барысындағы жәбірленушінің жасы) басшылыққа алады.

Бұл жерде қандай да бір ортақ ережелер қалыптастыру мүмкін бе, әлде мәселе әр жағдай үшін бөлек шешілуі тиіс пе? Бұл мәселені шешу барысында келесілерді ескерген жөн.

1. Көрсетілген жағдайларға деген психикалық қатынас (сараланатын салдардан басқа) келесілерде көрініс табады.

А) олардың болуын анық білуде;

Б) олардың мүмкінділігін, жоққа шығарылмайтындығына ұғынуда

В) олардың болуын ұғынудың міндеттілігі мен мүмкінділігінде.

Субъектінің еріктік қатынасының түрлі нұсқалары қылмыстарды тек салдарға қатысты саралау үшін ғана маңызы болады.

2. Кінәнің абайсыз нысаны бар құрамдарда бұл жағдайларға деген қатынас оларды ұғынудың міндеттілігі мен мүмкінділігінде көрініс табуы мүмкін, дегенмен субъектінің олардың кейбіреулерін білуі жоққа шығарылмайды.

3. Кінәнің қасақана нысаны бар құрамдарда негізгі құрамның белгілері болып табылатын объективті жағдайларға деген қатынас жасырын ниет мазмұнына кіреді, демек айыпты олардың болуын ұғынуы немесе ең болмаса жоққа шығармауы тиіс (егер заңда басқаша айтылмаған болса).

4. Саралаушы жағдайларға келетін болсақ, онда:

А) тек мұндай жағдайларды ұғыну мүмкіндігі, оларды ұғыну барысында басқа қылмыс құрамы болған жағдайда орын алуы мүмкін, бұл ең алдымен, қасақана қылмысты саралайтын ауыр салдарға қатысты болады;

Б) тек мұндай жағдайларды ұғыну, бұл жөнінде заңда әдейілік баса көрсетілген немесе жағдайдының өзінің сипатынан шығатын кезде мүмкін болады (мысалы, қасақана қылмысты саралайтын оның жасалу тәртібі);

В) қалған жағдайларда біздің пікірімізше, айыптының бұл жағдайларға деген психикалық қатынасының түрлі нұсқаулары мүмкін болады.

ЖАНАТ ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МИФТІК САРЫН

Абенова Қ., Мұқашева М.Қ.

ДБА Жамбыл атындағы ОММГИ, Өскемен, Қазақстан

Әлбетте, әр заманның өз жыршысы болуға тиіс. Ұлы ақындар ұлт өмірінде өшпес із қалдырып, жырлары мәңгі жасайды. Солай бола тұра әр заманның сыры бөлек, ендеше жыры да бөлек қой.

Жаңарған заман, өзгерген қоғам сияқты жаңа ақындар да көктен түскен, ғажайыптан пайда болған жоқ. Абай, Махамбет, Мағжан, Ілияс дәстүрін дәріптеп, қазақ өлеңінің жұлдызын жарқыратып, көкке көтерген: Қасым, Ғафу, Жүмекен, Мұқағали, Фариза, Тұманбай, Қадыр сынды саңлақтардан қара үзіп кетпесе де, жаңа ақындарға із салған кешегі Кеңшілік, Жұматай, Жарасқан, Темірхан, Мұхтар, Иранбек, Исраил, Ұлықбек, Есенғали. Осынау кешегі жас, бүгінгі бас ақындардың тынымсыз ізденістері, құдай берген құдірет дарындары нәтижесінде қазақ поэзиясына жаңа ақындардың тегеуірінді легі келіп қосылғаны анық [1, 9 б.].

Жанат Әскербекқызы - әдебиетке 80-90 жылдарында келген поэзиядағы жаңа буын өкілі. Ол ұрпақ ұлттық дәстүрлерді ғана емес, әлемдік үздік үлгілерді жақсы игерген, әдеби дайындығы, эстетикалық талғамы аса мол толқын. Бұл қатардан біз білгендей: Нұрлан Мәукенұлы, Светқали Нұржан, Сабыр Адай, Гүлнар Салықбаева, Маралтай Райымбеков сынды дарынды ақындар шықты. Осы топтың ішінде ерте көзге түскен, студент кезіндегі өлеңдерімен оқырманды жалт қаратқан – Жанат Әскербекқызы [2, 1 б.].

Жанат Әскербекқызының поэзиясының бір ерекшелігі мен өзіндік қыры мифтік сарынның кең өріс алуында жатыр. Халқымыздың фольклорында кездесетін мифтік сарынды, ондағы тылсым күш иелерін ақын поэзиясынан кездестіріп, табиғаттың жұмбақ күшімен тілдескендей күй кешерміз. Ақынның ғарышпен тілдестірген жырлары - құпия сырға толы. Табиғаттағы дүниенің бәрі бірдей деген мифтік санадағы халық ұғымы ақынның ғарыш жырларында өзіндік қолтаңбасымен өрнегін тапқан.

«Ғарыш билер ғұмырымды...», «Ғарыш мені тылсымына сіңірді...», - деген Жанат ақынның көңіл-күйі, ой-арманы, жан сезімі ғарыш жырларында сырласу, мұңдасу сарында жазылған. Тылсым күшпен тілдескен ақын үні:

Жүріп келемін...

Көлеңкем күліп келеді,

Күлкіге арбалып,

Ұры ойлар үміттенеді,
Көңілім көзін көк жаққа аударды бір сәт,

Тәкаппар Ғарыш тым маңғаз... біліп пе нені [2, 60 б.], - деген жолдарда жаратылыстың да жаны бар деген мифтік ұғым арқылы астарлы ойды түйген ақынның ғарышпен тілдескен үні жатыр.

Жалпы Жанат ақынның жырларын оқи отырып, ақынның өзіне тән болмысын, өзіндік қолтаңбасын тани түстік. Ақын мен табиғаттың біте қайнаған бірлестігін, олардың өзара үндесіп жатқандығын байқадық. Соның бір ерекшелігі ақын поэзиясында халық фольклорында көп кездесетін мифологиялық әлемге сапар шеккендей күй кешерсіз.

Ақынның: «Перінің қызы екенмін...», «Пері қызы шыққандай серуенге...» - деген жолдардағы лирикалық қаһарманының пері қызы болуының өзінде мифтік сарын жатыр.

Пендеге ғашық пешенем,
Перінің қызы екенмін...
Пері емей енді немене,

Пенде ішіндегі саяқпын, - деген жолдарда ғашық жүрек, албырт сезімнің кестелі сөз оралымдарымен берілуі ақынға ғана тән қасиет. Енді бірде:

Жабырқатып тағдырдың жегі күзі
Содан солып қалған-ау тегі, жүзі,
Қары кете үйіріліп бұлт боп қонып,
Жұбатады беймәлім пері қызы.

Бұлт бүркеген дидарын тамұқ қамап,
Айналып кеп пері қыз тамшы үзеді... [2, 14], - деп жабырқаққан көңілді жұбатқан пері қызымен кездесеміз.

Ақынның мифтік әлемді суреттеудегі бір шеберлігі – ертегі әлемін, ондағы ертегідегі мифтік бейнелердің поэзиядағы көрінісінде жатыр. «Ертістің бойы» өлеңі – нағыз мифтік әлемнің ордасындай. Ақынның асқақ сезімі мифтік әлемді табиғатпен жандандыра тірілте түседі:

Ертістің бойы ертегі ме еді,
Жезтырнағы бар жез жүрек.
Үрейлі күйді шертеді желі
Сұмдық бар жалғыз көзді деп.
Толықсып тоғай тербелер баяу
Шайылып тәні жаңбырмен,
Ертістің бойы мекенім еді,

Мыстанға кез боп қалдым мен... [3, 31], - деген жолдардың ұлттық бояуы айқын, нағыз ертегі әлемінің кейіпкерлерін құтты мекенмен аастастыра отырған, мыстанға кез болған ақынның күдік сезімі

көркем суреттелген.

Жүріп келемін...

Кергіген таулар кеудесін жолыма тосты –

Ертегідегі Таусоғардың бір керек көмегі... [2, 60], немесе, енді бір жырларында «Ер Төстік» ертегісінің кейіпкерлерімен тілдескендей күй кешерсіз:

Пендеге айтпа өкпені,

Перінің қызы Бекторы...

Шаңына көміп кетті ме,

Шалқұйрық мінген бір жігіт...

Сорқұдық кімге сор мекен,

Сорлы жер, сірә, шерге тең.

Төстіктей ерді қай күні

Шыққыр да көзің көрді екен?!

Кенжекейдейін арудың

Кердендейтұғын жөні бар [2,86],- деген жолдарда халқымыздың мифтік наным-сенімінің, ырымға сенуінің ізі жатыр.

Қазақ фольклорында кезігетін мифтік бейне – мыстан, шайтан ақын поэзиясында табиғаттың жанды күшіне айналғандай. Мәселен,

Мыстан аяз да көгеріп, тыртысып апты,

Кәріне қыстың болбырлау жұрт ұшырапты... [4, 22], - деген жолдардағы көркемдеуіш құралдар жинақы, суреттеу тәсілі көркем берілген. Адам санасындағы мифтік образдар мен табиғаттың бірлестігін ақын шебер бере білген:

Мыстан мен шайтан ымдасып,

Мазақ қылғандай түнді бұл.

Мыстанның зәрлі мысқылы,

Ызғар боп шалды ақ тәнін.

Шайтанның сұмдық ұсқыны

Тәрк етті түннің тәтті әнін [4, 39].

Жалпы ертегідегі мыстанның бейнесінің қаз-қалпында сақталуы, түннің тәтті тыныштығын бұзған шайтанмен ымдасуы – мифтік сананың табиғатпен, ақынның жан-дүниесімен ұштасуы шеберлік дер едік.

Сондай-ақ, ақын жырларын оқи отырып, сақ-сақ күлген сайтанмен, жыртындаған жынмен кездесерміз:

Сайтан күледі

Сайдан,

Еске ашады майдан.

Жарық жақындар сәтте

Бір үн жеткендей Айдан [2, 59].

Түнге жылап,
Күнге күліп
Жүрмін.
Жыртыңына жүйкем құрып
Жынның [4, 190].

Халқымыз көне замандарда аспан пен адамның арасындағы тылсым күштің барлығына сенім білдіріп, табиғаттың тылсым күштеріне табынған. Осынау күштің иесі – бақсылар деп танып, олардың бақсылық сарынында құдіретті күш бар деп сенген.

А.Ә. Қоңыратбаев былай дейді: «Бақсылар сарынында магия, шаман, ислам ұғымдары араласып жатады. Соның ішінде ата-баба батырлар аруағына сыйыну сарыны күшті» [5, 18], - десе Қ. Жұбанов: «Табиғаттан тысқары сыртқы бір күштер мен адамның астарласуына керек болған магиялық бір бөлшек екенін көреміз», - деген пікір айтады.

Арғы-бергі дәуірдің бақсыларының бірі – Қорқыт. Халықтық мифологияда Қорқытқа байланысты айтылатын мифтік оқиғалар көптен саналады [5, 18].

... Бақсының сарыны –

Аспан астындағы бұл сарын..., - деп жырлаған Жанат ақынның жырларынан бақсының сарыны, қобызымен күй тудырған Қорқыт туралы былай делінген:

Қаз қанатына қолым жетпеді
Қорқыттан қорқып қаңқылдап ұшқан.
Ойымнан үрей... өлім кетпеді,
Құлағым тұнды қарқыл-дауыстан.
Қобыздың үні күңіренеді,
Қорқыт арманды шер қылып төгіп.
Қаз қанатына ғұмыр ереді,

Үміт, күдікті тең қылып керіп, - деп [2, 53], мәңгілік өмірді іздеген Қорқыттың күңіренген күйі тылсым күшке толы, үнін арманды шер қылып шерткізеді.

Халық фольклорында көп айтылатын мифтік сарынды эпостық жырлардан да байқаймыз. Ауыз әдебиетінде кездесетін ертегі, эпостық жырлардың өн бойында халқымыздың көкте тәңір және жер асты әлемінде де тіршілік бар деген нанымы жатады. Жанат Әскербекқызының «Ту сыртымнан Көкжорға кісінейді» өлеңінде Төлегенді сарыла тосқан Жібектің сезімін:

Ту сыртымнан Көкжорға кісінеді,
Кісінеді кімді еске түсіреді.
Иесінің жоқтығы - өңім еді.

Ту сыртымнан Көкжорға кісінеді... [3, 5], - дейтін өлең жолдары бас-талысымен-ақ әрбір қазақтың танымындағы трагедиялық оқиға елес беріп, жорыққа кеткен Төлегеннің шылбырын сүйретіп, иесіз жеткен атының суреті көз алдына келеді.

Жалпы, Жанат Әскербекқызының қай туындысын алмаңыз, халықтық дәстүр, ұлттық бояуы басым. Табиғат пен адамның тұтастығын жалаң суреттемей, көркемдегіш тәсілдер арқылы бере білген. Ақын-ның табиғат құбылысы Айға арналған туындылары біршама.

Ш. Уәлиханов ай туралы былай дейді: «... ай қазақтарда қасиетті планета болып саналған. Қазақтар жаңа айдың туғанын көргенде тәжім етеді... қазақтар айды құрметпен ауызға алады...», - деп жазады. Осындай мифтік санада қалыптасқан дәстүрді ақынның жырларынан да байқаймыз.

Бабаларымыз қасиет тұтқан Аймен ақын сырласады, аймен мұңдасады. Ақын былай дейді: Тамыз айында тым қашықтағы ауылыма сапар шектім. Пойыздан түскен соң да жеңіл машинамен талай жол жүру керек. Кештене шыққанбыз... Көп ұзамай қараңғылық түсіп кетті. Әлі көп жүру керек... «Халің қалай?» деп, жұлдыз біткен жамыраса бастап еді, Айдың сабырлы да, салқын әрі өктем үні оларды сап тыйды. Оң қапталымда, биікте, бір қырынан жайғасып алған Ай қалмай ілесіп келеді, тоқталмай әңгіме айтып келеді... Бір сәтте мен өзімді ауылыма қарай Ай жетелеп әкеле жатқандай сезіндім... Қараңғылық қоюланған сайын Ай айқындала түсті. Менімен бірге жүріп келеді... Жүзіп келеді... Айтқан әңгімесі де тым қызықты, мұңды, тым әсерлі...

Ай: Жерден аттанғандар
Дүниеден жоқ болғандар
Маған келеді,
Шаршап, шалдықпай,
Аман келеді...
Мен: Жарықты сүйемін-
Сен де жарықсың.
Налып жүр едім –
Сен де налыпсың,
Айым...
Тілдескім келеді
Тылсым үндермен.
Құлағым тұнды

Күрсінуден... [2,47], - деп бабаларымыз пір тұтқан қасиетті Аймен тілдескен ақынның табиғаттың тылсым күшімен сырласқан сәтінің куәсі боламыз.

Жалаңаяқ жұлдыз кештім, жұбым - Ай,
Маңдайымнан ғарыш желі өбеді... - немесе,
Ішкі дүнием – Ай тұтылған түн - әлем,

Қараңғылық, қадамыма құмар ең, - [2, 56], - деген жолдарда тіршілік атаулыдан биікте тұрған Ай ақынның ішкі жан-дүниесінің айнасы іспетті, ақын аймен сырласады, өзін ғарышпен тілдестіріп тұрған Айға табынғандай күй кешеді.

Ғарышпен тілдестірген ақынның асқақ сезімді жырлары енді бірде табиғаттың сыңарында, жаздай жадырап, күздей сарғайған, көктемдей көктеген ақынның көңіл-күйі табиғаттың бір бөлшегіндей.

... Жердегі мына менің көңіл күйім –

Ақ бұлт, қара бұлт, қызыл бұлт [4, 52], - деп көңіл-күйін табиғатпен үндестірген ақынның суреткерлігіне тәнті боламыз. Енді бірде ақын табиғатқа жан бітіріп, орайлы метафораларды сәтті қолданады. Мәселен,

Ай жатыр. Жылжымайды,
Түншығып кім жылайды...
Етегін қымтай түсіп,
Түн-әйел тұнжырайды [2, 13 б.].

Табиғат пен адамды ежелден бір деп түсінген халқымыздағы мифтік ұғымды ақын өзіндік қолтаңбасымен даралана сипаттайды. Ақын - табиғатпен егіз, өзінің ішкі жан-дүниесін табиғатпен астастыра суреттейді:

Күн мұңайды- күндемедім ,
Түн жылайды – түндемедім,
Түнжырайды терезем де,

Түсінерін білген едім... [4,42], - деген жолдарда ақынның сезімі табиғат құбылысымен өрнектелген. Енді бірде ақын табиғаттан қуат алып, табиғатқа жан бітірген жырларында:

Сыңғырлаған үніне құлақ түріп,
Би билейтін гүл біткен... жылап тұрып,
Әуенімен келгендей ән салғысы
Танытатын еркелеп құрақ қылық. [3,17], - немесе,
Аспан күрсінді...

Таулар шошынып,
Қалды тосылып...

Жұлдыз... дірілдеп,

Сөйлер күбірлеп, - деген жолдарда лирикалық кейіпкердің ішкі

әлемінің жан-дүниесін байқаймыз.

Жанат Әскербекқызының поэзиясындағы мифтік сарынды қарастыра отырып, ақынның мифті сипаттаудағы тәсілдерінің бірі – метафораларды атап өткеніміз жөн. Жалпы табиғатты адаммен байланыстырып, балау мифтік танымға тән. Осынау үндестікті ақынның:

Күллі әлем – күл,

тіршілік –гүл

Түпсіз аспан күрсініп тұр. [3,84], - деген жолдарынан көреміз.

Мың жапырақ – мың үміт,

Жатыр жерге жығылып,-деген жолдарда табиғат құбылысы мен ақынның ішкі-сезімінің астасып жатуы, үміттің жапыраққа балануы, оның үзіліп түсуі - адамзаттың ішкі рухының көрінісі.

Қазақ поэзиясының шыңына айналған Абай, Мағжан сынды ақындарымыздың поэзиясында кездестірген автометафораны Мұқағали, Төлеген т.б ақындарымыз жалғастырды. Осынау дәстүрді Жанат ақынның поэзиясынан кездестіреміз:

Өртеңге өскен гүл едім,

Өксумен семіп, жүдедім...

Түнерген мұңлы түн едім,

Түнере жүріп, түледім.... немесе,

Көмейден ұшты бір ән жыраққа,

Жанымды қайтіп алып қалармын,

Китіңқараға – Сыбанбұлаққа

Бұлт болып... кейін барармын... [2,5], - деген жолдардағы автометафоралар арқылы ақынның жан-дүниесін, болмысын танимыз. Осынау мифтік құбылушылықты ақын поэзиясынан кездестіреміз:

Алты құсқа айналған,

Алты қыздың зарын-ай!

Қара жерден қайғы алған

Жарым көңіл налыды-ай...

Алтай үнсіз тыңдады,

Басы-қайғы, шер – қойын.

Алты қыз жоқ... аңыз бар,

Алты құс боп жылаған [2, 35], - деген жолдарда ақынның аңызға сүйенуі, метафоралардың орайлы берілуі, көркемдегіш тәсілдерді шебер қолдануы арқылы табиғатпен мұңдасуының куәсі боларсыз. Жалпы, ақынның поэзиясын оқи отырып рухани тазалықтың дәмін татарсыз. Табиғаттың тылсым күшімен үндескен ғажайып әлемнің сырын танисыз. Асқақ арман, сыршыл сезімге тұнған сұлулықты танимыз. Өз оқырмандарын ғарышпен сырластырған ақынның поэзиясы – сыршыл, асқақ, ғажайып сұлу, өміршең поэзия.

Әдебиеттер

1. Төрт ана.- Алматы: «Білім», 2002.
2. Әскербекқызы Ж. Қаз қанатындағы ғұмыр. - Алматы, 2008.
3. Әскербекқызы Ж. Қаракөз-бұлақ. - Астана, 2001.
4. Әскербекқызы Ж. Көк түріктер әуені. - Астана, 2002.
5. Әскербекқызы Ж. Миф және қазіргі әдебиет. - Астана, 2012.

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ТҮСІНІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ

Тюлюпергенева Р.Ж.¹, Оракбаева М.К.²

¹С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, ²Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Қазіргі кезде бүкіл әлемде толеранттылық мәселесі неғұрлым өзекті мәнге ие болып, барлық саяси және діниаралық форумдарда адамдар арасындағы қатынастарда шыдамдылықты қалыптастыру мен татулық туралы жиі айтылып жатыр. Өйткені, ұлттар мен діндер арасындағы қақтығыстар елдерде соғыс, діни қудалаушылықтар мен зорлық-зомбылық, ланкестік, ұлтшылық тудыруда. Сондықтан біздің елде ғана емес әлемдік деңгейде де толеранттылық мәселесі әсіресе соңғы он жылдарда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сол себептен де 1995 жылы 19 қарашада ЮНЕСКО-ның бас конференциясының шешімімен «Толеранттылық ұстанымдарының декларациясы» бекітілді [3].

Қазіргі уақытта Қазақстан елінің құрамына 100-ден астам ұлттар мен ұлыстар кіреді, олар бірнеше діни-конфессионалдық бірлестіктерге біріккен. Осындай әртектілік жағдайында әлемді алаңдатып отырған ұлтаралық, дінаралық қақтығыстарға ұшырамай, халықтардың бейбіт қатар өмір сүруіне «толеранттылық» рөлінің маңыздылығы зор.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050 стратегиясы» бағдарламасында «Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек» деп айтқан.

Еліміздің іргетасының негізі қалана бастағаннан бастап «толеранттылық» мәселесі туралы президентіміз Н.Ә. Назарбаев халыққа айтқан жолдауларында бастау алған, әрі мемлекетімізде зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас ерекшеліктерінің қалыптасуы мен әр түрлі ұлттардың бірлікте, достықта, бейбітшілікте және татулықта өмір сүруінің кепілі «толеранттылық» болып табылады деген.

Сондықтан «толеранттылық» мәселесі қазіргі заманның бүгінгі күн тәртібінен түспей тұрған көкейтесті мәселелердің бірі болып табылады.

«Толеранттылық» өзбеттілік ұғым ретінде Қайта өрлеу дәуірінде пайда болды, сол уақыттан бастап мәдениеттің фундаменталды компоненттерінің бірі болып қала береді. Ең алғаш бұл ұғым Дж. Локттың «Письме о терпимости» еңбегінде қолданылды. Дж.Локк өзінің еңбегінде «толеранттылық» ұғымына талдау жасап, қоғамға «кеңпейіл», «мейрімді ерік», «мінездердің жұмсақтылығы», «шыдамды» болуға мүмкіндік беретін құндылықтарды қалыптастыру қажеттілігін айтты.

«Толеранттылық» ұғымының этимологиясы латынның «tolero» етістігі - шыдау, төзу, көндігу мағынасын білдіреді. Латыннан бұл түсінік басқа тілдерге ауысты. Толеранттылық ағылшын сөздіктерінде «tolerance» - басқалардың ойларына, сенімдеріне, дәстүрлері мен мінездеріне шыдамдылық танытып, толерантты қабылдау біліктілігі дегенді білдіріп, «дінді сыйлау», «діни еркіндікке жол беру» ретінде түсіндіріледі. Француз тілінде «tolerance» басқалардың саяси әрі діни көзқарастарын, мінез құлықтарын, ойлары мен еркіндігін сыйлау ретінде түсіндірілсе, ал қытай тілінде толерантты болу ол басқаларға кеңпейілдік көрсету боып табылады. Ал парсы тілінде «толеранттылық» ұғымы татуласуға даяр, төзімділік, шыдамдылық ретінде түсіндіріледі. Испан тілінде «tolerance» өз пікіріне қайшы келетін идеялар мен пікірлерді қабылдау қабілеті» деп көрсетілсе, немісше-орысша сөздікте «tolerant»- біреудің пікіріне шыдау, ал араб тілінде кешіру, жұмсақтық, жан ашу, шыдамдылық, басқаларға жақын болу дегенді білдіреді. «American Heritage Dictionary» деген американдық сөздікте «толеранттылық» бұл басқа адамдардың әрекеттері мен сенімдерін мойындау және сыйлау, мойындауға қабілеттілігі ретінде түсіндіріледі.

Қазақ тіліндегі сөздіктер мен энциклопедияларда «толеранттылық» ұғымына әлі күнге дейін түсіндірмелі анықтамалар жарияланған жоқ. Алайда, «толеранттылық» ұғымы қазақ тілінде «төзім» сөзі «шыдам», «сабыр», «тағат» мағынасында қолданылады. Яғни, «төзімді болу» - басқаға, оның ісіне, құбылыстарға шексіз төзу, шыдауды білдіреді.

Енді әртүрлі тілдердегі сөздіктерді салыстыру негізінде толеранттылық - адам құқығы мен тұлғаға сыйластық және құрметтеуге негізделген қағидалар жүйесі болып табылатынын әрі «толеранттылық» пен «шыдамдылық» ұғымдары бір-бірімен байланысты екенін айтуға болады. В.И. Дальдің сөздігінде «шыдамдылық» сапа немесе

қасиет, біреуді немесе бір нәрсеге шыдау қабілеттілігі ретінде түсіндіріледі. С.И. Ожеговтың сөздігінде толеранттылық сөзінің аналогы басқа адамның пікіріне, мінезіне өшікпей, бейбітшіл қатынасты білдіретін зат есім болатын «шыдамдылық» болып табылады. Жалпы, «толеранттылық» ұғымы көптеген орыс сөздіктерінде «басқаның ойларына, дінісенімдеріне, мінез-құлқына шыдамдылық» ретінде түсіндіріліп отыр. Демек, әртүрлі елдердің сөздіктерін сұрыптай келе, толеранттылық дегеніміз бұл басқа ұлттың өмір салтына, дәстүрлеріне, дінісенімдеріне, көзқарастарына, ойларына, қасиеттеріне, сезімдеріне және мінез –құлқына деген шыдамды қатынас болып табылады.

Қазіргі шетел сөздерінің сөздігінде толеранттылық «tolerantia» деген латын терминінен алынған ұғым, біріншіден, ағзаның кез-келген бір улы заттың қолайсыз жағдайына төзімділігі, екіншіден, біреуге, бір нәрсеге деген шыдамдылық, жұмсақтық деп көрсетілген [3].

Сондай ақ «толеранттылық» (лат. «tolerantia» - шыдам, төзім) терминіне шет тілдері сөздігінде екі мағынада түсініктеме беріледі:

1) бір нәрсеге, біреуге төзімділік, төзу, шыдау;

2) биологиялық, медициналық тұрғыда – иммундық реакцияның жартылай немесе толықтай болмауы, яғни организмнің ауруға қарсы тұратын антиденелер шығару қабілетінің болмауы. Ал педагогикалық сөздіктерде бұл ұғымға «қайсыбір жағымсыз факторға жауап әрекеттің болмауы не бәсеңсуі; оның әсеріне сезгіштіктің төмендеуінің нәтижесі» деген анықтама беріледі.

Психология ғылымында толеранттылық ерекше феномен ретінде бертін келе зерттеле бастады. Психологиялық әдебиеттерде толеранттылық «бейімделу» түсінігімен байланыстырады, яғни, оның әлеуметтік-психологиялық мағынасы бұл тұлғаның жаңа топтарға икемделу ретінде түсіндіріледі.

М. Бубердің айтуы бойынша толеранттылық «Мен» және «Сен» диалогы арасында бөлінбейтін бөлігі. Ал, А. Маслоудың «тұлға саулығы» теориясында толеранттылық адамдар арасындағы қарым-қатынас тетігін беретін, тұлғаның өзін-өзі белсендірудегі мүмкін болатын жолдардың бірі [8].

В. Франклдің пайымдауы бойынша толеранттылық тұлғаның рухани дамуындағы негізгі жасаушы. Г. Олпорт толеранттылықты тұлғаның жетілген қасиеті ретінде қарастырған.

Толеранттылық мәселесін зерттеп қарастырып жүрген ғалымдар қатарына А.Г. Асмолов, В.А. Тишков, М. Уолцер, Р.Р. Валитова, В.А. Лекторский, Е.Ю. Клепцова, Г.У. Солдатова, Л.А. Шайгерова, Д. Бродский, С.Л. Братченко, В.А. Петровскийлерді атауға болады. Осы аталған ғалымдардың еңбектерін зерделей келе, біз толеранттылық

ұғымына әлі де бір мәнді ортақ түсініктің қалыптаспағаны және толеранттылық ұғымы жалпы адамдардың басқа адамдарға деген құндылық қатынасы ретінде қарастырылғаны белгілі болды.

Американдық философ Майкл Уолцер толеранттылықтың түрткілерін (мотив) атап көрсетті. Оның пікірінше 5 түрі бар: шеттету, немқұрайдылық, адамгершілік табандылық (стоцизм), әуестік және қуана мақұлдау. Аталған түрткілер толерантты қатынас деп жорамалданады.

Бір топ ғалымдар А.Н. Асмолова, В.В. Глабкина, Г.У. Солдатова толеранттылықты былайша түсіндіреді:

- Өзгені шартсыз қабылдау;
- Басқаның сезімі мен күйзелісіне ортақтасу сезімін білдіру;
- Адамзат мәдениетінің көптүрлі құндылықтарын мойындауды

жатқызады.

А.В. Петровский мен В.В. Юрчуктың пікірлері бойынша, толеранттылық фрустраторлар мен стрессорлар болғанмен, олардың қайталанатын әсеріне сезгіштіктің төмендеуі нәтижесінде қалыптасатын психологиялық тұрақтылық. Е.Ю. Клепцова болса толеранттылық басқаға қызығушылық таныту, оны түсінуге ұмтылып, онымен жағымды өзара әрекеттесу дейді. Ал Р.Р. Валитованың ойынша, толеранттылық бұл адамның өзгені түсінуін және онымен жағымды әрекетке түсуге бет бұруын білдіреді деді. В.А. Лекторский толеранттылық дегенімізді өзіндік тәжірибесін байытуға мүмкіндік беретін сын тұрғысындағы диалог ретінде ретінде қарастыруды қажет деген пікір білдіреді. О.А. Грива толеранттылықты «тұлғаның басқаларға қатынаста шыдамдылығы және тұлғаның психоэмоционалды тұрақтылығы» ретінде қарастырады. Ал В.С. Кукушкин толеранттылықтың үш түрі: ұлтаралық, нәсіларалық және дінаралық толеранттылық болады дейді.

А.Г. Асмоловтың пікірінше қасиет үш түрлі (табандылық, төзімділік және жеткілікті ауытқу) ұғымдармен сәйкестендіріледі [1].

Сонымен, «толеранттылық» ұғымын түсіндірме ауқымының өте кең екендігі және ғалымдардың көзқарастары әртүрлі болып келеді. Алайда, ғылыми әдебиеттерге талдау жасай келе «толеранттылық» бұл түсіну, диалогқа дайындық, мойындау, басқаның ойын қабылдау мен көзқарастарын құрметтеу, ынтымақтастық дегенді білдіреді, ал психологиялық тұрғысынан «толеранттылық» - мәселелі және дағдарыстық жағдайларда сыртқы ортамен белсенді өзараәрекеттесу мақсатымен өзінің жүйке-психикалық жағдайын қалыпқа келтіре алу икемділігін, табысты бейімделетін, өзімен және қоршаған дүниемен жағымды өзарақатынастарды дамытуды анықтайтын индивидтің

интегралды мінезі ретінде қарастырады.

Қазіргі кезде бұл феноменді әртүрлі ғылым салаларындағы ғалымдар кеңінен зерттеп, мәдениеттану, әлеуметтану, саясаттану, экономика, психология, тарих және, педагогикада белсенді талқыланып жатыр.

Толеранттылық – көптүрлі дүниеде адамның өмір сүруіне және кешенді әрекет етуге дайындығы және қабілеті болып табылады.

Әдебиеттер

1. Асмолов А.Г. Толерантность: различные парадигмы анализа // Толерантность в общественном сознании России. - М., 1998.
2. Гриншпун И.Б. Понятие и содержательные характеристики толерантности (к вопросу о толерантности как психическом явлении) / Толерантное сознание и формирование толерантных отношений (теория и практика): Сб. науч.- метод. ст. - М., 2002.
3. Декларация принципов толерантности. Утверждена резолюцией 5.61 Генеральной конференции ЮНЕСКО от 16 ноября 1995 // Век толерантности: Научно-публицистический вестник. - М., 2001.
4. Жарикбаев К.Б., Чистов В.В., Досова Н.Б. Вопросы толерантности в наследие казахских мыслителей // Психология в школе. - 2013.- № 6.-С. 19-20.
5. Үлкен кеңес энциклопедиясы «Совет энциклопедиясы» (қазір «Үлкен Ресейлік энциклопедия» баспа үйі. 1979-2001.
6. Клепцова Е.Ю. Психология и педагогика толерантности: учеб. пособие. – М.: Академический проект, 2004.
7. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан Халқына Жолдауы. Еге мен Қазақстан, №828-831 (27902) желтоқсан, 2012.
8. Маслоу А. Мотивация и личность. - СПб.: Питер, 2008.
9. Оразбекова К.А. Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында. - Алматы: Дәуір, 2000.
10. Олпорт Г.В. Становление личности: Избр./ Под. общ. ред. Д.А. Леонтьева. – М.: «Смысл», 2002.
11. Педагогика: Қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік // Ғыл. жет. жасаған және жалпы ред. басқарған проф. Ш.К. Беркімбаева, проф. А.Қ. Құсайынов. – Алматы, 2007.

ҚҰЗЫРЕТТІ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Баймухаметова Г.А.

«Алтын дән» балабақша-мектеп, Өскемен, Қазақстан

Әрбір күн өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалмай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға көп жауапкершілік жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені, еліміздің ертеңі-бүгінгі жас ұрпақтың қолында.

Елбасының жолдауына зерделей үңілгенде мұндағы әрбір тұжырым мұқият зерттеулермен, сараптаулармен, нақты болжаумен түйінделгенін ұғамыз. Білім реформасы Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі екені нақты аталып көрсеткен. Жалпы айтқанда, Елбасының Жолдауы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясының өзегі болып табылады. Қазақстанның он екі жылдық білім беруге көшуі білім берудің жаңа ұлттық моделін жобалаудың стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде он екі жылдық білім беру берудің басты мақсаты: өзінің және қоғамның мүдесіне өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім. Бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашылық білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Сапалы білім беру-ел экономикасын, саясатын әлем алдында бәсекеге қабілетті болуға апаратын бірден-бір жол. Сондықтан, заман талабына сай жаңа мазмұнда білім беруді ұйымдастыру он екі жылдыққа оқытуға көшумен тікелей байланысты. Оның өзектілігі әлемдік білім кеңестігіне шығудағы Қазақстанның жаңа ұлттық білім беру моделін қалыптастырудың тиімді жолдарын қарастыруда. Он екі жылдық мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын әзірлеуде әр оқушының жеке дамуын қамтамасыз ететін білім көлемін анықтауға баса назар аударған. Білім беру процесінен күтілетін нәтиже ретінде оқушының бойында қалыптасатын құзыреттер қатары анықталған. Құзырлықтың мән-маңызы ашылып, оған қол жетудің жолдары жан-жақты қарастырылған. Он екі жылдық жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін білім сапасын қамтамасыз етудің негізі қаланған. Білім мазмұнын өзгертудің тұжырымдамалық негіздері біртіндеп білім, білік және дағдыларды игеруге негізделген оқу-пәндік прарадигмадан, әр оқушының құзыреттіліктер жиынтығын білім нәти-

желері ретінде игеруіне бағдарланған. Оқушы әр білім беру деңгейін аяқтағаннан кейін енгізілген құзыреттіліктерді құрайтын, көрсетілген әрекеттер түрінің минималды жиынтығын игергенін көрсетеуі тиіс. Қазақстан мектептерінің оқушылары өзгермелі өмірдің жаңа тұжырымдамалары мен үрдістерін қабылдауға дайын болуы, саналы таңдау жасауға, сондай-ақ барлық өмір бойына өмірдегі өзгермелі жағдайларға икемді болуға және өз білімін көтеруге дайындығы негізгі алғы шарт болып табылады. Қазіргі кездегі білім беру сапасы оқушылардың түрлі қызметтер саласындағы проблемаларды өз бетінше шешуі мүмкіндігін қамтамасыз ететін қалыптасқан негізгі құзыреттілік түріндегі білім беру нәтижелерінің жетістіктерімен түсіндіріледі. Өскелең ұрпақтың сапалы білімі еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының ең маңызды факторларының бірі болып табылады және оны әлемдегі бәсекеге қабілеттілікпен қамтамасыз етеді.

Құзыр-әмір, билік дегенді білдірсе. Құзырет-қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық, жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында табысты іс-әрекетке дайындық, яғни біздің пайымдауымызша, білім беру жүйесінде әлеуметтік тапсырысты құрайды. Ал, құзыреттілік дегеніміз-оқушылардың іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі. Оқушылардың тұлғалық сапаларының кешенін дамытуға, білім беруден күтілетін нәтижелер.

Білім берудің күтілетін нәтижелері белгіленген мақсатқа сәйкес мектеп түлегінің негізгі құзырлығы төмендегідей анықталады:

- 1) Құндылықты-бағдарлы құзыреттілік;
- 2) Мәдениет-танымдылық құзыреттілік;
- 3) Оқу-танымдылық құзыреттілік;
- 4) Коммуникативті құзыреттілік;
- 5) Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік;
- 6) Әлеуметтік-еңбек құзыреттілік;
- 7) Тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілік.

Бастауыш мектептегі тың өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін зерделей отырып, жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескере оқыту, тұлғаның өзіндік ерекшеліктерін ескеру арқылы оның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін жаңа педагогикалық технологияларды оқу, жүзеге асырудың нәтижесінде көрініп отыр. Жаңа педагогикалық технологияларды қолданып оқытуды бастауыш білім беруді дамыту мен жетілдірудің негізгі құралы ретінде қарастыру керек. Әр баланың кейінгі және болашақтағы білімі бастауыш буындағы білімнің сапалылығына тікелей байланысты. Кіші мектеп жасындағы

оқушының негізгі ерекшелігі – білімді қызығушылықпен алуы. Ол үшін оқу үрдісін әр оқушының жеке бас ерекшелігін ескере отырып, бала талпына - тындай және қызығатындай етіп ұйымдастыру керек. Білім беруде тиімді нәтижеге жету үшін, оқыту әдістері мен құралдарын іріктеу, оқу үрдісін құру – мұғалім құзырындағы іс. Өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және қабілетті қайшылықтарды ашуға мейлінше жетілген, оны түрлі өзгерістерге дамытуға қабілетті, шығармашыл, барлық істі сауатты шеше білетін тұлғаны тәрбиелеу - мақсаттың бірі болып отыр. Қазіргі білім саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес.

С.Т.О. технологиясының оқушы бойында коммуникативтік құзыреттілікті арттырудың бірден – бір қайнар көзі. Ал, сын тұрғысынан ойлау деген не?

Осы терминге әр әдебиеттерде әр түрлі анықтама беріледі. Сондай анықтама- лардың біріне келсек, А.Қ.Ш. Мичиган штатында Хоуп колледжінің америка әдебиетінің мұғалімі Дэвид Клустердің ұсынған анықтамасы бес пунктен тұрады:

Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау принциптеріне негізделген болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын тәуелсіз құратын болады. Біз үшін басқа біреу сыни ойлай алмайды, біз барлығын өзіміз үшін жасаймыз.

Екіншіден, ақпарат сыни тұрғыдан ойлаудың соңғы емес, жіберілген пункті болып табылады.

Үшіншіден, сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады.

Төртіншіден, сын тұрғыдан ойлау көңілге қонымды дәлелге ұмтылады. Сын тұрғыдан ойлайтын адам мәселені шешудің жолын іздеп табады да, сол шешімдерді негізі бар, саналы дәлелдермен нақтылай түседі. Сонымен қатар, ол сол мәселені шешудің басқа да жолдарының бар екендігін мойындайды да, өзі тандап алған жолдың басқаларына қарағанда ақылға қонымды екендігін дәлелдеуге тырысады.

Бесіншіден, сыни тұрғыдан ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады. Барлық ойлар ортаға салынғанда тексеріліп, өткірлене түседі немесе философ Хана Арентттің жазуынша «тек кімде кімнің қатысы болғанда ғана кемелге жетуге болады». Басқалар таласып оқығанда, талқылап, қарсы пікір айтқанда немесе ой бөліскенде біз көзқарасымызды дәлелдеп, оған терең бойлай түседі. Сыни тұрғыдан ойлау анықтамасының бес пунктінің барлығы оқу - әрекетінің кез-келген түрінде орын алуы мүмкін.

Оқушылардың жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тілі

сабағында сабақ қызықты да тартымды өту үшін құзыреттілік тапсырмалардың рөлі өте жоғары. Оқушылардың білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үрдісінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде, яғни сабақ барысында жаттығу орындауда қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін құзыреттілік тапсырмаларды қолдану өте тиімді.

Тіл үйренудің ең басты міндет оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру. Тілдің грамматикасын білу арқылы оқушылар бір-бірімен сөйлесуді, қойылған сұрақтарға жауап беру және қойылған сұрақты түсініп дұрыс жауап қайтару сонымен қатар төл дыбыстарды дұрыс дыбыстап айту, сауатты жазуға үйренеді.

Ауызекі сөздердің жалпы міндеті – сөздің мағынасын түсініп, оны дұрыс қолдану. Ол үшін сөз қорын молайту қажет. Әр сыныптың бағдарламасына жеке сөздерді жаттатумен тынбай, сол сөздерді қатыстыра отырып, мазмұнды сөйлем құрастыруға үйрету. Оқушы ең алдымен тілдің дыбыстық құрылысын меңгеруі шарт. Мұғалім оқушыларды бір – бірімен сөйлесу мәдениетіне, сөйлесу мәнеріне үйрету керек.

Оқушылардың өздеріне айтылған сөзді тыңдай білуі, оны түсінуі, сөйлесе білуі, сұрақтарға жауап беру, сұрақтар қоя білуі–мұның бәрі олардың сөздік қорына, тілдің грамматикалық құрылысын дұрыс меңгеруіне байланысты.

Қазақ тілін байланыстырып оқушылар сөйлей білуі үшін естігенін, оқығанын, түсінгенін айта білуге о бастан жаттықтыруы керек. Оқушының түсінгенін тыңдау арқылы оның сөздік қорын, сөйлем құрастыру дағдысын, мәтін мазмұнын қалай түсінгенін анықтауға болады. Балалар басқалардың айтқанын тыңдай отырып, соларға еліктеп өз түсінгендерін айтуға жаттығады. Оқушылар алдымен қысқа сөйлемдер құрастырудан бастауы керек.

Оқушылар бастауыш сыныптарда сабақтың мазмұны бойынша тіл дамытудың түрлі көп. Қазақ тілі сабағында шығармашылық жұмыстардың сан алуан түрі жүріп отырады. Сөз тіркестер, сөйлемдер, диалогтар құрастыру, сурет салу, сөзжұмбақтар құрастыру, жағдаяттар туғызу сияқты жұмыстар өткізіліп отырады. Мұғалім үнемі оқушыға шығармашылық қабілетін дамыту жолдарын нұсқап отырса, онда балалардың өздері де ізденіске түседі.

Қазақ тілі сабақтарында құзыреттілік тапсырмалары арқылы оқушыларды тәрбиелеу жұмыстарын төрт жақты жүргізген дұрыс.

Бірінші бағыт – құзыреттілік тапсырмалар арқылы оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын тәрбиелеу.

Екінші бағыт – оқушыларға ізгілікті тәрбие беру – оқыту үр-

дісінде халық педагогикасының мол мұрағаттарын пайдалана отырып, оқушылардың ізгілік, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірулері.

Үшінші бағыт – түрлі суреттерді пайдалана отырып, оқушыларға эстетикалық тәрбие беру арқылы олардың жеке тұлғалық қабілеттерін, жат нәрседен бойын аулақ салуға тәрбиелеу.

Төртінші бағыт – оқушылардың сөздерді орынды қолдану дағдыларын жетілдіре отырып, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу.

«Мақал-мәтелдер айтудан жарысайық» ойыны арқылы қазақ тілі сабақтарында оқушыларға тәрбиелік мәні жоғары, адамгершілік, ізгілік қасиеттерді үйрететін мақал-мәтелдерді жаттатып, тәрбиелік мәнін өз пікірлерімен айтып беру қабілеттері тәрбиеленеді.

Құзыреттілік тапсырмаларды – оқушылардың ынта-ықыласын күшейтетін, оқудың қиын процесін жеңілдететін, дамуды тездетуге көмектесетін, оқу барысында таным қызметін күшейту мен көтермелеудің қуатты қайнар көзі болатын оқыту әдісінің бір түрі. Құзыреттілік тапсырмалардың негізгі мақсаты баланы қызықтыра отырып, жаңа сабақты немесе өткен материалды берік меңгерту болып табылады.

Қорытындылай келгенде, сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз - алған білімге сын көзбен қарау, іздену, оның ақиқатын дәлелдеу, яғни, білімді саналы түрде алу. Бұл технологияның тиімділігі – оқушының құзыреттілігін арттырып ғана қоймайды, сонымен қатар:

1. Жеке тұлғаның жетілуіне , дамуына бағытталады.
 2. Мұғалім мен оқушылар арасында ізгілікті қарым-қатынас орнауы.
 3. Оқушының өздігінен жан-жақты білім алуына жағдай жасалады.
 4. Алған білімге сын көзбен қарау, білімді сапалы түрде алу.
 5. Оқушыны ойын ашық айта алуға , пікір айтуға ,алмасуға үйренеді.
 6. Бірін –бірі сыйлауға баулуы.
 7. Мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланады.
 8. Оқушының шығармашылық белсенділігінің артуы.
- Негізгі құзыреттер іс - әрекеттен көрінеді.
- оқытудың іс- әрекеттік сипаты, яғни оқитындарды қандай да бір іс - әрекетке араластырғанда: зерттеу, жобалау басшылық;
 - оқу процесін оқушы дербестігі мен өз іс - әрекетінің нәтижесіне деген жауапкершілікке бағдарлау;
 - өнімді топтың жұмысын ұйымдастыру;
 - мұғалімнің құзыретті мінез – құлық танытуы.
- Қорытындылай келе, С.Т.О. технологиясын жүйелі пайдалана

отырып, оқушының коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда оқушылардың көрсеткен нәтижесі:

1. Оқушылар сыни ойлай біледі.
2. Өз алдына сұрақтар қойып жауап іздейді.
3. Мәселеге байланысты өз пікірін айтады.
4. Білімнің қайнар көзін өздері тауып, білімді меңгеру қажет дағдыларды өз бетімен қолдануды үйренеді.
5. Әдепті, батыл сөйлей алады.
6. Өз ойын тұжырымдай біледі.
7. Бір-бірінің пікірін тыңдайды.
8. Белсенділіктері артады.
9. Шығармашылықпен жұмыс жасай алады.
10. Білімді сапалы меңгереді.

Құзыреттіліктердің (коммуникативтік, ақпараттық, проблемалық) ішіндегі біздің пәнімізге ең жақыны – коммуникативтік құзыреттілік. Осы құзыреттілікті дамытуда «Аялдамамен оқыту, ЖИКСО, Еркін суреттеу, Эссе, Бес тармақты өлең» сияқты стратегиялардың маңызы зор.

Осы технологияны өз сабағымда қолданғаннан бері менің өмірге деген көзқарасым да өзгерді. Қорытындылай келе айтарым, білімімді жинақтап, әдістемелік тәжірибелерімді жинақтап, жеңілдеткендей болды.

- Оқушының оқулыққа бағынышты күйден шектеуден өз пікірін ашық жеткізуге жетелейді.

- Оқушы түгелдей әрекетке қатысады. Өз бетінше зерттеуге талпынады.

- Өз пікірін сыртқа шығаруға әрекет барысында өзіне деген сенім пайда болады.

- Мұғалім баланың пікіріне құрметпен қарап, «жауабың кітаптағыдай емес, дұрысын кім айтады?» деген тосқауылдан құтқарады.

- Оқушыда жауапкершілік сезімі пайда болады, болжам жасайды, әрекетке қатыспаған оқушы қалмайды.

Әдебиеттер

1. Караев Ж.А. Об одной педагогической технологии. – 1998. - № 3
2. Караев Ж.А. Методологические основы совершенствование педагогической системы обучения в школе // Творческая педагогика № 1 (38), 2009
3. Атахан Қ.А. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту // Қазақстан мұғалімі, №26-27, 2001.
4. Абдрахманова М.М. Оқушының негізгі құзыреттіліктерін дамы-

- тудағы сто технологиясының маңызы // Қазақстан мектебі, №1, 2006.
5. Турумова Н.Т. Оқушының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы сын тұрғысынан ойлау технологиясының маңызы // Білім-образование, №4, 2006.
 6. Білімдегі жаңалықтар // Ақпараттық-әдістемелік журнал. - Астана, 2009.
 7. ҚР 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы, 2009.
 8. Сервук А.И. Мониторинг качества преподавание в школе – М.: «Педагогика», 2003.

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Кабылжапарова А.Б.

Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Жастардың дене тәрбиесі мен кәсіби дайындығы жоғарғы оқу орындарындағы оқытуды жүзеге асыратын, қазіргі білім беру үрдісін әлеуметтендірудің маңызды міндеттері болып табылады. Дегенмен де, еліміздің жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесінің қазіргі барысы көп жағдайда денсаулықты нығайтпайды, шұғылдану-шылардың жеке қызығушылығын қалыптастырмайды. Сабақ барысында студенттерде адамның саналы қызметінің ең маңызды жағдайлары болып табылатын қозғалыс белсенділігіне деген ішкі себеп, ұмтылыстар қалыптаспайды. Сондықтан, үйренушілерге жеке тұрғыдан келуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, педагогикалық үрдісті ғылыми-әдістемелік қамту қажеттілігі туындайды.

ЖОО-ндағы дене тәрбиесі және спорт жұмыстарының маңызы зор. Қазіргі заманғы техникалық прогресс, ғылымның жедел дамуы, жедел ақпараттандыру болашақ маманның оқу еңбегін одан ары қарқынды, қарбаласты қылуда. Осыған орай, ЖОО-нда оқу барысында, күн тәртібінде студенттердің жұмыс қабілеттіліктері белгілі бір деңгейде сақталып, көтерілудің оңтайландыру құралы ретінде дене тәрбиесі және спорт жұмыстарының маңызы артуда. Студент 10-12 сағат көлемінде өте аз қозғалыста, бірсарынды жұмыс қалпында болады. Дене тәрбиесі жаттығулары болса – гиподинамия ауруына, ақыл-ой және жүйкелік-эмоционалды жүктемеге қарсы тұратын бірден бір құрал болып табылады.

ЖОО-ндағы дене тәрбиесі сабағы – студентті сауықтыруға, дене

қуаты дамуын, дене қуаты дайындығын дамытып, жетілдіруге, арнайы қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыруға, жоғары өнімді еңбек пен әскери қызметке дайындауға бағытталған арнайы педагогикалық үрдіс.

Дене тәрбиесі пәнінің мақсаты болашақ жоғары дәрежелі мамандардың жан-жақты дайындығына жағымды әсер ету, жәрдемдесу.

ЖОО-ндағы дене тәрбиесі және спорт мынандай міндеттерді шешуді қарастырады:

- тұлғаны дамытудағы және оны кәсіби қызметке дайындаудағы дене тәрбиесінің әлеуметтік рөлін түсіндіру;

- дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтының ғылыми-биологиялық және тәжірибелік негіздерімен таныстыру;

- дене тәрбиесіне мотивациялық-құндылықты қарым-қатынасқа, салауатты өмір сүру стиліне, өзіндік дене қуаты дамыту мен өзіндік тәрбиеге, тұрақты дене жаттығулары мен спорт сабақтарына деген қажеттіліктерін қалыптастыру;

- денсаулықтарын сақтауды және нығайтуды, психикалық амансаулықты, дене қуаты қабілеттері, қасиеттері мен жеке тұлға қасиеттерін дамытуды және жетілдіруді қамтамасыз ететін тәжірибелік іскерліктері мен дағдылары жүйесін меңгерту;

- спортшы студенттердің спорттық шеберліктерін жетілдіру;

- студенттің болашақ мамандығына деген психикалық және дене қуаты даярлығын анықтайтын жалпы және кәсіби-қолданбалы дене қуаты даярлығын қамтамасыз ету;

- өмірлік және кәсіби мақсаттарға жету үшін дене тәрбиесі-спорт тәжірибесін шығармашылықпен пайдалануды меңгерту.

Студенттердің дене тәрбиесі және спорт жұмыстарының келесідей негізгі бағыттары болады: жалпы дайындық, спорттық, кәсіби-қолданбалы, гигиеналық, рекреативті-сауықтыру және емдік.

Жалпы дайындық бағыты студенттердің жан-жақты дене қуаты дайындықтарын және оның мемлекеттік бағдарламаға сай деңгейде сақталып тұруын қамтамасыз етеді. Амалдары: құралдармен және құралдарсыз орындалатын жаттығулар, жеңіл атлетика, суға жүзу және т.б.

Спорттық бағыт студенттердің спорттық жетілдіру топтарында белгілі бір спорт түрімен жүйелі түрде айналысуларын, спорттық шеберлік деңгейін жоғарылату мақсатында спорттық жарыстарға қатысуларын қамтамасыз етеді.

Кәсіби-қолданбалы бағыт еңбекті ғылыми ұйымдастыру жүйесінде дене тәрбиесі амалдарын қолдануға мүмкіндік туғызады. Яғни, келешек кәсіби қызметі арнайы дене қуаты дайындығын талап ететін

мамандық студентіне (геолог, актер, әскери мамандықтық, ауа және су көліктерінің мамандары) дене тәрбиесі амалдары арқылы дайындық деңгейлерін жетілдіруге мүмкіндік туғызады.

Гигиеналық бағыт жұмысқа білеттілікті қалпына келтіру және денсаулықты нығайту мақсатында дене тәрбиесі амалдарын қолдануды қамтамасыз етеді. Амалдары: таңертеңгілік гигиеналық гимнастика, шынығу, оқу мен тынығудың оңтайлылығы, гигиена талаптарына сай тамақтану, сауықтыру серуендері және т.б.

Рекреативті-сауықтыру бағыт студенттердің демалыс күндері, семестр аяқталғаннан кейінгі демалыс уақыттарында белсенді демалыстарын дене тәрбиесі амалдарын қолдану арқылы ұйымдастыруды қарастырады. Амалдары: туристік саяхаттар, жорықтар, қозғалмалы ойындар және т.б.

Емдік бағыт денсаулықты толық немесе белгілі бір ауру, жарақаттан кейін жойылған жеке ағза қызметтерін қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.

Ендігі кезекте, ЖОО-ндағы дене тәрбиесі және спорт жұмыстары түрлеріне тоқталып өтейік.

ЖОО-нда дене тәрбиесі және спорт жұмыстары барлық оқу ұзақтығы кезінде жүргізіледі. Бұл жұмыстар оқу әрекеті кезінде мынадай түрде жүзеге асырылады:

Оқу сабақтары ҚР-ның білім және ғылым министрлігі бекіткен оқу жоспарлары және бағдарламалары негізінде барлық мамандықтар үшін, 1-2 оқу курстарында аптасына 4 сағат көлемінде міндетті түрде жүргізіледі. Студенттердің дене тәрбиесі сабағы бағдарламасына сай 2 бөлімді атап көрсетуге болады. Олар: теориялық және тәжірибелік.

Факультативті сабақтар негізгі сабақтардың жалғасы, қосымша ретінде жүргізіледі. Бұл сабақтарда мемлекеттік бағдарлама нормаларына сәйкес студенттердің дене қуаты дайындықтары жетілдіріледі, кәсіби дене қуаты дайындығы тереңдетіледі, дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі пәнінен білімдері кеңейтіледі.

Ал, оқу әрекетінен тыс уақытта (негізгі сабақтардан тыс уақытта) мынадай түрде жүзеге асырылады:

Күн тәртібі ішіндегі жаттығуларға жататындар: таңертеңгілік гигиеналық гимнастика, ұзартылған үзілістегі дене тәрбиесі жаттығулары, қосымша сабақтар, күн тәртібіндегі гимнастикалық жаттығулар және т.б.

Ұзартылған үзілістегі дене тәрбиесі жаттығулары 4 аудиториялық немесе тәжірибелік сабақтан соң 8-10 минут көлемінде орындалады.

Қосымша сабақтар (жеке немесе топпен) дене тәрбиесі мұғалімінің басқаруымен дене қуаты дайындығы төмен студенттермен оқу

бағдарламасына сай қорытынды сынақтарға дайындық ретінде жүргізіледі.

Күн тәртібіндегі гимнастикалық жаттығулар белсенді демалыс қызметін атқарады.

Спорттық секциялардағы, ЖДҚД топтарындағы жұмыстар дене тәрбиесі мұғалімдерінің басқаруымен өткізіледі. Спорттық секциялар студенттердің сабақтан бос уақыттарында, әр түрлі спорт түрлерінен (спорттық ойын түрлері, гимнастика, жеңіл атлетика және т.б.) өткізілуі мүмкін.

Өз беттерімен орындалатын дене тәрбиесі жаттығуларына студенттердің толық өз еріктерімен, ынталарымен орындалатын жаттығулар жатады. Олар дене тәрбиесі сабағынан үй жұмысын орындау мақсатында орындалуы мүмкін.

Көпшілік сауықтыру және спорттық шаралароқу жылы көлемінде демалыс күндері және семестр аяғындағы демалыс уақытында жүргізіледі. Оларға туристік саяхаттар, жорықтар, спорт мейрамдары, денсаулық күндері, спартакиадалар, жарыс күнтізбесіне сай ЖОО ішіндегі немесе ЖОО-дары арасындағы жарыстар жатады.

Педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған дене тәрбиесі және спорт жұмыстары студент ағзасына оңды әсер етіп, нәтижесінде оның жүйке жүйесі жетіледі, жүрек қызметі жақсарады, тыныс алу тереңдейді, қанның құрамы жақсарады, ағзаның қорғаныс күші ұлғаяды, бұлшық еттерінің көлемі ұлғайып, күші көбейеді және т.б.

Сонымен қатар, көптеген зерттеулер нәтижесінде студенттің ЖОО-нда оқу барысында ақыл-ой жұмысқа білеттілігінің тұрақтылығы, жоғарылауы оның күн тәртібіндегі дене жүктемелерінің көлеміне байланыстылығы дәлелденген. Студенттерге күн тәртібінде өте қажет зейін тұрақтылығы да осы дене жүктемелерінің көлеміне тығыз байланыстылығы анықталған.

Ал, ЖОО-дағы дене тәрбиесі және спорт жұмыстарын дұрыс ұйымдастырылуына дене тәрбиесі кафедрасының оқытушылары жауапты десек, қазіргі таңда спорттық ұстаздың еңбек қызметіндегі ізденісті істерінің жедел өсуі жалпы білімнің, ойлаудың шығармашылық үлгісін, маманның өз білімін үздіксіз жетілдіріп отыру қабілеттілік деңгейін бірінші орынға шығарып отыр. Кәсібімен байланысты қызмет түрлері мен ғылымның түрліше салаларынан алынған білімді шұғыл пайдалануға қабілетті жан-жақты білімді мамандарға сұраныс өсуде.

Әдебиеттер

1. Уанбаев Е.К., Уанбаева Ф.Ж. Дене мәдениеті және спорттың ілімі

- мен әдістемесі: оқу құралы. 2-ші басылым. – Өскемен, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2009.
2. Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта: Учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Академия, 2001.
 3. Антонова, Т.В. Саморазвитие культуры здоровья студентов в процессе физического воспитания: автореф. дис. канд. пед. наук: 13.00.04. - Чебоксары, 2005.
 4. Виленский М.Я. Физическая культура в формировании здорового образа жизни студентов / М.Я. Виленский, И.Г. Бердников // Физическая культура в процессе обучения и профессиональной подготовке будущего учителя: сб. статей. - М., 1982.
 5. Дворкин, Л.С. Физическое воспитание студентов / Л.С. Дворкин, К.Д. Чермит, О.Ю. Давыдов. – Краснодар, 2008.

«ҚҰТТЫ БІЛІК» ЕҢБЕГІНДЕГІ АҚЫЛ ЖӘНЕ БІЛІМ МӘСЕЛЕСІ

Кусманова К.А., Абдығалиев А.Қ.

Д. Серикбаев атындағы ШҚМТУ, Өскемен, Қазақстан

Ғылыми мақаланың зерттеу объектісі болып отырған түркі-мұсылман өркениетінің ірі тұлғасы Ж. Баласағұнның «Құтты білік» еңбегіндегі ақыл және білім ракурсындағы әңгіме адамның өзін-өзі тану және өзін-өзі бақылау үрдісін талдауға келіп тіреледі. Өзін-өзі бақылаудың адам санасының маңыздырақ компоненті ролінде кеңірек байқалуы жайдан емес. Ақынның адамның өзін-өзі тануымен қатар өзін-өзі бақылау көрінісіне басымырақ назар аударуы тұлғаның ішкі әлемін, оның психикалық қасиеттері мен құбылыстарын толық ашуға ұмтылысымен, адам баласын жамандық атаулыдан сақтандырар тура жолды қарапайым әрі түсінікті тұрғыдан танытуға талпынысымен түсіндіріледі. Қарама-қайшылықты қоғамдық қатынастар торабында тұрған адам – ең алдымен өзін-өзі құтқаруға зәру жан. Дастанның басынан аяғына дейін бақылайтын ізгі адамымыз – сенімді дос, жақыны жоқ, өзін түсінер адам таппай, өз ортасынан жатқа айналған жан. Ізгі адамның осы жағдайды тым жақын түсініп, уайым қайғы жеуі, өмір шындығы, ақын танып және танытқан әлеуметтік-психологиялық шындық. Осылайша, адамға өзін-өзі танумен қатар, өзін-өзі бақылауға да икемдеу неғұрлым қажеттірек болып шығады. Адам болмысына осындай мақсатпен келген ақын ізгі жан ретінде

адамның қалыптасуындағы жоғарғы ізгіліктік белсенділіктердің ең қажеттісі деп ақыл мен білім деп тауып, олардың ролін ерекше көтереді. Ақыл мен білімді маңызды әрі негізгі ізгіліктік белсенділіктер деп тұжырымдау сол кезеңге тән адам мен қоғамдық қатынастарға тереңдеген өзгерістердің нәтижесі. Ал, мұндай ізгі өзгеріс, бет бұру, әр адам болмысындағы ақыл мен білім күшіне келіп тірелетініне Жүсіп Баласағұн өз көзқарасында сенімді. Қоғамдағы жеке меншіктің адамға әкелер зияны мен зұлымдығы жайлы ақын сөз қозғамайды. Бірақ адамды құртар күш-қуатқа ие дүниенің жалғандығын – зұлымдықтың, опасыздықтың көзі деген тоқтамды төмендегі бәйіт жолдары дәйектейді.

Ей ақылды ер, дүние қуып шатылма,
Арбағанға көніп, пәле шақырма! (1; 305 б.).

Адам баласы қонақ болып келген бұл дүниенің құпиясы көп. әдемілігі көз жауын алған сыртқы сымбаттың ар жағында түкке қажеті жоқ мәнсіздіктің, тіпті өзіне қатер төндіретін құпия қырының да барлығы – заңды құбылыс. Бұл – құбылыс кереметінің адамды өзіне бағындырып құл етер мүмкіндігінің де жоқ еместігі – ақынға дейінгі де ойшылдар қозғаған ащы шындық. Ақын дүниені тек материалды әлем деп қарамайды. Туу-өлу, құлау-самғау, өшу-жану сияқты шешімі жоқ, дамудың мәңгілік құбылыстары осы дүниенің сыры ашылмаған тылсым бір қыры. Өзі жақсы, жетік таныдым деген заттың адамға беймәлім жағы бар. Бұл заңдылық адам табиғатына да тиесілі деген пікірге ақын келесі бәйітінде тоқталады:

Мәні ішінде күллі заттың жағалай,
Іш болмаса, қалар тысы жарамай (1; 471 б.).

Күллі зат біткеннің сыртқы болмысы тек мәні арқылы көрініп қана қоймай, танылады да. Сол зат, болмаса құбылыстың пайдасы мен зияны, жақсысы мен жаманы ішкі мәніне қарай айырылмақ. Мән – тұрақтап қалған, өзгермейтін категория емес, қозғалмалы әрі объективті құбылыс. Міне, осы мәнділікті табу, тану адамға жүктелген іс. Ақынның пікірінше, ақыл мен білім, міне осы мәнділіктерді, оның ішінде, әсіресе адамдық мәнділікті тануда көмектесетін күш. Ақыл мен білім – ғұлама Ж. Баласағұн ілімінің негізін құрайтын негізгі компоненттер. Сондықтан, ақын осы екі танымдық белсенділіктердің шығу тегі, табиғаты, сыр сипатын анықтауға ерекше мән береді. Бұл бағыттағы ақынның еңбегі зая кеткен жоқ десек те болады. Ақыл де-

геніміз не? Ақыл адамға не береді? Міне осындай сұрақтарды қойып, оларға жауап іздеуі ғұлама, ақын Ж. Баласағұнның психологиялық-философиялық ілімге тереңдей түскендігін айғақтайды:

Мынадай бір сауалды ойға түсірдім:
Жақсы аштым жігін білім, ақылдың,
Парқы қандай, ақыл-асыл затыңның?
Қайда оныңның мекен-жайы тұрағы?
Қайдан өніп? Қайтсе, қалай шығады? (1; 204 б.).

Ақыл категориясының мән-мағынасы философия тарихында да аз өзгеріске ұшырамаған. Бірақ ақылсыз адамның қоғамдағы орны мен ролі, тұрмыс тіршілігінің мәнсіз күйге өтетіні ертеден анық жайттың бірі. Ақыл қызметін білім де толыққанды атқара алмақ емес. Бұл – көне грек әлемі таныған ақиқат. Ақылдың шығу тегіне Ж. Баласағұнның теологиялық қырынан жауап беруі таңқаларлық жайт емес. Сол кезеңде қоғамдағы тәртіп ережелерді реттеп, қадағалаудағы доминанттық роль әлі де діннің қолында еді. Адам болмысына байланысты дүниетанымдық сұрақтары дінмен үйлесімді көзқарастар қырынан да шешіп отырды. Сондықтан, ақынның пікірінше, ақыл – Алланың адам баласына берген еншісі.

Ақыл – ес те хақтың берген еншісі,
Білім – кенге түскен мидың емшісі (1; 204 б.).

Бірақ, ақыл-адам санасы жетпейтін тұйық жүйе емес, өзінің қабілеттері мен ерекшеліктерін танып білуге мүмкіндік беретін ашық құбылыс. Міне, осы мүмкіндікті ақын Ж. Баласағұн дін ғана емес, антропологиялық тұрғыдан да пайдалану әдісі арқылы күні бүгінге дейін адамзатқа жұмбақ құбылыстардың мәнін ашуға талпынған. Бірақ, бұл мәселеге ол монистік тұрғыдан шешім таппаған.

«Тек ақыл-ес табиғаттан бұйырар,

Ақыл-еске білім, өнер құйылар» (1; 192 б.) деген бәйіттің мәні «ақыл-табиғаттың жаратылысы» деген тұжырымды білдіреді. Ақылдың материалистік түсінігі – ақынның бұл мәселеге гносеологиялық таным тұрғысынан жасаған маңызды қадамы еді. Дастан желісінде ақыл және оның адамдық қабілеттермен арақатынасы түсініктері біртіндеп күрделене түседі. Ақыл – адамға табиғи қажеттіліктерін қанағаттандыруға ғана қажет құрал ғана емес, өзін қоршаған ортаны, өз болмысын, мүмкіндігі мен қабілеттерін, жетістіктері мен кемшіліктерін танып, онымен күресуге болмаса дамытуға, өзгертуге билік

ететін күшке ие ізгіліктік белсенділік.

Ақынның танытайын деген ізгі жанының негізгі қаруы да, көрсеткіші де – ақыл. Сезімдік күш – қуаттарды ақылдың бақылауын, ал адамдықты білдірер адамның ақылға бағнуын талап етеді. Ақыл – адамға тән құндылықтардың маңыздысы деген тоқтамға келуі ғұламаның бұл сұрақты тереңдей толғандығын дәйектейді.

«Ақыл,- деді ол, қымбатыңның қымбаты,

Ақыл жоқта, құнсыз тәннің сымбаты.

... ақыл тұрар бағып әр құлық, іс, әр ізді!» (1; 205 б.)

Иә, тән-жеке алғанда құндылық емес. Тіпті қандай көрік, сымбаттың өзі де ақылдың орнын басып, қызметін атқара алмайды. Құлық, іс сөз, ниет, із сайып кегенде ақылға бағынуы тиіс. Яғни ізгі жанның ізгілігін бағып, қорғайтын, сақтайтын қызмет те ақылдікі екен. Ізгіліктік белсенділік ретінде ақылдың адам болмысында атқаратыны басқа ізгіліктік белсенділіктермен салыстырғанда әлдеқайда маңызды. Адамды хайуаннан бөлектейтін асыл белгі де ақыл. Хайуанда ми болғанымен, онда ақыл сана жоқ. Ми-материя, оған рух беретін күш – ақыл. Ақыл болмағандықтан хайуан мұндай рухани құндылықтарды қажет етпейді. Қараңыз:

«Малдан адам айырмасы ақылда,

Малда ми бар-жоқ қой ақыл, мақұлда!» (1; 205 б.).

Деген бәйіт жолдары мидың дене мүшесі, тән бөлігі ретінде саналатын ғылыми сыр-сипатын білдіреді. Ми мен ақылдың арақатынасы мәселесіне осыдан 4-5 ғасыр кейін тоқтаған Батыс Ренессансы тұлғаларының көпшілік пікірлері де Ж.Баласағұнның көзқарасымен сабақтас қалыптасқан. Айта кетсек, Еуропа ғалымдары мұсылман ойшылдары таныған ақыл, білім тақырыптарының теориялық негізін одан әрі кеңейтті. «... В отношении тела мы настолько не превосходим животных другого рода, что по всем своим данным находимся гораздо ниже них... Если бы не было тебе дано тело, ты был бы скотом» (12; 168 б.). Бұл – гуманист философ Эразм Роттердамскийдің өресінен туған түйін. Дененің қажеттіліктерін қанағаттандыру ісі хайуанға да тиегісілі. Сондықтан, «В человеке обязанности царя осуществляет разум» деп ақыл категориясына жоғары талап қойып, жауапкершілігін неғұрлым биікке көтереді. Ақылдың дене кеңістігіндегі үстем ролін білдіретін бәйіт мәнінің ағылшын гуманисті Э. Роттердамскийдің пікірімен тамырластығын байқаймыз.

Тең келетін нең бар, айтқын, ақылға!

Қасиетте, қасиетің-басыңда! (1; 205 б.).

Ақылға тең келетін қасиет жоқ деген пікір ғұламаны адам табиғатын одан әрі тани түсуге жетелей түседі. «Енді ақылдың қасиетін түсіндір» (1; 20 б.) дей келе, ақын жүрегінен шыққан мұндай келелі сұрақтар бүгінде маңызын жоя қоймаған мәселелердің бірінен саналады. Ақыл шынымен құпия қыры көп, таңқалдырар қасиеті бар күрделі құбылыс екенін аңдаған ғұлама, ақылдың ізгілікпен тамырлас тұстарының жігін ашып, мәнін түсіндіруді мақсат етеді. Бұл жерде, адам бойына ізгіліктік қасиеттер дарытар ақылды күрес кеңістігіне жеке шығаруға ақынның ізгілік ілімінде орын берілмеген.

Ақыл-зейін хақ бұйрығы сіңірген

Желек жаяр, қосылғанда біліммен! (1, 204 б.) –деп, ақын ақылдың біліммен күшейер қырын танып қана қоймай, білімді ақылға көмекші, демеуші серік болар қызметке қояды. Білім мен ақыл – екі басқа танымдық әрі психикалық құбылыс. Білімнің азы, көбі, қажеттісі, тіпті зорын алсаң да, ол ақылға теңесе алмайды.

Білім – еңбектенуді қажет ететін күш. Білімнің адамзатқа қызмет етер пайдасымен қатар, адамның өзіне қатер төндіретін құпия күшін тану ақын назарынан тыс қалмаған.

Сынап, көріп кісі білім алмаса,

Оны кісі санатына алма аса (1; 431 б.).

Сыналмаған білімді игерген адам болмаса – сенімсіз түсінігіміз білім жеке алғанда мақсат емес. Зат немесе құбылыстың мәнін аяғына нәтижесіне дейін анықтауды талап ететін істі білім атқара алады. Мұндай жағдайда білімге көмектесетін, оның дұрыс-бұрысын анықтайтын күш ақыл деген ой түйіні ғұлама ақын Ж. Баласағұнның ізгілікті ілімінің біртұтастығын ізгілік тұғырына бекіту арқылы ақын көпшіліктен қолдау табар деген үмітпен «елді бақытты ететін» ереженің өмірде жүзеге асатынына сенім білдіреді. Адамдық қасиеттің ақыл мен білім негізінде тұрақталуын – болатын іс деп түсінеді. Сезімдік қабілет үшін жете алмаған, шеше алмаған зат құбылыс мәні ақыл мен білім ашық, шешіп бере алады. Ж. Баласағұн өз кезінде, осы ақыл мен білімді, ізгілік пен жақсылыққа жеткізер күш-құрал есебінде таныған. Ақыл мен білім – Алланың адамға дарытқан қасиеті. Жаратылысында ақыл, білім ізгілікті ғана мақсат етеді. Ізгіліктен ауытқып, ізгі мақсаттан айныған білім мен ақыл рухани кеселді тудырап құбылысқа әкеледі деп дана ақын өзі тіршілік еткен XI ғасырға тән жағымсыз көріністі міне адамзат өз басынан кешкен жоқ па?!

Әдебиеттер

1. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы, 1986.
2. Нұрмұратов С. Ұлттық болмыс пен ұлттық сана: Оқу құралы. – А., 1996.
3. Есім Ғ. Адам-зат: философиялық эсселер кітабы. - Астана: «Ақарман», 2008.
4. Абдығалиева Л.И. Қазақ дүниетанымындағы ізгіліктік ой-пікірлер тарихынан. – А., 2006.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

Наурызбаева А.А.

«Айгөлек» балабақшасы КМҚМ, Бозанбай, ШҚО, Қазақстан

Ана тілін жақсы меңгеріп алмай
тұрып өзге пәндерге түсіну мүмкін емес...
Ж. Аймауытов.

Сәбилер мен мектеп жасындағы балаларды өз ана тіліне үйрету – тәрбиешінің кәсіби даярлығының маңызды көрсеткіші болып табылады. Баланың табиғат сыйға тартқан барлық интеллектуалдық қабілеттері ана тілін меңгерудің, әсіресе мектепке дейінгі кезеңде меңгерудің арқасында пайда болады және дамиды.

Бала ана тілінде ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын халықтың рухани байлығын мұрат етеді. Одан арғы жерде тәрбиеленушілердің өз заманының ғылыми жетістіктеріне сай болуы – тәрбиешіге байланысты. Балаларға ана тілін оқытуда кәсіби шеберлікті меңгеру үшін болашақ тәрбиешіге әдістеме теориясын ұғыну және ғылымға белгілі әдістерді меңгеру, яғни осы әдістерді жүзеге асыратын оқытудың аса маңызды тәсілдерін орындауға жаттығу керек. Әрбір жеке тұлғаның бойындағы жетістіктің де, олқылықтың да негізі бала кезде, оның ішінде балабақшада берілетін білім мен дағдыға байланысты болады. Көрнекті орыс психологы Л.С. Выготский баланың жеке тұлға болып қалыптасу процесін бірнеше кезеңге бөліп қарастырады:

- 1) жаңа туған нәрестенің жады пайда болғаннан кейінгі кезең;
- 2) тәй-тәй басып, тік жүре бастағаннан кейінгі кезең;
- 3) алғаш сөйлеу дағдысын меңгере бастағаннан кейінгі кезең;
- 4) белсенді ойын кезеңі;
- 5) мектеп есігін ашқаннан кейінгі кезең;
- 6) 12 жасқа толғаннан кейінгі кезең;

7) жасөспірім жетілу кезеңі;

Жоғарыда айтылған әр кезеңді баланың даму, жеке тұлға ретінде қалыптасу жолындағы шағын секірістерге балайтын ғалым, әсіресе алғашқы сөйлеу дағдысын меңгеру мен балабақша табалдырығын аттау оқиғаларына ерекше маңыз береді.

“Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды да, сондайдан білген, көргені көп болған адам білімді болады”, - деген ұлы Абай өсиетімен өз ұлының алғаш сөйлеген күнін оның рухани туған күні деп санаған белгілі неміс педагогы И. Фихтенің пікірі де жеке тұлғаның қалыптасуы мәселесін арнайы зерттеген Л.С. Выготскийдің жоғарыдағы ғылыми тұжырымдамасымен үндесіп жатыр.

Оқу жұмысын ойдағыдай жүргізу үшін балалардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін, олардың зейінін, қабылдау мен есін, ой-қиял ерекшеліктерін, т.б. білу керек. Мысалы, алты жасар баланың зейіні тұрақсыз, сабақ үстінде оның толқуы күшті, ал бөліну қасиеті мүлде жоқ десе болғандай, көлемі шағын болады. Оқудың алғашқы күнінен бастап-ақ балаларды тыңдай білуге, тапсырмаларды дәл орындап жүруге үйрету керек. Олардың зейіндері заттарды бақылап, олармен жұмыс жүргізу арқылы тәрбиеленеді [2].

Суреттерді көргенде, әңгіме, ертегі тыңдағанда бала зейінінің тұрақтылығы арта түседі. Сабақтарда пайдаланылатын ойын элементтерін, іс-әрекеттің түрлерін жиі өзгерту—олардың зейінін тәрбиелеуге көмектеседі. Мектепке дейінгі ес ерекшеліктері логикалық - сөздік байланыстардан қарағанда көрнекі бейнелердің басымдылығында. Сөздік материалды олар мағынасын түсінбестен, механикалық түрде жаттап алады. Қабылдау мен ойлауында да толып жатқан ерекшеліктер бар: олар ажырата қабылдауды білмейді, тұтас қабылдайды. Осыған орай, тапсырма бергенде дәлдеп, бөліктерге бөліп беру немесе заттар мен құбылыстардың құрамымен таныстыруды ескерген жөн.

Мысалы, олар «сөз», «буын», «дыбыс» ұғымдарын шатастырады. Ажырата қабылдауға салыстыру арқылы үйретуге болады. Мұнда тек әріп дыбыс, буын, сөздерді ғана салыстырып қоймай, заттар мен құбылыстарды да салыстыруға болады. “Тауықты құстар қатарына қосамыз ба?” - сұрағы арқылы, “Егер болса, қандай белгілеріне қарай құс дейміз? Егер болмаса, неге құстар қатарына жатпайды?, т.б. салыстыруды іске асыруға болады.

Оқытудың мазмұны балалардың жас ерекшеліктеріне сай болуға тиіс. Алайда оқылатын материал үнемі оңай, жеңіл-желпі орындалатындай болуы қажет деген ұғым тумаса керек. Қиыншылық кездеспейінше, ойлау белсенді қызмет атқармайды. Екінші жағынан,

шамасы жетпейтін қиыншылық кездессе, ой тежелуге ұшырайды, ерік күші мұқалады. Бұл ойлардан шығатын қорытынды сабақтың түсінікті болуы шарт.

Материалды балаға ұғындыру, оларды білім алуға дағдыландыру көп жағдайда оқыту тәсілдеріне байланысты. Оларды түрлендіру, көрнекілік жағына баса назар аудару сияқты талаптар, міне, осыған орай туады. Балалар сөз, дыбыс, буын, сөйлем деген сияқты дерексіз ұғымдармен алғаш рет кездеседі. Бұл ұғымдардың мәнін нақтылап түсіндіру үшін сурет, кесте әліппе, т.б. көрнекіліктердің пайдасы мол. Соңғыларын ойын ретінде де пайдалануға болады. Ескеретін жай - шектеу. Себебі, бірден бірнеше көрнекілік ұсынуға немесе керегі болсын - болмасын кез-келген суретті ұсына беруге болмайды (олар тіпті ашық бояулармен әдемі әшекейленген болса да). Басы артық көрнекілік балалардың зейінін тұрақтандырып, жинақтауға көмектесудің орнына баланы алаңдатып, зиянын тигізуі мүмкін. Ал осы жастағы балалардың тілін дамыту мәселесі маңызды жұмыс екені талас туғызбас. Балалардың ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыту мәселесі Т. Шонанұлының, Ж. Аймауытовтың, М. Жұмабаевтың еңбектерінде қозғалады. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту жұмыстары баланың балабақша табалдырығын аттаған сәтінен бастап, балабақшадағы ең негізгі пәндердің бірі - тіл дамыту сабағында үздіксіз жүзеге асырылса, қоғамның әлеуметтік қажеттілігін өтейтін, рухани бай тұлғаның қалыптасуына игі ықпал етері сөзсіз. Берілетін білім мазмұны мен қолданылатын әдістәсілдер баланың өзін-өзі тануына мүмкіндік туғыза алса, оның танымының дамуына бағдарланса, онда балабақшадан бастап баланың білімге қызығушылығы артады деген сөз.

Бала тілінің дамуы дыбыс аппаратының бұлшық еттерінің күрделі шартты және шартсыз қозғалысына сәйкес қалыптасады. Сонымен қатар, басқа адамдармен қарым – қатынастың маңызы зор екеніне көптеген мысалдар бар. 12-16 жасқа дейін адамдармен араласпай өскен балалардың адам сияқты сөйлеу қабілеті болмайды. Сөздердің мағынасын түсініп, аздап сөйлеп үйренгенімен, оларда екінші сигналдық дәрежедегі тіл қалыптаспайды. Бұған дәлел - маймылдар тәрбиелеген адам балалары. Сәби кезінен жануарлардың тәрбиесінде болып, адамдармен қарым-қатынасы кеш басталған балалардың ересек адамдардай сөйлеу қабілеті болмайды, оларды адам кейпіне келтіріп тәрбиелеу де, сөйлету де қиын, кейде мүлдем мүмкін болмайды. Жаңа туған бала дыбыс аппаратының шартсыз қимыл рефлекстеріне байланысты мағынасыз үн шығарады. 2 – айдан бастап бала дауыстай алады. Ересектерге еліктеп, кейбір дауысты дыбыстарды қайталауы

мүмкін. 3 - айдан бастап гу-гулеп, былдырлап, дыбыс аппаратын сөйлеуге дайындайды. 5-6 айдан еліктеу арқылы жеке дыбыс, буындарды айта бастайды. Бұл кезде тек бірінші сигнал жүйесі ғана дамығандықтан, сөздің мағынасын түсінбейді, жай қайталайды. Сонымен қатар, тілдің шығуына есту қабілетінің әсері зор. Есту қабілеті ерте жойылған балалардың тілі шықпайды. Жақсы еститін баланың тілі 9 айында түсінікті жеке сөздерге айналады. 2 жасқа дейінгі баланың сөйлеуі оның ана тіліне байланысты емес, содан кейін ғана ана тіліне сәйкес артикуляция байқалады. Ми қыртысында дыбыс орталығы мен сөйлеу орталығының арасында нервтік байланыс пайда болады. Кейіннен байланыс күшейеді. Дені сау, жақсы дамып келе жатқан баланың 1 жасында - 6-10, 2 жасында -250-300, 3 жасында – 1500, 4 жаста - 4000-ға жуық, 5-6 жасында - 4000-5000-ға дейін баратын сөздік қоры жиналады. Тәрбиесіне, жоғары жүйке әрекетінің тобына, қозу мен тежелу қасиеттеріне байланысты балалардың сөз қорының мөлшері әртүрлі болады. Басқа адамдармен қатынасына, табиғатына, яғни генетикалық (тұқым қуалаған) ерекшеліктеріне, болмысты білуге арналған ынтасына, өмір сүріп отырған ортасының мәдениетіне байланысты алғашқы сөздері баланың көңіл – күйіне негізделген, өмір қажеттілігінен шыққан сөздер болса, кейіннен мағына тереңдейді. Ерекше ескеретін жай – баланың тілінің дамуында 3-4 жас аралығының маңыздылығы. Осы кезде баланың сөздерді дұрыс, анық айтуына көбірек көңіл бөліп, онымен сөйлескенде қателерін жөндеу маңызды. Бұл кезең ата-аналардан шыдамдылықты талап етеді, баланың мәлімет алуға ынтасы зор, сұрағы көп болады. Бір сұрақтан екінші сұрақ туындап, ересек адам мезі болуы мүмкін. Баланы дөрекі тыйып тастамай, сыпайы түрде көңілін басқа нәрсеге аударып жіберген жөн. Жалпы алғанда, ауызша сөз қорының дамуы 5-7 жасқа дейін созылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың тіл байлығын дамытуда түрлі ойыншықтардың, әңгімелердің, балалармен серуендеп жүрген кездердің, сыртқы ортамен таныстырудың маңызы зор. Олардың есінде белгілі бір жағдайға, нақтылы әсерге байланысты сөздер жақсы сақталады. Бұл кезде баланың санасы нақтылы тітіркендіргіштердің әсерінен дамиды. Балабақшадан мектептің бастауыш сыныбына аяқ басқан балалардың жазбаша тілін дамытқан кезде ауызша тілінің маңызы зор екенін ұмытпау керек. Жауап беріп үйрене бастағанда баланың ішкі қабілеті дамиды. Ішкі ойын дәл жеткізу қабілеті баланың жеке басының санасының, ақыл – ойының дамуына байланысты. Сондықтан баланы дұрыс сөйлетіп, ойын дәл айтуға үйретуде тәрбиешінің орны ерекше [1].

Тәрбиеші тілі – бақшадағы балалардың сөйлеу тілін дамытудың

негізгі көзі болып табылады. Жас шамасына қарай әр топтағы балалар өз тәрбиешілерімен шаруашылық – тұрмыстық және еңбек іс - әрекетінде қатынас жасайды. Тәрбиеші балалардың ойындарын ұйымдастырады, бағдарламада көрсетілген барлық сабақтарда балалармен сөйлеседі, кітап оқып беру кезінде балаларды көркем шығарма авторларының сөздерімен таныстырады. Демек, балалар тәрбиеленетін мекемелерде тілді дамыту потенциалының мүмкіндігі түгелімен тәрбиеші сөзінің сапасына байланысты. Балабақша тәрбиешісі үшін үлгілі сөйлеуді меңгеру - оның кәсіби даярлығының көрсеткіші. Сондықтан өзінің сөйлеу тілін жетілдіру - әрбір педагогтың адамгершілік және қоғамдық парызы.

Кейін балаларға беретін тілдік дағдыларды өзі жетік меңгеруі маңызды. Сөйлеу мәдениетіне ие болу дегеніміз – бұл тілдің барлық элементтерінің (сөздің, түбірдің, қосымшаның, жұрнақтың, жалғаудың, сөйлемнің әртүрлі типтерінің, ырғақтың) мағынасын түсіну ғана емес, сонымен қатар әдеби тілде олардың қалай қолданылатынын есте сақтау деген сөз. Әрбір адамның сөйлеу мәдениеті оның тілді сезінуіне және тілді сезгіштігінің қаншалықты дамығанына байланысты. Қазақ балабақшаларында жүргізілетін тіл жұмыстарын жүйелеп, кешенді зерттеу жұмысын анықтаған профессор С.Р. Рахметова бұл жұмыстарды төмендегідей құрамдас бөліктерге бөледі:

- 1) сөздік жұмыс;
- 2) сөз тіркесі және сөйлеммен жұмыс;
- 3) байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмысы.

Бұл жұмыстар бір – бірімен байланыстырыла, бір – бірімен қатар жүргізіледі. Бұл - тәрбиешінің еңбегі. Осы еңбек нәтижесінде балалар нені меңгереді.

1) қойылған сұраққа тиісті жауапты, сөздерді қателеспей айтуға үйренеді;

2) сұрақтарға қатысты жауап болатын сөздерді бір – бірімен байланыстыра сөйлем құрастыруға үйренеді.

Балалардың танымдық қабілеттерін дамытып, сөздік қорын молайтып, сөйлеу дағдысын жетілдіру үшін екі түрлі тапсырма орындатуға болады:

1. Ойыншықтар арқылы ауызша сөйлеу.
2. Сурет бойынша әңгімелету.

Баланың тілін дамытуда ненің пайдасы зор? Біріншіден, жұмбақтарды жаттатып, шешкізу пайдалы. Екіншіден, тіл дамытуда балаларды өте қызықтыратын тағы бір халық ауыз әдебиет үлгісі – жаңылтпаштар. Бала бір сөзді қайталап айта отырып, тез жаттап алады. Бір – біріне айтып, екінші бала да тез жаттауға үйренеді. Жаңылтпаштар

көбінесе тілінің мүкістігі бар және қиын сөздерді айта алмайтын, дыбыстарды шатастыратын немесе кейбір дыбыстарды айта алмайтын балаларға көп көмегін тигізеді. Сөзі түсінікті, оқығанда тез жатталатын жаңылтпаштар баланың ой-өрісін дамытып, сөздік қорының молаюына әсерін тигізеді. Әрине, бұл тіл дамыту жұмыстарының басы ғана. Тіл дамыту барысында жүргізілетін таным қызығушылығын арттыру жұмыстарының өзгешелігі – талдау мен жинақтау процестерінің бірлігінде. Яғни, тіл дамыту сабақтары негізінен балалардың бұрыннан қалыптасқан сөйлеу дағдыларына сүйене жүргізіледі деген сөз. Бала тілінің дамуының алдыңғы баспалдағы балабақшада қалануы керек. Егер балабақшада баланың тілі дұрыс дамып, жетілмесе, тілдік нормалары қалыптаспаған болса, байланыстырып сөйлеуі нашар, сөздік қоры аз болса, бірінші сыныпқа барғанда оған тіл сабақтары өте ауырға түсетіні айтпаса да түсінікті. Сондықтан балабақша сабақтарының барлығында дамытушылық тапсырмалардың маңызы зор. Озық тәрбиешілердің іс-тәжірибесінен үйренудің, талмай ізденудің, біліктілікті көтерудің қажеттілігін үнемі есте ұстауымыз керек. Себебі қазіргі балабақшада тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндер – болашақ 12 жылдық мектеп оқушылары.

Әдебиеттер

1. Аймауытов Ж. Психология. Оқу құралы. - Алматы, 1994.
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. - М., 1994.
3. Тәрбие хрестоматиясы. - Алматы, 2001.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҚЫРЫБЫ

Қамбарова Ж.¹, Картаева А.М.²

¹ДБА Жамбыл атындағы ОММГИ, ²С. Аманжолов атындағы ШҚМУ,
Өскемен, Қазақстан

Қазақ әдебиетінің тарихында еліміздің тәуелсіздік арнасына түскеннен кейінгі кезеңі өзіндік даму бағытымен, көркемдік ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Тәуелсіздік әкелген өзгерістерді, рухани әлеміміздегі желісі үзілмеген тарихи сабақтастықты, азат сана тудырған айшықты оралымдарды осы кезеңдегі ақындар шығармашылығынан айқын аңғарамыз. Тың тыныс, соны серпінді байқаймыз. Әрине, ұзақ жылдарға созылған азаттық таңын таңдау мен оған жету жолындағы қоғамдық күрестердің һәм олар туындатқан тарихи оқи-

ғалардың төл поэзиямызға тигізетін әсері ерекше екендігі сөзсіз.

Қазақ поэзиясындағы еркіндік, тәуелсіздік мәселелері адамзат жаралғалы бері айтылып, жазылып келе жатқаны белгілі. Сондықтан тәуелсіздік жолындағы күрестердің ішіндегі киелісі болғандықтан, адамзат баласын ықылым замандардан бері өзінің еркіндігі мен бостандығының шектелмеу мәселелері толғандырып келеді. Жеке адам ретіндегі бостандық танымы, адамзат баласы белгілі топқа бірігіп, қоғамдық орта құруға талпынған кезде ел еркіндігі мен азаттық идеясына ұласа бастаған.

«Тәуелсіздік» ұғымы кең ауқымды, терең мағыналы. Тәуелсіздік дегеніміз – елдің егемендігі, мемлекеттің дербестігі, халықтың бостандығы, адамның азаттығы ой-сананың еркіндігі [1, 4 б.]. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев: «Тәуелсіздік – бабаларымыз ғасырлар бойы армандап, біздің ұрпақ жүзеге асырған, барлық қазақстандықтар үшін ең қасиетті құндылық», - дейді [2, 175 б.].

«Тәуелсіздік – қасиетті ұғым, сәулелі құбылыс. Сандаған ғасырлар мен замандар бойы бабаларымыздың асыл арманы болған Тәуелсіздік ақ қанатты періште сипатында халқымыздың басына бақ болып қонды. Отанымыз Тәуелсіздік құшағында асқақтап замана тарихтың ұбақ-шұбақ көшінің нешеме алуан қисапсыз суреттері, тағдыр тәркегіне душар болған халқымыздың хал-ахуалы зобалаң – дүрбелеңдері көз алдында қайта тізгендей, «Елім-айдың» зарлы-мұңды әуені естілгендей», - дейді ғалым С. Негимов [3, 76].

Тәуелсіздік идеясы бір мезетте туындамайды. Ол бірнеше жылдардың, ғасырлардың жемісі. Оны қалыптастыратын адамның еркін ойы, өзіндік пікірі, философиялық көзқарастары. Философия тілінде еркіндікке: «адамның өзінің болмысының негізгі бағытын меңгеруі, табиғи және әлеуметтік күштерді жеңуі және өзін танытудың, өз қалауынша әрекет етудің таңдауын сақтай білуі», - деп түсінік береді. Сөйтіп тәуелсіздік адамның қоғамдық орта салатын кедергілерді бағындыруы арқылы жаңа бір кеңістікке көтерілуіне жол ашады.

Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жылғы атаулы күннен жаңа қоғамдық өмір, жаңа тарихи кезең басталды. Осыған орай, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының мақсат-мұраты, тыныс-демі, өрнек-айшықтары да жаңаша, өзгеше болып қалыптаспағы заңды болатын.

Тәуелсіздік тақырыбы қазақ әдебиетінің өн бойында жазылып та, айтылып келді. Ал Қазақ елінің 1991 жылғы тәуелсіздікке қол жеткізген атаулы күнінен бастасақ, бұл мәселе арнайы тақырып болып жеріне жете айтылып, күн тәртібіндегі негізгі мұрат ретінде поэзияда жырланып келеді.

Қазіргі қазақ поэзиясы үлкен данқты жолдан өтіп енді міне, XX ғасырдың аяға, XIX ғасырдың басында мүлде жаңаша тебіреніс, толғаныс, ойланысқа беріліп, атын да, затын да жаңалады. Соңға онбес жылдың қарсаңында бұрынғы қазақ кеңестік поэзиясы тәуелсіздік кезеңінің поэзиясы аталды. Таптық партиялық затына дейін өзгеріп ұлттық поэзияға айналды, демократшыл, азаматшыл рухы биіктеді. 1991 жылғы желтоқсанның 16 жұлдызы күні Қазақстан аспанында ұлт азаттығының көкбайраға желбіреген ғажайып сәтқазақ өлең сөзінің бүгінгі нұры, ғайыптан тапқан сыры. Ақ жүрек адал өзек ой сезімі соңғы жылдардың уылжыған жыры боп төгілуде. Үкілі шығармалардан бастасақ 2000 жылы Темірхан Медетбеков «Тағдырлы жылдар жырлары» 2002 жылғы Иран Ғайып (Оразбеков Иранбек) «Қорқыттың көрі» атты жыр кітабы, Нұрлан Оразалин «Ғасырмен қоштасу» деген жыр жинағы, Марфуға Айтқожина «Аңсау» атты өлең кітабы үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары атанды.

Лирикадағы басты тұлға - ақынның өзегі. Өлең авторы, объектісі мен субъектісі. Қан тамырын соқтыратын жүрегі. Алдымен көзге оттай басылатын жаңалық, лирикалық ақын образының бұған дейінгі қай уақыттан өзгеше арынды көрінуі, ағын судай тасуы, асқарлы шыңдай асқақтауы. Кеңес поэзиясының лирикалық кейіпкері «азатпыз», «бостанбыз» деп аз шалқыған жоқ. Бірақ сол шалқыманың мән мағанасы толық ашылмай қалатын. Ашылмау себебі, әлуметтік бостандық ұғымдарының арасы көш жер... Плоретарлық диктатура ақыр соңында тоталитаризім түтегіне ұласты. Қызыл империяның отаршылдық ызғары ұлттар теңдігін аяқтасты етті. Бүгінгі лирикалық қаһарман «азатпын», «бостанмын» десе, оның жөні басқа. Темірхан Медетбек «Тәуелсізбін» атты көлемді өлеңінде былай деп шарықтатады.

Тәуелсізбін!

Келді міне азаттығым,

Теңдігім.

Бостандықта бойлығым мен ендігім.

Шешіл енді, шемең болған шерлі үнім.

Ақын «Тәуелсізбін» деуі мұң, бойына қуат, еөңіліне шербет енеді. Кенет зорайып барша қазақ болып сөйлейді. Ондай стилистикалық жаңа рөл атқаруға күш қосатынқайнар жаңа уақыт ақиқаты. Азат ұлты. Кеңестік бостандық өлеңінің авторы я лирикалық кейіпкері «өңкей сорлы езілгеннің» сөзін сөйлесе, яғни бір қазақты екіге жарып, «байларды қойдай қу қамшымен» деп ұран тастаса, Қызыл жалау бар қазақтікі болмай шықса, Көкбайрақ жөнінде олай дей алмайсың.

«Тәуелсізбін!», «Азатпын!» деп жар салушы Темірхан өлеңінде тұтас ұлт: байы да, орташасы да, кедейі де. Ақын «мені» ұлттық сыпат алған. Жеке бағамы көпшілік көңілінен табылып, ұлт бағымына айналып мейлінше зорайған. Тәуелсіз кезеңнің лирикасы тарихты ұлт мүддесі тұрғысынан сөйлетеді бұрынғыдай жалтақтамайды, бір шоқып екі карамайды. Кеңес кезінде қазақ ақынының миы құдды локаторға ұқсайтын. Мәскеу жақтан кезкелген қағып алып қазақшалайтын. Кеңес кредосы былайша талап қоятын: «Жаңа заман жаңа дүниеге жарамсыздарды бүгін әшкерелеу кере: ертенге қалдырсаң кешігесің. Онда сен партия мүшесі халық жазушысы емессің». Социалистік релизмнің басты принциптерінің бірін қазақ ақыны, ғалымы Әбділда Тәжібайев өз сөзі етіп айтып отыр.

Ендігі ақын өйтпейді. Бөтен жаққа қарап емінбейді. Оның айтқанын қайталап жарамсақтанбайды. Не құбылысты тарих безбеніне салады. Темірхан; «Қырылдық қой қорғап біздер Мәскеуді, ал Мәскеуден біз қорғана алмадық», деп ашына ақтарылса, мұнда кешегі өткен Кеңес дәуірінің тарихи таразылауы бар.

Тарихты ұлт көзімен қайта бағамдау Ұлықбек Есдәулеттің «Киіз кітабындағы «Түркістан», «Біз түріктерміз», «Астаналар», «Қазақстан», «Қазақия» т.б бірқатар өлеңдеріне тән. Қазақтың Отырар, Сауран, Сығанақ, Баласағун, Түркістан т.б көне шірлерін ақын өткен шақ шаңында қалғанға баламайды. Ол қалалардың бәрі бәрі қазақ шайырының жан әлемінде тірі қалпы тыныстап тұр. «Өзегінде өртеніп Отырар» жатыр. Сауран мен Сығанақтарды бұл бақтарын түсінуде аралап жүреді. Ал Асанқайғы желмаясын желкіндетіп бүгінгі Астананы тамашалайды. Оны көрген XX ғасыр ақыны «бата бер ұрпақтарыңа!» деп қолын жаяды. Тәуелсіздік туын желбіретіп ұстап тұрған қазақ кешегі бүгінгісі ертеңін бойына жинаған тарих перзенті.

Тәуелсіздікке ұол жеткен алғашқы кезеңдегі сүйінші сұрасу үстінде лириканың декломацияға берілуіде заңды. Марфуға Айтхожинның «Аңсау» кітабы.

Мүмкін бе Ата текті жасыруым
Күмістей төгіл сен де
Ашыл үнім!
Өз еркі,
Өз тағдыры,
Өз қолыңда,
Мен Тәуелсіз қазақтың
Ақынымын!

Деген өлеңінен басталады ұлттық тарихымыздан медет сұрау тәуелсіздік дәуірі поэзиясының қабырғалы тақырыбы. Нұрлан Ора-

залин сақтардан талап етілетін көне үніне құлақ тосады. «Күмбірлеген көк түріктр кезеңін» сағынады.

Сағын!

Сағын!

Сағынышың өлмесін,

Шалқарыңда ұлы аруақтар көлбесін!

Тәңір құт пен күнбилерің сөйлесін,

Өлмес тарих; Өзіңе сын, елге сын,

Қоғам мүлкін жымқырушыларға қарсылық тәуелсіздік кезеңінің алғашқы жылдары көптеген ақындардың өлең жырларынан орын тепті. Ауылды жекешелендіру, өнеркәсіп, қазба байлықтардың «хантаалапайға» түсуі салдырынан \ Жаппар Өмірбеков\ бастапқы шақта халықтың басым көпшілігін жүдеу жадаулыққа ұшыратты. Халық өмірінің тамыршысы поэзияда нарыққа қарсы наразылық «Қызыл жыңғыл» атты жинағында ақын Қазыбек Иса тәуелсіздікті тәу етіп көп өлең жазады. Ал нарыққа көңілі тоймай назыркайды.

Сарыарқа төсі

Сазына бөлеп не түрлі

Сазандай қақтар самалға тоссаң бетіңді

Соқпағы мұнда соқпаған сынды нарықтың

Айла мен есеп айналып өткен секілді.

Қазбек те «Пұлды болсаң» ғана құндыға теңгеретін, «Дарындыны қарындыны кем көретін» айла мен есеп құлдарына рух заңғарларын қарынды кем көретін» айла мен есеп құлдарына рух заңғарларын қарсы қояды \ Абайға, Жыр жолбарыс \Жамбылға\ Қазына \ «Қаныш Сәтбеуқа», «Бауыржан Момышұлына» т.б.

Жаңа қазақ –іс адамы. Күнделікті күйбеңнен бас көтере алмайды. Мұхтар Шақанов қазақ өлеңінің ежелгі тәлімгеріне бағып «Аудандағы жалғыз кітап дүкенін сатып алып сырахана жасаттың» деп жаңа қазақ жетесіздігін сынайды. Өлең көрер көз естір құлақ үшін бірдей жазылған: ауызекі шешендік бастырмалата сөйлейтін екпіні, қызу айтыс қарқыны, татымды шыншыл сыны ынталандырады, қызықтырады. Тек шақырығы... бизнесменге «Ешкім рух байлығынан бөлініп, Шын бақытқа жеткен емес, жарқыным!» - дейді. Бейне бір бизнесмен істеп отырған ісінің ақ, қарасын айыра алмайтын миғұллаудай. Кітап сатылмаса, халық арасына тарамаса, ел рухсыздыққа ұшырайтынын біледі ол. Неге білмесін. Біле отырып істеп отыр. Сондықтан оған уағыз оқу артық. Оданда автордың жаңа қазаққа ұлт ерке-серкелерін қарсы қоятыны көңілге әлде қайда қонымды. Олары: ақындар Төлеген Айбергенов пен Олжас Сүлейменов, сазгер Шәмші Қалдаяқов, академик жазушы Зейнолла Қабдолов, әлемдік палуан Қажымұқан, сая-

саткер Нәзір Төреқұлов, Желтоқсан қаһарманы Қайрат Ырысқұлбеков. Айбергенов «не жасалық болса алдымен елге болсын» десе, Сүлейменов «Семейдің зор қасретін әйгіледің әлемге», Қалдаяқов «Отырардың еңкеймеген рухын, әр қазаққа ән арқылы жалғаған», Қабдоллов «Ойларыңды ұлы Әуезов ойларынан» қозғатқан, Төреқұлов «Талай жерге шашып едің жүрегіңнің жарығын», Рысқұлбеков «Қиын сәтте жалау еткен ел намысын». Рух биіктігі, рух қуаты деген де сөздер бар. Ел бетке шығарларын сыпаттағанда ескертілетін нәрсе. Тоғы тұрғыдан келгенде жинақта айтпауға болмайтын бір кемістік бар. Мұхтардың жан жадаулығына қапрсы тізімнен Қажымұқанның түсіп қалуы түсініксіз. Біздің ше Қажымұқанның тек қара күш иесі есебінде ғана жырланғаны сыңаржақтылау \ «Қазақтың бас бұлшық еті, Құлагер төс, піл табаны»\ . Қазақ данқын аспанға шығарған адам үшін жетімсіз. Қажымұқан нелер апайтөс нояндарды тек білек күшімен ғана жықты ма екен? Жүрек, қайтпас қайсар мінез ше? Қажымұқан рас, ақын да, ғалым да емес. Бірақ оны рухсыз еді дей алмайсыңғой. Дене күшіне рух күші, жан қайраты қосылмаса, ол дүние жүзі чемпионы қалай аталмақ? Күрес –өнер. Өнер туған жер парасатпен ауылдас. Істің бұл жағының жете ойластырылмағаны өкінішті-ақ.

Тәуелсіз онжылдық поэзиясы ақын Қанипа Бұғыбаеваның «Өң... мен түс...» жинағынсыз олқы соғар еді. Соңғы жинағын ел жұртына сыйлай отырып, «Сағыныштан шаршадым... дем алсам деп Жерананың құшағына құлаймын» деп қырық жыл бұрын өткен шешесімен қауышуға о дүниеге асығыс аттанып кетті. Және ғарышқа самғап айкүнге жар салғыш аусар асқақ ақындығына сай өз образын мәңгі есте қаларлықтай етіп құйып та кетті. «Сезімді күн нұрына сабақтадым. Үнімді көшкен бұлтқа тыңдатам деп, Найзағай бұтағында қонақтадым», - депті. Тосын тапқырлық. Сөзді көктен түкен жасылдай ойнатады деп осындайда айтса керек. «Ақын» атты өлеңінде бұл жайында бұл жайында былайша толғанады.

Үнсіз қалса...

Жұрт ойлайды «сөнді» - деп,

Қамытына «ит тірліктің көнді деп

Ол жағында дүние түгел жарқырап,

Ол сөнерде жарқылдайды соңғы рет...

Қанипаның лирикалық кейіпкері ұлт түлегі. «Қазақпын мен» атты ұзақ өлеңін десте - десте етіп самсатуы да тәуелсіздіктің рухына ішпегі жемей тойған ел перзентінің жүрек жарды қуанышынан. Азаттықты бақыт байлығы, ырысы санайды. Ата баба аруағын шақырып отан үшін басын құрбандыққа шалған тарихи тұлғаларға сыйынып, бақыт

баяндылығын тілейді.

Тәуелсіздік әдебиетінің бір ерекшелігі-ел азаттығы мен қоса сөз бостандығын да сыйлаған заман кезінде туып дамуы. Қазіргі қазақ поэзиясы кітаптарында егемендік қуанышы, нарық қайшылықтары өткенің өкініштері белең алса, бұл қрғамнан әдебиеті жарық тұра алмайтынына және бір айдай айғақ. Бірақ бостандық тиген сөздің күнделік тірлікке білек соза бермеітін өнері бары енд ғана байқалып жүр. Ақын Темірғали Көпбаевтің «Көзмоншақ» \1998\ атты жыр кітабын сөз өнерінің сұлуы көшіндегі бөлекше көз тартар көлік пе деп қаласың. Кітаптың беташары «Мұңды өлең» деп аталады. Беташарын ғана еме, жинақтың өзін де «Мұңды кітап» деп атаса жөн. Өйткені ол негізінен бір ғана сезімнің төңірегінде шыр айналды.

Мен дағы бір күй едім,
Мұңнан салған тиегін.
Тереңіме құласаң,
Шашылар - ау сүйегің

Шумақ «Ой» деген өлеңнен алынды. «Мұң» деген сөз жинақтағы басқа өлеңдерден де жиі кездеседі. Ал қай өлеңде сол сөздің өзі жоқ болғанмен көзі тұрғаны сезілмей қалмайды.тіпті пейзажынан да: «Айғыз-айғыз терезем, Ебіл-себіл жылауда. Арғы жағы боз қырау, Тұман ба әлде тымау ма?»

Жалғыз бала-қалада. Өке-шеше далада. Даладағы ата-ана мес бие, емен күбі ұстайды. Күбі күйттер келін қасында жоқ. Немересін қатты сағынған кезде наласын күбірлеп күбіге айтады. Қалаға бара алмайды. Қалық жерне «Мес бие мен емен күбі сыймайды». Қала мен ауыл қайшылығы... Қала берді ол да мұң. Мұңның астарында күллі адамзаттың арғы бергі арманы астасып жатыр. Ол арман бір кезде пікірінше, бұл арманына адам баласы «Ит қырынды қорылдатып көметін» уақыт туғанда жетпек. Сол дәстүр Темірғалидің «Қиял шындық» деген өлеңінде жаңғыртылып нақтлана түседі.

Жеріп болдым елдің еті үйренген ,
Қоғамдағы құлқын қуған күйбеңнен
Құлақ, ауыз көмейлерден жоғары,
Іздеулімін періштедей Сананы.
Өңкей аппақ сезімдерден құралған,
Ғалам жасау кеудемдегі ұлы арман!

Мұң ба? Мұң. Бір ұлт ғана емес, күллі адамзат шері. Рухсыздық дегеніміз қарынға қадалу дертінен, нәпсіге құлдықтан өзге нәрсенің бәрін: отан, ата-ана, отбасы алдындағы борышыңды естен шығарудан шықпақ.

Тәуелсіздік идеясы – қазақ әдебиетінде ежелден қоныс тепкен

ұғым. Тәуелсіздік дәуірінде бұл мәселе қиялдан гөрі нақты шындық ретінде жырлана бастады. Алайда, оны қабылдау әртүрлі ыңғайда болғанын байқадық. Азаттықтың әркімге де қуаныш әкелгені анық. Әйтсе де, ол халықтың барлық бөлігіне бірдей молшылық пен таусылмас игілік әкелген жоқ. Жаһандану үдерісінің жағымсыз әсері сезіле бастады. Ұлттық құндылықтарға қауіп төнгені аңғарылды. Бұл талантты ақындарды шамырқандырмай қоймады. Бір ұтымдысы – жаңа кезеңде сын айтуға біршама еркіндік берілді. Сонымен қатар ескі тоталитарлық жүйе тұсындағы келеңсіздіктер ашына айыптау сарынын тудырып, бүгінгі өмірдегі ұнамды құбылыстар көтеріңкі пафоспен жырға қосылды.

Әдебиеттер

1. Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. – Алматы, 2011.
2. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. - Алматы, Атамұра, 2003.
3. Негимов С. Әдебиет әлемі. – Алматы: Ана тілі, 2008.
4. Ержанова С.Б. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұтастығы мәселелері. Филология ғылым. докт. дисс. автореф. - Алматы, 2009.
5. Қазақстан тарихының очеркі. – Алматы, 1994.
6. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы, 1995.
7. Нұрғали Р. Алаш ұранды әдебиеттегі Мұхтар Әуезов көтерген азаттық идеясы // Заман Қазақстан. - 1997. – 20 тамыз.

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Нығызбаева Г.Ж.

*Қ. Нұрғалиев атындағы №43 мектеп-гимназиясы КММ, Өскемен,
Қазақстан*

«... Адамзат үшін ХХІ ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру - бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры - ұстаздардың қолында», - Н. Назарбаев.

Жеке тұлғаға бағдарланған сабақтар жүйесі 12 жылдық білім мазмұнының негізгі өзегі - қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, жеке басының, сондай – ақ қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзіретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен

дамыту болып табылады.

Білімді де білікті, салиқалы да парасатты, жан - жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу мемлекеттік маңызды іс. Қазіргі жаңару кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу процесінде адам факторы және оны жан-жақты жандандыру, ел өмірінің барлық жақтарын жаңарту бала тәрбиесінің мәнімен оның проблемаларын күрделендіріп отыр. Осыған байланысты білім берудің тиімділігі мен сапасын арттырудың негізгі бағыты- барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып біліп, жан- жақты қалыптастыру.

Жеке тұлғаның қалыптасуы - үздіксіз күрделі процесс. Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар екенін ескеріп, балалар мен жастардың білімге, ғылымға ықыласын арттыру, олардың ақыл- ой қабілетін, жеке бас қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу қажет.

Біздің республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу- тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым- қатынас пайда болуда.

Білім берудің қазіргі жаңа құрылымымен оқу - әдістемелік мазмұнының өзгеруі - мұғалімнің өз кәсіби шеберліктерін шыңдауды, жаңартуды талап етеді. Ел президенті Н. Назарбаев «Қазіргі заманда жастарға ақпаратты техникамен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп атап көрсеткеніндей инновациялық әдіс- тәсілдерді кеңінен қолдану жаңаша білім берудің бір шарты. Тұлғаға бағытталған оқыту – бұл педагогикалық қызметтегі методологиялық бағдар, ол өзара байланысты түсініктер, идеялар мен тәсілдер арқылы өзіндік тануын, өзін- өзі қалыптасуын және бала тұлғасының қабілеттерінің жүзеге асуын, оның қайталанбас даралығының дамуын қамтамасыз етеді және қолдайды.

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, дамыту бағытына байланысты. Қазіргі кезеңде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бұл педагогика тарихы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр, себебі, білім беру жүйесі өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі

– оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойынының дамуында басты рөл атқарады. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. «Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады» деген В. Сухомлинскийдің сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көрінетіні белгілі. Қазіргі кезде білім мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, ал оқушы тыңдайды, қабылдайды, ойлайды т.б., таным әрекеттерін жасайды.

«Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық» деген сөздерді ескере отырып, сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай инновациялық технологияны пайдаланып отырсақ оқытушының ұтары мол деп ойлаймын. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әр қилы жүзеге асырылуы мүмкін.

Жаңа технологияны пайдаланудың тиімді тұстары:

- Оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
 - Танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
 - Әлеуметтік мәдени тәрбие қалыптастырады;
 - Оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
 - Оқытушының уақытын үнемдейді. Қосымша мәліметтер береді.
- Жаңа технологияны пайдаланудың оқытушыға береріне келсек:
- Барлық баланы оқыту;
 - Оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектесу;
 - Білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқару;
 - Оқушының жеке қабілетін айқындау, іздену.

Қазіргі кезде білім беру үрдісінде көптеген технологиялар қолданылады. Соның бірі «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын басшылыққа аламын.

Бұл бағдарламаның мені қызықтырғаны сол баланың өзі ізденіп, дәлелдеуі. Ол бұрын тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойлаушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Сын тұрғысынан ойлау – өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан-жақты пікірлесу, талдау жасап отыру, яғни оқушы санасын сол тақырыпқа байланысты ояту, ой шақыру, ойын жеткізу оны дәлелдей алу. Сонымен қатар қасындағы оқушының пікірін тыңдау, сол

пікірлерді салыстыру.

Бұл технологияның негізгі ұстанымдар: әлсін –әлі қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, тіректерді пайдалану, келіспеушіліктің болмауы, оқушының жетісіктерінің жариялығы, қателерді түзеуге мүмкіншілік жасау, барлық балалар дарынды, табысқа жетуге жағдай жасау, оқытумен тәрбиенің бірлігі. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту күрделі процес болып келеді. Сыни ойлау ақпарат алудан басталып, қаралатын мәселеге байланысты шешім қабылдаудан аяқталады. Сыни ойлау кез – келген жас аралықтарына тән. Сыни ойлау күрделі үрдіс болғандықтан, оқушыға сыни ойлау ортасын жасау қажет. Мұнда әр оқушының ойы шындалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады. Сыни тұрғысынан ойлау қалыптасқан ортада оқушы: Нақты мақсат қоюға дағдыланады Өзіне деген сенімі артады Оқу процесіне белсенді қатысады Жолдастарының пікірін сыйлайды. Өзін толғандыратын, проблемалық сұрақтар қоя біледі. Сараптауға, бағалауға дағдыланады Пәнге деген қызығушылығы артады.

Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынадай үш құрылымнан тұрады.

- Қызығушылығын ояту
- Мағынаны тану
- Ой толғаныс

Сын тұрғысында ойлау әдісі мұғалім қызметінде ұйымдастыра отырып, оқушылардың жеке, топпен жұмыс жасау негізінде білім алуымен ұштасады. Бұл стратегия оқушының жекелеген мүмкіндіктерін ашуға бағытталған. Бұл әдістің ерекшелігі оқу әдісінде қолданылады. Оқушылардың ауызша, жазбаша тілін, ойлау есте сақтау қабілеттерін, әрбір ақпаратты сонымен бірге өзінің және басқаның шығармашылығына сынай қарауы шығармашылық қабілетін дамытады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту арқылы – әр оқушы сабаққа толық қатыстырылып, деңгейін анықтай алады;

- Жеке тұлғаның танымдық белсенділігін арттырады;
- Қызығушылығын оятады;
- Сұрақ қойып, өз ойын еркін айтуға;
- Мазмұнын толық түсінуге жағдай туғызады.

– Әр сабақтарымда осы сын тұрғысынан ойлауды дамыта оқыту технологиясының элементтерін сабақтарымда тиімді қолданамын.

Оқытудың әр түрлі технологиясын қолдану арқылы жеке тұлғаның қоршаған ортаға, дүниеге өз көзқарасын қалыптастыруға жол ашады. Жеке тұлғаның қиялын дамыту барысында оларды бақылауға, зерттеуге, ойлауға, сөйлеуге, ойын толық жеткізуге үйретемін. Мұнда оқушыға ойланып толғануға уақыт берілуі керек, ойын айтуға оқушы шығармашылығын қалыптастыратынын атап өту керек. «Қызығу-

шылығын ояту» кезеңінде алдыңғы өткен тақырыпты тексеру мақсатында тест жұмыстарын өткізу арқылы оқушы білім деңгейін қадағалап, жаңа сабақты бастар алдында «Топтастыру» стратегиясы арқылы оқушылармен бірлесе жұмыс жасауға болады. Сабақтың қай құрылымында болмасын осындай стратегияларды қолданғанда «Мен не ұтам?», және «Оқушы не ұтады? деген сұрақтарды есінен шығармауы керек. «Мағынаны тану» кезеңінде оқушыларды топқа бөлу арқылы сұрақтар дайындап оны «Кубизм» стратегиясы арқылы жүзеге асыруға болады. Сұрақтар үш деңгейде әзірленеді. Дайындаған сұрақтарға оқушылар өз ойларын білдіріп жауап береді. Бұл технологияның келесі бір кезеңі – ой толғаныс. Мұнда «Венн» диаграммасын қолдану арқылы тақырыптардың ұқсастығымен мен айырмашылығын көрсетуге болады. Осы кезеңде пікір - сайыс немесе «5 минуттық эссе» жаздыруға болады. Мұндағы мақсат оқушылардың өзіндік көзқарасын қалыптастыру. Эссе жазғанда сабаққа қабілеті төмен деген оқушылардың 5 - 6 сөйлемнен тұратын ойын жазса, соның өзі оқушыны сабаққа тарта білгеніміз. Білім беру мазмұнын жаңарту, оқыту әдістерін жетілдіру оқушылар мен мұғалімдердің өзара қарым - қатынасын жоғары деңгейде ұйымдастыру секілді міндеттердің қай - қайсысы да әрекетсіз іске аспайды. Оқу - адамның саналы өміріндегі басты әрекет. Оқу әрекеті мұғалімнің басшылығы арқылы оқушының сана - сезімін дамытуға бағытталады. Әр технологияны қолдану арқылы белгілі бір жетістіктерге жетеді.

«Әрбір бала- болашақ данышпан» деген ойлы қағидаға мән берсек, яғни табиғи таланттарды ашу, жас талапкерлердің жарқырап көрінуі үшін мұғалімге жүктелер міндет аз емес. Ол міндет - оқушылардың шығармашылық қабілетін, танымдық белсенділігін, ой-өрісін дамыту үшін аянбай еңбек ету, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту.

Осы идеяларды дамыту үшін оқытудың және тәрбиелеудің жаңа технологияларын пайдалана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай жасау, негізгі құндылық- оқушы және оның жеке тұлғасы. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік рухани, азаматтық, басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін - өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Қазіргі кезде Джордж Соростың ашық қоғам институты мен «Сорос Қазақстан» қорының «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы кеңінен енгізіліп жүр. Сын тұрғысынан ойлау әдісі оқытуда дамыту технологиясына жатады. Бұл иллюстративті түсіндірмелі, ішнара іздену, пікір сайыс ойын, шығармашылық, өзін өзі дамыта

оқыту әдістерінің бірі.

Мұндай технологияларды қолдану-біріншіден оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы арта түспек деп ойлаймын.

Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді пайдалану қазіргі заман талабы.

Әдебиеттер

1. Ақитбаев Е.Т. Жеке тұлғаның шығармашылық дарындылығын дамыту жолдары – 2006.
2. Химия мектепте журналы № 1, 4-2009.
3. Қабдешова Ә. Сын тұрғысынан ойлау – 2006.
4. Жүнісханов Қ. Бәкелестікке қабілетті тұлға тәрбиелеу – 2008.
5. Оқыту-тәрбиелеу технологиясы журнал №5, 10-2011.
6. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту // Білім-Образование, № 5-2007.

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ» САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚЫТУ ӘДІСІ

Амерханова Л.Б.

*Қазақстан-Американдық еркін университетінің колледжі, Өскемен,
Қазақстан*

Қазақстан қоғамының қазіргі заманғы даму кезеңінде ғылымның және білім берудің дамуы әлеуметтік-экономикалық жүйенің бәсекелі маманды даярлау жағдайында алдыңғы қатарлы мемлекеттің қатарына енді. Сондықтан, Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға арналған білім берудің дамуының Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес прогрессивті технологияларды және оқыту жүйелерін жасау және енгізу жоғары деңгейде білім беру даму шарттарының ажырамас бөлігі болып табылады.

Инновация дегеніміз не? «Инновация» термині латын тілінен алғанда, ол «жаңару, өзгеру» мәнін береді. Қазіргі таңда әлеуметтік жағынан қорғалған адам – ол технология ауысуына және нарық талабына

сай терең білімді әрі жан-жақты адам. Білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруланып отырып үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыруы. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін жаңаша құруды көздейді.

Жаңа технология әдістерін қолданудан шығатын нәтижелері мынадай болады:

- оқушының оқуға деген қызығушылығын арттырады;
- өзіне деген сенімді қалыптасады;
- оқушы мен оқытушы арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнайды;
- өздігінен оқып, түйінді мәселелерді іріктейді;
- мақсатқа өз бетімен ұмтылады;
- ойлау белсенділігі, тапқырлығы, шешім қабылдау әрекеті қалыптасады;
- іскерлік дағдысы дамиды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ғылымға, экономикаға, өндіріске ақпараттық процестерге енгізу ісі жоғары қарқынмен жүргізіліп, ақпараттық технологияға негізделген білім жүйесінің жаңа моделі кеңінен қолдана бастады. Иә, білім беру жүйесін ақпараттандыру – бүгінгі күннің басты талабы. Өйткені, ол – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үрдіс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлеріне кәдімгі технологияларды тиімді жаңа компьютерлік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту, нақты жүзеге асыру шараларын қолға алып отыр.

Ақпараттық мәдениет дегеніміз тек компьютермен жұмыс істей білу емес, кез келген ақпарат көзін - анықтамаларды, сөздіктерді, үлгілерді, энциклопедияларын, теледидар бағдармаларын, т.б. дұрыс пайдалана білу деген сөз. Қорыта келгенде, ауқымды желіде өздеріне қажет ақпарат іздеп отырып, оқушылар «Интернет желісінде жарияланған ақпараттық құқықтық қорғау» мәселесін кездестіреді. Көптеген оқушылар баяндама, реферат, курстық жұмыс жазуда ауқымды желі мүмкіндіктерін тиімді пайдаланады: веб-беттерінде жарияланған ақпараттарды толығымен немесе тандап көшіреді, бағдарлама архивін, оларды қызықтыратын жұмысты, суретті, анимация және т.б. көшіріп алады.

Қоғамның барлық саласында іс қағаздарын сауатты жүргізу мәселесі өзекті болып отырған кезде мамандар даярлаудың осы бағытында ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндігі жоғары нәтижеге қол жеткізу ықпал етері сөзсіз.

Іс қағаздары қоғам өмірінде үлкен қызмет атқарады. Іс қағаз-

дарының саяси, тарихи, құқықтық, экономикалық маңызы өте зор. Мемлекет, республика, қала, кәсіпорын, ұйым мекеме тарихын жазғанда іс қағаздары ақпараттың табылмас қайнар көзі бола алады. Құжаттар фактілерді, оқиғаларды, қоғам өмірінің құбылыстарын дәлелдейтін айғақ қызметін де атқарады.

«Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» - пән ретінде біздің колледжде оқытылады. Бұл пәннің міндеті:

- Іс қағаздарын қазақша жүргізудің мемлекеттік құндылығын, әлеуметтік маңыздылығын, оның қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің алғы шарттарының бірі екендігін ұғындыру.

- Іс қағаздарын жүргізудің тарих, саясаттану, архив ісі, тіл білімі, педагогика сияқты ғылым салаларымен байланысын көрсету.

- Мемлекетіміздің арқа сүйер болашақ мамандық иелерін іс қағаздарын толтырудың мемлекеттік стандарттары мен толтыру әдістері, жазылу стилі, қызметі, мақсаты сияқты білім негіздері менаруландырып, қазақ тілінің қоғам дамуындағы рөлінің күшеюіне олардың өз септігін тигізуін қамтамасыз ету.

- Іс қағаздарының түрлері, оларға қойылатын талаптар, олардың безендірілуі, лексикасы сияқты ерекшеліктерімен таныстыру.

Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу сабағы әрі тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр оқытушының өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты.

Осы пәнінен сабақтарда жаңа технология ретінде ақпараттық технологияларды пайдалануда өткізілетін сабақтарды жоспарлаудың негізгі талаптары:

- жағымды психологиялық орта жасау;
- оқушыларды тіл үйренуге деген қызығушылығын (уәж, ынта, ұмтылыс) тудыру;
- ақпараттық технологиямен жұмыс істей білуге үйрету;
- ақпараттық технологиямен орындалатын жұмыстардың проблемалық болуы;
- проблеманы шешуге және шешім қабылдай білуге үйрету;
- кез-келген проблеманы шығармашылық тұрғыдан шешуге бейімдеу;
- өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру;
- пікірін, тұжырымын, идеясын дәлелдей және қорғай білуге дағдыландыру;
- өз бетінше орындауға берілген жұмыстарға үлкен жауапкершілікпен қарауға, шығармашылықпен орындауға үйрету;
- оқушылардың өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы пікір алысуға мүмкіндік

жасау;

- оқушыларға өздік жұмыстарын ұйымдастыру үшін орта құру.

Жоғарыда айтылған мақсатқа жету үшін оқытушының әрекеті:

- сабақтың тақырыбына сай мақсаттың айқын болуы;

- негізгі мәселені бөле көрсетуі;

- материалдардың өмірмен байланыстылығы әрі тәрбиелік мәнінің маңызды болуы;

- оқушылармен тең құқылы түрде қарым-қатынас жасай білу;

- өз талаптарын бұйрық түрінде емес, кеңес түрінде ұсыну;

- әр пікірді, идеяны тыңдай білу, оны сыйлау және онымен санасу;

- ерекше идеяларға қолдау жасап отыру;

- жағымды (позитивті) және конструктивті көзқарас ұстану;

- сабақта ақпараттық технологияларды қолдану арқылы үнемі жаңалықтар енгізіп отыру;

- оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу үйге берілетін тапсырманың уақтылы және нақтылы берілуі;

- бағалау нормалары сақталып, әділ бағалануы;

- осы нәтижеге жеткізетін –сабақтың жүйелігі.

Ақпараттық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар. Сондықтан, ХХІ ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептеймін.

Әдебиеттер

1. Мұхамбетжанова С.Т. Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту //«Әдіскер жаршысы» №5, 2006.
2. Мацбиц Е.И. Компьютеризация обучения: проблемы и перспективы. – М.: «Знание», 1986.

ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ САРЫН

Нүролдина А.Е., Мамырова А.М.

Қалжыр орта мектебі, Қалжыр, Қазақстан

Алдында Алтайдың асқақ армандары қол бұлғап, өлең өлкесінде өзіндік өрнегімен танымал болған ақындарымыздың бірі - Ұлықбек Есдәулетов.

«Ұлықбек Есдәулет. Бұл күнде Ұлықбек десе қазақ өлеңі, өлең десе Ұлықбек көз алдыға тұра қалады. Өзі өлеңге, өлеңі өзіне айналып, жырға айналғандай», - деп Ғалым Байбатыров айтқандай [1, 6 б.], өмірін өлеңмен өрнектеген Ұлықбек ақынның поэзия әлемінде өзіндік қолтаңбасы айрықша.

Әйгілі ұстаз, академик Қ. О.Бітібаеваның «Қазіргі кезең әдебиеті» атты оқулығында ақын туралы терең ғылыми анықтама берілген: Ұлықбек - тегеурінді, жалындай алаулаған, найзағайдай жарқыраған өр дауысты, қаһарлы да нәзік жырлар авторы. Ақын жырларының негізінде жатқан өзекті мәселелердің ауқымы кең, жырларында халық тағдыры, желтоқсан оқиғасы, полигон зардаптары, табиғат экологиясымен қоса рухани жұтандық, рухани экология, туған тіл мәселелері шыншылдықпен жырланған. Азаматтық үні алдаспан іспеттес өткір жырларынан ғана емес, сусылдаған жібектей нәзік лирикасынан да естіледі.

Ақын жырлары - буырқанған ғасырының, өзі өмір сүріп жатқан заманының айнасы, айбынды үні. Ұлттық рух, ұлттық бояуы, азаматтық сарыны басым. Қазақ тілінің сөздік қорын дамытудағы қомақты үлесі зор. Өлең жолдарын күйше күмбірлеткен, дыбыстардан жыр туғызған, қазақ поэзиясына жаңалық әкелген ақын [2, 80 б.].

«Ұлықбек ақын - өлең техникасының озық үлгілерін қалтқысыз меңгерген қалам иесі. Рубаят ұйқастарының табиғаты жасанды емес, халықтық, сондықтан жеңіл ұйқасып, оңай сырласып кете бересің. Жалпы, халық тіліне жүйрік, асыл қазынасын бойына сіңіріп өскен дүлдүл шайыр рубаилары қиындықсыз тез жатталады», - деп Дидар Амантай ақын поэзиясына әділ бағасын бергендей (3, 238), табиғатынан дана халқымыздың осы бір бай мұрасын бойына дарытқан Ұлықбек ақынның өзіндік қолтаңбасын айшықтайтын кейінгі ұрпаққа қалдырған өміршеңдігімен бағаланатын туындылары қаншама?!

Ұ. Есдәулетов - "Жұлдыз жарығы" (Жазушы, 1977); "Алтайдың алтын тамыры" (Жазушы, 1979); "Ұлыстың ұлы күні" (Жазушы, 1982); "Ақ керуен" (Жазушы, 1985); "Жаратылыс" (Жазушы, 1989); "Жүректегі жарылыстар" (Жазушы, 1995) сынды өлеңдер жинағының

авторы. Осының барлығы ақынның тынымсыз еңбегінің жемісін көрсетеді. Ұлықбектің ең алғашқы өлеңдері Республикалық мерзімді баспаларда басылып, көп ұзамай-ақ оның балауса жырлары кітаптан орын алды. 1974 жылы бір топ жас ақындардың "Қанат қакты" атты топтама жинағы шыққанда оған Ұ. Есдәулетовтың отыз шақты алғашқы өлеңдері кірген болатын. Бұл шығармалары жыр сүйер қауымның әділ бағасын алды да.

Табиғат қандай тамаша,
Көз салып оған қараса...

- деп халықтың жадында ән болып кеткен, ақындары жырға арқау етіп, кез-келген ақынның жырына шабыт беруші күш – Табиғат-ана, Жер ана.

«Табиғат – поэзияның қайнар көзі», - деп Белинский айтқандай, шындығында да, өзінің кіндік қаны тамған өлкесін жырға қоспайтын ақын болмас. Жаратушы ием табиғаттың тылсым дүниелерін, әсем құбылыстарын адамзаттың алтын бесігі Жер ананы құтты қонысы етіп жаратқан екен. Егер өткенге көз жүгіртсек, ата-бабаларымыз алаңсыз табиғаттың бауырында көшпелі өмір сүріп, ән-жырға тұнған қойнауынан тағылым алған екен. «Маған қазақ даласының әр бұтағына дейін ән салып тұрғандай», - деп Г. Потанин айтқандай, шындығында да, дархан дала табиғаты дана халыққа тұнған өнер дарытқан екен. Жер ананы киелі деп ұғынған ата-бабаларымыз табиғаттың саф күмістей сұлулығын сақтап, аялап келген екен. Алайда, ғасыр өткен сайын, адамзаттың да пиғылы өзгеріп сала берді. Бабаларымыз сақтап келген табиғат ананың қойнауы қасіретке толды. Ғылым мен техникасы дамыған сайын жер ана қойнауындағы дүмпулермен заманның қасіретіне үн қосты. Табиғатты өз қолымен тұншықтырған адамзаттың опасыздығына күйзелген жырларды Ұлықбек Есдәулеттың қолтаңбасынан танимыз.

Бабаларымыз саф күмістей сақтаған табиғаттың байлығын игере алмаған адамзатқа заманның зарлы үнін жеткізген ақын:

Қара Ертіс, маған ай-күнсiң,
Қарқара толқын айбынсың,
Қазаққа қазір айдынсың,
Қай күні біздер айнырсың,
Қай күні теріс ағар деп,
Қан жұтқан менің қайғымсың?!

Қара Ертіс – кара қайғымсың!... [4, 57 б.], - деген жолдарда азалы үн жатыр.

Қара Ертіс –қалың қазақ елі. «Ол тартылса не болады, жауабын кім береді?» - деген трагедиялық сұрақтардың қылаң беруі. Лирикалық қаһарманның қайғысына айналған сұрақтардың заман, ғасыр, халық қайғысын көтеретін жері» [2, 57 б.], - деп Қ. Бітібаева айтқандай, қазақтың күретамырына айналған Қара Ертістің тағдырына азамат ақын күнірене отырып, үн қосып, ұрпағына оны «қалай қорғауға болады?» деген сауалды тастайды...

Ұлықбек Есдәулет – азамат ақын.

Ғасыр бітті...

уақыт бізге көрсетті басымдықты,

жеңе алмадық, біз бірақ айуандықты,

жеңе алмадық надандық, басырлықты,

масылдықты жеңе алмай ғасыр бітті! [4, 172 б.], - деген жолдарда ғасырмен сырласқан нағыз азамат ақынның үні жатыр.

Ақын поэзиясының бір ерекшелігі өн бойында ұлттық бояуы мен ұлттық рухтың кестеленіп жатуында. Ақынның жырларын оқи отырып, балауса балалық шаққа сапар шегерсіз де, ошағыңнан басталған ұлы сезімнің Отан атты киелі сезіммен ұштасады:

Туған үйімнің терезесінен,

Қазақстан даласы көрінеді.

Аспанда ақша бұлт керіледі.

Ақша бұлтқа жолдаған сәлемі деп,

Ошағымның түгіні өріледі [4, 104 б.],

- деген жолдарда туған ошағының амандығын ойлап, туған жері үшін еңіреген азамат ақынның асқақ үні жатыр. Ошақтан басталған асқақ сезім Отанын, Қазақстанның сүйемен ұласады:

Қазақстан, ардақтым!

«Сүйем!» десем - бәрі шын,

Қазақстан - намысым!

Әрбір тасы - киелім,

Әр уығы - жүйелім,

Сары алтыннан сүйегің,

Қазақстан - жыр елім!

Шаңырағың - шырағым

Топырағың - тұмарым,

Ғаламда жоқ сыңарың,

Ғажайыбым, жұмағым,

Қазақстан - қыраным! [5, 104 б.],

- деген жолдарды оқыған қай адамның болмасын бойына ұлт-жандылық, елжандылық рухтың қанат бітері сөзсіз. Өлеңнің өн бойы қуат беріп тұрған «уық», «шаңырақ», «қыран» сынды ұлттық болмысымыз бен ұлттық рухпен өрілген.

Ғ. Қайырбеков айтқандай, даналыққа тұнған жыраулық дәстүрді Ұлықбек ақынның поэзиясынан да кездестіреміз. Азаттығы үшін атқа қонып, «тірлігінен бірлігін артық» көрген бабаларымыздың бойындағы азаттық күш жігерін жырына дарытқан ақынның поэзиясы - қазіргі ұрпақтар үшін рухани байлықтың, асыл қазынаның көзі [6, 234 б.].

Ұлықбек Есдәулетовтің ғасырдың ащы шындығын арқалаған, күллі адамзат баласына қасірет арқалаған «Заман-ай», «Қара пима» жинақтары – заман үні, қасірет жыры. Жыр жинақты оқи отырып, жүрегің қан жылап, қар айрылары сөзсіз, көздің жасын төгілпеу мүмкін емес.

«Заман-ай» – планета үні, жойқын күштерге қарсы әлемдегі қағарлы үндерге үн қосқан айбынды жыр. «Заман-ай» - заманның улы шындығын әшкерелеу үні. Маскүнем әке, бақытсыз бала, олардың арасындағы қара пима. Поэма проблематикасын ашып тұрған тетік – қара пима, бала да, әке де емес – рухани жұтаңдық, азаматтың азуы. Әке - ұлттық рухқа түскен қара таңба, рухани жалаңаштанғандар келбеті. Бала арқылы «болашақ не болмақ» деген үрейлі, трагедиялық сұрақтың өзінен-өзі алдыға шығуы. Жауабы жоқ сұрақ», - деп Қ.О. Бітібаева айтқандай (2, 12), заманның жүгін арқалаған ақынның азаматтық болмысы кімді болмасын тәнті етпес.

Соқырша ерген кей көсемдерге

Саңырау,

Мылқау ғасырлар,

Ақынға биік бермесендер де,

Сөзіне құлақ асыңдар! [5, 36 б.],

- деген жолдарда елін ойлаған азамат ақынның зорлық-зомбылықтың бесігі болып отырған уақыт пен күллі адамзатқа мұңын шаққан жан айқайы жатыр.

Ұрпағыма енші

Мендегі бар сорлылық,

Семейім – анау,

Әлі де мың сан бомбалық [5, 129 б.],

- деген жолдарда ғасыр зары, ғасыр үніне айналған «Семей-Невада» қасіретінің үні жатыр. Қан жұтқан сорлы ақын жаралы атамекенінің тағдырына налып, әулиелер тербеліп өскен киелі мекенді зомбылықтың ордасы еткен ұрпаққа налиды, осы бір жолдарда ұрпағын күрескерлікке, азаттыққа үндеген жанмен табысқандай күй кешерсіз.

Туған далам құнарлы еді,
Қаны кеуіп сорлады,
Жөн болар ма бұдан гөрі
Өз қанымды сорғаны... [4, 125 б.],

- деген арманы нағыз азаматтың ғана жүрегінен шығары сөзсіз. Киелі мекенді арашалап қалғысы келген ақынның алмас қылыштай өткір үні жалынды жырларында айқын кестеленеді. Заманның қатігездігіне, ондағы адамдардың тас бауырлығына ақын жаны күйзеледі, алайда шындықты жырлаудан тайсалмайды, болашақты, ұрпақты зұлымдықтың індетінен құтқарғысы келген күрескер ақынның азаматтық тұлғасы кімге де болса пір тұтарлықтай.

Ұлықбек Есдәулет -нәзік лирик қана емес, асау толқындай буырқанған заманның күйін шерткен азамат ақын.

«Айтып өткен ақында арман бар ма, жүрегінің түбіне сыр жасырмай», - деп М. Мақатаев айтқандай, Ұлықбек Есдәулет заманның буырқанған күйін асау тасқындай жырларына арқалатқан, шындықтың шыңырау шыңына шыққан күрескер, азамат ақын.

Ұлықбек Есдәулет – ең бастысы, қаламынан туындаған әр шығармасында заманының үнін арқалаған азамат ақын.

Қан жұтқан менің қайғымсың?!

Қара Ертіс – қара қайғымсың!... [4, 57 б.], - деп заманның ауыр тынысын жырына арқау еткен Ұлықбек поэзиясы өз оқырманын таба түсіп, әлі де жаңа буын оқырманымен табыса беретініне сенімдіміз...

Әдебиеттер

1. Байбатыров Ғ. Шабыт керген көкірегінің шанағын // Дидар, 2002.- 2 қараша.
2. Бітібаева Қ.О. Қазіргі кезең әдебиеті. – А., 2009.
3. Амантай Д. Мойынындағы қамыт қажап // Ана тілі, 2004. - 29 сәуір.
4. Есдәулет Ұлықбек. Төрт ана.- Алматы: «Білім», 2002..
5. Есдәулетов Ұ. Жұлдыз жарығы. - Алматы, 2000.

СЫН ТҰРҒЫСЫН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ТАРИХ САБАҒЫНДА

Жақсыбаева М.С.

*Қ. Нұрғалиев атындағы №43 мектеп- гимназиясы, Өскемен,
Қазақстан*

Қазіргі уақытта елімізде білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасу жолында. Білім берудегі жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту түрлерін, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген. Соған сәйкес тарихшы ұстаздарға көптеген міндеттер қойылып отыр. Солардың бірі - білім саласында оқушыларға осы заманғы талаптарға сай әдістерді, технологияларды қолдана отырып, сабақ беру.

Бұл – мектептерде тарих пәнінен сабақ беруде қазіргі ең тиімді, нәтижелі әдістерді тиімді пайдалану, солардың бірі – сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану.

Сыни ойлау- өзіндік ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды. Сыни ойлау - әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни, стратегияларында. Стратегия дегеніміз - философия, әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен оқушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Стратегиялар оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады, стратегияның 80-нен аса түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай стратегияларды өзгертіп те жіберуге болады.

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы **қызығушылықты ояту**,

мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Дәстүрлі сабақтан айырмашылығы төмендегідей:

Дәстүрлі сабақтар	
Мұғалімнің әдістері	Оқушының іс-әрекеті
Тақырыпты түсіндіреді	Мазмұнын айтып береді
Кейіпкерлер туралы айтып береді	Кейіпкерге мінездеме береді
Мәтіннің идеясын анықтайды	Оқулық бойынша мұғалімнің түсіндіргенімен байланыстырып айтады
Мәтіннің көркемдік ерекшелігін мысалдар арқылы түсіндіреді	Мәтіндегі негізгі сөздерді тауып, айтып береді, дәптерлеріне жазады
Тақырыпқа шығарма жазуды тапсырады	Шығарма жазады
Сабақты қорыту сұрақтары жалпы қойылады	Жауап береді

RWCT сабақтары	
Мұғалімнің әдістері	Оқушының іс-әрекеті
Топқа бөліп, ой қозғайды	Ұжыммен жұмыс жасайды
Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды	Мәтінмен өздері танысады
Мәтіндегі ең құнды нәрсені анықтауды ұсынады	Әр түрлі әдістер арқылы мәтінді зерттейді
Кейіпкердің ерекшеліктерін тануға бағыттайды	Жеке кейіпкерлерді талдайды, өздерін олардың орнына қойып, қарайды, салыстырады
Мәтіннің тілдік ерекшелігі туралы сұрақ қояды	Әр түрлі әдістер арқылы шығарманың негізгі мазмұнын анықтайды
Өз ойларын жазуды ұсынады	Ойларын қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді
Ойларын қорытуға бағыттайды	Өз тұжырымдамасын жасайды

Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді.



Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде “Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту” бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру.

Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

Сабақтың мақсаты:

- а) қызығушылықты ояту – сұрақ қою;
- б) мағынаны ажырату – жауаптар іздеу, мәселені зерттеу;
- в) ой толғаныс – ойлау процесінің ең жоғарғы сатысында мәселені талқылау, яғни үш кезеңнен сабақты бөліп өту, оқыту мен оқу процесін осындай үш сатыда ұйымдастыру.

Мен өз сабақтарымда, көбінесе Қазақстан тарихы пәнінде стратегияларды оқу бағдарламасына сәйкес бірізді жүйелі түрде қолданып жүрмін. Сабақта қолданып жүрген әдістерім мынадай:

I – қызығушылықты ояту кезеңінде ой қозғау (шақыру).

II – мағынаны ажыратуда түртіп алу жүйесі.

III ой толғаныс кезеңінде Венн диаграммасы, еркін жазу т.б. стратегиялар арқылы баланың дамуына, оның бойындағы жеке қабілеттердің ашылуына, шығармашылықпен ізденуіне жол саламыз.

Тарих сабағында оқушыларға мынадай талаптар қойылады:

- үйге берілген тапсырманы оқулық және қосымша материалдар бойынша оқу;
 - оқыған материалдарды тарихи тілмен мүдірмей айтып беру;
 - тарихи материалдарды, деректерді зерттей білу;
 - тарихи фактілерге талдау жасай білу;
 - тақырыпқа байланысты таблица жасау, даталарды жатқа айту;
 - әр тарихи мәселелерге сын көзбен қарай білу, дұрыстығына көз жеткізу;
 - тақырып мазмұнына сәйкес өзінің жеке пікірін айта білу.
- Осыған сәйкес келесі тірек схемасы шығады:



Сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде менің сабағымда оқушылар арасында:

- бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланды;
- өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға;
- бір-біріне құрметпен қарауға;
- өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға;
- өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға;
- мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға;
- достарының ойын тыңдай отырып, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге;
- белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланды.

Байқап отырсаңыздар, қай жұмыс болмасын оқу мен жазу қатар жүреді, оқығанын қағаз бетіне түсіру, оқушының қаншалықты білімді екенін, шеберлігін байқатады. Бұдан шығатын қорытынды, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды жүзеге асыру - технологияның басты кілті.

Әдебиеттер

1. ҚР 2015 ж. дейінгі Білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Егемен Қазақстан, 2003 ж., 23 желтоқсан.
2. Төлеубаев Г. Тарихты оқытудағы әдістемелік технологиялары. // Қазақ тарихы, № 5, 2009.
3. Жолдасов Б. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану. // Білім, №5, 2007.
4. Көнеев Қ., Қалыкова А. Оқыту үрдісінде педагогикалық техно-

- логияларды ұтымды пайдалану. // Білім, № 3, 2006.
5. Ысқақ А. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасы әдістерінің оқушы шығармашылығына әсері. - Атырау, 2004.

ЛӘЙЛӘ МҰХТАРҚЫЗЫ ӘУЕЗОВА – М.ӘУЕЗОВ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУШІ

Қамбарова Ж.¹, Картаева А.М.²

¹ДБА Жамбыл атындағы ОММГИ, ²С. Аманжолов атындағы ШҚМУ,
Өскемен, Қазақстан

Ләйла Мұхтарқызының тарихшы ғалым ретінде үлкен бір тындырған ісі ол – "Абай жолы" эпопеясының тарихи негіздері" (Исторические основы эпопеи «Путь Абая») деген тақырыпта жүргізген көлемді зерттеуі. Бұл еңбек 1969 жылы Алматының "Ғылым" баспасынан жеке кітап болып шықты. Мұнымен қоса Ләйла "Абай жолын" тарихи тұрғыдан зерттеу жөнінде көптеген ғылыми мақалалар мен еңбектер жазды. Мысалы, ол «М. Әуезов творчествосындағы Қазақстан тарихының проблемалары «Абай жолы" эпопеясының тарихи ерекшеліктері», «Абай образындағы тарихи шындық пен көркемдік пікірдің арасалмағы» деген тақырыптарда зерттеу еңбектерін жариялап, Мұхаң шығармаларының тарихи негіздерін көпшілік оқырман қауымға айқын көрсетіп берді. Тарихшы қаламынан туған бұл еңбектерді оқығанда Абай заманының лебі есіп, Мұхтар дәуірінің айшықты құбылыстары елес беріп, әкеге деген қыз жүрегінің жылылығы тұрғандай әсерге қаласың [1, 34 б.].

М. Әуезов мұраларын жылдар бойы жан-жақты зерттеудің нәтижесінде Ләйла үлкен бір күрделі мәселені аяқтағандай болды. Ол "М. Әуезов творчествосындағы Қазақстан тарихының проблемалары" ("Абай жолы" эпопеясының материалы бойынша), деген тақырыпта докторлық диссертация дайындады. Диссертацияның қолжазбасы Каз. ССР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының талқысынан өтіп, кейін жетекші ғылыми мекеме ретінде СССР Ғылым Академиясының Шығыстану институтында талқыланып қорғауға ұсынылды. Диссертация Қазақ академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының ғылыми советінің мәжілісінде 1975 жылдың ақпанында қорғалды. Ғылыми советтің төрағасы, институт директоры әрі Академия вице-президенті академик Ақай Нүсіпбеков, советтің ғылыми хатшысы - осы жолдардың авторы болатын.

Сол кездегі қалыптасқан дәстүр бойынша диссертациялардың көбі орыс тілінде қорғалатын. Республикалардың бәрі бір Одаққа бағынатын. Жоғарғы аттестациялық комиссия Мәскеуде, бірен-саран қазақ тілінде диссертациялар қорғала қалған күннің өзінде оның негізгі мазмұнын орыс тіліне аударуды талап ететін. Сондықтан да елдің бәрі мұндай машақаттан аулақ болу үшін диссертациялық жұмыстарды орыс тілінде жазуға тырысатын. Жасыратыны жоқ, орысша жазып, сөйлеуге шорқақ адамдарға ғалым болуға онша лайық жан емес деп те қарайтын. Бұл ескі көзқарастың қазірде де көп өзгере қойғаны шамалы. Бірақ біздің ұлттық дәстүріміз ана тілін ардақтаудан басталатыны – басты нәрсе. Мұны қазір елдің бәрі де түсіне бастады.

Оның "М.О. Әуезов творчествосындағы Қазақстан тарихының проблемалары" атты еңбегінде "Абай жолының" тарихи негіздері мен көркемдік сипаттарының өрілу жүйесі жан-жақты қарастырылады. Роман-эпопеяның тарихи - көркемдік ерекшеліктерін нақты архив материалдарымен дәлелдеп керсетеді.

Әсіресе зерттеуде жазушының жеке архивіндегі сараң жазбаларды романның тұтастығына, шымырлығына арқау етудегі, әр детальдың көркемдік тәсілімен жымдасып, ең үлкен мақсатқа кіріктірілуіндегі, әр оқиғаның өз орнында өзгеше сипатпен қолданылуындағы шеберлік қыры ашылып, эпопеяның жазылу тарихына, қызықты лабораториясына тарта түседі. Жанды суреттер мен даралық сипаты бедерлі образдардың халық өмірінің белгілі бір кезеңін, тарихи даму сатысындағы тіршілік-тынысын, қоғамдық-әлеуметік қырларын толық тануға негіз болатынын да айқын фактілермен дәйектеп отырады, егжей-тегжейлі детальдарды автордың әдейі жинап-теріп, сонау алыстағы заманның тіршілік-тынысын ерекше нанымды, тарихи шындыққа үйлестіре беруді мақсат еткенін түсіндіреді. Мысалы, ел арасында мәтел болып кеткен кейбір оқиға тарихының өзінен М. Әуезовтің шығармасында ұмытылмас, соншалықты қызықты, тартысты, тартымды суреттердің берілгенін, ал, жеке адамдардың көркем образдарға айналғанын барынша мұқият зерттейді [2, 190 б.].

Қандай да болмасын зерттеу еңбектің құндылығы бір мәселені түбегейлі шешіп беруімен өлшенбейді және ол басты талап та емес. Біздіңше, әр ғылыми зерттеудің ең үлкен қызметі өзінен кейінгілерге бағыт беріп, бағдар көрсетуінде, ой тастауында. Бұл тұрғыда Ләйла Мұхтарқызының "Абай жолының" тарихи-көркемдік қырын түйсінуі мен түсіндіруін қайта зерделесек, айтар ойының терең астарларын аңғаруға болатындай. Мысалы, эпопеяның үшінші және төртінші кітабын орыс тілінде тұңғыш рет басып шығарған кезде "Знамя" жур-

налы редакциясының жазушыға қойған цензуралық талаптары, соған сәйкес романға енгізілген өзгерістер жөнінде бірқатар мәліметтер беріледі. "Знамяның" редакциялық алқасының талаптарында "XIX ғасырдың аяғындағы қазақ қоғамының жіктелуін неғұрлым анығырақ көрсету", "Базаралының ішкі жан дүниесін аша түсу керек, барлық жеңілістерден кейін осы бір стихиялық сотқар, сірә, байларға қарсы күрес жолдарын ойлаған болар", "Әбіштің образы сол заманның алдыңғы қатарлы ой-пікірлерімен, мақсат-мүддесімен толықтырылуы тиіс" деген айдай анық "партиялық бағыт" ұсынылады. Сол тұста романның "қайта жазылған" беттерін қазіргі жаңа идеялар тұрғысынан тануға осы пікірлер бағыт беретіндей... Мысалы, эпопея мен өмірдегі Құнанбай – Абай арақатынасы туралы бір-біріне кереғар пікірлер әлі күнге дейін толастамай келеді. Роман – көркем өнер. Ал өнер туындысында өмір шындығына автордың қиялы жан бітіріп, өзгешеліктерімен өруі-заңды құбылыс. Оның үстіне ұлы Абайды социалистік реализм тек данышпан емес, күрескер, феодализмге қарсы қайраткер етіп көрсетуді талап еткені де анық. Ол үшін ата мен бала арасында ащы сөз, ашық айқас болу керек еді. Себебі Құнанбайдай ел билеген феодалмен, "апиын - дінге" мойынсұнған қажымен айқаспаса, Абайдың үлкен образға айналуына күмән келтірушілер анталап-ақ тұратын кер заман жазушыны ойдан шығарылған эпизодтарды қосуға мәжбүр етпесіне кім кепіл?! Оның үстіне Абайдай ақылды ұлдың әке жағасына жармасуы адамдық, қазақтық ұғымға да ауырлау сезіледі. Қаймағы бұзылмаған қасиетті ортада қарабайыр сезімнің құлы болу дана ақынға тағылған жаладай әсер берері сөзсіз.

Осы екіұшты ойдың нақты жауабын табуға да Ләйла Мұхтарқызының биік мәдениетпен білдірген мына сөзі бағыт көрсететіндей: "Романда Құнанбайдың тарихқа белгілі іс-әрекеттері ғана терең қорытындыланып қоймаған, сонымен қатар көптеген нәрсе авторлық фантазия саласына қатысты. Мысалы, Құнанбайдың шарифат заңын бұзуға батылы барған өз немересі Әмірді қылғындырып өлтіруге жасаған әрекетін алайық. Әулиесінген оның құрсаудай қатты қолынан жас жігітті, Абай жұлып алады. Әмір сондықтан ғана тірі қалады. Бұл, эпизодты автор ойдан шығарғаны белгілі". Сонымен қатар "Автордың тарихи заңдылықтарды Құнанбайдың іс әрекеттері мен көзқарасының таптық мәнін, оның мінез-құлқының ішкі логикасын түсінуге негізделген творчестволық фантазиясы оған бір-біріне қарама-қайшы жұпыны деректердің кемшіліктерін түзетіп, ол қылықтарының орнын толтыруға, эпопеядағы Құнанбай образын жан-жақты аша түсуге көмектескені сөзсіз" деуі, немесе "Құнанбай образын жасау үстінде де М. Әуезов оның өмірден алынған нақты прототипінің бүкіл болмысын

қалай болса солай айнытпай көшіре салуға ұмтылған жоқ. Бұл образдардың әрқайсысы өз табының басқа өкілдерінің мінез-құлқын жинақтап көрсететін жаңа тип, суреткерлік туынды дәрежесіне көтерілген" деген пікірлері терең сырдың ұшығын ұстатқандай әсер қалдырады. "Маркстік ғылым тұрғысынан дұрыс түсінілген өмір шындықтарына" ойлы көзбен қарауға үндейтіндей. Осындай кереғарлықтар эпопеядан жиі аңғарылады. Көзі қарақты оқырман соның ішінен "өз қажетін" тауып, түсінуі тиіс. Мәселен, өз немересін өлтіруден сескенбеген Құнанбай енді бірде Омбыдан келісімен жиі-жиі той-томалақ жасайды. Соның бәрінде оның, ойында "шен жию, батамен табысу, ыдырағанды қайта құру, құрсауын бүтіндеу болады". Ал өз шаңырағын шынымен аямаған адамға, сыртты бүтіндеудің қандай сыйымдылығы бар?! Оның үстіне Абайдың "Әбішті жоқтауындағы" өз әкесі Құнанбайға деген сезімі, оны бағалауы да ақынның әке алдындағы кішілігі мен ата сыйлар кісілігіне куә емес пе?! Әрине, бұл тақырып әлі де терең, ойлы зерттеуді қажет етеді. Біздің мақсатымыз – Ләйла Мұхтарқызының еңбегінде осындай қайшылықтардың шындығына апарар сүрлеудің салынғанын ескеру; сол кезде "ашық айтуға болмайтын" шындықтардың өзін алыстан, сағымға орап жеткізу шеберлігіне тәнті болған ықыласымызды орайы келгенде білдіру.

Ғалым пайымдауларының бүгінгі күнмен ерекше үндестігі эпопеядағы панисламдық насихатты таратуға мүдделі топтар мен Абай арасындағы қатынастарды ашу үстінде де айқын көрінеді. "Дін мұсылман баласының бірлесуін" көксеген топқа "Абай берген жауапты жазушы ойынан қосқан" деген пікірі де көңіл аударарлық. Шындығында да "Алланың өзі де рас, сөзі де рас" деп жырлаған Абай болмысымен сыйыспайтын сол сөздердің (185 бет) табиғатын дәл танып, қорытынды жасауы да кездейсоқтықтан тумағаны даусыз... [2, 190 б.].

Бұл еңбектен ұлттық таным, ұлттық үрдіс, ұлттық бояуы қанық суреттерге негізделе отырып дәлелденетін ой, толғамдарды көптеп кездестіреміз. Кітап авторы "Абай жолы" эпопеясындағы "феодалдық қатынастардың бүкіл өн бойына тарап, оған тек өзіне ғана тән сипат беретін патриархалдық-рулық құрылысты" әр қырынан көрсетеді. Территорияның тұтастығын сақтауда әр рудың туыстық байланыс туралы ұғымдарының қазақ даласындағы идеологияға түпқазық болып, халықтың экономикалық және саяси жағынан бірігуіне негіз болғанын да дәл пайымдайды. Зерттеушінің осы пікірінен соңғы жылдарға дейін қалыптасқан феодализм тұсындағы қанау түрі деп келген рушылдық, шын мәнінде елдік топтасуды, қазақтың біртұтастығын қамтамасыз еткенін, "у ішсең, руыңмен" деген ұрандағы қазақи бауырмалдылықты, ерекшелікті танытатын идеяның бағдарын табуға

болар еді. Эпопеядағы рушылдықтың халықтың қазіргідей топқа бөлініп, жікке таралуы үшін емес, ел бірлігін сақтаудың факторына айналғанын көруге болады. Оны да зерттеуші өз заманына лайық өзгеше білгірлікпен бағамдайды. "Идеологиядағы патриархалдық-рулық тіректер ру ақсақалдарын құрмет тұту сияқты көріністерден де байқалады. Мысалы, Құнанбайдың анасы Зерені халықтың, исі тобықтының құрмет тұтуы, Ырғызбай руының кеменгер қариясы ретінде сыйлауы, оған үлкен шаңырақ иесі ретінде табынуы қарт әженің әділдігі мен мейірімділігінде ғана емес, сонымен қатар, тіпті ең алдымен рулықтың сақталуында екендігін" (33-бет) тарихи таным тұрғысынан дәлелді түсіндіреді. Бұл ойды көші-қон дәстүрін бұзған Құнанбайға Бөкеншінің ақсақалы Сүйіндік қарттың қойған талабымен, еркін әрекеттерімен ұштастырып, (35-бет) тереңдеп зерделейді. Романда ру аралық жиындар суреттелгенде ру ақсақалдарының жол-жобаны қатаң сақтайтынына назар аударылғанын айта келе, ру-тайпалық байланыстың неғұрлым берік сақталған түрлері ру өкілдері қатысатын ас беру, келін түсіру, шілдехана жасау сияқты салт-дәстүрлерді суреттейтін тұстарда ерекше сипатталатынын баяндайды.

Осы тұрғыдағы зерттеушінің ұсынған фактілерінің ішінде ой бөлуді қажет ететін бір деталь Бөжей қайтыс болғандағы Құнанбайдың шақырылмауымен байланысты оқиғалар негізінде көрінеді. Өлім үстінде қаза үшін ешқандай кірістің көлденең бола алмайтынына Құнанбайдай азуын айға білеген билеушінің қаралы үйге шақырусыз-ақ келетінін суреттейтін эпизодта жаңа бір ойға жетелейтін сырлы түйін бар. Мұнда әкесін жоқтап отырған қыздардың Құнанбайды жазғыруы, оны топ ішінде еркін айта білуі қазақ даласындағы сөз қадірінің жоғарылығын, тіпті демократиялық ұғымның әлеуметік шектен биіктігін танытатынын дәлелдейді. Құнанбайға арнап айтылатын Бөжей қыздарының аузынан шыққан, көзге қамшы ұрғандай қатал жазаға сары апаңның білгірлікпен қайтарған жоқтау-жауабында да терең байлау, ұлттық тереңдігі байқалады.

Романның бүкіл өнбойында тамаша суреттеліп, өмірдің өнердегі ерекше сипатпен берілуіне ықпал ететін тұжырымдарды талдауда Л. Әуезова қазақ даласындағы тұрмыстық дәстүрлердің шындықпен сәйкестігіне де көп көңіл аударады. Мәселен, жазушының көші-қонды суреттеу үстінде әлеуметік жағдайларды көркем шындықпен байланыстыру, пайдалану шеберліктерін әр қырынан қарастырады. "Тарихтың нақты материалын автор көркем шығарманың түп қазығы етіп алады. Ол әртүрлі нақты тарихи материалдарды әрекет етуші кейіпкерлердің іс-әрекетін психологиялық жағынан неғұрлым нанымды етіп беру үшін, қомақты да айқын көрінетін замана рухын оқушының көз

алдына тұтас та жарқын етіп көрсету үшін шеберлікпен пайдаланатынын" (60-бет) көркем туындыдағы әр фактімен сабақтастырады, салыстыра отырып талдайды.

Тарихтағы XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ қоғамының әдет-ғұрыптарына байланысты (право) құқық заңдары да "Абай жолында" терең көрсетілетіні туралы айтқан Т.М. Күлтелеевтің пікіріне сүйене отырып, зерттеуші осы бағытта да жүйелі ой-пікірлерін білдіреді, тұжырымды түйіндеулер жасайды. Мәселен, шығарманы тірек ете отырып, қазақ даласындағы қылмысты істер орыстың қылмысты істер правосының нормасы бойынша жазаланғанын ашып көрсетуді кездейді. "Бір-біріне мүлде жат право нормаларының бұлай ұштасуы іс жүзінде өте үлкен қайшылықтарға әкеп соқтырады" (41-бет) деген зерттеуші пікірін өз уақыты тұрғысынан алғанда, батыл айтылған деп бағалаған ләзім. Қазақтың әдет-ғұрып құқығына зорлап енгізілген қағидалардың отаршыл елдің пайдасын көздегенін, оның сол отаршылдыққа қарсы наразылықты басып-жаншып тастау құралы ретінде қызмет еткенін тарихи процестердің дамуымен өзектестіре ашып көрсетеді. Бұндай өзгерістің сөзге тоқтаған қазақтық дәстүрді бұзуға мұрындық болып, қолында күш, алдында малы бар дәулеттілердің бөзге сатылуына әкеп соқтырғанын да М. Әуезовтің туындысы арқылы дәлелдеп шығады.

Абай айналасындағы әйелдер өмірі, олардың жеке тағдырларын да жазушының көрегенділікпен бейнелегенін атай отырып, романды талдау барысында Л. Әуезова кейінгі жылдарға дейін әбден қалыптасқан сұр ойға қозғау салып, қазақ даласындағы әйелге деген көзқарасты жаңаша тануға, танытуға тырысады. Қазақ қыздарының тұрмыса шыққанға дейінгі еркіндігі, келін боп түскеннен кейін де сыннан сүрінбей өткен жағдайда бірте-бірте беделге ие болып, тіпті ел ақсақалдарымен қатар бағалануын да дұрыс пайымдаған. Бұл орайда әйел теңдігі мәселесін қоғамдық-әлеуметтік заңдылықтармен сабақтастырып берудегі М. Әуезовтің ұтқырлығын нақты детальдармен бекітіп отырады. Абайдың әйелге деген көзқарасы ұлттық этикет нормаларының заңды көрінісі ретінде берілетінін танытуды көздейді.

М. Әуезовтің Абайдың туған жерінде жүріп жазып алған мәліметтерінің көпшілігіне жер дауы, жесір дауына, қазақтың өлген адамды жерлеу, құда түсу, қыз ұзату, келін түсіру сияқты әдет-ғұрыптарына, қазақ календары, аспан әлемі туралы ұғымдарға қатысы бар этнографиялық деректерге байланысты екенін, Л.Әуезова оларды жазушының ауызша сұрастыра жүріп жинағанына, кейін көркем шығармасының ұлттық өрнегін қанықтыра түсуде өте құнды рөл атқарғанына ерекше көңіл аударып отырады. Жазушының заман рухын,

кейіпкерлерінің өз дәуіріне лайық сөйлеу ерекшеліктерін дәл беру үшін мақал-мәтелдерді, канатты сөздерді, этнолингвистикалық атауларды шебер қолданып отырғаны да зерттеушінің жіті назарынан тыс қалмаған.

Мұхтар Омарханұлының жазушылық шеберлігінің қуаты сонда, ол бас кейіпкері өз заманының ірі тұлғасы, дара-дана Абайдың көркем образын, әдеттегідей, тарихи қайраткердің өмір тарихына қатысты күнделіктер, хаттар, мемуарлар сияқты материалдар мүлде жоқ болса да, бірден-бір тарихи дерек көзі ретінде оның замандастарының естеліктеріне сүйене отырып жазып шыққанында. Бірен-саран ресми құжаттардағы фактілер мен том-томдап жинаған ауызекі әңгімедегі азғана мәліметтердің жазушы ойында қорытылып, алмастай құбылған сан-салалы өрнектермен түрленіп, бүгінде бір ғана әдебиеттану ғылымының емес, әр түрлі ғылым саласындағы зерттеушілердің назарын өзіне аударып отырғаны туынды табиғатының әмбебаптығын танытады. Зерттеуші осы қасиеттің бір негізі қаламгердің де Абай туған топырақтан болуына, Абай өмір сүрген қоғамдық кезеңнің шет-жағасын өз көзімен көруіне, Абай тәлімінің, тәрбиесінің ықпалын жандүниесімен өзі де сезіне білуіне барып тірелетінін сенімді жеткізеді. "Біздің ойымызша, "Абай жолы" эпопеясының аса зор танымдық маңызы, романда халық өмірінің көптеген жақтары соншалықты қызық әрі айқын суреттеліп жазылуы автордың өз Романының оқиға желісі дамитын жерлерде Октябрь революциясына дейін өткізген бала кезі мен жастық шағында алған әсерлері мен естеліктеріне де байланысты. 1897 жылы дүниеге келген және қазақтардың революцияға дейінгі өмірін өз көзімен көріп, жіті байқаған М. Әуезовтің сол ортамен етене жақын болуы халықтың өткен өмірін зерттеуде ешқандай білімдарлық орнын толтыра алмайтын ерекшелігі" (21-бет), - дейді.

Ләйла Мұхтарқызы Әуезованың әдебиеттану мен тарих саласындағы негізгі еңбегі 1969 жылы "Ғылым" баспасынан жарық көрген "Исторические основы эпопеи "Путь Абая" деп аталады. Докторлық диссертациясы түгелге жуық қамтылған. Кітап кейін 1977 жылы "Мектеп" баспасынан қазақ тілінде жарияланды. Ал 1997 жылы "Санат" баспасынан бұл монография "История Казахстана в творчестве М. Ауэзова" (на материалах эпопеи "Путь Абая" и "Лихая година") болып толықтырылған күйінде шықты [3, 111 б.].

Жазылған мезгілінен бірталай жылдар өтсе де, іргелі зерттеу құндылығын жоғалтпаған. Ал өз кезеңіндегі ғылыми ойдың парқымен салыстырсақ, ол жаңашыл құбылыс еді. 1960-жылдары М. Әуезов шығармашылығы әдеби-сын мақалалар ауқымында ғана сөз болатын.

Арнайы зерттеуді талантты ғалымдар Айқын Нұрқатов, Е. Лизунова, З. Кедрина жазған. Академик М. Қаратаев суреткер шығармашылығын тұтас шола зерделейтін шағын очерк даярлаған.

Л.М. Әуезова монографиясы тарих пен әдебиеттану ғылымдарының қол ұстасып, бірге іздену үстінде терең де толымды нәтижелерге жетуге болатынына бұлтартпас айғақ ретінде қымбат. Бұл еңбектің соңғы нұсқасындағы мазмұны төмендегідей: "Абай жолы" эпопеясындағы тарихи шындық (1-тарау), "Екі ғасыр көкжиегіндегі қазақ қоғамының әлеуметтік - экономикалық өзгерістері және оның эпопеядағы көрінісі" (2-тарау), "Абай Құнанбаев және оның ортасы" (3-тарау), "Абайдың саяси жер аударылған орыс достары" (4-тарау), "М. Әуезовтің "Қилы заман" повесіндегі тарихшылдық ерекшеліктері" (5-тарау).

Дәуірнамалық сипаттағы романның өзгеше қасиеттерін толық біле отырып, зерттеуші өткен заман шындығын сомдаудағы ең басты өлшем ретінде "объективтілік" пен уақыттың "ішкі қайшылықтарын ашуды" (8-6) санайды. Жекелеген адамдар бейнесін шынайы суреттеу арқылы тұтас қоғам ақиқатын көрсету реализмге тән белгі болса, бұл орайда қиялдан қосу (вымысел), сәл өзгертіп қосу (домысел) факторларының шығармашылық процесіндегі мәні зор. М.Әуезов өмірлік деректерден мейлінше ауытқымай отырып, бар нәрсені бадырайта аңғарту үшін мұндай тәсілді орнымен пайдалана алғаны белгілі. Ол және, жоғарыда автор атап өткендей, дәуірді өзіне лайықты қалпымен ауқымды қамтуға қажет.

Шығармадағы сан алуан тартыс тармақтарының түп-тамырын анықтау үшін ғалым қазақ қоғамындағы басқару жүйесінің ерекшеліктерін, ру-шежірелік тұрғыдан бірлестік құру мен тіршілік барысындағы табиғи ұстанымдарды нақты сипаттап өтеді. Шаруашылық ретін, таптық жіктерді, әкімдік иерархия, түрлі тайпалардың географиялық орналасымын, ортақ әрі алшақ мүдделерін дәл ажыратып береді. Рулық-патриархалдық қоғамдағы дәстүр-машық, сыйласу, базына айту, (туысу рәсімдері, билік жүргізудің айла-амалдары, толып жатқан ғұрып-салт үлгілері туралы роман негізінде жинақтаушылық мәні мол тұжырымдар айтылған. Мәселен, атақты Бөжей асын былай қойғанда, осы оқиғаға байланысты көңіл айту, өкпе білдіру, жауап табу, ол жолда өлең ұйқасы мен ой тапқырлығына арқа сүйеу әдетін бейнелейтін жолдар зерттеушіні байырғы күндер әлемінен хабары аз оқырман есебінде қызықтыра түседі әрі оған жоғары кәсіби білім тұрғысынан сауатты баға байлам бергізеді. Автор ұғымында осынша бай өмірлік жағдаяттардың сан қилы иірім, қырларын тудырған, көшпенді тіршілік дағдысы. Барымта, қалың мал, әмеңгерлік, билер

төрелігі, жиын-мәслихат, ұран салу, шариғат заңын сақтау төңірегіндегі құқықтық, этникалық мәселелердің эпопеядағы айшықты бедері танымдық-тарихи фактілер түрінде дұрыс сарапталады. Монографияда әдет-құқық ережелерінің басты қағидаларына айғақ күрделі оқиға, тағдыр сілемдерін заң мен табиғи орта, ұлттық тыйым талаптары тұрғысынан кең әрі дәйекті пайымдау бар. "Абай жолындағы" Керімбала, Әйгерім, Салиха, Мәкен оқиғалары, Оспан әйелдеріне қатысты қазақ даласындағы неке заңдарының қайшылықтарын көрсететін жазушы шеберлігі тарихи шындыққа негізделуімен бағалы тартуы даусыз. Л.М. Әуезова атақты Қодар–Қамқа трагедиясының, Майбасар мен Бөжей, Құнанбай, Дәркембай тартыстарының тіршіліктегі көпке беймәлім астарын нақты фактілер арқылы ашып береді. Бұл күндері Құнанбай тұлғасын дұрыс пайымдататын дәйектемелерді осы еңбектен әлдеқайда бұрын табуға болатын еді.

Қаламгердің кейбір әрекет иелерін өзгертіп алу құқығын ұтымды пайдалануынан да (мәселен, Дәркембай - Әлжан қастығы) шығармашылық өнер табиғаты аңғарылмағын зерттеуші әбден біледі. Жеке-леген өзгешеліктер типтік жағдаяттар аясынан көркем нанымдылық танытып жатады.

Шығармадағы ру аралық ұрыс-керістің өмірлік желілерін уезд, округ, аймақ көлемінде орын алған тарихи құжаттар бойынша салалап көрсететін оқымысты романның мейлінше шынайылығы мен талант күдіретін айғақтай түседі. Жер-су таласына байланысты сюжеттік арналар бойынша қыр тұрмысындағы шаруашылық, әлеуметтік жүйенің жан-жақты ғылыми сипаттамасы беріледі. Мал бағу, қоныс аударған орыс шаруаларынан егін салуды үйрену, түрлі сауда-саттық шаралары тәрізді кәсіп, күнкөріс амалдары көркем туындыда қалай көрініс тапқаны тарихи деректерді таразылау мен мінез, образ сипатын топшылау нәтижесінде анықталады. Қала жатақтарының тұрмысы мен дін адамдарын бейнелеуде қаламгер назары мен ғалымдық байқау оқиғалары сұрыптау, дамыту ойдан өрбіту әрекеттерінің жемістілігі де қоғам, заман ақиқатын айқын сезінумен сабақтас.

Эпопеяда Абай айналасы ақын туралы замандастар естелігіне сүйеніп суреттелетіні белгілі. Абайдың ғашықтық әлемі, махаббат жолында күресушілерге көмегі, кедейлер мұңын қозғап, оқыған орыс азаматтарынан жәрдем табуы, төңірегіне өнер адамдарын топтастыруы, әділет үшін азап кешуі шынайы мәліметтерден көп ауытқымайды. Тек ұқсас құбылыстар бірін-бірі сәтті алмастыратын жағдайлар бар. Абайдың әкесі, туғандары, дос-жарандарына көзқарасы, Оразбай мен Оспанның кескіндемесі сияқты дерегі мол мәселелер романды жазу барысында тіршіліктегі қалпы және эстетикалық әсері

жағынан терең үйлесімге жетуін Л. Әуезова кең арнада логикалық жіті түйсікпен дәйектеп отырған.

Әдебиеттер

1. Балақаев Т. Ләйлә Мұхтарқызы Әуезова – тарихшы ғалым / Асыл қызы халқының. Құраст. С.М. Майлыбаева, А.Қ. Қуанышбаев. – Алматы: Комплекс, 2000.
2. Қайрат Рай. Зерделі зерттеу: қоғам талабы және тың тұжырымдар / Асыл қызы халқының. Құраст. С.М. Майлыбаева, А.Қ. Қуанышбаев. – Алматы: Комплекс, 2000.
3. Майтанов Б. Қыранның қияғы / Асыл қызы халқының. Құраст. С.М. Майлыбаева, А.Қ. Қуанышбаев. – Алматы: Комплекс, 2000.
4. Әуезова Л.М. М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары. - Алматы: Мектеп, 1997.

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ - ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ТӘН ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ

Тюлюпергенева Р.Ж.¹, Оракбаева М.К.²

¹С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, ²Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Еліміз әртүрлі ұлттар мен ұлыстар мекені, тарихы бай әдет-ғұрыптар мен мәдениетімен мақтан ететін біртұтас бірлікшіл мемлекет. Алайда мемлекетіміз өз алдына шаңырақ құрып, бүкіл дүние жүзіне өзінің елдігін, тәуелсіздігін дәлелдеп отырғанмен, болашақта мемлекет тізгінін ұстайтын және еліміздің саясатын танытатын жан – жақты дамыған әрі қиындықтарға төзімді, шыдамды жастарды тәрбиелеу қажеттілігі бүгінгі күнде туындап тұр.

Себебі, болашақта еліміздің экономикасының дамуына, өркендеуіне ықпал ететін жастарға қоғам үмітпен, сеніммен қарауда.

Еліміздегі жердің ұланғайыр кеңдігімен, мұндағы табиғат сұлулығының әсерінен ғасырлар бойы қалыптасқан дархан жомарттық, адамға деген мейірімділік пен өнерпаздық, қазақ биосферасының өзіндік ерекшелігінен туындаған асқан қонақжайлылық, жойқын соғыс пен қуғын-сүргінге ұшырау салдарынан тірнектеп жинаған рухани мұраны өсер ұрпаққа жеткізу ниетінен қалыптасқан - балажандық, үнемі мал шаруашылығымен айналысудан қанымызға сіңген малжандылық, ешуақытта басқа жұрттың жеріне көз алартпаған бейбітшіл саясат, өзі тиген дұшпанның қабырғасын қаңыратқан көзсіз

батырлық, "мың өліп, мың тірілген" кездердегі керемет шыдамдылық, төзімділік пен барға қанағатшылық - біздің ұлттық мінезіміздің жоталы бітіс-тері, халқымыздың ұлттық мақтанышы десек те қателеспейміз.

Алайда, ұрпақ ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға қалатын ұлттық жәдігерімізді сақтай алмай, қазіргі жастарда батысшылдыққа еліктеп кетушілердің саны жетіп-артылады. Сондықтан да қазіргі жастарымыз қазақ халқына тән ұлттық мінездің көптеген жақсы қасиеттерінен айрылып, нарық экономикасының қысымына түсіп, нашар мінез бітістері көбейіп кетуі, қиын жағдайларда шыдамдылық танытпай, одан шыға білмеуі, жалпы рухани және мәдени – тарихи құндылықтарының төмендеуі, жастардың ертеңгі күнге сенімсіздігі, өзін - өзі дамытуға деген ынтасының болмауы қоғамды алаңдатарлық мәселе.

Демек, қазіргі таңда халқымыздың ұлттық мінезін зерттеу ерекше маңызды болып отыр. Сондықтан да қазақ халқының ұлттық мінездерінің бірі толеранттылық (шыдамдылық) мәселесі бүгінгі күн тәртібінен түспей тұрған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Толеранттылық түсінігі латынның шыдау, төзу, көндігу түсініктерін беретін *tolero* етістігінен шығады.

«Кеңес энциклопедиялық сөздігінде» толеранттылық - басқаның пікіріне, сеніміне, тәртібіне деген шыдамдылық ретінде түсіндіріледі [6].

Педагогика қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздігінде: толеранттылық (лат.*tolerantia*-шыдам) қандай да бір қолайсыз факторға,оның әсеріне деген сезімталдықтың төмендеуі нәтижесінде алаңдаудың жоқтығы немесе әлсіреуі; психологиялық бейімделуді жоғалтпай, адамның әртүрлі өміріндегі қиыншылықтарға қарсы тұра білу қабілеті.

Психологиялық феномен ретінде толеранттылық шетелдік әдебиеттерде де көрініс тапқан Е.Ю. Клепцова, Г.У. Солдатова, В.А. Тишков, С.Л. Братченко және т.б.

«Толеранттылық» түсінігін саралау барысында ғалымдар арасында елеулі қайшылықтар туындайды. Біраз жағдайда оны тікелей «төзімділік» сөзімен байланыстырады. Қазақ тілінде «төзім» сөзі «шыдам», «сабыр», «тағат» мағынасында да қолданылады. Яғни, «төзімді болу» - басқаға, оның ісіне, құбылыстарға шексіз төзу, шыдауды білдіреді.

Егер қазақ этносының қалыптасуындағы тарихи деректерге үңілсек, ғасырлар бойы көшіп-қонып жүрген халық өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, мәдениеті мен та-

риxyна, табиғатына орайлас жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде ерекше мән берді.

Көшпелі өмір тіршілігі қара күшке мығым, қиыншылыққа төзімді, құбылмалы табиғат жағдайына тез икемделгіш болумен бірге, жан-жүйесі жағынан да жан-жақты жетілген, кемел адамдарды қалыптастырды. Үйде де, түзде де бала ес білгеннен бастап із кесіп, жол қарап, жұлдыз санап өсті. Олардың көзі қырағы, құлағы сақ, іске жүйрік болды. Аң аулап, мал бағып, күнделікті күйбең тіршілікпен жүрсе де жас өскін ақынның сөзін, жыраудың жырын, әншінің әні мен әуенін қалт жібермей тыңдап, ел аузындағы ұтымды мақал мен мәтелді, ертегі пен жұмбақты, терме мен шежірені жадында сақтап, халық даналығын өзіне рухани азық етіп отырады. Әрдайым көшіп-қонуға дайын отырған қазақтар үшін аң-құс аулау, мал күзету - тұрмыстық дағдылы машығына айналды. Әрбір адам аралық қатынастарды қаршадайдан көріп өскен бала да өсе, ержете келе әрі жауынгер, әрі малшы, әрі шаңырақ иесі және әлеуметтік ортада белгілі бір орынға ие болатынын саналы түрде түсінді. Сондықтан да баланы жастайынан санасына ұлттық салт пен дәстүрлерді, халық даналығындағы рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіре отырып көпшіл, шыдамды, инабатты, батыл, ержүрек, намысшыл және он үш жаста отау иесі бола алатындай тәрбиеледі. Осы айтқанымыздың дәлелі болып табылатын кейіннен мақал-мәтел болып кеткен «Жүзіне шыдаған, жүз біріне де шыдайды», «Төзімді тілегіне жетеді», «Сабыр түбі сары алтын», «Ашу - дұшпан, ақыл - дос» "Жігітке жеті өнер де аз" сияқты бес аспап адамның психологиясы жайлы қанатты сөздер біздің заманымызға дейін жетті.

Ал 15-16 ғасырдың ақын-жыраулары Қазтуған, Асан қайғы, Дулати, Жалаири шығармаларында имандылық, адалдық, арлылық, инабаттылық, қарапайымдылық, балажандылық, шыдамдылық, мейірімділік, сабырлылық, сөзді қастерлеу және айтқан сөзінде тұру сияқты қазақ халқының мінез бітістерін атап көрсеткен.

Қазақ этносының қалыптасуының тарихына тағы көз жүгірсек қазақ халқы әруақытта тіпті заманның қиын кезеңдерінде де (жұт, ашаршылық, соғыс) кез келген қиындықтарға төзімділік және шыдамдылық қасиеттерімен ерекшеленді. Көшпенділердің толеранттылығы фольклорда, әсіресе ұлттық халық ауыз әдебиетінің асыл мұраларында бейнеленген. Қазақтардың ұлттық мінезін зерттеген этнограф ғалым Шоқан Уалиханов отандық этникалық психологияның негізін қалаушылардың бірі, қазақ халқының қиындыққа төтеп бере алатын, шыдамды халық ретінде сипаттама берді. Қазақ мінезінде толеранттылық туралы орыс ғалымы, дәрігер антрополог Н. Зеланд былай

деп жазды: «Қырғыз (қазақ) сангвиник. Темпераменттің бұл түрінің даму жағдайына оның өмір сүрі жағдайлары ықпал етеді. Олар шыншыл, қонақжайлы, жанашыр және қиындықтарға төзімді болып келеді. Қатыгездік пен өшпенділік қырғыздың қасиеттеріне кірмейді... шарасыздық пен өлім алдында бетпе-бет тұрған қырғыз сабырлықпен қарсы алады. Қазақтың даласында өмір сүрудің қиын жағдайлары оларды ыстық пен суыққа төзімді әрі шыдамды етті». Сонда ғалымның пікірінше, көшпенділердің өмір сүру жағдайы, тұрмысы шыдамдылық, төзімділік және сабырлық сияқты маңызды қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етті деген.

19-20 ғасырлардағы ұлы қазақ ғұламалар А. Құнанбаев, Д.А. Күнаев, Б. Момышұлы, Ш. Құдайбердиев, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев өздерінің құнды еңбектерінде әртүрлі халықтардың достығы мен толеранттылығы жайлы жазды [8].

Толеранттылықтың жекелеген аспектілері қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріне де арқау болды: Қ.Б. Жарықбаев, Г.К. Исакова, М.А. Кучерова, Ж. Қартбаева, П.И. Мамедова, Э.Д. Сүлейменова, Б.А. Тұрғынбаева, т.б. толеранттылықты қалыптастырудың жалпы мәселелерін қарастырса, С. Әмірғазин еңбектерінде дінаралық толеранттылық мәселелерінің әр жақтары ашылған. Г.А. Уманов ұлт-аралық қатынастар педагогикасының теориялық негіздерін қарастырды. Ал педагогикада да, бүгінгі кездегі жас ұрпақты тәрбиелеудегі, оның ішінде толеранттылықты қалыптастыру, отбасынан басталатындығын: С.Ж. Пірәлиев, С.Б. Ғаббасов, К.Н. Нәрібаев, Р.К. Төлеубекова, Қ.Т. Атемова, С.Ж. Қоңырбаева, А.А. Бейсенбаева қарастырған [2].

Бұл ұғым туралы Б.А. Тұрғынбаева сөз еткенде толеранттылық бірін - бірі тыңдау мен түсінуде, оқушылар мен ата-аналардың, мұғалімдер мен оқытушылардың арасындағы жай тұлға аралық қарым-қатынаста да өте қажет екендігін көрсетеді. Ал, Ж.Ж. Қартбаеваның айтуы бойынша толеранттылық-ол бөтен деп саналатын өмір салтына, мінез-құлыққа, дәстүрлерге, сенімдерге, идеяларға, нанымдарға, көзқарастарға, қасиеттерге, әдеттерге деген шыдамды қатынас екендігін нақты және баса айтады.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев толеранттылықты қазақ халқының ұлттық мәнезінің ерекшелігі ретінде атап өткен. Бұл қасиет- қоғамымыздың сапасының кепілі болып табылады. Өйткені, қазақ халқы әруақытта кез-келген жағдайларда толеранттылық танытқан және ата-бабамыз еліміздің бірлігі де бейбітшілікте де өмір сүруі де осы толеранттылық екенін әу баста білген дана халық деуге болады. Демек, қазақ халқының ұлттық мінезін зерттеу мәселесі қазіргі этно-

психология, педагогика, тарих және әлеуметтану ғылымдарында да өз өзектілігін жоғалтпайтын өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Аймауытұлы Жүсіпбек. Психология. – Алматы: Рауан, 1995.
2. Бейсенбаева А.А., Убнязова Ш.А. Сущность понятия толерантности и её характеристика // Сборник материалов X Всероссийской научно-практической конференции. Психология и педагогика: методика и проблемы практического применения. - Новосибирск, 2009. – С. 67-71
3. Декларация принципов толерантности. Утверждена резолюцией 5.61 Генеральной конференции ЮНЕСКО от 16 ноября 1995 // Век толерантности: Научно-публицистический вестник. - М.: МГУ, 2001.
4. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты бағдарламалық мақаласы. Егемен казахстан газеті. - Алматы, 10.07.2012
5. Елікбаев Н. Ұлттық психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
6. Үлкен кеңес энциклопедиясы «Совет энциклопедиясы» (қазір «Үлкен Ресейлік энциклопедия» баспа үйі. 1979-2001.
7. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Рауан, 1993.
8. Жарикбаев К.Б., Чистов В.В., Досова Н.Б. Вопросы толерантности в наследие казахских мыслителей // Психология в школе. - 2013. - № 6. - С. 19-20.

МАЗМҰНЫ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН
ТЕОРИЯСЫ

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ Аликанова Э.А.	3
ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ Абылкаирова М.Д.	9
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ ЕР БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ Байзолдина Ж.	14
КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА ЖЕТЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ Киялбаева Н.Б., Бельгибаева А.Б.	18
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ Оралгазина Ж.О.	24
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ХИМИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ ТӘЛІМ- ТӘРБИЕЛІК МӘНІ Касенова Ш.И.	29
ОҚУШЫЛАРДЫ ТІЛ ДАМУЫ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖЕТЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ Митанова А.Е.	34
АРНАЙЫ ДӘРІГЕРЛІК ТОП ҚҰРУ ҚАҒИДАЛАРЫ Орман К.	38
ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА БАУЛУ ЖОЛДАРЫ Мұқашова Ж.Қ.	43
БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮР ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР Рахимжанова А.К., Еділбаева Г.Б.	48
ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ СӨЗ ӨНЕРІНЕ БАУЛУ ЖОЛДАРЫ Замзина Ф.Р.	52
БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ Турганбаева Ж.К.	58

СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ Саданова Ж.К.	61
ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ РУХҚА, ПАТРИОТТЫҚҚА БАУЛУ ЖОЛДАРЫ Нурсейтова М.Қ., Меирбаева Г.Б.	66
АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ Кешилбаева Г.С.	71
А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ТІЛ БІЛІМІ САЛАСЫНДАҒЫ ОРНЫ Сеилханова Қ.Қ.	77
«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ» САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚЫТУ ӘДІСІ Амерханова Л.Б.	81
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА СУБЪЕКТИЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ Тукушева Г.Т.	84
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ Толеухан Л.	90
АБАЙ – РЕНЕССАНСТЫҚ ТҰЛҒА Тургумбаева Н.К.	94
БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЙЫНДАУ САПАСЫН ЖОҒАРЛАТУ МАҚСАТЫНДА КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНАТЫН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР Ауеспаева А.А.	98
ҚЫЛМЫСТЫҢ СУБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫ Мұхаметқалиева М.Қ.	102
ЖАНАТ ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МИФТІК САРЫН Абенова Қ., Мұқашева М.Қ.	107
ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ТҮСІНІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ Тюлюпергенева Р.Ж., Оракбаева М.К.	114

ҚҰЗЫРЕТТІ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ Баймухаметова Г.А.	119
ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ Кабылжапарова А.Б.	125
«ҚҰТТЫ БІЛІК» ЕҢБЕГІНДЕГІ АҚЫЛ ЖӘНЕ БІЛІМ МӘСЕЛЕСІ Кусманова К.А., Абдығалиев А.Қ.	129
МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУ МӘСЕЛЕСІ Наурызбаева А.А.	134
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҚЫРЫБЫ Қамбарова Ж., Картаева А.М.	139
СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ Нығызбаева Г.Ж.	146
«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ» САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚЫТУ ӘДІСІ Амерханова Л.Б.	151
ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ САРЫН Нұролдина А.Е., Мамырова А.М.	155
СЫН ТҮРҒЫСЫН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ТАРИХ САБАҒЫНДА Жақсыбаева М.С.	160
ЛӘЙЛӘ МҰХТАРҚЫЗЫ ӘУЕЗОВА – М. ӘУЕЗОВ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУШІ Қамбарова Ж., Картаева А.М.	164
ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ - ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ТӨН ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ Тюлюпергенева Р.Ж., Оракбаева М.К.	173
МАЗМҰНЫ	178

Научное издание

**ОБРАЗОВАНИЕ И ИННОВАЦИИ В КОНТЕКСТЕ
МЕЖДУНАРОДНОГО ПАРТНЕРСТВА**

Сборник докладов международного научного конгресса
(27-28 сентября 2013 года)

Часть 3

Отпечатано в Казахстанско-Американском свободном университете

Дизайн обложки К.Н. Хаукка
Технический редактор Т.В. Левина

Подписано в печать 30.09.2013	Формат 60х84/16	Объем 11,3 усл.печ.л.
8,2 уч.-изд.л	Тираж 500 экз.	Цена договорная
